

Қалмахан Сейтұлы



ПАЙҒАМБАРЛАР ТАРИХЫ



УДК 28
ББК 86.38
С 31

*Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының сараптау комиссиясы
мақұлдаған*

Қалмахан Сейтұлы, ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің
қызметкері, теология ғылымдарының докторы

С 31 Пайғамбарлар тарихы. - Алматы: "Көкжиек-Б"
баспасы, 2010. – 352 бет.

ISBN 978-601-7271-07-7

Қолыңыздағы кітап адамзатқа жіберілген пайғамбарлардың өмірін танытуды көздейді. Адам атадан (а.с.) бастап, соңғы елші Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә салләм) дейінгі (Құранда есімі аталған) пайғамбарлардың ортақ жіберілу мақсаты түсіндіріледі. Бұл қасиетті міндеттің өзіндік қиындықтары, әр қауымның өмір тарихы, тағдыр-талайы, наным-сенімдері мен ерекшеліктері кеңінен сөз болады.

Еңбек жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7271-07-7

© «Көкжиек-Б» баспасы, 2010

Алғы сөз

Байлықтың буына балқып, үлде мен бүлдеге оранып, саф алтын жалатылған сарайларда емін-еркін серуендеп, дүрия көрпе жамылып, шалқып өмір сүрген небір қауым өкілдері Жаратушының жіберген ризық-несібесін місе тұтпай, тым болмаса, оның қадірін сезінбей, күпірліктің қараңғы үңгірінен айдай әлемнің ақиқатына үңілместен, өздері қолдан жасап алған пұттарға табынып, Аллаһқа серік қосып, Раббысының рақымынан құр қалғаны тарих беттерінде қаттаулы.

Жалпы алғанда, адам баласы Аллаһ тағалаға құлшылық ету үшін жаратылғандығы бесенеден белгілі. Сол үшін оған сана берілді әрі атқаруға тиісті бірқатар міндеттер пешенесіне жазылды. Сол міндеттердің бірі – мүлтіксіз құлшылық ету.

Құлшылық – Жаратушыны танудан, өзінің бекер жаратылмағанын ұғынудан, құл екендігін сезінуден, міндетін орындауға деген жауапкершіліктен туындайды. Дегенмен Жаратушы Хақ тағала адамды жаратып, оны жалғыз қалдырып қойған жоқ. Олардың өз араларынан әр дәуірде осы жауапкершілікті сездіруге, өмірдің түпкі мәнін ұқтырып, жаратылыстың мақсатын ашып баяндайтын, адамдарға ақиқатты дәріптеп, тура жолды нұсқаушы теңдессіз тұлғалар, яғни пайғамбарларды кезеңімен жіберіп отырды. Демек, пайғамбарлық – кезкелгеннің маңдайына бұйырмайтын, тікелей Аллаһ тарапынан келетін қасиетті міндет.



«Оларға кез-кезімен нәби келді» деп Абай атамыз айтпақшы, алғаш рет Адам атаның аяғы тиген жер беті содан бері кезең-кезеңімен келген пайғамбарлар арқылы ақиқаттың балдай дәмін татып, дұрыс пен бұрысты таразылап, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратып, адами келбетін түзеп отырған. Осы орайда пайғамбарларды адамзаттың ауған көшін түзеуші, қоғам болып бір жерде өмір сүрген адамдарға тәртіп пен әділеттілікті, иләһи үлгі-өнегені, діни ұғымдардың мәнін үйреткен алғашқы мұғалім десе де болады.

Пайғамбарлар – адамзат баласын көп құдайлық пен пұтқа табынудан арылтатын, Аллаһ тарапынан келген уахиларды еш өзгертпестен халыққа толық уағыздап, Аллаһ тағаланың шарифатын, әмірлері мен тыйымдарын ұқтырып, дүниеде әрі ақыретте бақытқа жеткізетін, хақ жолды көрсетуші айрықша тұлғалар. Олар біз үшін көшбасшы, иләһи хабаршылар екені хақ. Өз өмірінде пайғамбарлар көптеген қасиеттерімен дараланған. Атап айтқанда, елшілердің бойынан адалдық, аманатқа қиянат жасамау, өтірік айтпау, берген уәдесін орындау, Жаратушыдан басқадан ақы күтпеу, дінді тиісінше халыққа жеткізу (тәблиғ) секілді т.б. ізгі қасиеттер табылған. Илаһи әмірлерді әуелі өздері қалтқысыз орындап, сосын өзгелерге жеткізген болмысы бөлек, Аллаһ тағаланың таңдаулы һәм сүйікті құлдары бола білген пайғамбарлардың салған сара жолдарымен жүріп, нағыз парасатты, салиқалы, шынайы өмір салтын үйрену біздің міндетіміз болмақ. Ал, олар болса, адамзат баласының ақиқатты табу жолында аянбай тер төкті, қиындығы мен жауапкершілігі зор, әлемдегі ең қиын, ауыр міндетті арқалап, сол міндетті мәресіне жеткізу жолында түрлі ауыртпалықты бастан кешті. Тіпті,



кейбірі өз қауымынан аяусыз соққы жеп, қудаланып, жазықсыз өлтірілді. Олардың қилы-қилы тағдырлары, бұралаңы мол, шырғалаңға толы өмір жолы, күпірмен күресі, халықтың санасын ашып, көкірегіне сәуле ұялатудағы көрсеткен табандылығы мен тартқан азаптары, өз міндеттеріне шексіз берілгендіктері – кез-келген адамды бей-жай қалдырмасы анық.

Асылында, пайғамбарлар жіберілуінің астарында үлкен мән-мағына, ерекше хикмет бар. Егер олар келмесе, не болар еді? Әлемнің жаратылуынан бастап, ақыреттегі жауапкершілікті, өлімнен соң да өмір бар екендігін, мейірім иесі Раббымыздың берген сыйларына қалай шүкір ету керектігін, Аллаһ тағаланың қандай сипаттары барын ақылмен ойлап біле алмас едік.

Аллаһ тағала пайғамбарларына мұғжиза берген. Сол арқылы оларға (Раббымыздың қалауымен) адамзат баласы үшін мүмкін еместей болып көрінген, танғажайыпқа толы құбылыстарды көрсету оңай етілді. Мәселен, Нұһ пайғамбар (а.с.) адамзат тарихында тұңғыш рет бумен жүретін орасан кеме жасады. Дәуіт пайғамбар (а.с.) темірді балқытып, сауыт-саймандар жасап, темірден түйін түйсе, Сүлеймен пайғамбар (а.с.) Бәлқыстың тағын өзіне көзді ашып-жұмғанша алғызуы арқылы материалдық денені басқа мекенге тез тасымалдауға болатынын сездірді. Бірақ бүгінгі күні бейнені алыстан тасымалдау жүзеге асқанмен, заттық дене әлі көзді ашып-жұмғанша басқа мекенге тасымалдана қойған жоқ. Мұса пайғамбар (а.с.) аса таяғымен түртіп, жерден су шығару арқылы жер асты пайдалы қазбаларына назар аудартқан. Ибраһим (а.с.) отқа жанбау арқылы отқа жанбайтын элементтердің барлығына ишарат жасаған. Иса пайғамбар да (а.с.)



небір жазылмайтын кеселдерді емдеп жазу арқылы әр ауруға ем табуға болатындығын тұспалдаған, т.б. Бұның барлығы ғажап емес пе?! Осыған қарап «әр пайғамбар ғаламдық өркениеттің де негізін қалаған» деп айтушы ғалымдар да жоқ емес.

Пайғамбарларға сену – Ислам дініндегі алты иман шартының бірі. Бұл сенімнің адамға берері мол. Әрбір исі мұсылман баласы пайғамбарлардың ешбірін бір-бірінен бөле-жармай, бәрін тегіс мойындауды өзіне міндет деп қабылдайды.


Бүгінгі күні бізге жеткен мәліметтерде адамзатқа жіберілген «жүз жиырма төрт мың» я «екі жүз жиырма төрт мың» пайғамбардың әрбірінің деректері сақталмаған. Бізге мәлімі, Құранда аттары аталған пайғамбарлардың ғана өмір тарихының аңтаңдақ парақтары. Осы орайда бұл кітап оқырманға Адам атадан (а.с.) бастап, соңғы елші хазірет Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дейінгі бірқатар пайғамбардың өмірін таныстыруды мақсат етеді.

Пайғамбарларға шынайы ықыласпен сенген адам олардың ізгі қасиеттерін өзіне үлгі етеді. Өмірдегі ақиқаттың салмағын сезініп, адамгершілік мінезден таймайды.

Ал пайғамбарларға иланбау – Аллаһ тағаланы және жер бетіне түскен күллі қасиетті кітаптарды мойындамау деген сөз. Өйткені, Ұлы Жаратушының күллі ақиқаты осы пайғамбарлар арқылы жеткен. Жоғарыда атап өткеніміздей, олар Аллаһ пен адамзат арасындағы елшілік етуші дәнекер тұлғалар. Басты міндеті – дінді жаю. Пайғамбарларға сенбеген, танып-білмеген әрі оларды сүймейтін адам екі дүниеде де абыройы асқақ, қадірлі бола алмайды.

Ендеше, адамзат баласына рухани тәрбиеші, тура жолға үндеуші болып келген пайғамбарлар тарихымен таныс болу – парасат-пайымымызды толықтырып, танымымыздың көкжиегін кеңейте түспек. Қолдарыңыздағы кітап осы мақсатқа қызмет етіп, салмақты ой қозғап, жүрегімізге жылы тиіп, жанымызды баурай алса, еңбегіміздің жанғаны, үкілі үмітіміздің ақталғандығы.

Қалмахан Ержан,
Теология ғылымдарының докторы



АДАМ АТА (А.С.)

Аллаһ тағала саналы тіршілік иелерінен алдымен Адам атаны (а.с.), сонан кейін оның серігі – Хауа ананы жаратты. Адам атаның жер бетіне түсірілгенін Құран кәрімнен білеміз. Күллі адамзаттың бабасы һәм жер бетінің алғашқы халифасы¹ ретінде оның өмір жолы осылай басталды.

Осы тұста жер бетінде Адам ата мен Хауа анамыздан бұрын өмір сүрген басқа тіршілік иелері болды ма деген көлденең сауал туады. Құран мен хадистерге зер салып, Ислам ғұламаларының көзқарастарына үңілсек, олардан да бұрын жер бетінде өмір сүрген тіршілік иелерінің болғандығын сеземіз. Расында, жер бетінде адамға дейін болмысы бөлек тіршілік иелері болған тәрізді.

Шамасы, Аллаһ тағала әуелі жындарды жаратқан. Жер бетін мекендеген жындар жанды-жансыз тіршілік иелерінің барлығын бір өздері басқарған. Демек, жер бетіне басшылық (халифалық) ету ісі әуелі жындарға тиесілі болған.

Құрандағы *«Мен жындар мен адам баласын «тек қана (мені танып) маған гибадат етсін» деп жараттым»² деген аятта да алдымен жындар айтылғанын көреміз. Демек, бұл жоғарыдағы ойымызды растай*

¹ Мухаммәд Али әс-Сабунни. ән-Нубууә уәл-әнбия. Бәйрут. 1989. 155-бет; Ахмәд Бәһжәт. Әнбияуллаһ. Мысыр. 1999. 19-бет

² «Зариат» сүресі, 56



түседі. Бірақ жындар Хақ тағаланың ұлы аманатын орындай алмаған. Өзін танып, құлшылық қылсын деп жаратқанымен, олар өзара жауласып, өздеріне жүктелген осынау міндеттің үддесінен шыға алмады. Аллаһ тағалаға құлшылық қылудан бас тартып, азғындыққа салынды. Осыдан кейін Хақ тағала жер бетіндегі күллі тіршіліктің жауапкершілігін өз мойнына алатын жауапты іске оларды лайық көрмеді³. Осы себепті, Аллаһ тағала жер бетін басқаратын өзгеше әрі ақылды жан иесін жаратуды қалады. Аллаһ тағала жаратуды көздеген тіршілік иесі – адам нәсілі еді.

Хақ тағала адамды жаратпастан бұрын періштелеріне: «Мен жер бетінде бір орынбасар жаратамын», – деген кезде, (Періштелер): «Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінде, біз Сені дәріптеп, мақтауда және пәктеудеміз», – дейді⁴.

Кейбір ғалымдар адамзаттың бүлікке, қан төгіске бейім тұратынын періштелердің сезгенін мына себептермен байланыстыра қараған:

1. Алдында айта кеткеніміздей, жер бетінде адамнан бұрын жындар тіршілік еткен. Олар да адам тәрізді саналы болмыс еді. Алайда жындар Хақ тағалаға лайық құлшылық қылмай, жер бетінде бір-бірімен жауласып, көп қан төккен болатын. Періштелер Аллаһ тағаланың жын тәрізді тағы бір саналы тіршілік иесін жарататынын естіген сәтте, Жаратушының көздеген мақсаты мен хикметін білмегендіктен, «олар да жындар тәрізді қан төкпей ме?» деп күдіктерін жасыра алмаған.

Сырттай қарағанда, періштелер адамның жаратылуына наразылық танытып, қарсылық білдіргендей

³ Ибн Кәсир, Тәфсир, 1. 70

⁴ «Бақара» сүресі, 30.



көрінеді. Шынында, солай ма? Әлбетте, олай емес. Періштелер – Құдай тағаланың нұрдан жаратқан құлдары. Олар пәк жаратылыс болғандықтан, Аллаһқа қарсы келмейді. Олардың бойында адамдікі сияқты нәпсі жоқ. Тіпті адам мен жын тәрізді жынысқа да бөлінбейді. Қашанда Жаратушының әмірлерін мүлтіксіз орындайды. Рухани дәрежесі тұрақты. Олар – ғибадат ба-рысында рухани ләззат алатын Аллаһтың таңғажайып жаратылысы. Сондықтан да олар: «онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба?» деп сұраған еді. Олардың бұл әрекетін Аллаһқа білдірген қарсылығы деп емес, керісінше, адамды жарату сырына үңілгені деп түсіну керек. Өйткені олар жындардың азғын жолға түсіп, қан төккенін көрген соң, дәл солар сияқты біреуді жаратудың мәнісін алғашқыда түсіне алмаған болатын.

2. Періштелер өздеріне берілген ілім арқылы адам баласының да жер бетінде қан төгетінін сезіп еді. Яғни «Ләухул-махфұздағы» (Сақтаулы тақта: бүкіл жаратылысқа тән нәрселердің негізгі жады) адамзат тағдырына қараған болуы мүмкін. Бірақ олар сол адамдардың арасынан пайғамбарлар мен әулиелердің және салиқалы кісілер мен тақуа жандардың қалай шығатынын ұқпады⁵.

3. Адамға жүрек, ерік, ақыл, сана-сезім, ар-ождан секілді көптеген қасиеттермен бірге күндестік, ашу-ыза секілді нәпсіні қоздыратын сезімдер де берілген еді. Осыған орай, періштелер адамның жамандыққа бейім тұратынын байқап, «қан төгіп, бүлік шығармайды ма?» деген қаупін білдіруі де мүмкін. Аллаһ тағала оларға:

⁵ Фахруддин әр-Рази. Тәфсирул-кәбир. Бэйрут. 1990. 2-том. 150-бет



«Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін»⁶, – деген еді. Періштелер артынша Адам атаның ілімі өздерінің ілімінен әлдеқайда терең екеніне көздері жеткен соң, оның аспанмен таласқан биіктерді бағындыра алатындығын байқап, өздерінің аз білетіндіктерін мойындаған-ды.

4. Аллаһ тағаланың періштелермен ақылдасқандай болып, қандай тіршілік иесін жарататыны жөнінде хабар беруі арқылы кеңесудің қаншалықты маңызды екендігін сездіріп тұр. Нақтырақ айтсақ, адам баласын кез келген істі өзара ақылдасып, кеңесіп шешуге шақырады. Яғни, «Ей, адам баласы, Мен сені жаратарда періштелерге хабар бергенмін. Ендеше, сендер де өзара ақылдасып тұрыңдар. Сонда адаспайсыңдар» дегендей. Осылайша Аллаһ тағала адам баласын қоғам болып, бір-біріне қол ұшын беріп өмір сүруге үндеуде⁷.

Аллаһ тағала – Ұлы Жаратушы. Оның кез келген әміріне пенделер тек мойынсұнуы тиіс. Ендеше, адам баласы Хақ тағаладан пайғамбар арқылы келген әмірді талдамай, талғамай, орындауы қажет. Яғни илаһи әмірлерді «мынау менің ақылыма сыймай тұр» деп қазбалау құлға тән қылық емес. Демек, Аллаһ тағала осы аят арқылы адам баласын Өзіне қарсы келмей, әмірін қалтқысыз орындауға шақырған-ды.

Адам атаның (а.с.) жаратылуы

Құран кәрімде адамның жаратылуы жөніндегі аяттардың барлығында да хазірет Адамның топырақтан жаратылғандығы айтылады. Ол туралы Құранда: *«Аллаһ тағала сені (Адам атаны) топырақтан, сосын*

⁶ «Бақара» сүресі, 30

⁷ Фахруддин әр-Рази. Тәфсирул-кәбир. 2-том. 192-195 беттер



бір тамшы судан (Адам атаның ұрпағын) жаратты»⁸, – дейді. Арғы бабамыз жаратылған топырақты Ұлы Жаратушы адам баласының қияметке дейін ғұмыр кешетін, өзі мекендейтін қара жер бетінен алдыртады. Ол жай ғана топырақ емес, жер бетінің өзегі мен дәнін құрайтын топырақ. Яғни жердің барлық элементтерін қамтыған топырақ.

Сондай-ақ, Аллаһ тағала «Сад» сүресінде адамды тікелей Өзі құдірет қолымен жаратқандығын айтады⁹. Аяттағы «Құдірет қолмен жаратуы» адамды жалпы жаратылыстан үстем, ардақты етіп жаратқандығын білдіреді.

Адам атаның жаратылуы – Аллаһ тағаланың тікелей мұғжизасы. Құран кәрімде Адам атаның жаратылуы хазірет Исаның жаратылуына ұқсас екендігі білдірілген. «Әли Имран» сүресінде: *«Шын мәнінде, Аллаһтың қасында (дүниеге келуі тұрғысынан) Исаның жағдайы (Исаның Мәриям құрсағында әкесіз жаратылуы); топырақтан жаратып, сонан соң «бол» дегенде бола қалған (әкесіз тіпті анасыз жаратылған) Адамның жағдайы сияқты»¹⁰, – делінген.*

Сонымен қатар, Құранда Адам атаның (а.с.) жаратылысы жайлы айтылғанда, адамның жаратылысы да баяндалады.

Құранда: *«Расында, біз адамды нағыз (сүзілген) балшықтан жараттық. Сосын оны (Адам атаның ұрпағын) шәуеттің бір тамшысы күйінде мықты жерге (ана құрсағына) орналастырдық. Сосын ол*

⁸ «Фатыр» сүресі, 11, Қосымша қараңыз: «Рұм» сүресі, 20, «Әли Имран» сүресі, 59, «Кәһф» сүресі, 37, «Хаж» сүресі, 5.

⁹ Қараңыз: «Сад» сүресі, 75

¹⁰ «Әли Имран» сүресі, 59



тамшыны алақаға (жабысқақ ұрықтанған клеткаға) сосын оны мудғаға (бір тістем ет бейнесіндегі жаратылысқа) сосын мудғаны сүйектерге айналдырдық, сосын сүйектерді етпен қаптадық, сосын оны басқа бір жаратылыс жасадық (жан беріп сөйлеттік)»¹¹, – дейді.

Яғни бұл аяттан түсінгеніміз, адам жаратылысы бірнеше сатылардан тұрады. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Сіздердің әрқайсыларыңыздың жаратылысыңыз әуелі ана жатырында қырық күнде жүзеге асады. Кейіннен ұйыған қанға, одан бір жапырақ етке айналады. Содан кейін барып оған періште жіберіліп, жан бітіріледі. Періштеге сәбидің «несібесін, ажалын, амалын, бақытсыз я бақытты болатынын тағдырына жазу бұйырылады»¹² деген хадисі де бұл аятта айтылған ақиқаттарды құптай түседі.

Адам атаға есімдердің үйретілуі

Хақ тағала өзге жаратылысқа қарағанда тұрпаты бөлек, айрықша артықшылықтар беріп жаратқан хазірет Адамға бүкіл заттардың есімдері мен сипаттарын үйретті. Ол жайлы Құран кәрімде былай дейді: «Аллаһ Адамға (а.с.) барлық атауды үйретті, сонан соң оларды періштелерге көрсетіп: «Айтқандарың рас болса, Маған осы нәрселердің аттарын айтып беріңдер», – деді. Періштелер: «Сен пәксің! Біз Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине, Сен толық

¹¹ «Муминун» сүресі, 12-14-аят

¹² Бухари, Бәдул-халқ, 6; Әнбия, 1; Қадар, 1; Муслим, Қадар, 1; Әбу Дәуіт, Сүннет, 17



білушісің, өте данасың», – деді»¹³. Осы уақытта Ұлы Жаратушы: «Ей, Адам! Оларға бұлардың аттарын баян ет, – деді. Сонда (Адам а.с.) оларға заттардың аттарын айтқан сәтте, Аллаһ: «Мен сендерге көктер мен жердің құпиясын, сендердің де көрнеу, көмес істегендеріңді білемін деп айтпадым ба?»¹⁴ – деген еді. Осы аяттарда баяндалғандай, періштеге қарағанда адам баласының деңгейінің жоғары тұратынын көреміз. Себебі адамның ең ұлы міндеті – Аллаһты танып-білу.

Осылайша Аллаһ тағала періштелерге қарағанда Адамға мол ілім беріп, мәртебесін жоғары етіп жарату арқылы оның халифалыққа лайықты бірден-бір жаратылыс иесі екендігін аңдатады. Әлбетте, адам баласы ілімімен былайғы жаратылыстан үстем. Адам баласының халифа деген атқа лайықты болуының басты шарты – ілімді меңгеріп, пайдасына жаратуы. Міне, сонда ғана адам баласы Аллаһ тағаланың үкімдері мен шариғат шеңберінен шықпай өмір сүре алады. Ал періштелерде мұндай қабілет пен қасиет жоқ. Негізінде, адам білген жаратылыс құпиясының шет жағасын періштелер де білетін. Алайда Адамның мерейі олардан бәрібір үстем. Мұның себебі, періштелерге қарағанда есімдерді көбірек біледі, һәм ғаламзат пен Хақ тағаланың барлық есімдерінің ақиқатына бойлай алады. Ол – жұмыр жердің бірден-бір халифасы. Халифалықтың шарты тек қана құлшылық етумен және күнәлардан сақтанумен шектелсе, жер бетіне періштелер әлдеқашан халифа болар еді ғой¹⁵.

¹³ «Бақара», сүресі, 30-32

¹⁴ «Бақара» сүресі, 33

¹⁵ Хусейн Жисри. Рисаләи-Хамидия. Стамбул. 1973. 591-бет; Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуатут-тәфәсир. 49-бет



Сонымен қатар, Аллаһ тағаланың хазірет Адамды жер бетіне халифа етіп тағайындауына оның өзге жаратылыс иелерінен үстем ететін төрт артықшылыққа ие болуы себеп болды:

1. Оны Аллаһ тағаланың өз құдірет қолымен жаратуы;
2. Адамға Аллаһ тағаланың бізге беймәлім Өз рухынан үрлеп, жан бітіруі.
3. Хақ тағаланың күллі періштеге оған сәжде етуге әмір беруі.
4. Хақ тағаланың оған барлық есімдерді үйретуі¹⁶.

Хазірет Адамға сәжде ету

Хазірет Адам атаның періштелерден қандай қасиетімен, ерекшеліктерімен үстем түсетінін білдік. Оның осы үстемдігін паш ету үшін, Аллаһ тағала періштелерге: *«Адамға сәжде етіңдер»*¹⁷, – деп бұйырды.

«Сәжде ету» сөзі араб тілінде «кішіпейілділік танытып, бас ию» мағынасына саяды. Шарифаттық терминде «маңдайды жерге қойып, құлшылық ету» деген ұғымды білдіреді. Сол себепті ғұламалар бұл жердегі «сәжде ету» Адам атаны мойындау, оған құрмет білдіру арқылы Хақ тағалаға құлшылық қылу деп түсіндірген¹⁸.

Негізінде, бұл сәжде хазірет Адамға емес, Хақ тағаланың бұйрығына әрі «Адам» секілді ең ғажайып

¹⁶ ән-Нубуә әл-Әнбия. Мухаммәд Али әс-Сабуни. Димашқ. 1985. 127-бет; Афиф Абдулфаттах Таббара. Маал-әнбия фил-Куран. 32-бет; Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуатут-тәфәсир. Стамбул. 52-бет; Фахруддин әр-Рази. Тәфсирул-кәбир. 2-том. 197-бет

¹⁷ «Бақара» сүресі, 34

¹⁸ Елмалылы Хамди Языр. Хақ Діні Куран Дилі. 273-бет



мақұлықты жаратқан Оның құдіреті мен теңдессіз шеберлігіне жасалған сәжде еді.

Періштелердің Адам атаға сәжде етіп, құрмет көрсетуінде үлкен мән бар. Періштелер илаһи әмірді орындау арқылы жер бетіне халифа болған адамға бұдан кейін қызмет етіп жәрдемдесетіндіктерін көрсеткен еді. Яғни Аллаһ тағала күллі ғаламзатты адамға бағынышты етті. Барлығы да адамға қызмет етуі тиіс болды. Осының бір белгісі ретінде жалпы ғаламзаттың атынан періштелер оған бағынғандығын көрсеткен-ді.

Һәм күллі мұсылман Хақ тағалаға құлшылық қылады. Бес уақыт намаз – тілін кәлимаға келтіргендерге парыз. Намазды құбылаға – Қағбаға қарап оқиды. Қағбадан басқа бағытқа қарап намаз оқығанның намазы қабыл болмайды. Қажылықта миллиондаған мұсылман Қағбаны тауап еткенімен қоймай, соған сәжде қып жатады. Сөйтсе де бұл мұсылмандардың Қағбаға сәжде еткенін білдірмейді. Мұсылмандар Қағбаның алдында оған емес, Хақ тағалаға сәжде қылады. Қағба – мұсылманның Хақ тағалаға сәжде қылар құбыласы болса, періштелердің құбыласы хазірет Адам болды.

Ібілістің сәждеден бас тартуы

Хақ тағаланың Адамға сәжде ету жөніндегі әміріне барлық періштелер мойынсұнды. Тек Ібіліс қана бас тартқан еді. Құран кәрімде Аллаһ тағала: *«Ей, Ібіліс! Менің бұйрығыма құлақ аспай, адамға сәжде етуіңе не бөгет болды?»* – деді. Ол: *«Мені оттан, оны топырақтан жараттың. Мен, әлбетте, одан қайырлымын, артықпын, қалай оған сәжде етпекпін, менен артық жаратылыс бар ма?»*¹⁹ – деп

¹⁹ «Сад» сүресі, 75-76

тәкаппарланды. Өзінің қатесін түсініп, тәубеге келудің орнына ішін өрт шалған Ібіліс: «Мен одан артықпын. Мені оттан, оны балшықтан жараттың», «Балшықтан жаратқаныңа сәжде қыламын ба?»²⁰ – деп одан сайын кергіді. Өйткені, ол өзін ең ардақты жаратылысын деп білетін. Осылайша Ібіліс өзінің бағын байлап, өз жолын кесті.

Оның бұл әрекеті Аллаһтың рахымынан қуылуына себеп болды. Өйткені ол таяз санасымен шынайы сырды көре алмады. Өз сезімдеріне беріліп, нәпсісінің жетегінде Аллаһтың әміріне құлақ аспай, өзінен жаратылысы бөлек адамды Аллаһтың періштелерден де, өзінің болмысынан да артық қойып, әспеттегенін көтере алмады. Хазірет Адамға сәжде жасау бұйрығы тек шайтанның өзіне ғана емес оның нәсіліне де қатысты еді²¹. Белгілі уақытқа дейін мұрсат сұраған шайтан қателігін мойындап тәубеге келмеді.

Құранда Ібілістің «алаулап тұрған түтінсіз оттан жаратылғандығы»²² айтылады. Ендеше ол періште емес. Періштелер нұрдан жаратылған. Ібіліс жер бетінде адамнан бұрын өмір сүріп жатқан жындар нәсілінен еді. Ол алғашқыда жер бетінде өмір сүрген. Кейін дәрежесі көтеріліп, періштелердің өзі қызығатын биікке жетті. Кейбірәлсіз деректерде ол бұрын жер бетінде өмір сүрген жын ретінде сипатталады. Тақуалығы сонша жер бетінде ол табан тіреп, құлшылық қылмаған тоқымдай жер қалмаған. Кейін көкке көтеріліп періштелердің ұстазы болған. Ол ұзақ жылдар бойы періштелердің арасында болды. Олармен бірге Хаққа үзбей құлшылық етіп келді.

²⁰ «Ағраф» сүресі, 12; «Исра» сүресі, 61

²¹ Елмалылы, III, 2129

²² «Хижр» сүресі, 27



Аллаһ тағала жалпы көктер мен жердегі періштелерге сәжде ету әмірін берген кезде, ол да солардың арасында болғандықтан, әмір оған да тікелей қатысты еді. Бірақ бұл әмір Ібіліске түрпідей тиді. Оның өзіндік сыры бар. Өйткені Аллаһ тағала хазірет Адамға сәжде ету әмірін бергенге дейінгі бұйрықтарды орындау Ібіліске ауыр емес-ті. Оның осы уақытқа дейін қарсылық көрсетпей келуі барлық сынақтар Ібілістің өз қалауына сәйкес түсіп отырғандығынан болатын. Ендеше адамның тікелей бас пайдасы мен нәпсісіне сәйкес келген әмірлерді орындау Хақ тағаланың разылығы үшін жасалған істер деп айта қою қиын. Өйткені Ұлы Жаратушының әміріне өз нәпсісінің қалауына сәйкес келген жағдайда ғана мойынсұнған жанды Аллаһ тағалаға бағынды ма, әлде өзінің нәпсісіне бағынды ма, ол жағын парықтау қиын²³. Сондықтан хазірет Адамға сәжде ету әмірі періштелермен қоса Ібіліске де арналған сынақ еді. Осы кезде ғана Ібіліс өзінің шынайы бет-бейнесін, жылдар бойы ішке бүккен тәкаппарлығы мен менмендігін көрсетіп алды. Сонда ғана періштелер жандарында жүрген Ібілістің қандай екендігін байқайды²⁴.

Ібілістің бұл жердегі қарсылығы қызғаныштан туды. Ол өзін адамнан үстем санады. Өйткені адам жаратылмай тұрғанда, жер бетінде, бәлкім, ғаламзатта Аллаһ тағаланың сынағының сырына бойлап, Оны таныту жындардың міндеті болатын. Ібіліс Аллаһтың әміріне бағынып, құлшылық қылып, талай сынақтан сүрінбей өтті. Күллі әлемнің ұстазына айналды. Аллаһтың хикметі шексіз. Қалаған құлын қалаған сәтте сынайды. Бұлай дейтініміз, көп ұзамай Хақ тағала

²³ Елмалылы. 3/2131-бет

²⁴ Фахруддин әр-Рази. Тәфсирул-кәбир. 2-том. 201-бет



хазірет Адамды жаратты. Оны бәрінен де, тіпті жындардан да үстем етті. Оның үстемдігін мойындаудың жалғыз-ақ шарты: оған бағынып, сәжде ету. Аллаһтың әмірі – осы. Тіпті жындарға да адамға бағынуға тура келді. Олар осыдан кейін өздерін екінші орынға ысырылып қалғандай сезінді. Бұған төзбеген Ібіліс ақыры тура жолдан тайқып шыға келді. Ішіне от түсіп, қызғаныштан тұла бойы өртенді. Оның осы ішіне қыл айналмайтын қызғанышы, ақыры, оны Аллаһ тағалаға қарсы шығуға дейін апарды. Өйткені ол өзінен басқа ешкімнің үстем болғанын қаламады. Сондықтан да ол өзінің оттан, ал адамның топырақтан жаратылғандығын айтып, тәкаппарланды. Адамға сәжде ету әмірі келгенде, нәпсісі кері тартып, аяғынан шалды. Осы сәтте оған екі жолдың бірін тандауға тура келді. Бірі – Аллаһ тағаланың әміріне мойынсұну, екіншісі – нәпсісінің қалауынан шықпау. Ол өз нәпсісін жеңе алмаса, жаһаннамның мәңгілік азабына баратынын біле тұра, Хақ тағаланың әмірін тәрк етті. Міне, осы сәттен бастап оның жылдар бойы, бәлкім, ғасырлар бойы Хақ тағала жолында еткен құлшылығы зая кетті. Яғни әу бастан жүрегінің түкпірінде қыбыр етпей жатқан жемтік құрт жегі құртқа айналып, мезгілі келгенде қара шұбар улы жыландай көкірегін жарып шықты.

Асылында, Ібілістің бұл әрекеті адамдарға ғибрат болмақ. Яғни Аллаһ тағаланың сынағы тек қана күнәлар арқылы емес, өмірдің әр түрлі кезеңі мен хал-ахуалдары арқылы да көрініс табады. Мысалы, бұрынырақта бір асқан тақуа дін ғұламасы өмір сүріпті. Елге көп көмегі тиіп, қаншама жандардың тура жолға түсуіне себепкерлік етеді. Бар өмірін қажымай-талмай дін таратуға арнапты. Елдің барлығы білмегенін осы кісі-



ден келіп сұрайды екен. Күндердің күнінде одан да тақуа адамдар пайда болыпты. Олар тіпті бұрынғы ғұламаның қателіктерін таба бастайды. Елдің назары енді жаңа ғалымдарға ауады. Бұдан кейін жиын-тойдың барлығында ел солардың аузына қарайды. Осы кезде әлгі тақуа ғұламаның ішіне қызғаныш құрты түседі. Ақыры, әлгілерді көре алмай күндеп, олардың қателігін табу үшін, шарифат заңына қарсы келуге дейін барады. Бар мақсаты – өзінікін дұрыстау. Өзінің беделін қайта жинаудың жолында дінге қалай қайшы келгенін білмей де қалады. Бара-бара діннен де шығып қалады. Әһлі-кітап та осылай болған-ды. Олар Аллаһ елшісін өте жақсы танитын. Бірақ, әрине, иманға келудің жөні бір бөлек те, оны танудың жөні бір бөлек. Олар танып-білгендерімен қызғаныш пен күншілдіктері иманға келуіне кедергі келтіреді.

Міне, Ібіліс те жаһаннамға кететінін біле тұра, қызғаныштың қызыл итіне таланып, ашуын ақылға жеңдіре алмай, «Мен Адамнан артықпын», – деп, өзін жаратқан Хақ тағалаға қарсы шықты.

Атап айтқанда, Ібіліс мынадай үлкен қателіктер жіберді:

1. Ібіліс ең алдымен өзінің міндетінің құлшылық пен мойынсұну екендігін, осы екі міндеттің негізі кішіпейілділікте жатқанын біле алмай, Хақ тағалаға өрескел түрде қарсы шықты.

2. Аллаһ тағаланың «адамға сәжде ет» деген әмірі оған міндетті бола тұра, осыны орындауға оның нәпсісі жар бермей, өзінің оттан, ал Адамның топырақтан жаратылғанын, өзінің одан үстем екендігін дәлелдеуге тырысты. Осы тырнақтың кіріндей уәжін алға тартып,



адамға тағзым етуден қашты. Аллаһтың әміріне қарсы келіп, алғаш рет оңбай адасқан да осы Ібіліс болды.

3. Ібілістің «Мені оттан, Адамды балшықтан жараттың» дегені дұрыс. Бірақ осы дұрыс үкімді айта отырып, от пен топырақты салыстыра келе, «отты топырақтан артық» деп қате топшылауға барды. Яғни ол, бір жағынан, Аллаһтың жаратушы екендігін мойындаса, екінші жағынан, менмендігі мен тәкаппарлығын жеңе алмай, назарын түгелдей жаратылған затқа аударып, ерекшеліктің барлығын соған үйіп-төкті. Бірақ ол Аллаһ тағаланың Адамды жаратуындағы мақсатын қаперіне де ілмеді. Оны жерге халифа етіп жаратқан соң заттардың атауларын (мәні мен мағынасын) үйрету арқылы адамға өзгеше бір ерекшелік берілгендігін көргісі келмеді. Яғни ол Адамда топырақ, өзінде оттан басқа ешқандай ерекшелік жоқ деп ойлады. Осылайша «Тіріден өліні, өліден тіріні шығарған»²⁵ және де затқа әр түрлі ерекшеліктер беретін Аллаһ тағаланы тым тар түсінікпен шектеген. Яғни Аллаһ тағала топыраққа ешқандай ерекшелік бере алмайды, ол сол күйі топырақ болып қала береді деп ойлаған. Алайда топырақ пен отқа өзіне тән ерекшеліктерді кімнің бергенін парықтай алмаған²⁶.

Шынтуайтында, отқа қарағанда топырақтың ерекшелігі басым. Себебі, топырақ – өмірдің қайнар көзі. Барлық тіршілік топырақтан өрбиді. Сондықтан топырақта Аллаһ тағаланың «теңдессіз жаратушы», «толассыз рызық беруші», «шексіз шебер» сияқты есімдері мен сипаттары көрініс тапқан. Яғни, топырақ

²⁵ «Әли Имран» сүресі, 27.

²⁶ Елмалылы, 3/2132-бет



– Ұлы Жаратушының сансыз көркем есімдері мен сипаттарының айнасы іспетті.²⁷

Ібіліс осы тәкаппарлығынан Хақ тағаланың қаһарына ұшырады. Сөйтіп, шайтан Хақ тағаланың: *«Ендеше, дереу ол жерден түс! Сенің ол жерде тәкаппарланып, паңдануыңа жол жоқ. Қанеки, тез шық! Сөзсіз, сен малғұндардансың!»*²⁸ деген сөзімен рахметінен қағылды. Өзін «оттан жаралғанмын және осы шыққан биік мәртебемнен түспеймін деп ойлаған Ібіліс бір сәтте барлық абыройдан жұрдай болып, масқара күй кешті.

Аллаһ тағаланың қаһарына ұшыраған Ібіліс өзінің өмірде түкке тұрмайтындығын сол сәтте түсініп, жоқтыққа жұтылудан қорқып, қорлықпен болса да, өмір сүруді қалап: *«Маған қайта тірілетін күнге дейін мұрсат бер!»*²⁹ – деп, Аллаһ тағаладан қиямет күніне дейін өмір сұрады. Аллаһ тағала: *«Сен мұрсат берілгендердің қатарындасың»*³⁰, – деді. Ібіліс тәубе мен шүкіршілік етіп азаттыққа жетудің жолдарын іздеудің орнына: *«Ендеше, Сен мені қаңғыртып, адасуға душар еткенің үшін, мен де олардың тура жолға түсуіне барынша бөгет жасаймын. Олардың алдынан, артынан, оңынан, солынан келіп азғырамын. Сөйтіп, Сен олардың үркердей тобын ғана Өзіңе шүкір еткендердің қатарынан табасың»*³¹, – деп, адамға деген жауыздығы мен жаулығын іске асыруға кіріседі.

²⁷ Қ.Жолдыбайұлы. Күдікпен күрес. Алматы. 2006, 62-бет.

²⁸ «Ағраф» сүресі, 13.

²⁹ «Ағраф» сүресі, 14.

³⁰ «Ағраф» сүресі, 15

³¹ «Ағраф» сүресі, 12-17 аяттар.



Иә, шайтан адам баласын саңылау қалдырмай қамап ұстап, қарға адым жерін қараңғы түнекке айналдыруға тырысады. Шайтан кейде адамның алдынан келіп, оның алға ұмтылысын, болашаққа деген сенімін жоғалтып, ақыретке деген талпынысын ойрандайды.

Ібіліс тәубе етудің орнына тәкаппарланып, Хақ тағаланың халифа етіп жаратқан адам баласын азғыруға, жолдан тайдыруға барынша күш салатындығын айтты. Міне, осы кезде ол Хақ тағаланың рақымынан жұрдай болмақ. Өйткені Аллаһ тағала алғаш рет оған «Шық» деген әмірінде мәңгілік қуылу мағынасы жоқ еді. Екінші рет айтылғанда, біржолата қуылып, мәңгілік азапқа душар болды. Міне, Ібіліс содан бері әлі күнге дейін адам баласын азғырумен келеді. Әсіресе, қияметке жақын қалған мына заманда Ібіліс жер бетіне патшалығын құрып, өзіне берілген мұрсаттың бітуге таяп, мәңгілік азаптың құшағына еруге санаулы жылдар қалғанын сезіп, бәлкім, бұрынғыдан да бетер ашу-ызаға булығып, жер бетін дүрліктіріп, адам баласын жаппай азғырып жатқан шығар. Ендеше, адамдар еркіне ие болып, Ібіліс құлаған биік шыңнан құлдиламас үшін өзіне берілген нығметтерге шүкіршілік қылып, Ібіліске андаусыз еріп кетуден сақ болуы тиіс. Нәм адам баласы мынаны есте тұтқаны жөн: Ібілістің бұл сорақы әрекетін жөн көріп, өзінікін дұрыс санаған адам шайтанның соқпағына қалай түсіп кеткенін байқамай қалады. Сол себепті сөзсіз түбіне жетпей қоймайтын қыңыр мінез, қисық әрекеттен арылып, өзін жөнге салғаны дұрыс³².

³² Елмалылы, 4/22.



Хауа ананың жаратылуы

Хауа ана – алғашқы адам әрі алғашқы пайғамбар Адам атаның өмірлік серігі.

Құранда Хауа ананың жаратылуы туралы былай делінеді: *«Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратқан – Аллаһ тағала»*³³, *«Ей, адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен қисапсыз ер, әйелді жаратқан Раббыларыңнан қорқыңдар»*³⁴. Яғни, әуелі Адам ата, сосын Хауа ананың жаратылғандығын көреміз.

Сондай-ақ Хауа ананың қалай жаратылғандығына қатысты Ислам ғұламаларының көзқарастары әр алуан болып келеді³⁵. Кейбірі *«одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратқан Аллаһ тағала»* деген аталмыш аятқа сүйеніп, Хауа ананың Адам атаның денесінен жаратылғандығын айтады.

Мәселен, Ибн Касирдің тәпсірінде былай делінген: «Адам ата жаннатта бірталай уақыт жалғыз өзі өмір сүреді. Ол өзін жалғыз сезініп, рухы құлазиды. Бір күні ұйқыға жатып қайта ояғанда, алдында Аллаһ тағаланың оның қабырғасынан жаратқан әйел затын көреді. Одан: «Сен кімсің?» – деп сұрайды. Ол: «Әйелмін», – деп жауап береді. Адам: «Не үшін жаратылды?» – дейді. Хауа ана: «Сенімен тұру үшін», – дейді. Осы кезде періштелер келіп, Адам атадан сұрай бастайды. Адам ата оның Хауа екендігін айтады. Періштелер: «Неге оған

³³ «Ағраф» сүресі, 189.

³⁴ «Ниса» сүресі, 1.

³⁵ Фахраддин Рази, ат-Тафсирул-кабир, Мысыр. 1938. 9т.160б.



Хауа деген ат берілген?» – деп сұрайды. «Өйткені ол тірі нәрседен жаратылды», – деп жауап берген еді»³⁶.

Басқа бір хадисте: Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм): *«Ей мүміндер! Бір-біріңе әйел заты туралы қайырлы болып, нәзік қарым-қатынас жасауды өсиет етіңдер. Өйткені олар қабырғадан жаратылған. Ал қабырға сүйегінің ең иілген жері – жоғарғы жағы. Егер де оны туралауға тырыссаңдар, сындырасыңдар. Тиіспесеңдер, ол үнемі солай қалады. Сондықтан да әйел заты туралы бір-біріңе нәзік қарым-қатынас жасауды өсиет етіңдер»*³⁷.

Мүслимнің риуаятында *«...оны түзеуге тырыссаң, сындырасың. Ал оның сынуы талақ болғаны»*³⁸ деген ахад хадисті кездестіреміз.

Келесі бір көзқарас Құран кәрімдегі: *«одан әйелді жаратты»*³⁹ деген аяттың мағынасы «әйелді адам табиғатынан жаратты» дегенді білдіреді. Ал аталмыш хадистегі «қабырғадан» деген сөзбен әйел затының қабырға сияқты нәзік жан екендігі меңзелген. «Қабырға» сөзі астарлы мағынада айтылған делінген.

Әйтседе, Аллаһтағала әйел затын қаласатопырақтан, қаласа еркектің қабырғасынан да жаратуға құдіретті екендігіне күмән жоқ. Қалай болмасын, Хақ тағаланың Адам атаны жалғыздықтан құтқарып, әрі оның ұрпағын жер бетінде көбейту мақсатымен оған өмірлік жолдас етіп, сондай-ақ әйелі ретінде хазірет Хауаны жаратқандығына толықтай иланамыз. Бұл туралы

³⁶ Ибн Касир, Тафсирул-Куранил азим. I/112; Табари тарихы. I/52

³⁷ Бухари. Әнбия. 1, Никah. 80; Ибн Мажә. Тахарат. 77, Ахмед ибн Ханбал, 5/8

³⁸ Мүслим. Рида. 64; Нәсан. Никah. 15

³⁹ «Зүмәр» сүресі, 6



Құранда: «Сендердің өз табиғаттарыңа үйлестіріп (өз қастарыңнан) әйел жынысын жаратқаны да, оларға тіршілік ләззаты етіп, сүйіспеншілік, мейірім бергені де ұлылықтың белгісі»⁴⁰, – дейді.

Жаннатқа кіру

Ұлы Жаратушы Адам мен Хауа ананы Жаннаттың төріне оздырған кезде, оларға: «Ей, Адам! Жұбайыңмен жаннатқа жайғасып, қалағандарыңша жеңдер»⁴¹, – деді. Хақ тағала оларға сол жерде ешқандай аштық пен шөл қасіретін тартпай, жалаңаш қалмай, қысқасы, ешбір қиыншылық көрмейтіндіктерін білдірді⁴².

Адам мен Хауа ана жаннатта емін-еркін жүріп, әр түрлі нығметтердің дәмін татып, тамашалайды. Алайда Хақ тағала бұларға Жаннаттың барлық жемістерін жеуге рұқсат бергенімен, «Мына ағашқа жоламаңдар. Онда жазықтылардан боласыңдар»⁴³, – деп бір ағаштың жемісін жеуге тыйым салды. Бұл әмірді аттаған адам өкінішпен бармақ тістейтіндіктен, Адам ата мен Хауа анаға «сол ағашқа жақындасаңдар, зальымдардан боласыңдар» деп қатаң ескерткен⁴⁴.

Міне, Адам мен Хауа анаға берілген бұл әмір олардың ең алғашқы сынағы еді. Өйткені Аллаһ тағала оларды Жаннатқа кіргізген кезде, екеуінің ең үлкен дұшпаны шайтан екендігін, ол кез келген уақытта өздерін арбап, алдайтындығын, жүрекке бойлап азғыратындығын алдын-ала айтып ескерту жасаған. Сол себепті олар Құдай тағаланың осы бір тыйым

⁴⁰ «Рұм» сүресі, 21

⁴¹ «Бақара» сүресі, 35

⁴² «Таһа» сүресі, 117-119

⁴³ «Бақара» сүресі, 35

⁴⁴ Елмалылы, III/2139



салған ағашына жақындамай бойларын аулақ салып, Аллаһтың әміріне қарсы келуден сақтануы тиісті еді. Ал шайтан болса барлық күш-жігері мен қайратын сарп етіп, оларды тыйым салынған ағашқа жақындатып, тіпті жемісінен жегізіп, Ұлы Жаратушының бұйрығына қайшы әрекетке итермеледі.

Мәңгілік ғұмыр кешу – адам баласының ең үлкен арманы. Ібіліс хазірет Адамды: *«Саған түгесілмейтін, бітпейтін патшалық көрсетейін бе?»*⁴⁵ – деп алдаған. Мәңгілік өмір сүру адамның болмысында болғаны тәрізді, түгесілмейтін патшалыққа иелік ету де адамның болмысында бар. Жалпы адамды Хақ тағала жер бетіне халифа етіп жаратты. Ал халифалықтың міндеті – жер бетін басқару. Билік – адамның ең осал тұсы. Адамның менмендігі мен өзімшілдігінде де осы сезім бар. Сондықтан ол осы өзімшілдігіне бой алдырса, ешкімді көзге ілмей кетеді. Бұндай адамдардың қолына билік бір тисе, сол арқылы өзін өзгеден үстем көріп, билеп-төстегісі келеді. Адам ешқашан билікке тоймайды. Билікті көкसेген адам қол жеткізген биігін місе тұтпай, шынды бағындырсам дейді. Ең жоғары билікке қолы жетсе, сол билікті ешкімге бергісі келмейді. Мәңгі баки сол тақта отырғысы келеді. Мәңгілік өмір сүруді қалайтын адам патшалығының да мәңгілік болуын қалайды. Ол бұл жолда еш нәрседен тайынбайды. Тарихта так үшін өз баласын да құрбан еткен билеушілер де аз емес. Бірақ адамның бәрі осындай ма? Әлбетте, олай емес. Адамға билікке құштарлық Аллаһ тағаланы таныту жолында пайдалану үшін берілген. Адамның бойында менмендік бар. Ол сол өзімшілдікті Ұлы Жаратушы үшін құрбан етіп шалуы тиіс. Сонда ғана

⁴⁵ «Таһа» сүресі, 120



жұмыр басты пенде тәкаппарлықтан айығады. Міне, хазірет Адам осы билік дейтін алапат күштің қатерлі сәтінен аман қала алмайды. Ол шамасы халифалық міндетті мәңгілік атқарғысы келген. Ібіліс оның осы осал тұсынан ұстайды. Негізінде, оның да бойында осындай сезім бар. Ол әуелі адам жаратылмай тұрғанда саналы жандардың ішінен жалғыз өзі қара үзіп шығып, асқан тақуа атанып, періштеліктің жоғарғы шыңына жеткен. Ол осы лауазымының бәріне нәпсілік үстемдікпен қараған. «Менде ғана болса» деген өзімшілдігі хазірет Адамның өзінен жоғары тұруын қаламады. Биліктің бас айналдырар ұшар шыңынан айырылғысы келмеді. Ол халифалық биліктің Адамда болуын көтере алмады. Жоғары лауазымы оны тәкаппарлыққа ұрындырды. Екіншіден, оның бойында да мәңгілік өмір сүруге деген сезім бар. Оның «*Маған олардың қайта тірілетін күніне дейін мұрсат бер*»⁴⁶ деуі осыны көрсетеді.

Кейін жер бетіне түскен шайтан қияметке дейінгі хазірет Адамның нәсілін осы осал тұсынан ұстап, бір-біріне айдап салған еді. Жердегі адамдардың бір-бірімен билік үшін қырық пышақ болып қырқысуы, бірінің жерін бірі жаулап алуы, т.б. бәрі де соның белгісі.

Адам мен Хауа анаға тыйым салынған ағаштың қандай ағаш екендігін нақты айтылмаған. Ислам ғұламалары арасында ол туралы «нәсіл, ұрпақ» «бидай», «жүзім» немесе «інжір ағашы» деген көзқарастар бар. Десе де, нақтысын білмейміз. Өйткені Аллаһ тағала ол ағаштың есімін бізге нақты айтпаған. Хақ тағала жұмақта Адам атаға үлкен ерік нығметін берумен қатар шағын тыйым да қойған еді. Егер бұл тыйымға құлақ аспаған жағдайда өздеріңе зұлымдық жасағандардан

⁴⁶ «Ағраф» сүресі, 14



боласындар делінген еді. Мұндағы мақсат – жұмақта бұл ағашты жеу емес, өмірінде тәртіпке бас идіру еді⁴⁷.

Сонымен қатар бұл ағашты «нәсіл» дейтін болсақ, ерлі-зайыптылардың ең осал тұсы да осы нәсіл мәселесі екені рас. «Шаңырағым шайқалмаса екен, ұрпағым мәңгілік жалғасса екен» деу – отбасының негізгі мәселесі. Шамасы, әурат жерлерінің ашылуы да осы мағынаны қуаттайды. Яғни шайтан Адам ата мен Хауа ананы жаннаттан шығару жолын іздеген. Оның ұрпағының да болатынын білген. Сол себепті шайтан ол екеуінің ұрпақтары тез арада болғанын қалаған. Өйткені Жаннат бала-шаға бағып, ризық іздеп, бейнет тартатын жер емес. Негізінде аяттағы «Шәжәрә» деген сөз де қазақ тіліне «шежіре» болып енген. Шежіре – ұрпақ деген ұғым. Ұрпақ жетілдіру – ата-ана үшін ауыр сынақ. Ендеше, сол сынақ жаннатта емес, жер бетінде болуы тиіс еді.

Тәубе

Адам ата мен Хауа ана Ібілістің азғырғанына алданып, тыйым салынған ағаш жемісін ауызға салуы мұң екен, екеуінің әбүйірі ашылып, үлкен қате жасағандарын аңғарды. Екеуі дереу жаннат жапырақтарынан үстеріне жапсыра бастады. Хазірет Адам мен Хауа ана шайтанның ант еткеніне алданып, оның өздеріне деген дұшпандығын және сол жолда неден болса да тайынбайтынын естен шығарып алды⁴⁸. Сонда Аллаһ тағала оларға: *«Мен екеуіңе де бұл ағашқа жақындауға тыйым салған жоқ па едім? Шайтан сендердің қас жауларың*

⁴⁷ Елмалылы, I/323-324

⁴⁸ Сәйд Кутуб, Фи Зилалил-Қуран, X/84



деген жоқ па едім?»⁴⁹ – дейді. Аллаһ тағала осылайша шайтанның сөзіне ергені үшін, сөгіп, ескерту жасайды. Осы кезде Адам ата мен Хауа ана дереу жаза басып, жазықты болғанын түсініп: *«Ей, Раббымыз! Екеуміз де нәпсімізге зұлымдық жасадық. Егер Сен бізге кешірім етіп, рақым қылмасаң, біз қасіретке ұшырағандардан боламыз»*⁵⁰, – деп тәубесіне келді. Ерекше мейірімді Аллаһ тағала да олардың бұл тәубесін қабыл етті⁵¹. Хазірет Адамның осы кешірім тілеп, шынайы тәубеге келуі Аллаһ тағаланың шарапатының шексіз екендігі, Адамның және Ібілістің іс-әрекеті арасында қаншалықты айырмашылық бар екенін көрсетіп берді. Ғалымдар Адамның бес нәрсемен қуанышқа бөленгенін айтады. Өмірге қарсы келуін мойындау, пұшайман болу, нәпсісінен жеру, тәубеге ұмтылу, рақымдылықтан үмітін үзбеу. Ібіліс те бес нәрсемен бақытсыз күйге душар болды. Күнәсін мойындамады, тіпті өкінбеді де. Өзімбілермендікке салып, Аллаһ тағаланы кінәлады және рақымдылықтан үмітін үзді⁵².

Ібілістің тыйым салған ағаштың жемісін қайткен күнде де жегізуді көздеген ниеті Адам ата мен Хауа ананы Аллаһ тағалаға қарсы айдап салып, жаннатқа жолатпау еді. Сонда олар дәл өзі тәрізді қуылып, мәңгілік қасіреттің құшағында тұншығады деп ойлады. Алайда ол Аллаһ тағаланың шексіз рақым иесі екенін ұмытқанды. Ібіліс олардың жасаған қателіктеріне тәубе ету арқылы азаптан құтылатындықтарын ойламаған. Негізінде, ол тәубе ететіндерін білгенде, адамдарға

⁴⁹ «Ағраф» сүресі, 22

⁵⁰ «Ағраф» сүресі, 23

⁵¹ «Бақара» сүресі, 37

⁵² Елмалылы, 4/25-26



жақындамайтын да еді. Оның мақсаты – адамдарды күнәға сүйреу арқылы жүректеріндегі иманын жою. Бірақ олар шынайы тәубе етіп, жасаған күнәларын жуып-шайған заматта, шайтан оңбай жеңілді, әрі ашуға ерік беріп, қасарысқан үстіне қасарысып, кескілескен жау болуға ант ішті.

Хазірет Адам мен Хауа ананың жаннаттан қуылуы

Аллаһ тағала, егер олар шайтанға алданып, өзінің алдында қарабет болса, оларды жаннаттан шығарып, жер бетіне түсіретіндігін ескерткен болатын. Сондықтан да олар жасаған жаңсақтықтары үшін жаннаттан шығып, жер бетіне түседі. Бұдан кейін олардың жаңа өмірі басталды. Қияметке дейін адам баласы жер бетінде ажалы жеткенше ғұмыр кешіп, берілген ырыс-нығметтерден пайдаланып, мезгілі жеткенде, бұл өмірден көшіп кететін еді. Бірақ бұл өлім мәңгілік жоғалу емес. Ақырында қайта тіріліп, дүниеде жасаған амалдарына жауап беріп, жақсылығы үшін сый-сияпат көріп, жамандығы үшін азапқа тартылатын еді. Жаратушы Жаппар Иенің хикметі осыны қажет етті⁵³.

Аллаһ тағала хазірет Адам мен Хауа ананы және шайтанды да жерге түсірген кезде: *«Бір-бірлеріңе дұшпан болып жер бетіне түсіңдер!»*⁵⁴ – деген-ді. Ендеше қияметке дейін шайтан мен адам баласы бір-бірімен күресіп өтеді. Ібіліс және оның нөкері бар айла-амалын қолданып, адам ұрпақтарын адастыруға тырысады. Адамның жаратылысында осал тұстары бар. Ол ұмыту, сабыр сақтамау, сезімге тез берілу, ашула-

⁵³ Бұняммин Атеш, Пейгамберлер тарихы. 108-бет

⁵⁴ «Бақара» сүресі, 36; «Ағраф» сүресі, 24



ну, т.б. Міне, шайтан адамның осы ұрымтал жерлерін жақсы білді. Бұл жағынан келгенде, адам баласы тез алданғыш-ақ. Дегенмен де Хақ тағала адам баласын дұшпанға қарсы қарусыз қалдырмады. Аллаһ тағала әу баста оларды Жаннаттан түсірген кезде, былай деген: *«Дүниеде адамдарға тура жол жіберемін. (Бұл тура жол – ақиқат діндері мен пайғамбарлар). Кім осы тура жолмен жүрсе, оны адастырмаймын, әрі күпірден де аулақ етемін. Олар үшін ешқандай қорқыныш пен қайғы жоқ. Ақырында мәңгілік Жаннатқа барады. Кімде-кім тура жолдан тайып, шайтанға ілессе, ол дүниеде де, ақыретте де қасірет шегеді. Мен оларды мәңгілік жаһаннамға тастаймын»*⁵⁵.

Яғни адам баласын Хақ тағала ардақтап жаратып, жер бетіне халифа етті. Ақыл мен жүрек берді. Оған қарсы келген шайтанға төтеп беруі үшін пайғамбарлар арқылы тура жол сілтеді. Адам ата мен Хауа ана арқылы басталған сынақ қияметке дейін жалғаспақ.

Тыйым салған ағаштың жемісінен жеу

Христиандар Адам ата мен Хауа ананың ағашқа қол созғанын үлкен күнә санап, сол күнә дүниеге келген әрбір нәрестенің бойында қалып, қияметке дейін жалғасады деп түсінеді. Алайда бұл Ұлы Жаратушының адамзатты жарату хикметіне сай келмейді. Өйткені Жаппар Ие адам баласын Өзін танып, тек өзіне ғана құлшылық қылсын деп сынау үшін жаратқан. Ақырында, ізгі амал жасағандарға сый-сияпат, жамандық істегендерге азап беріледі. Ендеше, Исламда *«Біреудің күнәсін біреу көтермейді»*⁵⁶. Яғни

⁵⁵ «Таһа» сүресі, 123

⁵⁶ «Әнғам» сүресі, 164



әкесінің күнәсін баласы көтермейді. Өйткені әкесі күнә жасаса, оны өз еркімен жасайды. Біреу қылмыс жасаса жазасын басқалар өтеуге тиіс емес. Бұл – илаһи әділдік. Ендеше, Хақ тағала не үшін біреудің күнәсін өзгенің мойнына іліп, оны жазаға тартуы тиіс. Аллаһ тағала бұндай әділетсіздіктен мүлде ада һәм пәк.

Мәселенің назар аударатын тағы бір жағы: хазірет Адам атаның бұл әрекетін күнәға жатқызуға бола ма? Ол пайғамбар емес пе еді? Пайғамбарлардың негізгі ерекшеліктерінің бірі – пайғамбарлықтан бұрын да кейін де күнәдан пәк болуы емес пе еді? Олай болса олардың жіберіп алған кейбір ұсақ жаңсақтары дінімізде «зәллә» деп аталады.

«Зәллә» деп аталатын осы болмашы ұсақ жаңсақтар пайғамбарлардың дәрежелері мен жағдайларына қарай орын алады. Пайғамбарлардың осы ұсақ жаңсақтарын тырнақ астынан кір іздеушілер кешірілмес күнә етіп көрсетуге ұмтылады. Алайда қарапайым адамдар мұны жаңсақ ұғып, қате жорымауы тиіс. Пайғамбарлар Аллаһ тағалаға өзгелерден әлдеқайда жақын болғандықтан, ізгі істерінің өзіне көңілі толмаса, өздерін жазғырып, өкініштен өзегі өртеніп, осының өзін қателік санаған.

Сондықтан да олардың дәрежесіне қатысты осы ұсақ жаңсақтықтарды ағаттық деп қараудың өзі үлке қателікке жатады.

Құран кәрім Адам ата туралы: *«Адам Раббысына қарсы келіп, жолынан адасты. Сосын Раббысы оны таңдап тәубесін қабыл етті де, оған тура жолды көрсетті»*⁵⁷, – дейді.

Адам ата өзін сүрінбей жатып, сүрінуден қорға қалған Раббысына бет бұрып тәубеге келген еді. Бұл –

⁵⁷ «Таһа» сүресі, 121-122



«зәллә», яғни, ұсақ жаңсақтық еді. Адам ата мен Хауа ана Аллаһ тағаланың тыйымын ұмытып кетіп, осындай ағат қадамға барды. Ұмыту – пенделіктің белгісі. Аллаһ тағала «ұмытты» деу арқылы Адам ата туралы жаман ойлауымызға жол бермей, артынша оның тәубеге келгендігін айтады.

Аятта Адам ата мен Хауа анамызға жеміске жақындамау жөнінде әмір берілген соң нақты қанша уақыт өткені бір Аллаһтан өзге ешкімге белгісіз. Ең анығы, Адам ата осы бұйрықты алған соң, арада көп уақыт өткен. Жеміске салынған тыйым ұмытылған соң орын алған.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: «*Мына үш нәрсеге қалам жазылмайды: ұмыту, қателік және зорлықпен істелген іс*»⁵⁸, – деген. Яғни, адам ұмытып кетіп, қандайда бір қатеге қадам басса, оның сөкеттігі жоқ. Ендеше, Адам атаны күнә жасады деп жазғыру дұрыс емес.

Һәм пайғамбарлар – Хақ тағаланың рақымшылығының көрсеткіші. Олар адамдарға қиыншылық тудыру үшін емес, екі дүние бақытына бастау мақсатымен жіберіледі. Сол себепті олардың ижтиһад қателіктерінің өзі түбінде үмбетіне қайырлы. Ендеше, Адам пайғамбардың қателігінде де осындай қайыр бар. Ең алдымен, ол – адамзаттың түп атасы. Ал адам баласы жаңылмай тұрмайды. Хақ тағала адам бойына ұмыту мен қателесу қасиеттерін де белгілі бір мақсатпен берген. Ол осы екі қасиеті арқылы өзінің пенде екендігін еске түсіреді. Бұған қоса қателік жасаған соң, хазірет Адам атаның дереу тәубе еткенін де ескеру керек. Осылайша ол ұрпағына ең басты қажетті нәрсені үйретеді. Өйткені

⁵⁸ Мунауи, Фәйзул-Қадир, 4/34



адам баласы осынау өмірде сан жығылып, талай опык жеп, қателіктерінен сабақ алады. Қайта тұрудың, қалай шығудың жолын іздейді. Міне, осылардың барлығына төтеп берудің жолын бабасы Адам көрсетеді. Яғни, ей, ұрпағым! Өмірдің қалтарыс-бұттарыстарында қилы-қилы кезеңдерге тап келуің мүмкін. Шайтанның азғыруымен кейде тіпті өмірден адасып кетуің де ықтимал. Міне, сондай кезеңде өздеріңді құрдымға итермелемей тәубе етіндер дегені. Тәубе – адамның қатесін түсініп, енді қателеспеуге іштей бекінуі. Қанша күнәға батса да, Хақ тағаланың рақымынан үміт үзбей, өзіне жәрдемдесуін тілеуі. Иә, тәубе – қараңғылықта адасқан жанның ұзақтан жылтырап, өзіне шақырған үміт оты. Бағыт-бағдарын көрсеткен көктегі Құс жолы мен темірқазығы. Жарқын болашаққа қарай қанатын талдырмай самғатушысы.

Тәубенің қаншалықты үлкен нығмет екендігі мына хадисте баяндалған: *«Аллаһ елшісі (саллаллаһу алайһи уә салләм) бір күні: «Мұсылмандардан күнәсі бола тұра Жаннатқа кіретіндер болады», – дейді. Сонда сахабалар: «Қалайша, Аллаһ расулы?» – деп сұрағанда, ол: «Мұсылман жасаған өз күнәсін ұмытпай үрейленіп жүреді. Раббысына шынайы түрде жалбарынады. Осы арқылы ол Аллаһ тағаланың кешіріміне ие болады».*

Хазірет Адамның осы қателігі арқылы адам баласы жер бетінде өмір сүруге мүмкіндік алды. Егер ол мүлт кетпегенде, адамзат қазір де жаннатта болар еді. Ал жаннат – сынақ мекені емес. Сынақ мекені болмағандықтан, адам баласы толық адам шыңына жетіп, Жаратушысын танып-біле алмайды. Яғни Адам атаның жаңсақтығы – жүз мыңдаған пайғамбарлардың пайғамбарлық шындарға, миллиардтаған адамдардың



толық адам шыңына жетуіне арқау болды. Ендеше, ол қателеспегенде, адамдардың бәрінің де мәртебесі бірдей болып қалар еді. Онда Әбу Жәһил мен Әбу Бәкірдің бір-бірінен ешқандай айырмашылығы болмас еді. Аллаһ тағала адамзатты жер бетіне халифа етіп жаратуында белгілі бір мақсат бар. Міне, Адам ата осыған себепкер болды. Аллаһ тағала хазірет Адам мен Хауа ананы жаннаттан қуған жоқ. Олардың мекені жер беті болатын. Хақ тағала оларды жаннатқа кіргізіп, содан кейін шайтан арқылы жер бетіне түсіруінде де сырлы хикметтер бар. Яғни, ей, Адам баласы! Шайтан сендердің ата-аналарыңның жаннаттан шығарылуына себепкер болды. Ендеше, шайтанның азғыруынан сақтаныңдар. Ол ата-аналарыңды жаннаттан шығарғаны тәрізді, сендерді де сол Жаннатқа кіргізбеуге бар күшін салады. Айтқандай-ақ «Ағраф» сүресінде: *«Ей, Адам баласы! Шайтан ата-аналарың Адам мен Хауаны алдап, Жаннаттан шығарғаны тәрізді сендерді де бүлікке итермелеп, бір пәлеге қалдырмасын. Өйткені сендер оны, тайпасын көре алмасаңдар да, олар сендерді көреді. Біз шайтандарды иман келтірмеушілердің досы қылдық»*⁵⁹, – дейді.

Сөз ақыры, Хақ тағаланың оларды Жаннаттан шығаруы кездейсоқ емес. Бұның бәрі алдын-ала жазылған тағдыр арқылы болып отыр. Мына хадисте де тағдырға қатысты мәселе айтылады: *«Адам мен Мұса рухтар әлемінде кездесіп, сөйлеседі. Мұса: «Ей, Адам! Сен бабамызсың! Бізді Жаннаттан шығарып, мақұрым қылдың», – дейді. Адам оған: «Ал сен Мұсасың. Аллаһ сенімен тілдесіп абыройыңды асқақтатты. Саған арнайы кітап жазып түсірді. Аллаһ тағала мені жа-*

⁵⁹ «Ағраф» сүресі, 27



ратудан қырық жыл бұрын тағдырыма жазған осы мәселе үшін мені неге кінәлайсың?» – деп Мұсаны уәжге жығады»⁶⁰. Осы хадиске назар салсақ, аталмыш оқиға әуел бастан тағдырда жазылып қойған. Аллаһ тағаланың адамзатты жаратудағы мақсаты – хазірет Адамның Жаннаттан жер бетіне түсу арқылы ғана іске асатын еді. Ешқандай себепсіз ол екеуін Жаннаттан шығармақ емес. Осы оқиғалар арқылы илаһи тағдыр іске асқан⁶¹.

Адам ата мен Хауа ананың жер бетіне түсуі

Адам ата мен Хауа ана жер бетінде ұзақ уақыт бойы бір-бірін көрмей, жеке дара ғұмыр кешеді. Адам ата өзінің жасаған қателігіне өкініп қатты қайғырады. Хақ тағалаға ұзақ жалбарынып, көз жасын төгеді. Арада бірталай уақыт өткен соң Аллаһ тағала оларды бір-бірімен Меккеге жақын Арапат тауының етегінде жолықтырды. Олар қайта қосылған соң, жер бетінде ең алғашқы отбасылық өмірді бастайды. Хақ тағала Адамға егін шаруашылығы және осыған ұқсас басқа да көптеген ризық табу жолдарын үйретеді. Осылайша Хақ тағаланың: *«Байқаңдар! Ібіліс екеуіңді алдап Жаннаттан шығарып жүрмесін. Ей, Адам, онда өмірдің тауқыметін тартасың»*⁶² деген сөзі айдан анық айтылған.

Адам ата мен Хауа ана қайта қауышқан соң, жер бетінде ұрпақ өрбіп, адамдар бірте-бірте көбейе бастады. Хауа ана ұдайы бірі қыз, бірі ұлдан егіз туатын

⁶⁰ Муслим, 17/2042

⁶¹ Б.Атеш, Пейгамберлер тарихы. 110-111 беттер

⁶² «Таһа» сүресі, 117



еді. Бірақ ол кезде адамдардың көбеюіне байланысты егіздер өз жұптарымен емес, өзінен кіші немесе өзінен үлкен егіздермен үйленетін. Бұл зәруліктен туған, сол заманда ғана рұқсат етілген үрдіс еді. Кейін осы зәрулік тоқтатылды. Алғаш рет хазірет Нұхтың шарифатымен бауырлас қыз бен ұлдың бір-бірімен үйленуіне тыйым салынды. Деректерде хазірет Адам қайтыс болған кезде, жер бетіндегі адамдардың саны қырық мыңға жеткендігі айтылады⁶³.

Хазірет Адам жер бетіндегі адамдардың әкесі ретінде алғаш рет жіберілген пайғамбар болды. Ол өмір баки осы міндетін адал атқарып, Аллаһтың әмірін қалтқысыз орындады. Ұлы Жаратушы оған он парақтан құралған өмір мен тыйымдар жазылған үкімдер түсірді⁶⁴.

Осылайша Адам пайғамбар осы үкімдерді ұрпағына шашауын шығармай, толық жеткізді. Адам пайғамбар ұрпағына шайтаннан қалай сақтану жолдарын және өзінің бір рет оған алданып қалғандығын, Жаннаттан қуылғандығын ұрпағының санасына әрдайым сіңіріп отырды. Ол ұрпағына нағыз өмір ақыретте екендігін, бұл өмірдің фәнилігін айтып, Хақ тағаланың ақиқат жолына шақырды. Ақтық сәтіне дейін ұрпағына осыны ескертумен өтті. Ақыр соңында мың жылға жуық ғұмыр кешкен⁶⁵ ол өзіне тиісті уәзипасын ада етіп барып өмірден озады.

⁶³ Табари тарихы. 1-том 84-бет; Ибн Сағьд, Табақат, 1-том. 38-39 беттер

⁶⁴ Абдурахман Хубнакал Майдани, әл-Ақидатул Исламия уа Усууһа, II/260

⁶⁵ Ибн Табақат, I/28-29; Ахмед ибн Ханбал, Мүснәд, 1/299



Абыл мен Қабыл

Хауа ананың Абыл мен Қабыл деген ұлдары өз жұптарымен (қарындастарымен) егіз дүниеге келді. Адам әкелері оларға өз сыңарына емес, өзге егіздердің сыңарларына үйленуге тиіс екендігін айтқан еді. Сондықтан да Абыл Қабылдың, ал Қабыл Абылдың сыңарына үйленуге тиісті болды. Бірақ Қабылдың сыңары Абылдың сыңарынан сұлу болатын. Қабыл бұл үкімге разы болмай, өз егізімен үйленуді қалайды. Адам әкесі оған қанша түсіндіргенмен, ол алған бетінен қайтпай, бірбеткейлік танытты. Сонда Адам ата екеуіне Аллаһ үшін құрбан шалуын талап етеді. Хақ тағала кімнің құрбанын қабыл қылса, Қабылдың сыңарын сол алатындығын айтады. Абыл шопан болатын. Ол бір қойын шалып, Хақ тағала үшін құрбан етті. Қабыл егінші еді. Ол да Хақ тағала жолында бір десте бидайды құрбан етті⁶⁶. Хақ тағала Абылдың ғана құрбанын қабыл етеді. Сонда Қабылдың қызғанышы мен өшпенділігі қозып, өзін қоярға жер таппай, қатты долданады. Ақыры, ол бұл қорлыққа шыдай алмай, Абылды өлтіруге ниеттенеді. Абыл оның бұл пиғылын сезген кезде: *«Сен мені өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Күдіксіз, мен әлемдердің Раббысы Аллаһтан қорқамын! Мен сенің күнәңмен қоса өзімнің күнәмді арқалап күнәһар болғым келмейді. Сондықтан да абай бол! Бүкіл күнәні сен арқалайсың, оның соңы да тозақ. Өйткені залымдар осылай жазаланады»*⁶⁷, – дейді. Алайда Қабылда оның насихатын тыңдайтындай күй жоқ еді. Тұла бойын өшпенділіктің оты өртеп, жазықсыз Абылды өз қолымен өлтіреді. Осылайша жер бетінде

⁶⁶ «Маида» сүресі, 27

⁶⁷ «Маида» сүресі, 28-29



алғаш рет қан төгіледі. Періштелердің адам баласын қан төгуші дегені расқа айналып, адам деген абыройлы атқа дақ түседі. Қабыл – жер бетіндегі ең алғашқы кісі өлтірушісі, ал Абыл жер бетінің алғашқы нақақ шейіт ретінде тарихта қалады. Бір хадисте жер бетінде кімде-кім жақсылыққа бір жол ашса, сол жол жабылғанға дейінгі сауаптар әлгі адамның амал дәптеріне, ал кімде-кім жамандыққа бір жол ашса, сол жол аяқталғанға дейін күнәлар сол адамның амал дәптеріне жазылатындығы айтылады. Ендеше, Қабыл жер бетіндегі қан төгу секілді күнәға ең алғашқы болып жол ашқандықтан, қияметке дейінгі төгілген қандардың обалы Қабылдың амал дәптеріне жазылады. Айтқандай-ақ Аллаһ елшісі бір хадисте: *«Зұлымдықпен өлтірілген адам баласының қанынан Адам атаның бірінші ұлы (Қабылдың есебіне) бір үлес бөлінеді. Өйткені ол қылмыскерлердің көсемі болды»,* – дейді. Қабыл алғашқы қан төккен адам болғандықтан, бір адамды ғана өлтіріп қойған жоқ, ол қияметке дейінгі жазықсыз өлген кісілерді де бірге өлтірген болып, күнәларын арқалады. Негізінде, одан кейінгі замандарда кісі өлтірген адамның күнәсі Қабылдың күнәсінен онша қашық емес. Өйткені Құранда: *«Сондықтан Исрайыл ұрпақтарына: Кім кісі өлтірмеген немесе жер бетінде содырлық жасамаған біреуді өлтірсе, ол барлық адамды өлтіргенмен және кімде-кім бір адамның өмірін құтқарса (тірілтсе), барлық адамзаттың өмірін құтқарғанмен бірдей деп жаздық»*⁶⁸, – дейді.

Осыдан кейін Қабыл өлген бауырының қасында тұрғанда ғана өзінің қандай қылмысқа барғанын аңғарып қатты састы. Өлген денені не істерін білмеді.

⁶⁸ «Маида» сүресі, 32



Өйткені Абылға дейін жер бетінде кісі өлімі орын алмаған болатын. Ол дағдарып тұрған кезде, жақын жерге екі қарға келіп қонады да, бір-бірімен шекісіп қалады. Сәлден соң қарғаның бірі екіншісін өлтіреді. Ол дереу жерді тұмсығымен қазып, өлген қарғаны сол шұңқырға көмеді⁶⁹. Бұл уақытта хазірет Адам өзінің әулетіне Қабылды басшы етіп сайлап, өзі маңызды бір шаруамен сапарлап кеткен-ді. Келген бойда болған жайды естіп, қатты қайғырып, Қабылға қарғыс айтады. Қара бет болған Қабыл сыңарын алып, басқа жаққа қоныс аударады. Кейбір деректерде Йемен жаққа қарай кеткендігі айтылады. Осылайша Абылдың өлімімен аяқталған бұл оқиға шайтанның жер бетіндегі қол жеткізген ең алғашқы табысы болды.

Қағбаның салынуы

«Қағба» сөздікте «жоғары, төрт бұрыш» деген мағына береді. Терминде хазірет Ибраһим пайғамбар мен баласы екеуі салғандығы айқын дәлелдермен беріліп, Меккеде орналасқан, зиярат етілетін қасиетті ғимарат. Ислами деректерде Қағба сол заманға дейін он бір рет құлап, он бір рет тұрғызылған⁷⁰. Кейбір деректерде жер бетінде Қағбаның қабырғасын періштелер қалаған деп те айтылады. Негізінде, бұл күнде біздің көріп жүрген Меккедегі Қағба оның дәл өзі емес. Ол Қағбаның белгісі ретінде тұрғызылған қабырғалары ғана. Ал Қағбаның өзі тылсым-сырға толы алып құрылыс. Оның іргетасы жерде болғанымен, ұшар басы жеті қабат көктің арғы жағындағы Ұлы Арыштың астында. Сол жерде де «Бәйтул-Мағмұр» делінген Қағба

⁶⁹ «Маида» сүресі, 31

⁷⁰ Б.Атеш, Пейгамберлер тарихы. 119-бет



тәрізді үй бар. Бәйтул-Мағмұрды күніне жетпіс мың періште тауап етеді. Бірақ сол періштелердің қияметке дейін қайта келіп тауап етулеріне кезек тимейді.

Хазірет Адам жер бетіне түскен соң, періштелердің көмегімен Қағбаны қайта тұрғызған. Нұх пайғамбардың заманындағы топан суға дейін Қағбаны Адам атаның балалары жөндеуден өткізіп, күтіп ұстаған. Жер бетін топан су қаптаған кезде, Қағба құлап, орны білінбей кеткен. Кейіннен бірнеше ғасырлар өткен соң хазірет Ибраһим пайғамбарға Хақ тағала уахи арқылы Қағбаның орнын айтып берген соң, баласы екеуі қайта салған.

Қағба – жер бетіндегі ең алғашқы құлшылық орны. Бұл хақында Құранда: *«Негізінен адам баласы үшін (құлшылық мақсатында) Меккеде алғаш құрылған үй (Қағба) бүкіл әлемге мүбәрак және тура жол»⁷¹*, – деп айтылады. Қағбаның хазірет Адам заманында салынуы – жер бетіне әуел бастан-ақ мәдениет пен өркениеттің етек жайғанына куәлік етеді. Сондықтан адам баласы жер бетіне түскен кезден бастап-ақ өркениет дами бастаған. Адам әрқашан да адам. Кешегі мен бүгінгі адам баласының ой-санасында ешбір айырмашылық жоқ. Яғни жаратылысы бір. Сөйтсе де мына заманның өркениетін ол кездің өркениетімен салыстыра алмайсың. Айырмашылығы сол – алғашқысы себілген тұқым болса, ақырғысы содан көктеп шыққан алып ағаш яки соның жемісі.

Адам атаның көз жұмуы

Алғашқы адам һәм пайғамбар Адам ата дерек көздерінде шамамен мың жылдан ұзақ өмір сүргені ай-

⁷¹ «Әли Имран» сүресі, 96



тылады. Демек, бұрынғы адамдар бізден әлдеқайда ұзақ өмір сүрген. Оған қоса, олар бізден ұзын болған деседі. Бухаридағы бір хадисте хазірет Адамның бойының алпыс құлаш екендігі және кейін бірте-бірте аласарып шөккені айтылады⁷². Мысалы, «алпыс құлаш» шамамен сол кездегі адам бойының отыз метрдей болғанын білдіреді. Ал бүгінгі таңда табылып отырған бұдан екі миллион жыл бұрын өмір сүрген адамның қаңқасы бізден осыншалық ұзын емес. Алайда бұл жерде Ислам ғұламаларының көзқарасына тоқтала кетсек, олардың «алпыс құлаш» деген пікірінің жаны бар. Хадиске көз салсақ, Адамның алғаш жаратылып жаннатқа кірген кезі алпыс құлаш екендігі және адамдардың да Жаннатқа кірерде бойларының алпыс құлаш болып кіретіндігі айтылған. Ендеше, Жаннат пен жердің өзіне тән заңдылығы бар. Яғни Адам атаның бойы Жаннатта алпыс құлаш болған. Ал жер бетіне түскенде кәдімгі орта бойлы адамға айналған⁷³. Бір ақиқаты – сол кездің адамдары бізден әлдеқайда еңселі болған. Өйткені хадистің толық нұсқасында: *«Адамдар уақыт озған сайын аласарып барады»*, – дейді. Демек хазірет Адамның жер бетіндегі тұрқы Жаннаттағыдай болмаса да қазіргі адамдардың бойынан әлдеқайда сұңқар болғандығы айқын. Бұдан шығатын қорытынды: қазіргі қысқа бойлы мұсылмандар да Хақ тағаланың рақымымен Жаннатқа алпыс құлаш болып кіреді.

Адам баласы жер бетіне бейбітшілік орнату үшін келген. Негізі, адам жаратылысының да мақсаты осы. Бұны Адам атаның алғаш жаратылған кезіндегі сөзінен байқауға да болады. Бірде Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә

⁷² Бухари, 6/362; Қуртуби, тәпсірі, ХХ/45

⁷³ Казанжы, 74-бет



сәлләм) былай дейді: «Аллаһ тағала Адамды өз келбетінде және бойын алпыс құлаш етіп жаратқан кезде: *«Барып, ана жердегі періштелерге сәлем бер. Олардың да саған қалай сәлем беретіндіктеріне көңіл қойып тыңда. Өйткені сол сәлем сенің және ұрпағыңның сәлемі болады»,* – дейді. Сонда Адам оларға жақындап: *«Әс-сәләму алайкум!»* – деп сәлем береді. *Періштелер: «Әс-сәләму алайкә уә рахматуллаһ»,* – деп жауап береді. *Олар «уә рахмәтуллаһ» дұғасын қосып айтады»*⁷⁴. Міне, хазірет Адамның алғашқы айтқан сөзі осы болатын. Ол әу бастан бейбітшілікті жақтағаны тәрізді ұрпағына да мың жыл бойы «Қашанда тура жолда жүріп, бейбіт өмір сүріңдер» деуден жалықпады. Ол өзі бұрын жаннатта өмір сүрсе, жер бетінде де өзінің сол жаннатқа лайық екендігін мың бір машақатпен дәлелдеді. Ол пайғамбар ретінде де ұрпағына дінді толықтай жеткізіп, оларға жер бетінде қалай өмір сүру керектігін үйретті. Ол пайғамбарлықтан бұрын да, кейін де пайғамбарлық атқа кір келтірмей ғұмыр кешті. Сол себепті ол Хақ тағаланың «Сафиуллаһ» деген марапатына ие болды. Құрандағы: *«Аллаһ тағала Адамды, Нұхты, Ибраһим отбасын және Имран отбасын таңдап, мерейін үстем етті»*⁷⁵ аяты да осының бірден-бір дәлелі. Ол сондай-ақ, шапағат хақындағы хадисте де «Адамзаттың әкесі» деп аталып, үлкен баға берілген. Һәм халифалық тұрғысынан да «Халифатуллаһ» деп білінеді. Ол сол халифалық міндетін атқарып, ең алғаш рет Хақ тағаланы жер бетіне паш етті. Осы тұрғыдан алғанда да оның мерейі үстем еді.

⁷⁴ Бухари. Әнбия 1; Муслим. Жаннат. 28/2841

⁷⁵ «Әли Имран» сүресі, 33



Жаратылған кезде күнәдан қалай пәк жаратылса, бұл ғұмырдан көшіп бақилық боларда да күнәсіз күйінде көз жұмды. Өлер алдында ол Хақ тағалаға жалбарынып өзінің көз жұматындығын, ал Ібілістің қияметке дейін өмір сүріп, бұның артынан мазақтап күлетіндігін айтты. Сонда Аллаһ тағала оған уахи арқылы: «Сен қайтадан жаннатқа кіресің. Ол болса қияметке дейін жер бетіне қанша адам келіп-кетсе, сонша өлімнің дәмін татып, азап тартады» деп жауап беріп, Адам атаны жұбатады. Кейбір деректерде ол қайтыс болғанда, балалары денесін Қағбаға жақын Әбу Кубәйс деген төбенің басына жерлегені айтылады. Осылайша топырақтан жаратылған денесі топыраққа қайтадан кіреді. Оның асыл жары – Хауа ана да көп ұзамай қайтыс болғаны кейбір деректерде айтылады⁷⁶. Хақ тағала ардақты Пайғамбары мен оның асыл жарына мәңгілік разы болып, рақым нұрын төксін!



⁷⁶ Ислам ансиклопедиси, Хауа бабы.

ЫДЫРЫС ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Ыдырыс (а.с.) – Құранда аты аталған пайғамбарлардың бірі. Кейбір деректерде Нұхтың арғы атасы екендігі айтылған. Адам Атаның (а.с.) ізін ала жіберілген деген дерек те кездеседі. Ыдырыс пайғамбардың қасиеттері Құранның төрт аятында суреттеледі. Алғашқы екеуінде пайғамбарлығы мен шыншылдығы, жоғары мәртебеге көтерілгендігі сөз етілсе, ақырғы екеуінде сабырлығы, рақымдылыққа бөленгендігі, сондай-ақ игі жақсылардың қатарында болғандығы айтылған.

Әуелгісі «Әнбия» сүресінде Аллаһ тағала: *«Исмайыл, Ыдырыс, Зүлқифл де сабырлы еді. Сондай-ақ оларды рақымымызға бөледік. Өйткені олар игі жақсылардан еді»*⁷⁷, – дейді. Сабырлық – пайғамбарлардың ерекше қасиеттерінің бірі. Пайғамбарлардан өзге адамдар да сабырлық танытуы мүмкін. Бірақ пайғамбарлардың сабырлығы мүлде басқа. Сабырлық бейне бір олардың табиғаты сияқты. Пайғамбарлық – ауыр міндет. Ол үшін асқан төзімділік қажет. Задында, сабыр жоқ жерде алға қойған мақсатқа жету де жоқ. Сол себепті пайғамбарларға сабырлық ауадай қажет. Нәпсінің ығында кетпеудің де бір сыры осында. Құдай тағаланың сынынан сүрінбей өтудің жолы да сабырлықта жатыр.

Сынақ демекші, өмірде сынақтың ең ауырын пайғамбарлар бастан кешкен. Аллаһ тағала бұл хақында: *«Осылайша әр пайғамбарға адамдар мен жынның*

⁷⁷ «Әнбия» сүресі, 85-86



шайтандарын дұшпан қылдық»⁷⁸, – дейді. Сондықтан пайғамбарлардың арқалаған ауыртпалығын жай адамның көрген қиыншылығымен салыстыру қиын.

Құранда Исмайыл пайғамбардың қандай сынаққа түсіп, сабырлық танытқандығы айтылғанда, Ыдырыс пайғамбардың да есімінің қоса аталуы тегін емес. Демек, ол да дәл Исмайыл (а.с.) сияқты сынаққа душар болған. Өзінің Хақ тағалаға мойынсұнған сабырлы құл екендігін ісімен дәлелдеп, Исмайыл пайғамбардай сабырлық таныта білген. Яки ол өзге пайғамбарлар тәрізді бір елге жіберіліп, сол елден көп жапа көріп, сол халықты тура жолға шақыруда небір ауыртпалықтарға төзген болуы да мүмкін. Қай жағынан алғанда да біз оның барлық сынаққа шыдамдылық танытып, өзге пайғамбарлар сияқты сабырлықтың шыңын бағындырғанын байқаймыз.

Ыдырыс (а.с.) пайғамбарлықтан бұрын да, кейін де турашыл мінезінен қайтпаған. Өзінің абыройлы міндетіне сай бола білген. «Мәриям» сүресінде: «*Кімантан Ыдырысты есіңе ал. Ол турашыл пайғамбар еді. Оны жоғарғы орынға көтердік*»⁷⁹, – деп, оның осы турашыл мінезі сөз етілген.

Турашылдық – пайғамбарлардың бағыт түзер темірқазығы. Олар қашанда осы негізден ауытқымайды. Әр сөзі қоспасыз шындықтан құралады. Ақиқатты бұрмаламайды. Төрткүл дүние төңкеріліп кетсе де, шындықты паш етуден қаймықпайды. Үмбетке тура жолды көрсету үшін алдымен өздері сол жолдың сардары болып жол бастайды. Турашылдық – пайғамбарлыққа аса қажет қасиет. Ол қолдағы алдаспан

⁷⁸ «Әнғам» сүресі, 112

⁷⁹ «Мәриям» сүресі, 56-57

іспетті. Пайғамбарлардың турашыл болмауы мүмкін емес. Өйткені өзі тура болмағанның сөзі тура болмайды. Сөзі тура болмағанның ісі тура болмайды. Бойында жамандығы бар адам ешқашан өзгелерді тура жолға сала алмайды. Сол себепті пайғамбарлар барлық жаман қасиеттерден пәк болады. Турашылдар жалғандықты ұнатпайды. Сол себепті жалған мен өтірікті жақтайтындар пайғамбарлармен ымыраға келе алмайды. Жер бетін жалғандық жайлаған заматтарда әлемде қара түнек орнаған. Адамзат күллі құндылықтарынан көз жазған. Бірақ осындай адасушылықтарға тап болған кезде, Хақ тағала рақым етіп, әр халыққа пайғамбарларын жіберіп отырған. Олар өз міндетіне сай жалғандықпен күресіп, саналы жандарды ақиқатқа бастаған.

Ыдырыс пайғамбар да адасқан қауымды жөнге салу үшін жіберілді. Ол да өзгелерге турашылдықты үлгі етті. Хақ тағала оған отыз беттік қасиетті жазба парақтар (сухуф) түсірген. Бірақ ел иліге қоймады. Иманға келгендер саны аз еді.

Аят-хадистерде Ыдырыс пайғамбардың қауымы, күресі жайлы деректер жоқтың қасы. «Исраилияттан» жеткен хабарлар болса, ақиқаттан алшақтау. Ыдырыс пен Адам атаның (а.с.) арасын мың жылдай уақыт бөліп жатыр дейтін деректер де ұшырасады⁸⁰.

Ыдырыс пайғамбар – алғаш қалам ұстаған адам. Яғни, жазу осы шақтан бастап дами бастаған деуге негіз бар. Уахи арқылы ең алғаш ине жасап, киім де тіккен. Бұл шаққа дейін адамдар аң терісін жамылып келген-ді. Сондай-ақ ол алғаш рет таразы жасауды игеріп, есеп-қисаппен де айналысқан⁸¹.

⁸⁰ Алуси. Рухул-Мәани. 16/105

⁸¹ Рази. Тәфсирул-кәбир. 21/233



Пайғамбарлар рухани жолбасшы болумен қатар қоғамдық тұрмыс пен өркениетті дамытуды да қолға алған. Айталық, ең алғашқы құрылысты Адам ата (а.с.) бастаған жоқ па? Сондықтан әр ел өз пайғамбарына толықтай бағынуы қажет. Өйткені пайғамбарға бағынбағандар рухани жағынан ғана емес, тұрмыстық және дүниеуи тұрғыдан да өрге баспайды. Ыдырыстан (а.с.) кейінгі Нұх пайғамбар алғаш рет кеме жасауды үйреткен. Мұса (а.с.) болса, аса таяғымен тасты түртіп су шығару арқылы жер қойнауынан сыр аңдатқан. Жер беті судан тапшылық көрсе, жердің астындағы қайнар суларды шығару жолдарын көрсеткен. Бұндай мұғжизалар – пайғамбарлар арқылы адамзатқа өркениет үйретілгендігінің белгісі.

Көкке көтерілуі

Ыдырыс пайғамбардың жер бетінде қайтыс болғаны туралы мағлұмат жоқ. Құранға көз салсақ, аятта оның көкке көтерілгендігі баяндалады. «Мәриям» сүресінде: *«Біз оны жоғарғы орынға көтердік»*⁸² деп айтылады. Бұл аят турасында ғұламалар арасында айтылып жүрген пікірлер әр алуан болып келеді. Атақты тәпсірші ғұлама Фахреддин Рази «Жоғары орынға көтерілу» сөзін рухани мәртебе болуы мүмкін деп жорамал жасайды. «Аллаһ тағала оған пайғамбарлық және отыз беттік парақтар берген. Ендеше, оның «жоғары орны» осы болса керек» дейді. Бұған Құрандағы: *«Біз сенің абыройыңды көтермедік пе?»*⁸³ – деген аятты айғақ етіп көрсетеді.

⁸² «Мәриям» сүресі, 57

⁸³ «Инширах» сүресі, 4

Келесі көзқарастағылар оның Иса (а.с.) тәрізді жоғары көтеріліп, көктің төртінші қабатын мекендегенін айтады. Оған айғақ ретінде Мұхаммед пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Миғражға шыққан кезде, төртінші қабатта Ыдырыспен (а.с.) кездесіп, сәлемдескендігін⁸⁴ алға тартады. Бұл қисынға сүйенсек, Ыдырыс (а.с.) тірі кезінде көкке көтерілген. Кейбір ғалымдар оны ажалы жетіп қайтыс болған десе, енді біреулері әлі күнге дейін тірі деп жорамалдайды. Ең дұрысы Аллаһқа ғана аян.

Кейбір деректерде Ыдырыс пайғамбардың ғұмыр жасы сексен екі жыл деп көрсетіледі. Демек, біреуіне мың, енді біріне жүз жыл сияқты Хақ тағала әр пайғамбарға әртүрлі өмір берген. Мәселен, Иса пайғамбардың небәрі отыз үш жыл ғана өмір сүргені мәлім. Бірақ өмір аз, мейлі көп берілсін барлық пайғамбарлар құлшылығын атқарып, өзіне тән қасиетті міндетін толық өтеген.

Нұхтың (а.с.) елі

Ыдырыс пайғамбардан кейін дін ғұламалары ақиқаттың ақ туын желбіретті. Олар елді хақ жолға шақыруды жалғастарды. Тіпті Араб түбегімен көршілес аймақтарда өмір сүрген халықтармен де етене араласып, имандылық аясын кеңейтуге тырысты. Көп өтпей алыс-жақын елдің бәрі дін ғұламаларын жақсы көріп, бауыр басып кетті. Шерткен әңгімелерін құныға тыңдады. Бірақ бұл ғұламалар да ажал жеткенде бақиға бір-бірлеп аттанып жатты. Әрбірі қайтыс болған сайын, ел қатты қайғырды. Мәйіттерін арулап көмді. Халық оларды жадынан шығармады.

⁸⁴ Бухари. Саләт. 1



Әйтсе де бұл дүние сынақ мекені емес пе? Сондықтан халық арасында жымысқы ниеттілердің болуы табиғи еді. Олар елдің ғұламаларға деген шынайы сүйіспеншілігін көре алмады. Әккілікпен ел ақсақалдарына келіп мынадай ақыл айтты: «Қадірлі ғұламаларымыздың есімі ұмытылып кете ме деген қорқынышымыз жоқ емес. Олар келер ұрпаққа үлгі-өнеге болып қалуы тиіс. Сондықтан әрбіріне ескерткіш орнатқан жөн секілді. Тіпті әр үй өзіне шағын мүсін жасап алса, жақсы болар еді»⁸⁵.

Бұл ой ел-жұртқа қатты ұнады. Тіпті оны тездетейік деушілер де табылды. Көп ұзамай ғұламалардың ең үлкендері саналған Уәдд, Сууә, Яғұс, Нәср секілді адамдарға тастан ойылған ескерткіштер орнатылды. Артынша кішкене мүсіндер де әр үйдің төріне қойыла бастады. Келе-келе бұны дәстүрге айналдырды. Тіпті «мүсіні бар үй берекеге кенеледі» деген түсінік қалыптасты. Уақыт өте келе халық парыздарды орындаумен қатар арнайы күн белгілеп, ескерткіштердің жанына жиналып, олардың тірі кезін еске алуды дағды етті. Бұл да бірте-бірте діннің бір міндеті секілді сипат ала бастады.

О баста көзделген жымысқы ниет ақырында «жемісін» бермей қоймады. Уақыт өте келе халықтың сенімі шайқалды. Әсіресе көзін ашқалы ескерткіштер мен мүсіндерді көріп өскен кейінгі ұрпақ ескерткіштерді құдай санауға көшті. Мүсіндердің алдында құрақ ұшып, «Тілегімізді Құдайға жеткізе гөр» деп табына бастады. Алғашында бұған халықтан бірді-екілі адам қарсылық танытқанмен, көпшілік оларды «ғұлама-

⁸⁵ Б.Агеш, Пейгамберлер тарихы. 135; Сабуни. Нубууә. 108-бет; А.Бәһжәт. Әнбияуллаһ. 59-62 беттер

кұдайларымызға тіл тигізді» деп кінәлап, елден қуды. Жер бетінде пұттарға табыну дәстүрі міне осылай басталды.

Қоғам пұтқа табынып қана қоймады, бірте-бірте халықтың мінез-құлықтары та бұзыла бастады. Зинақорлық, ұрлық, біреудің ақысын жеу секілді күнәларға пысқырған жан болмады. Азғындық барған сайын асқына берді.



НҰХ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Куфа аймағында ақиқаттан адасып, күнәға белшесінен батқан қауымның арасында ізгі ниетті санаулы-ақ шаңырақ бар еді. Бұлар ешқашан өз дінінен айнымай, Хақ тағалаға ғана құлшылық қылатын. Нұх та сол санаулы отбасының бірінде дүниеге келді. Биязы мінезді Нұх өзге балалардан ерекше, ойға жақын болып өсті. Бір жағы Ыдырыс пайғамбардың ұрпағынан тараған еді. Ата-бабаларының бәрі де тәухидшіл, иманшыл жандар болатын. Барлығы да Ыдырыс пайғамбардың шарифаты бойынша амал етіп келген.

Нұх (а.с.) салиқалы да салмақты жан болды. Аллаһ тағаланың шексіз нығметін еске алып, қадірін бағамдап, үнемі іштей шүкірлік ететін. Бұл ерекше қасиеті Құран кәрімде: *«Ол дамылсыз Аллаһ тағалаға шүкірлік еткен құл»*⁸⁶, – деп білдірілген.

Нұх (а.с.) қырық жасқа толғанда, оған пайғамбарлық берілді. Құранда: *«Әлбетте, Біз Нұхты еліне жібердік: «Мен сендерге ап-айқын бір ескертушімін»*⁸⁷ деген аятта осы пайғамбарлықтың берілгендігі айтылған.

Нұх (а.с.) ең алғашқы шарифатпен келген расул-елші болды. Ол елінің оңайлықпен ізінен ермейтіндігін, түрлі қарсылықтар болатындығын, небір бейнет шегетінін білсе де, зор тәуекелмен өзіне берілген міндетті бастап та кетті.

⁸⁶ Невзат Саваш. Инсанлық семасынын айлары-гүнешлері пейгамберлер. Измир. 2004. 23-бет; Сабуни. Нубууэ. 111-бет

⁸⁷ «Һүд» сүресі, 25



Елімен күресі

Пайғамбарлық – ауыр жүк. Оны халыққа жеткізудің салмағы да жеңіл емес. Біреуге ойда-жоқта бір ауыр міндет берілсе, көп уақыт әбігерленер еді. Соны орындау мақсатында қателіктер де жіберуі кәдік. Алайда пайғамбарлар мұндай қылықтардан аулақ. Асқар таудың өзі көтеріп тұруға қауқары жетпей үгілетін ғаламат жүкті пайғамбарлар «фәтанат» (пайғамбарларға ғана тән үстем ақыл, жоғары қисын) қасиетімен еңсере білген.

Нұх (а.с.) та өзіне уахи келгеннен бастап пайғамбарлық міндетін атқаруға кірісті. Бірақ ол ел алдына шығып, дереу жар салған жоқ. Алдымен жасырын түрде әр адамға жеке-жеке дінді түсіндіре бастады⁸⁸. Өз ісін күн-түн демей осы бағытпен жалғастыра берді. Негізі, жақтастары әлі аз, күш-қуаты төмен адамға бұдан басқа жол да жоқ-тұғын. Кейін барып шалғайдағы елдерге де дін таратуға тырысты. Оларды шүкіршілік етуге, құлшылық жасауға, пұттарға сиынбай, тәубәға келуге шақырды. Өкініштісі, Нұхтың сөзіне құлақ асқан жан болмады. Дінді уағыздап жатқанын көрсе болды, құлақтарын басып өте шықты. Тіпті оны көргенде, киімдерімен беттерін бүркемелегендер де кездесті⁸⁹. Мұндағы мақсат – оны келеке-мазаққа айналдыру, көңілін қалдыру еді. Бұнымен шектелмей ел көзінше масқаралап, ауыз бармайтын сөздер де айтатын⁹⁰. Бірақ Нұх (а.с.) осының бәріне шыдамдылық танытты.

⁸⁸ «Нұх» сүресі, 8-9

⁸⁹ «Нұх» сүресі, 7

⁹⁰ «Қамар» сүресі, 9 «Қамар» сүресі, 9



Ендігі жерде Нұх (а.с.) халық алдына шығып, дінді ашық жар салуға көшті. Елге Аллаһ тағаланың жалғыз екендігін түсіндірді. Ата-бабаларының Адам ата заманынан бері бір ғана Жаратушыға құлшылық қылып келгендігін, алайда бертін келе шайтанның арбауымен кейбір әулие адамдарды пұтқа айналдырып, адасқандықтарын дәлелдеді. Хақ тағаланың берген игіліктері жайлы әңгімеледі. Адамды жоқтан бар етіп, оған шексіз нығмет бергендігін түсіндірді. Сау ақылға салып ойлану қажеттігін айтты. «Қолдан жасалған нәрселерге табыну сау ақылды тұншықтыру емес пе?» – деп саналарына сәуле тастады. Бірақ қараңғы ел Нұхтың (а.с.) сөздеріне құлақ асқысы келмеді. Қайта қасарысып, табынған пұттарынан әсте бас тартпауға бекінді. Ел үстінен күн көрген залым билеушілер, әлбетте, халықтың иман келтіруін қаламады. Олар халықты Нұхтың (а.с.) сөзін тыңдамауға үндеді. Өйткені кері жағдайда бұл билеушілердің мүддесі мен саясатына қайшы келмек еді. Сондықтан да Пайғамбарға жақ аштырмай, жолын кес-кестеп бақты. Елді де қарсы айдап салды. Олар Нұхқа: «Сен өзінді пайғамбармын дейсің. Бірақ бізден не айырмашылығың бар? Сен де біз тәрізді адамсың ғой», – деп даурықты. Иә, сырт қарағанда пайғамбар да адам еді. Бұны өзі де айтатын. Илаһи заңдылық сол, Хақ тағала елшілерін адамдардың өз арасынан таңдайды. Өйткені жер бетінде ғұмыр кешіп жатқандар періште емес жұмыр басты адамдар болатын. Егер олар періште болғанда, онда жер бетіне періште-пайғамбар жіберілер еді.

Пайғамбарлар адамзатқа үлгі көрсету үшін жіберіледі. Бақытты өмір сүрудің негізі қайда жатыр, адами мәселелерді қалай шешкен жөн, отбасымен,



жарымен, қоғаммен қандай қарым-қатынас жасау қажет т.с.с. мәселелердің бәрі де пайғамбар өнегесіне кіретін. Егер пайғамбар періште болып келгенде, ол адамдарға қайтіп қана өнеге көрсетпек? Өйткені олар тамақтанбайды, үйленбейді. Періштелерде пендешілік қасиеттер жоқ қой? Егер адамдарға періштелер пайғамбар болып келгенде, көкірегі соқырлар: «Біз қалай періштенің айтқанын істейміз? Періште мен адам тең емес қой. Дәл періштедей құлшылық жасауға біздің қауқарымыз жетпейді», – деп тағы да қарсы дау айтқан болар еді. Иә, жарықтан қашқан жарқанат сияқты иманнан қашқақтағандардың сылтауы таусылған ба?! Өйтсе де Нұх (а.с.) алған бетінен қайтпай, өзіне аманатталған дінді уағыздауды жалғастыра берді. Кейде халық алдына шығып ашық айтса, кей жағдайда ел арасында құпия үгіт жүргізді⁹¹.

Нұхқа (а.с.) қарсы шығушылар көбіне әл-ауқаты жоғары яки билік басындағы адамдар еді. Сондықтан олар пайғамбардың сөздерін түрлі жорамалдарға салып, астарынан шикілік іздеді. «Билікті көксеп жүр», «Байлық көздеуде» дегендей сөз жүгіртті. Бұл жайлы Нұх (а.с.) өз сөзінде: «Сендер мен туралы қате пікірдесіндер. Мақсатым – Хақ тағаланың айтқан жарлықтарын сендерге жеткізу. Халықты екі дүниеде бақытқа бастау. Бұл үшін ешкімнен ақы тілемеймін. Билік те, дүние де маған қажет емес. Өйткені пайғамбарлардың ешбірі жалған дүниеге қызыққан емес. Тіпті иманға келулерің үшін мен өз малымды да, барымды да, сондай-ақ күллі ғұмырымды да сарп етіп келемін. Менің ақымды сендер емес, Хақ тағала береді. Иә, *«Менің ақым әлемдердің Раббысына тән. Аллаһ тағаладан қорқып маған*

⁹¹ «Нұх» сүресі, 9



бағыныңдар»⁹². Ендеше менің мақсатымды сан-саққа жорымандар. Сөздерімді аяқасты етпендер», – дейді.

Бұл сөзден кейін билік басындағылар мен ауқатты мүшріктер келесі бір айлаға көшті. Олар: «Ей, Нұх! Мейлі, біз барып сөзіңді тыңдасақ тындайық. Ол үшін айналандағы кілең кедей-кепшіктерді қуып жіберсең дұрыс болар еді. Олармен қатар отыруды біз өзімізге ар көреміз. Сонда жаныңда отырып, айтқандарыңа құлақ салар едік»⁹³, – деп мәймөңкеледі.

Бұл тұста олардың ішкі ниеті иман келтіру емес, Пайғамбар мен оған бағынған мұсылмандардың арасына іріткі салу еді. Кедейлерді маңайынан қудырып: «Демек, оның пиғылы байлармен теңесу. Кедейлерді әшейін көз ғып ұстаған. Біз оны әшкереледік», – демекші еді. Бірақ олардың бұл айласы да іске аспады. Өйткені Нұх пайғамбар: «Мен кедейлерді қасымнан қумаймын. Олар – Аллаһ тағалаға және ақырет күніне иман келтірген адамдар. Иманды жандардың мәртебесі қашан да биік. Ізәм осы пейілі үшін Аллаһ тағала оларға ақыретте көз көріп, құлақ естімеген, ешкімнің қиялына келмеген тосын нығметтер дайындауда. Сендер адамның бағасын өткінші дүние мен болмашы мансапқа қарай өлшейсіңдер. Иман келтірген адамның жан тазалығын, ақыреттегі сыйын білмейсіңдер. Иман етудің қандай бақыт екендігін сезбей тұрып, бұндай талапты қалай қойып тұрсыңдар?! Ей, адамдар! Иман келтіруден артық қандай абырой бар? Егер мен оларды қуатын болсам, күн ертең мақшарда Жаратушының қаһарынан мені кім құтқара алады? Сендердің мына

⁹² «Шұғара» сүресі, 109

⁹³ «Шұғара» сүресі, 111



ұсыныстарыңды мен әсте қабыл етпеймін»⁹⁴, – деп жауап береді.

Жүз түрлі айла, мың бір түрлі шарғы жасаса да, бәрібір үстем таптың Нұхқа (а.с.) шамалары келмей, қатты састы. Олар өзіндегі билік пен дүниенің көптігіне арқа сүйесе, Нұх (а.с.) әлемдердің Раббысы – Аллаһ тағалаға арқа сүйеген елші еді.

Бірақ мүшріктер бұнымен тоқтап қалмады. Ақырында, «Ей, Нұх, егер сен мына ісінді тоқтатпайтын болсаң, ажалың бізден», – деп қорқытты. Бірақ пайғамбар бұған да құлақ аспастан, өз ісін әрі қарай жалғастыра берді. Мүшріктер тағы да халықты айдап салғанды жөн көрді. Сол себепті халыққа: «Нұхтың мақсаты – ғасырлар бойы ата-бабаларымыз табынып келген Уәдд, Суәғ, Яғус, Яғук, Наср атты пұттарды қирату, жолымыздан адастыру. Біз әрқашан өз салтымыздан аттамай, ата-бабаларымыздың жүрген жолымен жүруге тиіспіз. Олай болса, дәстүріміздің жауы Нұхтың сөзіне құлақ аспаңдар», – деп тапсырды.

Бұл үгіт халыққа әжептәуір әсер еткендей болды. Алайда Нұх пайғамбардың жалынды сөздері бұл жоспарды да жарамсыз етті.

Ақырында, Нұх пайғамбар елінің басшылары ең ақырғы жоспарларына көшіп, пайғамбарға иман келтірген әлсіз мұсылмандарды ұстап зынданға тастады. Иман келтіргені үшін соққыға жығып, қоқан-лоққы көрсетті. Нұхтың дінінен бас тартуға мәжбүрледі. Бірақ бұдан да күткен нәтиже шықпады. Қанша азаптаса да, ерекше шыдамдылықпен бірде-бір мұсылман ақиқат

⁹⁴ «Шұғара» сүресі, 12-14

діннен қайтпады. Тіпті қаймықпастан жауға қарсы тұра білді⁹⁵.

Ай емес, жыл емес, талай ғасыр өтсе де, Нұх (а.с.) насихаттан жалықпай, өз міндетін атқара берді. Хақ тағаланың бар екенін, жалғыздығын, кешірімшілдігін, адамдарға берген шексіз нығметін айтудан бір тынбады. Ғаламның жаратылысы жайында сөз қозғап, саналарына сәуле құйып бақты. Бірақ қырсық ел бәрібір міз бақпады. *«Раббыларыңнан жарылқау, кешірім тілеңдер. Өйткені Ол өте кешірімшіл»*⁹⁶, – дегенде де селт етпеді.

Құранда да Хақ тағала: *«Ей, (көп күнә жасап) өздеріне жаманишылық жасауда шектен шыққан құлдарым! Аллаһтың рақымынан үміт үзбеңдер! Аллаһ барлық күнәларды кешіреді. Өйткені Ол – өте кешірімді, рақымды»*⁹⁷, – деген.

Нұх (а.с.) адасқан елін тура жолға шақыруда халыққа төмендегідей ойға шақыратын көп өсиет айтты. Аллаһтың берген несібелеріне назар аудартуға тырысты: *«Ол сендерге аспаннан мол жауын жібереді. Әрі сендерге несібе ретінде бала-шаға мен мал-жан бітіреді. Мұнымен ғана шектелмей, сендер үшін бау-бақшалар жасап, өзендер ағызады»*⁹⁸.

Халықтың қарсы шыққандығына қарамастан, Хақ тағала әлі де оларға нығметтерін үйіп-төгіп беруін тоқтатқан жоқ. «Мүлк» сүресінде де Аллаһ тағала:

⁹⁵ «Ибраһим» сүресі, 12

⁹⁶ «Нұх» сүресі, 10

⁹⁷ «Зүмәр» сүресі, 53

⁹⁸ «Нұх» сүресі, 11-12



«Көрдiңдер ме? Егер суларың құрып кетсе, сендерге аққан суды кім әкеледі» де»⁹⁹, – дейді.

Су – Ұлы Жаратушының жер бетіндегі рақымдылығының бір белгісі. Тіршілік тікелей осы суға қатысты. Су жоқ жерде тіршілік те болмайды. Міне, Хақ тағала бір пендені жоқтан жаратып, саналы адам етеді. Оны жер бетінде Өзінің қонағы етіп, алдына жерді дастарқан етіп жайып, дүние-мүлік, бала-шаға сыйлайды. Бау-бақшалар арқылы түрлі жемістерді аузына тосып, тұнық өзен, көлдерді де нәсіп етеді. Алайда пенденің осының бәрін көре тұра, Хақ тағаланы мойындамауы нағыз санасыздық емес пе? Сансыз нығмет берген Жаратушыға шүкіршілік ету адам баласының борышы емес пе? Бір адамды біреу өлімнен яки ауыр азаптан құтқарып қалса, әлгі адам сол кісіге өмір-бақи борыштар болып өтпек. Алайда пендені жоқтан бар етіп, сансыз нығмет беріп, ұзақ ғұмыр сыйлаған Ұлы Жаратушы мадаққа бәрінен де лайық емес пе?

Иә, хамд, мадақ және шүкіршілік-бәрі Жаратушыға ғана лайық. Күллі дүние-мүліктің иесі Сол ғана. Өйткені Ол – әлемдердің Раббысы Хақ тағала. Бізді жаратқан – Сол. Нәм қазір де барлық іс-қимылымызды, ғұмырымызды, заманды әр сәт сайын жаратып жатқан да Сол. Ендеше адам баласы Хақ тағалаға ғана жалбарынып, Содан ғана тілек тілеуі қажет.

«Аллаһ тағаланың ұлылығын ойламайтындай сендерге не болды? Расында, Ол сендерді кезең-кезеңмен жаратты»¹⁰⁰.

⁹⁹ «Мүлк» сүресі, 30

¹⁰⁰ «Нұх» сүресі, 13-14



Яғни сендер өз жаратылыстарыңа бір сәт болсын көз салып көрмейсіңдер ме? Хақ тағала мүлде жоқ кездерінде сендерді топырақтан, бір тамшы судан, ұйыған қаннан, одан кейін бір тістем еттен, одан әрі етке аралас сүйектерден, сосын ең көркем бейнедегі адам етіп жаратты. Іһәм бойларыңа сан түрлі сезім-қабілет берді. Осындай ғажайып құбылыс Ұлы Жаратушының айқын дәлелі емес пе? Ал сендер кейде аруақтарға, кейде мүсіндерге табынасыңдар. Мұндай жансыз пұттар қалай бәрін жаратуға құдіретті? Тіпті өздері жаратылған емес пе? Керек десең, сол пұттарды қолдан жасаған да өздерің. Күні кеше ғана өздеріңдей күйкі тірлік кешіп, ақыры ажал құшқан дәрменсіз «әулиелердің» аруақтары өлген соң қалай сендердің жебеушілерің мен қорғаушыларыңа айналады? Олар тілектеріңді қалай қабыл етпек? Өзі жаратылған құл қалай жаратушы болмақ? Кейде сендер сылтау айтып: «Сол әулиелердің аруақтары Құдай тағалаға біздің тілектерімізді жеткізеді», – дейсіңдер. Сендердің дауыстарыңды, сөздеріңді жаратып жатқан Хақ тағала тілектеріңді ести алмағаны ма? Аллаһ тағаланың бәрін естуші әрі көруші екенін жақсы білесіңдер ғой. Ендеше, неге Соған бет бұрып, тәубаға келмейсіңдер?

«Аллаһ тағаланың қабат-қабат қылып жеті қат көкті жаратқанын көрмейсіңдер ме? Олардың ішінде айды нұр қылып, күнді шырақ етті»¹⁰¹.

Нұх пайғамбар уахи арқылы еліне көктің жеті қабаттан тұратындығын білдірді. Ол адамдарға алдымен өз жаратылыстары хақында әңгімелеп, Жаратушының құдіретін ұқтырды. Келесі кезекте көктерге назар аудартып, осынау аспанның ғажайып жаратылысын

¹⁰¹ «Нұх» сүресі, 14-15



тілге тиек етіп, тағы да Хақтың бар екендігі мен бірлігін дәлелдеуге тырысты. Оның ұлылығын паш етті. Осы арқылы олардың табынған пұттарының түкке тұрғысыздығына көңіл тоқтатқызып, пұтқа табынудың санасыздық екенін аңғартпақ болды. Бұның артынша айды нұр, күнді шырақ етіп жер бетіндегі адамзаттың игілігіне бергендігін айтып, тағы да Хақ тағалаға шүкіршілік қылуға шақырды.

«Аллаһ тағала сендерді жерден өсіп-өндірді. Сосын сендерді сол жерге қайтарады да кейіннен қайта шығарады». Хазірет Нұх осы сөздері арқылы адам баласының топырақтан өсімдік тәрізді өсіп-өнгеніне назар аудартып, ақыреттің болатындығын дәлелдейді. Яғни Хақ тағала жылда көктемде жер бетін қайта жаңғыртып, топырақтан сан мыңдаған өсімдік түрін жаратуда. Күзде қайта топыраққа айналып, келесі көктемде қайтадан жаралуда.

«Рұм» сүресінде: *«Аллаһ тағаланың рақымдылығының белгілеріне қара. Жер жүзі өлгеннен кейін, оны қалай жандандырып, тірілтті?! Дәл осылайша сөзсіз өлілерді тірілтеді»*¹⁰², – делінген.

Иә, адам баласы бұл дүниеге жай өмір сүріп, балашағасын өсіріп, санасыз күй кешіп, одан кейін мүлдем шіріп жоқ болу үшін келген жоқ. Хақ тағала осынау жеті қат көкті тірексіз жаратып, ай мен күнді адамның игілігіне бергендігіне қарағанда, әлбетте, адамның зор бір міндеті бар деген сөз. Халық «Судың да сұрауы бар» деген. Пенде еріккендіктен өмір сүріп, жер бетінің дархан дастарқанынан қалағанынша ішіп-жеп, шашып-төгіп одан кейін сұраусыз кете бермек пе?

¹⁰² «Рұм» сүресі, 50



Хақ тағала Құранда: *«Шынында, Біз сендерді босқа жаратып, Бізге қайтып оралмаймыз деп ойласыңдар ма?»*¹⁰³ – дейді. Әсте олай емес. Жасыл желектерді мың өлтіріп, мың тірілткен Аллаһ тағала адам баласын да ажал жетіп өлген соң ұлы мақшарда қайта тірілтіп есепке тартады.

*«Аллаһ сендерге емін-еркін, шат-шадьман өмір сүру үшін жерді төсеніш етті»*¹⁰⁴. Нұх пайғамбар сөзін аяқтарда, Аллаһ тағаланың оларға жер бетіндегі берген нығметтеріне назар аудартады. Бұл пұтқа табынушылар үшін ұғынуға тиіс ақиқаттар еді. Ақиқаттан аттап кете алмайсың. Өйткені жер беті оларға төселген төсеніш секілді. Тіпті тау-таста да адамдардың жүруіне қолайлы соқпақтар бар. Осы жолдар арқылы олар төрткүл дүниені шарлай алады. Сол жолдар арқылы Хақ тағаланың басқа да нығметтерін іздеп таба алады¹⁰⁵. Осының бәрі олардың көз алдындағы көріністер болғандықтан, айтылған жайтты ұғу санаға аса қиындық тудырмауы керек еді.

Өзін мәдинетті елміз, өркениетті қоғамбыз деп санаған кез келген халық аталмыш ақиқаттар айтылғанда, оның астарына ой жіберуі тиіс. Алайда Нұхтың (а.с.) қауымы осының бәрін біле тұра, қасақана қасарысып, құлақтарын бітеп, пайғамбардан бойларын алып қашты.

Бір күн қатты ашынған қауым: *«Ей, Нұх! Сен бізді иман келтіруге шақырып, басымызға ақырзаман орнатып, ауыр азап төнеді деп қашанға дейін қорқыта*

¹⁰³ «Муминун» сүресі, 115

¹⁰⁴ «Нұх» сүресі, 19

¹⁰⁵ Сайд Кутуб. Фи Зилалил-Куран, «Нұх» сүресінің тәфсири; Сабуни. ән-Нубууә. 117-бет



бересің? Жетер енді. Сен осылай өмір бойы бізге дініңді насихаттап жүре бермексің бе? Сен бізді қандай азаппен қорқытпақсың? Егер айтып жүрген азабың рас болса, көзімізге көрсет! Сөзіңнің рас екенін дәлелде!»¹⁰⁶

— деп, халқы жан-жақтан тақымның астына алды.

Халқының мына айтқан сөздерін естігенде, Нұх (а.с.) олардың Хақ тағалаға сенбеумен қатар, илаһи азаптан да ықпайтындықтарына көз жеткізді. Өйткені олар Нұх пайғамбардың айтқандарын бос сандырақ, ертегі деп білетін. Сондықтан «ауыр азап» дегенді құлаққа ілмеді. Ендеше, оның қорқытуы жай сөз ғана. Нұх пайғамбар олардың осы түсініктерін аңғарған кезде, оларға: «Ей, халқым! Сендердің бастарыңа ауыр азап жаудыратын мен емеспін. Менің оған шамам жетпейтіні белгілі емес пе? Егер қаласа, Өзіне қарсы шыққан елді жермен-жексен етуге Раббымның құдіреті толық жетеді. Ал иман келтірудің орнына Оған қарсы шығатын болсаңдар, жер бетінен мүлде жойылып кетулерің мүмкін. Егер ескерткен азабым келе қалса, қай жаққа қашып құтыла аласыңдар? Жер мен көктердің Раббысынан қашып қайда барасыңдар? Өрмелеп тауға шықсаңдар да, құс болып көкке ұшсаңдар да, бәрібір құтылмайсыңдар. Егер осыншалық қатігездіктерің үшін Аллаһ тағала сендерді жазаламақ болса, мен сендерге жақсылық ойласам да пайда бермейді, жер мен көкте оған еш нәрсе тосқауыл бола алмайды»¹⁰⁷, — дейді.

¹⁰⁶ «Һұд» сүресі, 32

¹⁰⁷ «Һұд» сүресі, 33-34



Нұхтың (а.с.) дұғасы

Әр пайғамбар Хақ тағаладан жарлық шығып, өз міндеті аяқталғанға дейін міндетін толық атқаруы тиіс болатын. Сол уақыт аралығында ел ішінде сабыр сақтап, халқының барлық ауыртпалықтары мен қиындықтарына төзуі тиіс-ті. Нұх пайғамбар да қанша ғасыр қорлық көргеніне қарамастан, ісін қалтқысыз атқарып келді. Қауымының күллі қиянаттарына төзіп бақты. Кейде соққыға жығылып, өлімші сабалса да, қыңқ етпей, ертесі күн қайтадан ықыласпен халқын дінге шақырды. Қабыл етпеген жағдайда, ауыр азапқа душар болатындығын ескертті. Қарапайым пенде қанша жерден данышпан, елі үшін еңіреген ер болса да, ұзақ жылдар бойы халықтың бақыты үшін солардың жан төзгісіз ауыр қиыншылықтарына төзе алар ма? Ал ол ғасырларға ұласса ше? Әрине, бұл мүмкін емес. Тек пайғамбарлар ғана ғасырлар өтсе де, елінің екі дүниедегі бақыты үшін төзімділік таныта алады. Егер «қияметке дейін ісінді жалғастыр» деп жарлық келіп, ұзақ ғұмыр берілсе, Нұх (а.с.) ләм-мим деместен тәблиғын жалғастыра берер еді. Мұндай ерекше төзімділік қасиет пайғамбарларда ғана кездеседі. Бірақ бұл елдің ешқашан иман келтірмейтіндіктері белгілі болғандықтан, ол Аллаһ тағалаға дұға етіп, жалбарынды. Һәм мұндай көпір ел иман келтірген аз ғана үмбетінің ұрпағына да зияны тигізуі күмәнсіз еді. Ақыр соңында алапат азаптың келуіне сол елдің өзі себепкер болды. Өйткені Нұхқа (а.с.): «Егер пайғамбар екенің рас болса, Аллаһ тағала шексіз құдіретті десең, қане, дәлелдеші!» деп қырсыққан-ды. Ел тура жолға келуді емес, алапат азапты тезірек көруге құмартты. Халықтың осы іс-әрекеттері мен жаман пейілдері азап шақырған тілекке айналды. Өйткені



Нұх пайғамбардың елі барша адами қасиеттерді аяққа таптап, күллі жамандықты жасап үлгерген-ді. Олар өз араларынан шыққан пайғамбарға қарсылық көрсетіп, азап шақырып құтыра берді.

Нұх (а.с.) оларға тоғыз жүз елу жыл бойы қажымай-талмай ақиқатты насихаттады. Бұл –шамамен мың жыл деген сөз. Осыншама ғасыр ішінде сол елдің күпірліктері одан сайын артпаса, еш бәсеңдемеді. Нұх (а.с.) ақырында олардан біржола күдер үзген шақта былай деп дұға жасады:

«Я, Раббым! Расында, мен елімді күндіз-түні дінге шақырудан бір тынбадым. Бірақ олар иманға келудің орнына діннен бойын алып қашты. Мен: «Хақ тағала рақымшыл, тәубе етсеңдер кешіреді», – деген сайын, тік шапшып тіпті естімеу үшін құлақтарын бітеді. Қасарысқан үстіне қасарысып, тәкаппарланған үстіне тәкаппарланды. Мен қатты да айтып, тәтті де айтып көрдім. Болмаған соң ашық жар салып айттым. Тіпті кейде жанына жақын барып екеуара оңашада да айттым. Бірақ олар бәрібір міз бақпады.

Ей, Раббым! Мен мына қиянатшыл елден жеңілдім. Енді уәде еткен көмегіңді көрсет¹⁰⁸. Бұлар маған ашықтан-ашық қарсы шықты¹⁰⁹. Саған құлшылық жасамауы аз болғандай өздерінің қолдан жасаған пұттарына табынып әуре.

Я, Раббым! Сен де (осыншама жасаған істеріне жаза ретінде) бұл залымдардың адасуларын ғана арттыр¹¹⁰. Жер бетінде бірде-бір кәпірді тірі қалдырма. Егер оларды тірі қалдыратын болсаң, сол бір залым-

¹⁰⁸ «Қамар» сүресі, 10

¹⁰⁹ «Нұх» сүресі, 21

¹¹⁰ «Нұх» сүресі, 24



дар өзі адасқанымен қоймай, Саған құлшылық қылған құлдарынды да адастырып, ел ішінде бүлік шығарып, тексіз ұрпақ өсіреді¹¹¹.

Я, Раббым! Елім маған жалған айтасың деп қарсы шығуда. Жүректері қарайып, ар-ождандарын қап-қараясы басып, әбден азғындады. Олардың бұдан кейін иманға келуі әсте мүмкін емес. Аллаһым, жарлығыңды шығарып, мені және үмбетімді мынадай «жүректеріне мөр басылған» залым елден құтқар!

«Я, Раббым! Мені, әке-шешемді, иман келтіріп шаңырағыма кірген кісілерді және мұсылман ерлер мен мұсылман әйелдерді жарылқап кешірім ет! Залымдарды тұтастай жермен-жексен қыл!»¹¹²

Сол кезде Нұхқа: *«Ей, Нұх! Бұдан былай еліңнен иман келтіргендерден өзге ешкім иманға келмейді. Сен олардың жамандықтарына бола кеюші болма!»*¹¹³ деген уахи жетті. Нұх та (а.с.): *«Раббым! Рас, мені елім өтірікке шығарды. Енді олармен менің арамдағы қарым-қатынасқа қатысты нақты үкіміңді бер! Мені де, менімен бірге мүміндерді де құтқар!»*¹¹⁴ – деп дұға етеді. Нұх пайғамбардың бұл дұғасы қабыл болады. Одан кейін Аллаһ тағала оған: *«Көз алдымызда жарлығымыз бойынша кеме жаса! Сосын жер мен көктің астаңкестеңі шыққанда, залымдарға аяушылық жасап, Маған жалбарынушы болма! Өйткені барлығы түгел жермен-жексен болып құрдымға кетеді»*¹¹⁵ дейді.

¹¹¹ «Нұх» сүресі, 27

¹¹² «Нұх» сүресі, 28

¹¹³ «Һуд» сүресі, 36

¹¹⁴ «Шұғара» сүресі, 117-118

¹¹⁵ «Һуд» сүресі, 37



Нұх пайғамбардың кемесі

Нұх (а.с.) пайғамбар дереу үмбетін жинап, қажетті құрал-саймандарын сайлап, Жәбірейілдің нұсқауымен кеме жасай бастады. Жоғарыда айтылғандай, пайғамбарлар ақыретке қатысты нәрселерді үйретумен қатар өркениеттің де дамуына үлес қосқан. Керек десеніз, өркениет пен мәдениеттің негізін пайғамбарлар қалады деуге негіз бар. Осы себепті Нұх пайғамбар да алғаш рет кеме жасап, адам баласының су бетінде жүзуіне із салып кетті. Өйткені бұл кеме тікелей Хақ тағаланың Жәбірейіл періште арқылы жіберген бұйрығы бойынша жасалды. Құранда айтылғандай әрбір шегесіне дейін уахи арқылы қағылды. «Нұд» сүресінде ишарат етілгендей, ғалымдар кеменің ішінде арнайы пеш пен су қайнататын қазан болғандығын айтады. Яғни «кемелердің атасы» атанған Нұх кемесі бу арқылы жүзген деуге негіз бар секілді.

Нұх (а.с.) өзінің үмбетімен бірге кеме жасап жатқанда, кәпірлер оны келеке-мазаққа айналдырды. Олар: «Ей, Нұх, саған өзі не болған?! «Пайғамбармын» деп бізді дінге шақырушы едің. Еш нәтиже болмаған соң бәрін тастап ағаш ұстасы болғансың ба? Пайғамбарлықтан гөрі ағаш жонуды тәуір көрдің-ау деймін», – деп айыздары қана әбден күлісті¹¹⁶.

Иә, олар Нұхты да, иман келтіргендерді де өздерінен төмен санап, қор көрді. Өйткені, өздерін зиялы санап, шын ақиқат жолдамыз деп ұғатын-ды. Сол себепті мың жылға жуық үгітесе де, Нұхтың дініне назар аудармады. Шайтан мен нәпсі бұған мөйын бұрғызбады.

¹¹⁶ А.Л.Казанжы, Пейгамберлер тарихы, 1-том, 102-бет; Сабуни. эн-Нубууә. 196-бет



Сондықтан да жалғыз Құдайға бас июден қашып, есесіне тастан жасалған пұттарға табынды.

Нұх (а.с.) кеме жасап жатқанда, қауымы: «Бұл маңда теңіз тұрмақ өзен де жоқ қой. Мына кеменді сен қалай жүргізбексің. Әлде бір жерден су тасып теңіз жасамақ ойың бар ма?» – деп мысқылдады. Өйткені олар Хақ тағаланың құдіретінен бейхабар еді. Аллаһ тағала қаласа, себепсіз де нәтиже береді.

Міне, бұл кәпірлер де Нұхқа (а.с.) күле қарап, дүние өзгерместей көрді. Олар пайғамбарды келеке еткенде, Нұх (а.с.): «Сендер бүгін бізді мазақ етсеңдер, күн ертең біз де сендерді мазақ етеміз. Көп ұзамай мәңгілік азаптың кімге келетінін көретін боласындар», – деп жауап қатты¹¹⁷.

Осылайша күндер күліп, айлар аунап өтіп жатты. Кеме де дайын болды. Кейбір хабарларда кеменің екі не төрт жыл құрастырылғаны айтылады. Кеме жай ғана кеме емес, үйдей толқындарға төтеп бере алатын алып кеме еді. Оның үш қабаттан тұрғандығы айтылады¹¹⁸.

Аллаһ тағала Нұх пайғамбарға кеме жасалып біткенде, топан судың басталатындығын білдірді. Сондықтан Нұх пайғамбар әуел бастан кемеге мінуге әзірлік жасап қойған еді. Күні бұрыннан сол аймақтағы жан-жануарлардан бір жұптан жинады. Алдымен жан-жануарларды арнайы әзірленген орындарға орналастыруға бұйрық берді. Артынша көп уақытқа жететін азық-түліктерді тиеттірді. Ақырында өзімен бірге мұсылмандар да Аллаһтың атын айтып кемеге мінді. Құранда бұл жайлы былай дейді: *«Ақыр әміріміз келген заманда, тандырдан су қайнады. Нұхқа: «Ол кемеге әр нәрседен бір*

¹¹⁷ «Һұд» сүресі, 38-39

¹¹⁸ Б.Атеш, Пейгамберлер тарихы. 149-бет



жүп және опатқа ұшырайды деп үкім етілгеннен тыс отбасыңды орналастыр. Әрі иман келтіргендерді де ал», – дедік. Негізінде, онымен бірге иман келтіргендер өте аз ғана еді. Нұх: «Кемеге отырыңдар. Оның жүруі де, тұруы да Аллаһтың атымен. Расында, Раббым аса кешірімшіл әрі рақымшыл», – деді»¹¹⁹.

Аятқа зер салсақ, мұсылмандардың өте аз болғанын ұғамыз. Тіпті кейбір деректерде кемеге мінген адамдардың саны бар-жоғы сексенге де толмағандығы айтылады. Яғни, Нұх пайғамбар халқын мың жылға жуық дінге шақырғанда, осыншама адам ғана иман келтірген еді.

Пайғамбарлар мен қарапайым пенделердің айырмашылығы да осында жатыр. Бұл – пайғамбарлардағы «раббанилық» («Раббани» – Жаратушының бұйрығын қалтқысыз орындап, толық бағыну деген сөз) қасиеттің көрсеткіші.

Пайғамбарлар Аллаһтан әсте үміт үзбейді. Мұндай ұғым оларға мүлдем жат. Олар тек қана өздерінің міндетін толық орындауын ойлайды. Елін мың жыл дінге шақырғанда, ешкім ізінен ермесе де, бірде-бір жанның иман келтірмейтінін сезсе де, бұдан салы суға кетіп, үмітсіздікке салынбайды. Мерзімі біткенше, күндіз-түні басын сәждеге қойып, көз жасын көлдетті. Пайғамбарымыз бірде: «Маған пайғамбарлардың үмбеттері көрсетілді. Бір пайғамбар көрдім. Қасында санаулы ғана адам бар еді. Бір пайғамбардың қасында бір-екі адам ғана болды. Тіпті бір пайғамбардың қасында ешбір адам жоқ еді...»¹²⁰ – дейді. Міне,

¹¹⁹ «Һұд» сүресі, 40-41

¹²⁰ Имам Нәуауи. Риязус-салихиин аудармасы. Стамбул. 1-том. 250-бет

пайғамбарлардың кейбіріне ешқандай адам еріп, иман келтірмесе де, өз міндеттерін толық орындады. Солардың бірі – Нұх пайғамбар еді. Ол тоғыз жүз елу жыл¹²¹ бойы елін ақиқат дінге шақырып, нәтижеде жетпіс сегіз немесе сексен адам ғана иманға келді. Олардың жартысы ер, қалғаны әйел адамдар еді.¹²² Алайда Нұх (а.с.) бұған жасып жабырқаған жоқ. Өйткені ол біреуді адастырып, біреуді тура жолға салу Жаратушының ғана еркінде екенін жақсы білетін.

Нұхтың (а.с.) баласының суға батуы

Нұх пайғамбар үмбетін ертіп аман-есен кемеге мінген кезде, көп ұзамай жер бетін топан су баса бастады. Жер асты сулары бұрқақтап атқылап жатқанда, бұрын-соңды болмаған дауыл тұрып, аспан астын қою қара бұлт торлап, найзағай ойнап, жауын құйып кетті. Жауынның көп жауғаны сонша – ел шын мәнінде асып-саса бастады. Бұл алапат сұмдық Қаһһар Иенің мың жылдай иманға келмей қасарысқан елге жіберген апаты болатын. Бұл пәлекеттен құтылудың бір-ақ жолы – Нұхтың кемесіне міну еді. Алайда оған міну – мұсылмандарға ғана нәсіп-ті. Көп ұзамай жер бетін топан су қаптап, оның үйдей толқындары жартастарды соққылап жатты. Бір кезде Нұхтың көзіне сол толқындар арасында алға ұмтылып, бір батып, бір шығып жанталаса жүзіп бара жатқан бір жас жігіт оттай басылды. Нұх пайғамбар оның өз баласы Кенан екенін бірден таныды. Нұхтың (а.с.) бірнеше баласы бар еді. Бірақ осы баласынан өзгелерінің бәрі де мұсылман күйде кемеге

¹²¹ «Әнкабут», 29/4

¹²² Ибн Кәсир. Тәфсир. II/448; Әбус-Сууд, Иршадул Ақлис-сәлим ила мәзаил-Қуранил-кәрим. Бейрут. VIII/33



мінді. Тек Кенан ғана ғасырлар бойы қасарысып сөзін тындамай қойғаны. Нұхтың (а.с.) отбасында Кенанмен қатар өз әйелі де иман келтірмеген болатын. Тіпті ол кәпірлерге жақтасып, Нұхты (а.с.) сөзден тұқыртып, аяғынан талай мәрте шалуға тырысқан. Кенан, сірә, анасының сөзінен шыға алмаса керек. Бір жағынан, пайғамбарлық мейірімі, екінші жағынан әкелік шапқаты түсіп, қатты жаны ашыған Нұх (а.с.) баласына: *«Ей, балам! Бізбен бірге кемеге мін. Кәпірлерді таста!»*¹²³ – деп айқайлады. Кенан сол кезде ақырғы мәрте әкесіне қарады. Бәлкім өлімнен қорқып мінгісі де келген шығар. Бірақ ол кемеге мінудің шарты – мұсылман болу еді. Сондықтан да сан ғасырлар бойы кәпірлерге болысып, әкесіне қарсы шыққан қыңырлығы мен тәкаппарлығы жібермеді. Ол әкесіне: *«Жоқ, мен ол кемеге мінбеймін. Мына тауға бір шығып алсам, топан су тобығыма да жете алмайды»* деп айғайлады. Алайда әкенің аты қашан да әке ғой. Оның үстіне пайғамбарлық рақым да бар. Ол соңғы рет оны дінге шақырып: *«Бүгін ешкім де Аллаһтың әмірінен аттап, өзін құтқара алмайды. Топан судан Аллаһтың рақым еткендері ғана құтыла алады»*, – деді. Бірақ Кенан әкесінің бұл сөзін аяғына дейін ести алмады. Таудай бір толқын Кенанды бауырына тартып ілді де кетті. Осылайша үлкен бес пайғамбардың бірі – Нұхтың баласы әкесінің көз алдында өлім құшты. Бірақ бұл мейірімді пайғамбарға оңай тимеді. Жаны күйзеліп, көзінен жас моншақтады.

Нұх пайғамбар (а.с.) осы кезде қолын жайып Хақ тағалаға: *«Раббым! Күдіксіз, ұлым менің әулетімнен ғой. Шындығында, Сенің уәдең хақ. Сондай-ақ Сен ең*

¹²³ «Һүд» сүресі, 42



тура үкім берушісің»¹²⁴, – деп жалбарынады. Осы кезде Аллаһ тағала оған: «Ей, Нұх! Ол сенің әулетіңнен емес. Өйткені ол бұрыстықтан таймады. Сондықтан сен білмеген нәрсені менен тілеме. Мен саған надандардың қатарында болма деп насихат айтамын»¹²⁵, – деді.

Осы сәтте хазірет Нұх дереу есін жиып, өзінің «ижтиһадта» қателік жасағанын ұқты. Иә, Жаратушы Жаппар Ие оған әулетінді құтқарамын деп уағда еткен болатын. Бірақ пайғамбардың әулеті кім болмақ?! Әрине, иман келтіріп, дін жолымен жүргендер ғана. Сондықтан да пайғамбарға туыстық пен достық жағынан қанша жақын болса да, иман келтірмесе, ол бәрібір пайғамбар әулетінен, үмбетінен саналмайтын еді.

Аллаһ тағала жүрегіне иман нұрын жақпаған соң, әкесі пайғамбар болса да, оны құтқара алмайды. Бұл жерден біздің алуға тиісті ғибратымыздың бірі – осы. Яғни, Нұхқа (а.с.) ешқандай туыстық қатынасы жоқ біреулер иман келтіргенде, өз ұлы мен әйелі иман келтірмеген еді ғой. Сол себепті адам баласы хақ дінді өзі еркімен таңдап қабылдамаса, оның жүрегіне Хақ тағала иман шуағын сеппейді. Жақыны пайғамбар болса да, жүрегіне иман дарыта алмайды. Өйткені оның амалы, жоғарыда айтылғандай, «бұрыс амал». «Бұрыс амал» – кәпірдің жасаған іс-әрекеті. Кәпір бұл өмірде қанша жақсылық жасаса да, жүрегінде иманы болмаған соң, «бұрыс амал» болып саналады. Өйткені ол сол амалдарды Аллаһ үшін емес өзінің қара басы, мүддесі үшін жасаған. Дей тұрсақ та, Аллаһ тағала ондай адамның жақсылықтарын да құрқол қайтармайды. Бірақ қарымын

¹²⁴ «Һұд» сүресі, 45

¹²⁵ «Һұд» сүресі, 46



ақыретте емес, осы өмірде береді. Мысалы, осы өмірде, «ел ағасы», «дара тұлға», «данышпан» атанып ұзақ ғұмыр кешеді. Жақсылығының бар қызығын мына дүниеде ғана көріп, ақыретке бос қайтады.

Сондай-ақ, «бұрыс амалдың қатарына» тілі кәлимаға келген, бірақ өмірде бұрыс жолда жүрген мұсылман жандарды да жатқызуға болады деп ойлаймын. Яғни өзін «мұсылман» санайды. Бірақ жасаған ісінің бәрі – кәпірдің ісі. Мысалы, адам өлтіру, зина жасау, ішімдік ішу, сөзінде тұрмау, аманатқа қиянат жасау, өтірік сөйлеу, т.б. Ел арасында дін туралы сөз бола қалса, олар «менің атам молда болған, намаз оқыған», т.с.с. әңгімені бастап, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеуі мүмкін. Мінекей, түсінген жанға аталмыш аяттарда мынадай ғибрат бар: атаң молда тұрмақ әкең әулие болса да, сен өзін қисық жолда жүрген болсаң, оның саған келіп-кетер ешбір пайдасы жоқ. Тілің кәлимаға еркін келгенмен, істеп жүргенің кәпірдің тірлігі болса, ақыретте тозақ отынан әлгі молда атаң мен әулие әкең де құтқара алмайды. Әркім өз есебін өзі береді. Біреудің киіп жүрген киімі саған жылу бермейді. Біреудің шайнап бергені ас болмайды. Сондықтан хазірет Мұхаммед пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Да туыстарына, отбасына, қызына: «салиқалы амал жасау арқылы өздеріңді тозақ отынан құтқарыңдар. Өйткені мен сендерді ақыретте құтқара алмаймын», – деп қатаң ескерту жасаған.

Нұх (а.с.) – үлкен бес пайғамбардың бірі. Бірақ солай бола тұра, оның төртінші баласы мен әйелі кемеге мінбей, теңізге кетіп, ажал құшты. Яғни пайғамбардың баласы яки әйелі болса да, тура жол бір Аллаһ тағаладан ғана болатын нәрсе. Һәм пайғамбардың қанша жақыны



болса да, өз еркімен иман келтірмеген соң, Хақ тағала оларға тура жолды көрсетпейді. Әрі хазірет Нұхтың әйелі иман келтірмеумен қатар дін дұшпаны болған еді. Құранда: «Аллаһ кәпірлерге Нұхтың әйелі мен Лұттың әйелін мысалға келтірген. Олар жақсы екі құлдарымызбен некелескен еді. Сөйте тұра екеуі де оларға опасыздық жасады. Сондықтан екі пайғамбар да ол екеуін Аллаһтың алдында қорғай алмады. «Екеуің де тозаққа кірушілермен тағдырлас болыңдар» делінді» деп айтылады¹²⁶. Сол себепті кім болса да, ақырет күні пейіліне қарай тиісті жағына барады¹²⁷.

¹²⁶ «Тахрим» сүресі, 10

¹²⁷ Жоғарыда хазірет Нұх ұлының иманға келмей өлгенін көре тұра, Аллаһ тағалаға не үшін жалбарынды?

Бірінші: Нұх пайғамбар өз әулетінің түгелдей құтқарылатыны туралы Аллаһ тағаладан уәде алған болатын. Ал пайғамбардың әулеті тек оған иман келтіргендерден ғана болмақ. Ендеше, хазірет Нұх Кенанды сол кезге дейін мұсылман деп ойлап келген. Бірақ баласы сырттай мұсылман болып көрінгенімен, іштей кәпір болатын. Яғни мұнафық еді. Міне, ол осының сырын білгісі келіп, Аллаһ тағалаға жалбарынды.

Екінші: ол «әулет» дегенде өзінің әулеті, ұрпағы түгелдей құтқарылады деп ойлады.

Үшінші: шамасы, ол баласының көз алдында ажалмен арпалысқанын көргенде, сол сәтте әкелік мейірімі оянып, бірден Хақ тағалаға «баламды құтқара гөр!» деп жалбарынса керек (Дұрысын Аллаһ біледі).

Бұл ескертуден кейін барып Нұх (а.с.) «әулетінді құтқарамын» деген илаһи уәденің түпкі астарын аңғарды. Сол замат: «Раббым! Расында, білмегенімді Сенен тілеуден сақтай гөр! Егер мені жарылқап, рақым етпесең, зиянға ұшырағандардың бірі боламын», – деп кешірім тіледі. Осылайша ол дер кезінде өз қателігін түсініп, кешірім сұрап, Хақ тағаланың рақымына бөленді.



Топан судың тартылуы

Топан су туралы ғалымдар арасында екі түрлі пікір бар. Бірінші топ топан су тұтастай жер бетін қаптаған десе, екінші топ «топан су тек Нұхтың аймағын ғана басқан» дейді. Қисынға салып қарасақ, екінші топтың айтқаны дұрыс сияқты. Өйткені су басқандағы мақсат – кәпір елді жермен-жексен ету емес пе еді?! Ал сол уақытта жер бетінде Нұхтың елі ғана Араб түбегін мекендеген. Жұмыр жер бетіндегі күллі адамзатқа Нұх пайғамбар болып келгенде, топан судың жер бетін тегіс су басып қалуы мүмкін еді. Бұған қоса, Нұхтан кейінгі елдер де азапқа ұшырағанда, сол аймақтың ғана құрып кеткені мәлім. Ендеше, Нұхтың еліне келген пәлекет те сол елге, сол аймаққа қана қатысты. Негізі ғалымдардың басым көпшілігі осы пікірді қолдайды.

Топан су қаптағанда, асау толқындар арасында Нұхтың кемесі ғана батып кетпей жүзіп жүрді. Кәпір атаулы түгелдей суға кеткен соң, Аллаһ тағала жер мен көкке әмір беріп: *«Ей, жер, міндетің аяқталды, суыңды жұт! Ей, аспан-көк, қажетің қалмады жауыныңды тоқтат!»*¹²⁸ – деді.

Аллаһтың құдіретімен су тартылып, жауын пышак кесті тыйылды. Су тартылып жатқанда, теңіз деңгейі бірте-бірте төмен түсіп, тау сілемдері аршылып,

¹²⁸ «Һуд» сүресі, 44



Құранның сөзімен айтқанда «Жуди»¹²⁹ деген таудың басына барып тоқтады. Сонда Аллаһ тағала Нұхқа: *«Ей, Нұх! Кемеден түс. Саған және сенімен бірге болған мұсылмандармен қатар (сендерден кейінгі) мұсылман ұрпақтарыңа Бізден амандық, бейбітшілік және берекет бар. Сондай-ақ, (ұрпақтарыңның арасында иман келтірмейтін) топтар да болады. Оларға бұл дүниеде*

¹²⁹ «Һуд» сүресі, 44; Бұл таудың қай тау екені әлі күнге дейін бізге беймәлім. «Жуди» сөзін кейбір адамдар «тау» дегенге саяды десе? енді бірі ол араб тілінде «биіктік, асқақтық» деген мәнді береді деп айтады. Зер сала қарасаңыз, жер бетінде көптеген халықтар Нұхтың кемесін іздеу үстінде. Еуропа, Азияның зерттеуші ғалымдары тауларды зерттеп, сол кеме туралы жорамалдар жасап жатады. Тіпті көптеген елдің өз «Жуди» тауы бар. Армяндар Арарат деген тауында тоқтаған деген болжам айтады. Мысалы, қазақ халқының өзі Қазығұрт тауын Нұх тауы деп «Қазығұрттың басында кеме қалған» деп ата-бабасынан қалған сөзді айтады. Түркияның Ван көлінің оңтүстігінде «Жуди» деген тау бар. Осыларға қарап екі нәрсені түйіндемеңіз. Әуелгісі, жер беті халықтарының басым көпшілігі өздерінің Нұх пен оның үмбетінен тарайтындығын білетіндігі. Соңғысы, жер беті халқының сол кемені іздеудегі, өз жеріндегі тұрған тауын «Нұх тауы» деп атаудағы мақсаты – олардың ар-ожданы мен рухы солардың «амандық, бейбітшілік, берекет» аясында өмір сүрген шағын аңсайтындай болып көрінеді. Яғни, бәріміз бір кездері бір ел болып бақытты өмір сүрген едік. Енді бүгін бір-бірімізбен қырық пышақ болатындай басымызға не күн туды?! Кешегі бірлігіміз қайда дейтіндей. Айтқандай-ақ, Нұхтың кемесі «таухидтың», бірліктің рәмізі еді. Сол кемемен бірге жер бетіне толықтай Аллаһ тағаланың таухид сенімі қонған еді. Сондықтан әр ел өз тауының бірінің шыңын Нұх кемесінің қонған жері деп бірлік символына айналдырса керек. Бәлкім, атам қазақ та соны аңсап, «Қазығұрт яғни Қазақ жұрты тауының басында кеме қалған» деп аңыз қалдырған болар (Автор).



күн көріс мүмкіндігін береміз. Бірақ көп ұзамай (бұл өмірден өткен соң бұрынғы кәпірлер сияқты олар да) біздің күйзелтуші азабымызға ұшырайды»¹³⁰, – дейді.

Кеме тоқтағаннан кейін, жер бетінде тек иман келтірген жандар ғана болды. Бұл хазірет Нұхтың үмбеті үшін ғажайып түстей еді. Олар Хақ тағаланың нәсіп еткен «амандық, бейбітшілік, берекет» аясында жер бетінде құдды жаннатта жүргендей күй кешті. Құлшылықтарын алаңсыз атқарды, бір-бірлерімен тату-тәтті өмір сүрді. Бұл бірнеше ғасырға жалғасты.

Кейбір деректерде Нұх кемесі теңіз бетінде алты айға жуық жүзіп жүреді. Ибн Кәсирдің тәфсирінде кемеде Нұхпен бірге сексен ер кісі отбасыларымен бірге болғандығы айтылады. Олар жүз елу күн кемеде болды. Одан кейін Аллаһ кемені Меккеге бағыттады. Кеме Меккеде Қағбаны қырық күн айналды. Сосын Хақ тағала кемені Жуди тауына бағыттады. Сол жерге барып тоқтады дейді¹³¹.

Екінші Адам ата

Нұх пайғамбар көп ұзамай шарифат заңымен мемлекет құрып, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» мамыражай заман басталды. Адамзат ғұмырының қайтадан жалғасуына арқау болғандықтан, Нұх (а.с.) «екінші Адам ата» деп аталды.

Нұх (а.с.) – ең үлкен бес пайғамбардың бірі. Оның сабырлылығы, өткірлігі, қайсарлығы исі мұсылманға ғажап өнеге болды. Расында, мың жыл бойғы небір құқай мен қорлыққа шыдау үшін асқан төзімділік қажет-ті. Бұған қоса үнемі шүкіршіліктен таймады.

¹³⁰ «Һүд» сүресі, 48

¹³¹ Ибн Кәсир. Тәфсир. II/448; әл-Бидәя уән-ниһәя. 1/98.

Сондықтан да Аллаһ тағала Құранда: «Күдіксіз, ол шүкір ететін құл еді»¹³², – дейді.

Жер бетіндегі адамдар Нұх пайғамбар мен үмбетінен тарады. Құранда «Оның ұрпағын жер бетіне тұрақты еттік», – дейді. Хадисте бұл турасында: «Нұхтың үш ұлы бар еді: Сам, Хам және Яфәс»¹³³, – деп оның балалары туралы хабар берілген.

Уақыты жеткенде, Нұх пайғамбар да өмірден озды. Артына имандылық пен бейбіт өмірді қалдырды.



¹³² «Исра» сүресі, 3

¹³³ Ахмед ибн Ханбал. Муснәд. 5/10.

БҰД ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Ад елінің мекені және пұттары

Нұх пайғамбар жер бетінде жаңа тіршілік орнатып, елін шариғатпен басқарған шақта ақиқатты мойындамағандар жоқ еді. Кешегі топан судың апатынан жүрегі шайлыққан халық өзінен кейінгі ұрпағына күпірлікке бармауды өсиет етті. Алайда Нұх пайғамбардан соң да қаншама жылдар өтіп, жер жүзіне жаңа ұрпақтар келді. Олар ата-әжелерінен топан су туралы дастанға бағзы заманнан қалған аңыз деп сенбеді.

Жылдар жылжып, Нұх пайғамбардың үмбеті көбейді. Осыған орай ұлттар мен тайпаларға бөліне бастады. Солардың бірі Ад деген арғы аталарының есімімен аталып кеткен Ад елі еді. Олар Йемен аймағындағы Хадрамаут қаласының солтүстігін мекендеп, сол жерде жаңа шаһар тұрғызды. Олардың тұрғылықты жері – «Ахқаф» деп аталды. «Ахқаф» – құм төбелер деген мағынаға саяды. Олар биік төбелерге ғимараттар салды. Тіпті бертін келе әбден байыған олар бір-бірлерімен зәулім ғимараттар тұрғызумен жарыса бастады. Нәм олар өзге халықтарға қарағанда сүйекті, ірі денелі болды. Жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай деген тенеулер дәл соларға арналғандай батыр тұлғалы халық еді. Ахқафтықтар келе-келе әлдерінен асқан шақта: «Бізден күшті кім бар?»¹³⁴, – деп, өзгелерге мұрнын шүйіре қарайтынды шығарды. Бұған қоса аймақтағы ең

¹³⁴ «Фуссилат» сүресі, 15



бай ел еді. Зәулім сарайлар салуда талайларды жолда қалдырды. Аула ішіне ғажайып бақтар, хауыздар орнатты. Осыншама байлықтың буына мастанған Ад елі бірте-бірте бұзыла бастады. Ар, ұят, ынсап, рақым, шүкіршілік деген қасиеттер жойылды. Байлары кедейлерді қанауды шығарды. Көрші елдерге де тыныштық бермеді. Бұнымен де шектелмей, Нұх елінің пұттарын қайта жасап, соларға табынатынды шығарды.

Һұдтың пайғамбарлығы

Түп шежіресі Нұхтан тарайтын Һұд (а.с.) турашыл, батыл, ақыл-парасат секілді игі қасиеттерімен әйгілі еді. Оған «Сенімді кісі» деп ат қойғандар да кездесті.

Елінің мұншалықты адасқаны Һұдтың (а.с.) арқасына аяздай бататын. Алайда бір күні күтпеген жерден Жәбірейіл (а.с.) періште келіп, Хақ тағаланың әмірін жеткізді. Һұдқа (а.с.) пайғамбарлық міндет жүктеді.

Құранда оның пайғамбарлығы туралы: *«Ад еліне елші етіп (тікелей өз араларынан) бауырлары Һұдты жібердік»*¹³⁵, – дейді.

Һұдқа (а.с.) пайғамбарлық келісімен, дереу іске көшіп, елін тура жолға шақырды. Ол еліне: *«Уа, халқым! Аллаһ тағалаға құлшылық қылыңдар. Одан өзге ешбір құдай жоқ. Серік қосып, Хақ тағалаға жала жабудасыңдар»*¹³⁶, – дейді.

Бірақ еліне, әсіресе, елдегі байлар мен билерге оның мына сөздері түрпідей тиді. Олардың ұғымында пұттарға табыну абырой саналатын. Сондықтан олар

¹³⁵ «Һұд» сүресі, 50

¹³⁶ «Һұд» сүресі, 50



дереу Ғұдқа (а.с.) қарсылық көрсетті. Бірақ ол бұған төзімділік танытып, ісін әрі қарай жалғастырды.

Ақырында, олар Ғұдтың пайғамбарлығын сан-саққа жүгірте бастады. Астарынан жеке бастың мүддесін іздеді. Билік пен байлыққа қол жеткізгісі келетін болар деп шолақ топшылады. Өйткені олардың ұғымында адам өзіне пайдасы жоқ іс үшін бостан-босқа тер төгіп, азап шегуі мүмкін емес деген түсінік бар болатын. Бұл – иманы жоқтардың ортақ пікірі. Өмірді жалған дүниемен ғана шектеледі деп ойлайтын пенденің бәрі де «Аллаһ разылығы үшін жасау» деген ұғымды ақымақтыққа санайды. Сондықтан Аллаһ үшін, ақырет үшін халықтың игілігіне қызмет еткен адамдарды бұл дүниедегі құлқынның қамын ойлайтын бейбақтар не «есі ауысқан жынды», не болмаса «сөзсіз көздеген басқа бір мақсаты бар» деп ойлайды.

Ғұд (а.с.) халқын жинап, оларды жақсылыққа шақырғаны үшін ешқандай да ақы талап етпейтіндігін, ақысы мен сауабын Аллаһ тағаланың Өзі беретіндігін айтып түсіндірді. Іле дауыстап: «Уа, халқым! Сендер өздеріне ешқандай қажеті жоқтығын біле тұра, іргесін берік, шаңырағын биік етіп салғандарыңмен қоймай зәулім сарайлар тұрғызып жатырсыңдар. Сонда мәңгі-тұрақтап қалатындай, ауласына хауыз орнатып, көп ысырап етіп, іші-сыртын тұтастай әшекейлеп, алтынмен аптап, күміспен күптеп тастадыңдар. Жол бойына тұрғызған керуен сарайларыңда пайдасыз ойындар ойнап, сол данғыл жолдағы жүргіншілерге, әсіресе, менің қонақтарыма тиісіп, келемеждеп мәз боласыңдар. Әлсіздерді басынып, зорлық-зомбылық жасайсыңдар. Бұл – азғындықтың белгісі. Мен сендермен тегі бір туыс болғандықтан, тура жолға шақырудамын. Өз



қандастарымды түпсіз қараңғы шыңыраудан шығарам деп, жанталаса қол созғаныма бола ақы талап етуім қажет пе? Жүрегінде зәредей мейірімі бар адам суға батып бара жатқан бауырына қол созғаны үшін ақы сұрауы керек пе?

Ендеше, сендер де мен үшін сазға батып бара жатқан адам сияқтысыңдар. Мен сендерді әрбір пенде жан-жүрегімен, ар-ұжданымен, терең рухымен аңсаған бақытқа шақырамын. Қүдіреті шексіз Жаратушыдан қашып, жаратылған һәм өздерің қолдан қашап яки илеп жасаған жансыз пұттарға табынып, солардан медет сұрайсыңдар. Алайда күн жауса, өзге түгіл өзіне пана бола алмайтын соқыр, мылқау, тірі жанды танымас мелшиген мына пұттар қалай ғана сендерге пана болмақ? Олай болса, бұларға табынуды қойып, бәрімізді жоқтан жаратқан жалғыз Жаратушыға ғана табыныңдар!»

«Сендерге мал мен баланы, бау-бақшалар мен дәмі балдай бұлақтарды нәсіп еткен Хақ тағаладан қорқындар. Мен сендерге (істеген бейбастықтарыңа) қарап, ұлы күннің азабынан қорқамын»¹³⁷, – дейді.

Бірақ қаумы Іһудтың (а.с.) сөздерін қаперге ілмеді.

Иә, Хақ тағала Ад елін тепсе темір үзетін мықты етіп жаратқан болатын. Олар тұрған сақара шөлін көркі көз тартарлық көкорай шалғын бәйшешекке толтырып, жайқалған жайылымға, жабағылы жас тайлағын жардай атанға, жатып қалған бір тоқтысын жайдырып мың қойға айналдырған жер еді. Алайда олар бұл шексіз несібеге шүкір етудің орнына ынсапсыздық танытты. Мейлінше азғындады. Ысырапшылдыққа салынды. Әлсізге ат ойнатып, әлділерге ғана жағынды. Құдайды мойындамады.

¹³⁷ «Шұғара» сүресі, 133-135



Һүд (а.с.) халқының бұлай кете берсе, күні ертең орны толмас азапқа душар болатынын біліп, күн демей, түн демей оларды дінге шақырумен болды. Кейде қатты айтып, кейде тәтті айтып, көп ұзамай бастарына келетін сұрапыл пәлекеттен сақтандыруға бар күш-қайратын жұмсады. Бірақ азғын елі насихаттан ығыр боп, оны тыңдаудан қалды. Бір күні олар жиылып келіп Һүдқа былай деді: «Ей, Һүд! Иман келтірмесеңдер, көп ұзамай ауыр азап келеді деп уағда етсең де, етпесең де бізден саған пайда жоқ. Сен бізді зәулім сарайлар салдыңдар деп кінәлайсың. Алайда оның несі айып?! Адам өмірге бір-ақ рет келеді. Одан кейін шіріп топыраққа айналасың. Ендеше тапқан бар дүниемізді оңды-солды шашып, қайта келмес мына дүниені жалпағынан басып өткенге не жетсін! Әлсіздерді езіп қорлайсың дейсің. Алайда өмірдің өзі күрес емес пе? Күштілер әлсіздерді жеңіп, соларды езіп, қанап күн көру арқылы мынадай байлыққа, бақытқа қолы жетеді. Әлжуаздар мен қауқарсыз кедейлер – байларға құл болу үшін жаралған пенделер.

Әрі сен бізге «пұттарға табынбаңдар» дейсің. Біз ес білгелі аталарымыздан осыны көріп өстік. Бұл – біздің ата-бабаларымыздан мұра болып қалған тәңірлеріміз хәм мәдениетіміз, өзгермес құндылығымыз. Сен «бұл пұттардан бас тартпасандар сендерге азап келеді дейсің». Алайда азап келетін болса, ғасырлар бойы неге осыларға табынған ата-бабаларымызға келмеді? Оларға келмеген азап неге бізге келуі керек? Ендеше, ескіден қалған ертегіңді ел-жұртқа айтып, туысым деп еркелігіңді көрсете берме. Шыдамның да шегі бар, қастықтың да қайтар кегі болады. Біз сенің шақырған дініңе де, әлемді жаратқан бір Құдайыңа да сене алмаймыз. Сен бізге



бүгін «ата-бабаларыңнан қалған пұт-құдайларыңнан бас тартып, бір Құдайға бас и дейсің. Сосын ертең әлсіздерге зорлық жасама деп құл-құтанды бізбен тең қоясың. Ілгерінің бізге қалдырған мұрасынан айырылып, құл-құтанмен теңескенде, не ұтпақпыз? Жо-жоқ. Сен мейлі өз дегеніңмен қал. Ал біз өз дегенімізбен жүреміз», – дейді.

Кейбір деректерде Һұд халқына төрт ғасыр бойы дінді асқан кішіпейілділікпен жеткізіп төзімділік танытып келгенін айтылады. Бірақ соңғы кездерде халықтан ауыр сөздер естіп, қорлаған шақта өзегі өрттей жанып, көкірегі қарс айырылғандай болды. Халқым иманға келер деген үміті азайып, іші қан жылайтын. Көп өтпей Хақ тағала Һұдтың халқына сынақ жіберіп, сақараны қуаңшылыққа айналдырды. Кейбір деректе үш жыл бойы еліне аспаннан бір тамшы да жауын жаумады дейді. Бұлт ұшты-күйлі жоғалып, елді қуаңшылық қыса бастады. Бұлақтар мен құдықтардың көзі тартылып, орны құп-құрғақ құмға, топыраққа айналды. Жыл өткен сайын ел-жұрттың құты қашып, байлаудағы малы өліп, жайлауын жұт жайлады. Жоқ іздегендер қисапсыз қырылған ірілі-ұсақты малдардың сүйектерін кезіктірді. «Бай бір борандық, батыр бір оқтық» дегеннің кебі келді.

Бұларға ең жайсыз тигені күндіз-түні дамылсыз соққан аңыздық жел болды. Сол желдің екпініне ешкім бетпе-бет келіп қарсы тұра алмады. Қара дауылдай ұйтқыған жел сақараның құмын сұрапыл құйынға айналдырды. Сол құйын қала үстінде үйіріле ұйытқып, қаланың ойран-топырын шығарды. Артынша құмға көміп те кетті.



Һүд (а.с.) оларға бұл пәлекеттің ескерту үшін жіберілген залал екендігін айтып, халқын тәубаға келуге үндеді. Ешбір жұмыр басты пенде құдіреті күшті Құдай тағалаға қарсы шығуға қауқары жоқтығын осы бір жұтты мысалға келтіру арқылы дәлелдеді. «Һүд» сүресіндегі мына аят осы сөздің шындығы: *«Уа, халқым! Раббыларыңнан кешірім тілеп, жалбарыныңдар! Оған бас иіп, тағзым етіп тәубаға келіңдер. Сонда Хақ тағала сендерге көкпен жауын жаудырып, күш-қуаттарыңды арттыра түседі. Күнәға батып, Құдай тағаладан бет бұрмаңдар»*¹³⁸.

Бұл насихат да олардың ашу-ызасын қоздырды. Тіпті ел билеушілер өз бастарына келген нәубетті Һүдтың кесірінен деп ұғып, оны өлтірмекке ниеттенді. Ақырында, олар халықтың көзінше Һүдқа шамадан тыс ауыр талаптар қоятын болды. Ол бұл талаптарды орындаудан бас тартқанда, арандатушылар халыққа қарап: «Бұл – Һүдтың суайттығына дәлел», – деп, оны жәбірлейтін еді. Осылайша апаттан көз аша алмай онсыз да әрең жүрген жұртты одан сайын адастырып, пайғамбарға айдап салды. Олар: *«Ей, Һүд! Сен бізге ашық дәлел келтірмедің. Ендеше, сенің мына құрғақ сөздеріңе бола саған иман келтіріп, ата-бабаларымыздан қалған нұттардан бас тарта алмаймыз»*¹³⁹, – деді.

Осы кезде Һүд көптеген мұғжизалар көрсетіп, өзінің Аллаһ тағаланың елшісі екендігін дәлелдеді. Бірақ қалың жұрттың ішінен ешбірі «мынауың жалған» демеді. Ел билеушілердің халық алдында беделі түсіп, құрған жоспарларының быт-шыты шықты. Осыдан

¹³⁸ «Һүд» сүресі, 52

¹³⁹ «Һүд» сүресі, 53



соң олар екінші жоспарға көшіп: «Ей, Һұд! Біз саған пәлен демейміз. Сен біздің арамызда туып өскендіктен, өзінді жақсы білеміз. Бірақ қанша уақыттан бері ақылға қонбайтын нәрселер айтып, елдің басын қатырдың. Шамасы пұттардың киесі сені ұрды-ау» деп, халық оны есалаңға айналған адамға балады. Осы сәтте Һұд пайғамбар қатты ашуланып, орнынан қарғып тұрды да: «Сөзіме құлақ салыңдар. Мен кейінгі ұрпақты сендер сияқты адаспауға үндеймін. Анығында, мына мелшиген пұттарың адамға ешқандай пайда тигізбейді. Егер оларда адамды ұратын кие мен қасиет болса, қанеки онда не қарап тұрсыңдар? Сол мүсіндеріңмен қосылып маған қарсы тұрып, қолдарыңнан келгендеріңді істендер, аянбаңдар», – деп ащы шындықты дінсіз халықтың бетіне басты.

Бұл сөзі де әсер етпеген соң, ең ақырғы ескертуін айтты: *«Егер сендерге көрсеткен осы тура жолдан бет бұрып әсте түзелмейтін болсаңдар, онда сендерге не дей аламын? Мен сендерге жеткізілуі тиіс барлық жарлықтарды тұтастай жеткіздім. Бұларды қабылдамай, бұрыс жолдан тыйылмасаңдар, онда Раббым қаласа, сендерді жермен-жексен етіп, орындарыңа басқа бір қоғам жібереді. Оған ешбір кедергі де, зиян да келтіре алмайсыңдар. Сөзсіз, Раббым – әр нәрсені қорғаушы»*¹⁴⁰.

Һұдтың жаны ашып айтқан бұндай жүрекжарды сөзіне халқы бұрынғыдан бетер ашуланды: «Ей, Һұд! Сенің көздегенің ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан мұра қалған киелі пұттардан бізді бас тартқызу ма? Сол ма сенің бізге деген жақсылығың? Сен ылғи да бізді азаппен қорқыта бересің. Тіпті ел-жұрттың берекесін

¹⁴⁰ «Һұд» сүресі, 57



кетіріп, ел ішіне үрей тудырдың. Ал ендеше, қане сенің сол үрейге толы пәлекетің? Уағдаға берік екенің рас болса, сол уағдаңды орындамайсың ба? Әкел азабыңды, көрсет әуселенді!»¹⁴¹ дейді.

Ғұд пайғамбар сонда: *«Азаптың қай уақытта келетінін Аллаһ тағала ғана біледі. Бір елге азап жіберу – Оның өз міндеті. Мен өзіме не жіберілсе соны ғана сендерге жеткіземін. Бірақ мынадай нақты шындық бар. Мен сендердің надандықтан арыла алмай, қараңғылықта қалған халық екендеріңе анық көзім жетіп тұр»*. *«Ендеше көруге соншама ынтық болған азаптарыңды күтіңдер. Сөзсіз, мен де сендермен бірге күтемін»*¹⁴², – деп жауап береді.

Ол сөзін аяқтамай жатып, Хақ тағаладан азаптың қашан келетіндігі уахи етіліп, күллі мүшрік атаулы құрдымға батып, иман келтіргендердің ғана аман-сау қалатындығы білдірілді.

Осыдан соң Ғұд (а.с.) өзіне иман келтірген үмбетіне хабар салып, ертеңіне таң сәріде мүшріктерден іргесін аулақ салу үшін оларды қасына жинай бастады. Бұл қыс мезгілі болатын.

Сарсар

Ад елі таңертең тұрғанда, өз көздеріне өздері сенбей, таң-тамаша күйде тұрып қалды. Көкжиекті торлаған қою қара бұлт өздеріне қарай баяу жақындап келе жатыр екен. Халық бұны жақсылыққа балады. Тіпті бір-бірінен сүйінші сұрай жүгірді: «Мінеки, ұзақ жылдар бойы тартқан нәубет, көрген қиыншылығымыз осымен аяқталды. Әнеки, Ғұд өзіне сенгендерді елден

¹⁴¹ «Ахқаф» сүресі, 22; «Ағраф» сүресі, 70

¹⁴² «Ахқаф» сүресі, 23; «Ағраф» сүресі, 71



жырақ әкетуге қамданып жатыр. Ол алыстай бере, жұт та көзден ғайып бола бастады. Оған біз «Сені тәңірлеріміздің киесі ұрды. Тіпті сенің кесірің бізге де тиіп жатыр», – деп қанша қысым жасасақ та, «бір Жаратқанға сеніндер» деген сөзінен танбап еді», – деп өзара мәз болып, ерін-еріндеріне жұқпай Һұдты жамандай бастады¹⁴³. Олар өтіп кеткен молшылық заманын тамсана еске алып, сол бір бақытқа толы күндері көкжиекті торлап келе жатқан мына қап-қара бұлтпен бірге қайтып оралатындай, бөріктерін аспанға ата қуанысты. Бірақ Һұд (а.с.) бұлардың қастарына келіп: *«Жо-жоқ халқым! Бұл құйғытып келе жатқан бұлт емес. Ол – сендердің көптен бері асыға күткен азаптарың. Алдына келгенін жалмап, жанын қинап азаптайтын сұрапыл дауыл»*¹⁴⁴, – деді.

Бірақ олар Пайғамбардың сөзін елең құрлы көрмеді. «Дауыл» дегенге мән берген жоқ. Оны өзіне сенген үмбетімен бірге осы қаладан тезірек шығып кетуін қалады.

Алайда олардың бақыты да, асыл мұраты да көп жылдар бойы өз қастарында жүргенін сезбеді. Асылында, Һұд пайғамбар олар үшін Хақ тағала нәсіп еткен теңдесі жоқ нығмет болатын. Егер олар пайғамбардың сөзіне бірауық құлақ асқанда, Хақ тағаланың рақымы мен разылығына бөленіп, жаннатқа барар еді. Өкінішке қарай, бұлай болмады. Өйткені олар күнәға белшеден батқан, неше ғасыр өздерін жақсылыққа шақырған адамға селт етпеген безбүйрек жандар еді.

Көп өткен жоқ. Ұзақтан қою қара бұлттай болып көрінген дауыл қала шетіне де келіп жетті. Сонда ғана қаланың кәпір халқы оның өздері күткендей емес-

¹⁴³ «Һұд» сүресі, 52

¹⁴⁴ «Ахкаф» сүресі, 24



тігін аңғарды. Дауыл жақындай бере беттерін леп шарпығанда демдері шықпай, өңештерінен зәр кеткендей болды. Теңселіп, бастары дыңылдап, буындары құрып есеңгірей бастады. Олар сонда ғана пұттардың шарапаты деп ойлаған нәрселері Хақ тағаланың жіберген қарғысы екенін бір-ақ білді. Жүздеріндегі қуаныш қайғыға айналып, өн бойларын үрей биледі. Жүректері ауыздарына тығылды. Жайшылықта пұттардан тілейтін олар дәл осы сәтте пұттарды ұмытып, боз інгендей боздап сала берді. Кеше ғана: «Бұл жалғанда бізден күшті кім бар? Қане, көрсет азабыңды!» – деп дүниені жалпағынан басқандар енді кірерге тесік таппай жан-жаққа тарыдай бытырады.

Осы кезде Ғұд пайғамбар (а.с.) өз үмбетін ертіп, елден оңашаланып, ғаламзаттың Раббысына қол жайып, жалбарынып тұрды. Кейбір деректе ол өзі мен үмбетінің жиналып тұрған жерінің айналасына дөңгелек шеңбер сызғандығын және осы сызықтан дауылдың болмашы лебі де кірмегені айтылады.

Алыстан қаланың астаң-кестеңі шыға қираған дауысы естіліп жатты. Дауыл шағыл құмдарды сыпырып әкеп қаланың төбесінен шашып жібергенде, қала халқының көздерін ашуға мұршасы келмей қалды. Әуел баста майда тастарды ұшырған дауыл бірте-бірте ұсақ-ірісі аралас ірі тастарды ұшырды. Алып бәйтеректерді түп тамырымен қопарып, үйлердің шатырын қидай сыпырды. Артынша қабырғаларын қиратты. Құранның сөзімен айтқанда, бұл дауыл адам болсын, зат болсын, көлденең келгеннің барлығын талқандап шіріген сүйекке, ұсақ бөлшекке айналдырып тып-типыл етіп жатты¹⁴⁵. Задында, Ғұд та келетін осы азапты түсіндіргенде: «*Раббының әмірімен барлық нәрсені*

¹⁴⁵ «Зарият» сүресі, 41-42



жермен-жексен ететін жел»¹⁴⁶ деп айтқан еді. Бірақ оның сөзін елеген жан болмады.

Аллаһ тағаланың «Сарсар» деп аталған осы сұрапыл дауылы қала үстінде сегіз күн, жеті түн тоқтаусыз соғып, сегізінші күні кешке қарай бірде-бір адамды тірі қалдырмай тып-типыл етіп, сүйектерін көтеріп алып теңізге тастайды. Құран осы азапты күндерді «Жайсыз күндер» деп атаған¹⁴⁷.

Кейбір деректе Һұд осы оқиғадан кейін өзіне иман келтірген үмбетімен Меккеге келіп орналасады. Ізінен ерген халық саны төрт мыңдай еді. Ал кейбір деректерде Ахқафқа жақын Хадрамут деген жерге қоныс аударып, көз жұмғанша сол жерде тұрады. Али (р.а.) арқылы жеткен бір хабарда оның қабірі сол жердегі бір қызыл төбенің басында болғандығы және басында жаңғақ ағашының өсіп тұрғаны айтылады.

Палестиналықтар Һұдты өздері тұрған жерде жерленді деп ойлайды. Олар сол маңайдағы бір қабірді сонікі деп санап, сол жерге зиярат жасайды.

Әр пайғамбар тәухид негізінде халықты имандылыққа шақырады. Бірақ ешкімді бұған мәжбүрлемейді. Әйтпеген жағдайда адамға жеке ықтияр, дербес таңдау, ерік берілмеген болар еді. Сол себепті әрбір елге пайғамбар келгенде, оның жолымен жүріп, ізінен ергісі келмегендер пәлекетті Аллаһ тағаладан өздері тілеп алады.

Ендеше өзге пайғамбарлар секілді Һұд пайғамбар да өзіне берілген міндетті толығымен атқарды. Жермен-жексен болған халқының ақыретте айтар дауы қалмады.

¹⁴⁶ «Ахқаф» сүресі, 25

¹⁴⁷ «Фуссилат» сүресі, 16

САЛИХ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Адасқан Самуд елі

Һұдқа (а.с.) иман келтірген Ад елі өсіп-өніп, олар тайпа, руға бөлініп шартарапқа жайылды. Солардың бірі – Самуд елі еді. Кейбір деректерде Самуд Нұх пайғамбардың Сам деген баласының ұрпағы болып саналады. Самудтан тараған ұрпақ әуелі ру болып, өз алдына Хижаз бен Шам арасындағы «Уәдил-кура» деп аталатын аймақтың «Хижр» деген өңіріне орналасты. Кейіннен осы ру бірте-бірте еңсесі биік елге айналды.

Бұл ел кейіннен өз ішінде тоғыз руға бөлінді. Олардың басшылары өз араларында келісіп алқа тобын құрды. Алайда өздерінің ғана жағдайын көбірек күйттеген олар кейіннен ел арасында түрлі бүліктер шығара бастады.

Адасқан ел көп ұзамай ағаштан, тастан жасалған пұттарға табыну әдетіне қайта бастады. Бірте-бірте Аллаһ тағалаға да, ақыретке де сенбей, дүниеде мәңгі жасайтын адамдарша қарекет етіп, мына жалғанның қызығына берілді. Жаз жайлауға әсем жаздық үйлер жасап, өмірдің қызығына батса, қыста тауға көшіп барып, тауларды үңгіп үй жасап, сол жерде қыстайтын болды. «Хижр» сүресінде *«Олар таулардан берік үйлер үңгіп алатын еді»*¹⁴⁸ деп, Самуд халқының тұрмысынан хабар берілген.

¹⁴⁸ «Хижр» сүресі, 82



Салихқа пайғамбарлықтың берілуі

Салихтың әкесі халық арасында беделді Удәйд деген кісі болатын. Осы кісінің шаңырағында бір күні дүниеге шыр етіп сәби келді. Туыстары мен замандастары «өзіңе тартып халықтың қалаулысы, елдің елеулісі болсын» деп тілек білдірді. Бұл Салих пайғамбар еді. Ел-жұрт оған қызыға қарап «сүйкімді бала» деп атады. Халық әу бастан-ақ парасаттылығын байқап «бұл бала тегін емес, бойында бір қасиеттің бары анық» деп, бір-бірлеріне қарап бас шұлғысатын. Алайда халық бұл баланың бір қылығын түсіне алмайтын. Ол кіп-кішкентай бола тұра, әсте бұлардың кие тұтып, тәңір еткен пұттарына табынбайтын. Табыну былай тұрсын сол маңайға бір мәрте болса да маңайлап бармайтын да. Дегенмен олар: «Әлі бала ғой. Өскен соң пұттардың қасиетін түсінер», – дейтін де қоятын.

Салих ат жалын тартып міне бастаған шағынан бастап, әділдігімен, ізгі қасиеттерімен ел көзіне түсіп жүрді. Оның жүріс-тұрысы, халықпен қарым-қатынасы, көркем мінез-құлқы ел ішінде аңыз боп тарады. Салиқалығымен танылған Салихтың аты да затына сай болатын. Өйткені қашанда әлсіздерге болысып, жарлыларға жәрдем етуден аянбайтын.

Салих жігіт болып есейе бастағанда, халықтың азғындығы тым шектен асып еді. Бір күні Салихқа Жәбірейіл періште арқылы Хақ тағаладан аян келіп, пайғамбарлық міндет жүктелді. Мұндай нар көтермес ауыр жүкті тек пайғамбарлар ғана арқалай алатын. Өйткені сан жылдар бойы пұттарға табынып азғындаған бір елдің бүкіл наным-сенімін іске алғысыз ету, саналарына сіңіп қалған кесірліктен бірден ажыратып тәухидті сіңіру оңай емес еді. Өйткені Салихтың жұрты



да Ад елі сияқты пұтқа табынған қыңыр жандар болатын. Сол себепті бұл ел «екінші Ад елі» деп аталған. Аллаһ тағала Құранда бұл елді «Асхабул-хижр»¹⁴⁹ (Тас иелері) деп атаған. Өйткені бұлар тас қашаудың әлемде теңдесі жоқ шеберлері болған. Өздері де тастай берік әрі күшті ел еді. Тастан түйін түйе нәтижесінде мүсін жасап соған табынуды шығарған. Олардың тасқа табынуы екі нәрседен туындаған болуы мүмкін. Әуелі, олар тауды ойып үйлер жасағандықтан, тастың соншалықты беріктігі мен күштілігін байқап, ақырында оны «күдіретті күш» деп ойлаған болуы бек мүмкін. Ақырғысы, сол қара тастарды ойып жасаған өздерінің дарындылығы мен шеберлігіне тәнті болып, қашап жасаған мүсіндеріне табынған да шығар.

Салих (а.с.) осындай елге пайғамбар болып келді. Ол дереу халқын ақиқатқа шақыра бастады: *«Уа, халқым! Аллаһ тағалаға құлшылық қылыңдар! Одан басқа ешбір тәңір жоқ. Ол сендерді топырақтан жаратып әрі сонда өмір сүргізді. Ендеше, сол Жаратқаннан қолдарыңды жайып жалынып, жарылқау тілеңдер. Һәм тәубе етіңдер. Сөзсіз, Ол құлдарына өте жақын, олардың тілеген тілектеріне сөзсіз жауап береді»*¹⁵⁰, – дейді.

Салих (а.с.) адамның топырақтан жаратылғанын түсіндіріп, бұған қисынды дәлелдер келтіріп бақты. Жерді Аллаһ тағаланың адамзаттың игілігіне бергенін айтты. Ал ел табынып кеткен пұттардың топырақтан жасалғанын, олардың құдай бола алмайтынын түсіндірді. «Жер мен адамды кім жаратса, Иесі де сол болмақ.

¹⁴⁹ «Хижр» сүресі, 80

¹⁵⁰ «Һуд» сүресі, 61



Адам да, пұт та топырақтан жасала тұра, қалайша пұт адамға құдай болмақ?!» – деп ойға шақырды.

Қолдан жасалған пұттардың тәңір бола алмайтындығын айтып, Салих (а.с.) халықты тәубе етуге, Хақтан кешірім тілеуге үндеді. Адам баласы пенде болған соң қателеспей тұра алмайды. Бұл – оның жаратылысында бар нәрсе. Алайда тура жол анықталған кезде дереу тәубе етіп қателігін түзете білу нағыз ерлердің ісі екендігін айтты. Алайда халқы оның сөздеріне құлақ аспады. Олар: «Ей, Салих! Сен осы күнге дейін арамыздағы үлкен үміт күтіп жүрген адамдардың бірі едің. Аяқ астынан басыңа не күн туды, бізге ата-бабаларымыз табынып келген құдайларға табынба дегенің не? Расын айтсақ, біз сенің мына жаңа сеніміңе күдікпен қараймыз», – дейді.

Иә, Самуд халқы Салихтан мұндайды күтпеп еді. Олар оны «өскенде ел басқаратын көсем яки қара қылды қақ жарған әділ би, дауға түсер шешен» болады деп үлкен үміт артатын. Бірақ оның жаңа сенімге, жаңа дінге шақырғанын түсіне алмады. Тіпті бұл жолда құрбан болуға әзір екендігі, қандай жағдайда да бас тартпайтын ниетін білген сайын, шошына бастады. Салих пайғамбар сол елдегі ақсүйек отбасынан шыққан адам еді. Әкесі, туыстары лауазымды адамдар болатын. Сол себепті де Самуд халқы ә дегеннен оған озбырлық көрсетіп, қастық жасай алмады.

Олар кейде Салихтың осы қылығын сан-саққа жорыды. Бірі: «Е-е, оның мақсаты – бізді алдап-арбап дүниеге қол жеткізу» десе енді бірі сөзін бөліп: «Жо-жоқ, Салихқа дүние, байлық қажет емес. Онсыз да оның дүниесі көл-көсір. Шамасы, ол елдің билігін көксеп жүр», – десе, тағы бірі бұған да қосылмай:



«Оған дүние де билік та қажет емес. Бар болғаны есінен ауысқан. Айтып жүрген сандырақтары осының айғағы», – деп соқты.

Салих пайғамбар елдің жел сөздеріне көңіл аудармай, өз міндетін жалғастыра берді. Осы аралықта да Самуд халқы тіптен байи түсіп, қатігездік пен бүліктің шырқау шегіне жетіп қалған еді.

Салих (а.с.) оларға: *«Уа, халқым! Сендер мына қызығын көрген жұмаққа ұқсас бақтар мен бау-бақшалар, мөлдіреп аққан сарқырамалар, сабағы майыса жайқалған егіндер осылай мәңгі-бақи құлтырып тұра береді, біз осының қызығын мәңгі көре береміз деп ойлайсыңдар ма?»*¹⁵¹ «Араларында ықылымнан бері өлмей өмір сүріп келе жатқан бір тірі жан бар ма? Кешегі өткен заманда таудан қашап жасаған мына үйлердің иелері өлмесе бүгін қайда кетті? Олар да бір кездері сендер сияқты мәңгі өмір сүретіндей, дүниені жалпағынан басып жүрген болатын. Ал бүгін олар қайда? Иә, бәрі де тынысы біткен кезде өзі жаралған топырағына көмілді де кетті», – деді.

Қуаңшылық

Салих (а.с.) пайғамбардың сөзін әсіресе ел билеуші көсемдер мен байлар місе тұтпады. Олар әрқашан малы мен жаны аман тұрарына бек сенді. Пайғамбардың сөзіне құлақ аспады. Сол себепті Хақ тағала оларға ескерту ретінде қуаңшылық жіберді. Масындай құлпырған жайлауы көп ұзамай соры шыққан тақырға айналды. Бір ғана құдықтан басқа бүкіл құдық атаулының суы тартылды. Елдің күні жалғыз құдыққа ғана қарап қалды. Таң атқаннан кеш батқанша бүкіл

¹⁵¹ «Шұғара» сүресі, 146



халық сол құдықтың басында үймелеумен әбігерге түсті. Бұны көріп халықтан тәубаға келгендер Салих пайғамбардың айтқандарын тыңдай бастады. Бірақ бұл жағдай мүшрік билеушілерге ұнамады. Олар бір күні келісіп, Пайғамбарды халық арасында мүдіртуге ниеттенді. Ақиқаттың жаршысы – Салих бірде қалың нөпір халықтың арасында тұрып дін уағыздап, оларды ақиқатқа шақырып тұрған шақта әлгі мүшріктер келіп: «Ей, Салих! Біз сені жақсы танимыз. Көз алдымызда дүниеге келдің. Тэй-тэй басқаның, ойын баласы кездерің де есте. Есейгенде елдің арқа сүйер азаматы болар деген едік. Алайда сенің мына теріс қылығыңа жол болсын?! Біз білетін Салих ата-бабаларымыз құрметтеп өткен пұттарға тіл тигізіп, олардан бас тартуы мүмкін емес. Шамасы, дуаланып қалған секілдісің. Өйткені не айтып жүргеніңді өзің де білмейтіндейсің. Өзімізбен қатар жүрген адам бізге қалай пайғамбар болмақ? Егер айтқандарым ақиқат десең, мына таудағы әне бір тік жартастан ішінде он айлық ботасы бар, буаз қызыл інгенді шығаршы қанекей. Соны көрейік те айтқаныңа көніп, айдағаныңа жүрейік. Нәм ол аузына көк шөпті шайнап шықсын. Бұл түйеге сырттай қарағанда өзге түйелерден айырмашылығы болмасын. Құдықтан тұптура бір күн су ішсін. Су ішкенде құдықты сарқып ішсін. Сол күні бүкіл жұрттың түйелерінің сүтіндей сүт берсін» дейді.

Салих (а.с.) олардың бұл ұсынысына ешқандай абыржыған да, қысылған да жоқ. Өйткені ол қысылған сәтте әрқашан өзіне Хақ тағаланың көмектесетініне, қиыншылықтардан құтқаратынына күмәнсіз сенетін. Қашан да Раббысына бек тәуәкел еткен жан еді. Салих пайғамбар оларға: «Мен бұл тілектеріңді орындасам,



сендер иманға келесіндер ме?» – деп сұрады. Сол жердегі дүйім жұрт бәрі бірауыздан шуылдасып: «Егер осыны орындап мұғжиза көрсетсең, біз саған иман келтіреміз. Содан кейін бізде ешқандай күмән да, күдік те қалмайды», – деді. Салих пайғамбар мұғжиза болып келген түйеге халық залал келтіріп жүрмес пе екен деген уайым кешкен еді. Олар тағы да жамырап: «Жо-жоқ, киелі түйені өлтіргені несі? Оған біздің дәтіміз қалай шыдайды, қолымыз қалай барады. Оны өлтірмейміз, қайта кие тұтамыз!» – деп ант-су ішті. Олардың бәрі осылай шуылдасып тұрғанда, іштерінен: «Е-е жартасты жарып шығатын қайдағы түйе? «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген, міне, осы!» – деп жымысқылана күліп тұрды.

Киелі түйе

Салих (а.с.) өзіне сенген мұсылмандарды ертіп тік жартастың жанына келді. Хақ пайғамбар қолын жайып дұға ете бастады. Әр дұғасына артында тұрған мұсылмандар «әмин» деп тұрды. Бір кезде жартас қақ айырылды да, ішінен аузына көк шөп тістеген бір түйе пыға келді. Шығысымен, толғақ қысып, бір бота туды. Одан соң тіке құдықтың басына барып, ондағы судың бәрін ішіп тауысты.

Осыны көрген Самудтың кәпір халқы не істерін білмей қатты састы. Уәжге жығылып, уағдасын өтей алмай, құты қашты. Мұсылмандар болса имандары бұрынғыдан бетер арта түсіп, сәждеге жығылып, жапатармағай Аллаһты ұлықтай бастады. Мұсылмандар жағы ел арасында кедей, қауқарсыз, көп ішінде қораш саналған жандар еді. Десе де олар Жаратқанның алдында «Салих пайғамбардың сенімді серіктері» атанатыны



анық. Қиямет орнап, мақшар күні құрылғанда, Хақ тағала оларды мақшар халқына «абыройлы адамдар» деп танытпақ-ты.

Самуд халқының кәпірлері болса, олардың жандарына келіп, иман келтіргендері үшін бейшара, адасқан, ақымақ санап: «Сендер Салихтың Жаратушы жіберген елші екеніне нық сенімдісіңдер ме? Расында, оның айтқандарының, көрсеткендерінің бәріне сенесіңдер ме?» – деп сұрады. Мұсылмандар Пайғамбардың сөзіне де, ісіне де, көрсеткен мұғжизасына да тұтастай сенетіндіктерін анық білдіріп, қажет болса, жолында жандарын құрбан етуге әзір екендіктерін аңғартты. Кәпірлер: *«Біз болсақ сендердің сенгендеріңді жоққа шығарып күпірлік етеміз»* деп, өздерінің қасарысқан кәпір екендігін паш етті¹⁵².

Көп өтпей ес жиған Самудтың мүшрік халқы өзара күбірлесіп, ақырында Пайғамбарға қарап: «Салих, біз сені басқа біреу дуалаған екен деп жүрсек, нағыз дуалаушы, сиқыршы өзің екенсің ғой», – деп килікті.

Салих пайғамбар жиналған Самуд халқына қарап: *«Уа, халқым! Мынау – Хақ тағаланың аруанасы. Бұл – сендерге берілген мұғжиза. Бұған әсте тиісіп, қол жұмсаушы болмаңдар. Аллаһ тағаланың қалаған жерінде жайылсын. Оған қандай да бір жамандық жасап, залал келтіретін болсаңдар, көп ұзамай азапқа ұшырайсыңдар»*¹⁵³, – деп қатаң ескерту жасады. Ол әрі қарай сөзін жалғап: *«Уа, халқым! Мына аруанаға мұқият болыңдар! Су кезегі бір күн онікі бір күн сендердікі. Қайталап айтамын. Оған килігіп жамандық жасап жүрмеңдер. Онда сендер ұлы күннің апатына*

¹⁵² «Ағраф» сүресі, 75-76

¹⁵³ «Һұд» сүресі, 64



ұшырайсыңдар» дейді. Ол осыдан кейін халыққа насихат айтып: «*Уа, халқым! Ад елінен кейін сендерді олардың избасары етіп жер бетіне орналастырғанын еске алыңдар. Ойпаттарда сарайлар салып, тауларды үңгіп үйлер қазатын едіңдер. Олай болса, Хақ тағаланың нығметтерін еске алыңдар. Жер бетінде бүлік шығарып, шектен шығып асып-таспаңдар!*»¹⁵⁴ – деп сөзін тамамдады.

Салих (р.а.) аруананы «Аллаһтың түйесі» деп атайды. Оның себебі, аруана сырттай қарағанда ешбір түйеден айырмашылығы жоқ секілді көрінгенмен, бір құдықтың суын бір өзі тауысатын еді. Және халық оны алғаш сауған кезде, қатты таңырқап не істерін білмей састы. Өйткені аруананың желінінен бұлақтай аққан сүт елге түгел жетті.

Бұл түйе кәдімгі түйеден еш аумағанымен, таңғаларлығы, мұны көрген жерден Самуд елінің түйелері тым-тырақай үркіп қашты. Самуд халқының су алу кезегі бір күнге қысқарғандықтан, түн баласы көз ілмей ертеңгі күннің суын тасумен әбігерленді. Сол себепті уақыт өте келе, олар бұл түйеден мезі бола бастады.

Ақырында, мүшріктердің басшылары жиналып, халықты түйені өлтіруге үгіттеді. Олар былай дейді: «Қашанғы бұлай өмір сүре бермекпіз? Мына түйе елдің берекесін қашырып бітті. Өмірімізді осылайша қиыншылықпен өткізе бермекпіз бе? Бұл пәлекет тұрғанда, бізге күн жоқ. Оның көзін тезірек құртып тыну керек». Осылайша түйені өлтіруге халықты ақыры көндірді.

¹⁵⁴ «Ағраф» сүресі, 74



Бірақ түйені өлтіруге ешкімнің батылы бармады. Бір кезде Қаддар деген біреу сегіз мас адамды бастап апарып түйені жайғастырмақшы болды.

Бір күні Салих (а.с.) халықты әдеттегідей дінге шақырып тұрғанда, мүшріктердің басшылары келіп оны айнала қоршап, келемеж ете бастады. Сол сәтте түйе құдықтан су ішіп тұрған болатын. Олар түйені көрсетіп: «Мына түйені өлтірсек, басымызға пәле келіп, жермен-жексен болады екенбіз. Ал ендеше түйені өлтірейік те әуселеңді көрейік», – деді де арнайы топқа ишарат етті. Олар дереу жабылып жүріп түйені жерге құлатты да сойып тастады. Етін жілік-жіліктеп өздері бөліп алды. Сосын Салихқа бұрылып: «Ал, Салих! Киелі деген түйенді өлтіріп тастадық. Егер пайғамбарлығың рас болса, айтып жүрген азабыңды көрсет»¹⁵⁵, – деді.

Хақ пайғамбар азғын топқа қарап:

Уа, халқым! Сендер не істедіндер? Өздеріңе сынаққа келген түйені сойып тастағандарың не? Осы күнге дейін жасаған күнәларың аз болғандай күнә үстіне күнәні жамағандарың қалай? Әлде азапты тезірек көруге асығып тұрсындар ма? Тәубаға келіп, Хақ тағаладан кешірім сұрасандар, әлі де кеш емес, күнәларың кешіріледі», – деп, тәубаға келуге шақырды¹⁵⁶. Олар:

Ей, Салих! Сен бізге пәле болып жабыстың. Өйткені сен осы дінді шығарғалы, елдің берекесі қашты. Басымыздан пәле арылмады. Ендеше, мұның бәрі сенің кесіріңнен. Өйткені сенен бұрынғы өміріміз тып-тыныш еді¹⁵⁷, – деп бар кінәні соған артты. Салих пайғамбар:

¹⁵⁵ «Ағраф» сүресі, 77

¹⁵⁶ «Нәмл» сүресі, 46

¹⁵⁷ «Нәмл» сүресі, 47



Уа, халқым! Бар кесапаттарың Хақ тағалаға аян. Ол сендерге көптеген сынақтар берді. Сендер жақсылықпен де, жамандықпен де, абыроймен де, жоқшылықпен де сыналдыңдар. Бірақ осының бәрі не үшін екенін аңғара алмадыңдар. Хақтағаласендерге шарапатын төгіп, осыншама жақсылық бергенде, шүкіршілік ете алмадыңдар. Хақ тағала сендерге небір пәлекеттерді жаудырғанда, тағат тауып сабыр сақтай алмадыңдар. Түйені бауыздап тастаған соң, әлі де тәубеге келуге мүмкіндік бар еді. Амал нешік! Оны да жіберіп алдыңдар. Бұдан соң сендерге рақым жоқ. Бұндай кеселдеріңнің, сірә енді, емі табыла қоймас. Сендер енді үш күн күтіндер. Алғашқы күні беттерің сарғаяды. Екінші күні қызарады. Ақырғы күні қараяды. Төртінші күні қандалаша қадалған азап сендерді бидайдай қуырып жер бетінен жоқ қылады, — деп ақырғы сөзін ашынып тұрып айтты.

Мүшріктердің басшылары бұл сөзді де қаперлеріне алмай, әуелі Салихтың өзін, одан соң отбасын, артынша мұсылмандарды түгел қырып тастауды жоспарлады. Олар осындай шешімге келіп ант-су ішісті¹⁵⁸.

Құранда «Шәмс» сүресінің 14-аятында *«Бірақ, олар Салихтың сөзін тыңдамай, түйені өлтіріп тастады»* деп айтылады. Яғни олар пайғамбарларының дегеніне құлақ аспады. Күндіз-түні араларында жүріп, насихат айтқанмен, халқы тым құрыса бір рет: «осының айтқаны дұрыс болып шықса, жағдайымыз не болмақ?» деп ойланып та көрмеді. Қайта аталмыш аяттағы «ақара» сөзі бір малды құлатып, аяқтарын байлап, бауыздап тастау деген мағынаға келеді. Ендеше олар жазықсыз түйені ұрып қана қойған жоқ, жерге жығып, байлап бауыздап

¹⁵⁸ «Нәмл» сүресі, 49-50



өлтiредi. Бұл iс-әрекеттерi олардың азғындықтарының ең шектен шыққан түрi едi.

«Сонда Раббылары оларға қылмыстарының салдарынан апат жіберіп, түгелдей жермен-жексен етті». «Хижр» сүресінде: «Сонда оларды ащы дауыс бүріп әкетті»¹⁵⁹, – деп айтылғандай, Самуд халқының үстіне ауыр азап найзағайдай жарқ етіп түсіп, бәрін бір сәтте жермен-жексен етіп, жер бетінен жоқ қылды¹⁶⁰. Көп жылдар, бәлкім, ғасырлар бойы ғұмыр кешіп келе жатқан қоғам бір сәтте жер бетінен жоғалып, Самуд халқы бұрын-соңды өмір сүрмегендей ізі ғайып болды. Иә, Хақ тағаланың қаһарына ұшыраған ел, не жеке тұлғаның ажалы осылай болмақ. Өйткені, олар киелі түйені бауыздағанындай өз тағдырларын өздері шешкен еді. Аллаһ тағаланың ашуына тиген елдің ажалы кейде су тасқыны, кейде жерден шыққан от, енді бірде зілзала, тағы басқа біз білмейтін орасан пәлекеттер арқылы көрініс табады. Міне, Самуд халқы да ащы дауыс арқылы бізге беймәлім бір пәлекетке тап келіп, тауды ойып салған үйлерімен қоса түгелдей тып-типыл болды. Аллаһ тағаланың түйені жартастан шығарып, күллі құдықтың суын бір өзіне ішкізіп көрсеткен мұғжизасында құдіретінің шексіздігін түсінер деген ғибрат жатыр еді. Өйткені, олардың өмірі тау-таспен тығыз байланысты еді. Олар сол тауларды бұзып сарайлар тұрғызып, өмір сүрген. Ал тасты ойып үй салу деген – екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн iс. Олар тас дегеннiң не нәрсе екендiгiн жақсы бiлетiн. Бұған қоса

¹⁵⁹ «Хижр» сүресі, 83

¹⁶⁰ Тәфсирул-Бағауи. 8-том, 440-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахман, 5-том, 407-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 649-бет



түйе олардың малының төресі, яғни, тіршілік көзі еді. Аллаһ тағала олардың ең қатты деген жартасын жарып, түйе яғни, жанды нәрсені жаратып көз алдарына қойды. Аллаһ тағаланың құдіретімен жартас екеш жартас та қақ айырылып, қақпадай ашылады. Ендеше ең қатты нәрседен ең жұмсақ тіршілікті жаратқан Құдайдың бұл құдіреті олардың көкірек көздерін ашуға жетпей ме? Бірақ олардың жүректері сол жартастан да қатты болып шықты. Хакім Абайдың «Жартасқа бардым, күнде айқай салдым» дегеніндей, Аллаһ тағаланың құдіреттілігіне жартас тағзым етіп, қақ айырылғанмен олардың тас жүрегі міз бақпай қойды.

Самуд халқының тағдыры

Салих пайғамбардың айтқаны айдай келіп, алғашқы күні-ақ кәпір халықтың беттерінде азаптың сарғайған белгісі көріне бастады. Самуд халқы бәрінің беттері бір түнде сап-сары болып кеткенін көріп, «әлгі Салихтың сандырағы шынымен келіп жүрмесін» деп, бір-бірлерінің жүзіне абыржыған түрде жалтақтай қарады. Екінші күні ұйқыдан оянғанда, беттерінің қызарып кеткенін көріп, үрейлене бастады. Үшінші күні тұтас елдің беттері қап-қара болып түтігіп кетті. Салихтың айтқаны шынға айналды деп, естері кете сасқалақтады. Сосын Салихтың (а.с.) көзін жоймақшы болған әлгі топ түн жамыла оның үйіне басып кіргенде, үйінің қаңырап бос тұрғанын көреді. Бастары қатып діңкелері әбден құрыды. Мұның алдында ғана Аллаһ тағала Жәбірейіл арқылы хабар жеткізіп, Салих пайғамбар (а.с.) мен үмбетін қаладан шығарып жіберген болатын.

Ертесі күні қала халқы естерін жинай алмай улап-шулап жатқанда, көктен жан түршігерлік қорқынышты



дауыс естіліп, Самуд халқын жермен-жексен етіп, қаланың астаң-кестенін шығарды¹⁶¹.

Апаттың түйені өлтірген соң бірден келмей үш күннен соң келуі де Хақ тағаланың оларға деген рақымы еді. Өйткені олар осы үш күн ішінде әлі де тәубаға келіп, иман келтіргенде, Жүніс пайғамбардың халқы секілді құтылар ма еді. Бірақ олар қанша үрейленсе де бойларындағы шайтандары мен мұздай жүректері тәубаға келтірмеді.

Қала тып-типыл болып күлі көкке ұшқан кезде, Салих пайғамбар (а.с.) үмбетін ертіп, сол бір қиян-кескі көрініске ғибратпен қарады. Ол жермен-жексен болған халыққа қарап: «Уа, халқым! Сендерден ешбір ақы сұрамай тек қана Раббымның хабарын жеткіздім. Сендер осындай халге душар болмасын деп, бүкіл ғұмырымды арнап, жанымды бәйгеге тіге сан-мәрте насихат айттым. Бірақ сендер сөзіме бір сәт болса да құлақ аспадыңдар. Мінеки, істің ақыры осындай адам айтқысыз қасіретпен аяқталды»¹⁶², – дейді.

Бұл кезде Самудтың кәпір халқы әлдеқашан өте аянышты күйде жер құшқан болатын. Бірақ олар бақида тұрып Пайғамбардың сөзін естіді.

«Әнбия» сүресінде айтылғандай, тарихта ешбір пайғамбар қайта айналып кеп өз елі жермен-жексен болған өңірде өмір сүрмеген.

Абдуллаһ ибн Омардың бізге жеткізген бір хадисінде Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә салләм) Тәбук ғазнауатында Самуд халқының жермен-жексен болған өңірде қонақтағаны айтылады. Сонда ол сахабалары-

¹⁶¹ «Һұд» сүресі, 68; «Қамар» сүресі, 31

¹⁶² «Ағраф» сүресі, 79



на бұл жердің құдығынан бір тамшы су татып алмауды бұйырады. Сахабалар:

Пайғамбарым! Біз осы құдықтың суынан қамыр илеп қойдық, ыдыстарымызды да толтырып алдық, – дейді. Аллаһ елшісі:

– Олай болса, қамырды түгелдей лақтырыңдар, ыдыстарыңдағы суды да төгіп тастандар, – деп бұйрық берді.

Кейбір деректерге қарағанда, Салих пайғамбар Самуд халқының өлімінен кейін үмбетімен бірге жиырма жылдай өмір сүріп, жүз елу сегіз жасында ақыретке көшіп, Аллаһ тағаланың рақымына бөленеді.



ИБРАҒИМ (А.С.) ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛДАРЫ ИСМАЙЫЛ МЕН ЫСҚАҚ (А.С.)

Кейбір деректерде Ибраһим пайғамбар Евфрат өзеніне жақын жердегі Бабыл қаласында дүниеге келген. Ибраһим (а.с.) – әйгілі бес ірі пайғамбардың бірі. Һәм пайғамбарлардың атасы. Осы пайғамбарлардың ішінде үш үлкен пайғамбар бар. Оның ақырғысы – хазірет Мұхаммед пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм).

Аллаһ тағала «Мәриям» сүресінде ол жайлы «*Кітапта Ибраһимді есіңе ал! Ол шыншыл пайғамбар еді*»¹⁶³, – дейді.

Хақ тағала Ибраһим пайғамбарға (а.с.) көптеген ерекшеліктерді нәсіп етті. Атап айтқанда, көптеген пайғамбарлардың атасы, тақуалардың имамы, елшілердің құрмет тұтар ұстазы болды. Аллаһ тағала оны елші мен хабаршы пайғамбарлардың арасынан таңдады. Оған «Халилур-Рахман» (Аллаһтың досы) деген ерекше мәртебе берді. Құранда: «*Оған Ысхақты, Жақыпты бердік және оның ұрпақтарына кітап, пайғамбарлықты нәсіп еттік. Һәм өзіне дүние сыйлығын бердік. Әрі ол ақыретте де салиқалы жандардың бірі болады*»¹⁶⁴, – дейді.

Ибраһимнің (а.с.) мұншама қадірлі болуының өзіндік мәні бар. Мұхаммед пайғамбарымыз (саллаллаһу

¹⁶³ «Мәриям» сүресі, 41

¹⁶⁴ «Анкабут» сүресі, 27

аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде: «*Сынақтың ең ауырына алдымен пайғамбарлар ұшырайды*»¹⁶⁵, – дейді. Ал Ибраһим (а.с.) ең үлкен пайғамбар және пайғамбарлардың атасы болғандықтан, оған келген сынақты заңғар таулар да көтере алмайтындай ауыр еді. Ол өз өмірінде көптеген қиыншылықтарға душар болды. Бірақ осының бәріне сабырлық сақтай білді. Осалдыққа берілмеді. Өмірдегі ең үлкен сынағының бірі баласы Исмайылды құрбандыққа шалу жөніндегі аян еді. Ол осы сынақтан да сүрінбей өтіп, Раббысының құзырына шынайы құлшылығы мен асқан мойынсұнғыштығын, иманының беріктігін көрсетті. Сол себепті Құранда: «*Шындығында, Ибраһим шынайы жүрек, тұнған тәухид сенімімен Аллаһ тағалаға бас иген жалғыз өзі бір үмбет, халық еді. Ол ешқашан мүширіктердің бірі болмады*»¹⁶⁶, – дейді.

Иә, Хақ тағаланың оған мұншалықты баға беруі жайдан-жай емес. Ол – пайғамбарлардың әкесі, тақуалардың имамы, иманның рәмізі, сыналғанда сабыр еткен, жеңгенде шүкір еткен, Жаратқанға жақын құл еді. Сондықтан Құранда: «*Аллаһ тағала Ибраһимді дос тұтты*»¹⁶⁷, – деп оның ұлы Жаратушыға жақындығы айтылады.

Бабыл халқы

Ибраһим пайғамбардың елі үш түрлі пұтқа табынатын. Біріншісі сол елдің патшасы – Нәмрұд еді. Ол өзін тәңір санаған қатігез адам болатын. Байлығы мен малының қисабы жоқ-ты. Халық қуаңшылыққа

¹⁶⁵ Тирмизи, Зухд, 56; Ибн Мажә, Фитән, 23

¹⁶⁶ «Нахл» сүресі, 120

¹⁶⁷ «Ниса» сүресі, 125

ұшырап, оларға азық-түлік таратар кезде, алдымен «сен біздің тәңірімізсін» деген сөзді міндетті түрде айтқызатын. Задында, оның өзін «тәңір» санауының себебі, Жаратқанның берген байлығын көтере алмағандығынан еді.

Екіншісі – көктегі жұлдыздарға, ай мен күнге табынатын.

Үшіншісі – жердегі өздері қолдан жасап алған жансыз пұттарға табынатын. Тіпті кейбір деректерде көктегі әрбір жұлдыз үшін бір пұт жасап, бұл пұттар көктегі жұлдыз-тәңірлеріне баланып, олардан шапағат күтетін.

Міне, Ибраһим (а.с.) олардың осы үш түрлі пұттары жайлы Құранда үш жерде қисынды дәлелдер келтіріп, олардың қауқары жоқ түкке тұрғысыз екендігін айғақтап береді¹⁶⁸.

Ибраһимнің (а.с.) дүниеге келуі

Ибраһим (а.с.) дүниеге келместен бұрын, Нәмрұдқа сәуегейлер мен жұлдызға қарап бал ашатындар келіп: «Патшамыз! Жұлдыздарға қарасақ, осы жылы бір күтпеген оқиға болайын деп тұр. Осы бір жыл ішінде сенің елінде бір бала дүниеге келеді. Ол бала халықтың дінін өзгертеді. Өзгертіп қана қоймай, сенің патшалығыңды да жермен-жексен етеді. Бірақ ол баланың кімнің отбасынан шығатынын білмейміз. Сондықтан осы жылы туатын барлық ұл балаларды өлтіруге жарлық бер!» – дейді.

Өз сәуегейлеріне мүлтіксіз сенетін, әрі тікелей өз басына қатысты мәселе болғандықтан, Нәмрұд дереу

¹⁶⁸ Афиф Абдулфаттах Таббара. Маал-энбия фил-Қуран. 108-115 беттер

әр үйге бір күзетші қойып, ұл бала туылса, өлтіріп тастауға бұйрық берді.

Бұл маңда Азар есімді кісі өмір сүретін. Сол жылы оның әйелі жүкті еді. Бірақ оның жүктілігін ешкім байқамайтын. Патшаның бұл әрекетінен сескенген Азар әйелін алып Басра мен Куфа арасындағы бір ауылға жақын жердегі бір үңгірге жасырды. Көп ұзамай ұл бала дүниеге келді. Ол Ибраһим пайғамбар еді. Кейбір деректерде Ибраһим пайғамбардың мұхаррам айының оныншы күні дүние келгендігі айтылады.

Арада айлар жылжып өтіп жатты. Нәмрұдтың жүрегіндегі қорқынышы сейіліп, бірте-бірте бір кездері сәуегейлерінің айтқан сөздерін де ұмыта бастады. Сөйтіп, ол «бұл сәуегейлердің сандырағы» деп түсініп бұрынғы жарлығының күшін жойды¹⁶⁹.

Ибраһим (а.с.) бір жасқа дейін үңгірді мекен етті. Бірақ сол кездің өзінде ол сырттай қарағанда бір жастағы баладай емес, ересектерше мінез байқататын. Азар бір күні замандастарына келіп: «Менің бір балам бар. Оны осы күнге дейін жасырып өсіріп келемін. Егер оны сыртқа шығарсам Нәмрұдтың зияны тимей ме?» деп сұрап еді, олар: «Жоқ, Нәмрұдтың оны ұмытқанына қай заман. Ол өзінің жеке басының шаруасымен әлек», – дейді. Осыдан кейін Азар Ибраһимді үңгірден үйіне ертіп әкеле жатқанда, қараңғы үңгірден өзге еш нәрсе көрмеген ұлы жол бойы көзіне көрінген жанды-жансыздың барлығының атын сұрап әкесінің есін шығарды. Әкесі де оның сұрағына ерінбей жауап беріп келе жатты. Бір кезде үйіне жақындай бере Азар баласының мына бір сөзін естіп жағасын ұстады. Бұл

¹⁶⁹ Сабуни, Нубууә. 210-215 беттер

кезде бала «Бұлардың сөзсіз бір Жаратқаны бар ғой», – деп күбірлеп келе жатқан еді.

Азар пұт жасап, оны базарға апарып сатып күнелтетін. Ибраһим пайғамбар асық ойнайтын жасқа жеткенде, әкесі оған өзі жасаған бірнеше пұттарды базарға сатып келуді бұйырады. Бала әкесіне қарсы келе алмай, амалсыз көнеді. Бірақ пұттарды құрметтемей, мойындарынан жіппен байлап базарға сүйреп барады.

Жұрт жас баланың бұл қылығын ерсі қабылдайды. Олар болған жайтты дереу әкесіне хабарлап, жайлап түсіндірді. Азар дереу базарға келіп баласының қылығын көріп, төбесінен жай түскендей состиып тұрып қалды. Ибраһим (а.с.) пұттарды шетінен тізіп қойып, оларға ыдыспен су ұсынып жатты. Бірақ олар қозғала қоймады. Әрі-бері әбігерге түсіп, ішкізе алмаған соң суды олардың төбесінен бір-ақ құяды. Әкесі оған ашуланып:

– Балам! Бұл не қылғаның? – дейді. Бала Ибраһим:

– Әке, көрмейсіз бе? Пұттарға су беріп жатырмын, – дейді. Әкесі одан сайын ашуға булығып:

– Балам, олар су ішпейді ғой, – дейді. Сонда бала Ибраһим:

– Су іше алмайтын бұл неғылған тәңірлер, – деп жауап берді.

Бұл сөзі ұтымды еді. Сөйтіп бұл жолы әкесін де, айналадағы жұртты да уәжге жықты. Алайда оны тындаған әкесі болмады.

Осылайша жылдар зулап өтіп жатты. Ибраһим (а.с.) ел-жұртқа пұттардың түкке тұрғысыз екендігін дәлелдеп жүрді. Соңғы кездерде оған пайғамбарлық міндеті де жүктелген болатын. Халық Азарға баласының

пұттарды мазақ етіп жүргенін айтып ескерту жасай бастады. Әкесі баласын шақырып алып, біраз насихат айтты. Айтқандарын үнсіз тыңдаған Ибраһим (а.с.) осы мүмкіндікті пайдаланып, алғаш рет әкесін дінге ашық шақыра бастады. *«Сол уақытта әкесіне: «Әкешім! Естімейтін, көрмейтін, сондай-ақ өзіңізге ешбір пайдасы жоқ нәрсеге неге табынасыз? Әкешім! Расында, сізге келмеген ілім маған келді. Ендеше маған ілесіп, мен жүрген жолмен жүріңіз. Мен сізді тура жолға салайын»¹⁷⁰*, – дейді.

Аяттарға зер сала қарасақ, Ибраһим (а.с.) әкесін «сіз қараңғылықта қалып, жол таппай адасқан жансыз» деп кінәламайды. Қайта Хақ тағаладан өзіне тура жол келгенін айтып жұмсақ тілмен жеткізеді. Әрі әкесін тура жолға түсіңіз деп қыстамайды. Мен әкелген тура жолыма кіргеніңіз мен үшін де, сіз үшін де пайдалы деп жылы сөзбен жеткізеді¹⁷¹.

Осыдан кейін баласы Ибраһим оған: *«Әкешім! Шайтанға табынбаңыз! Өйткені шайтан – Хақ тағалаға қарсы шыққан азәзіл»¹⁷²*, – дейді. Яғни табынған пұттары шайтанның оларды тұзаққа түсіріп, сонда мәңгілік азаптау үшін жасалған ойындары мен айла-тәсілдері екендігін, сол себепті пұтқа табыну шайтанға табынумен бара-бар екендігін ұзақ түсіндірді. Тіпті соңында шайтанға табынудың соңы оған дос болу, ал оған дос болған адам әсте Аллаһ тағаламен дос бола алмайтындығын, сол себепті мәңгілік жаһаннам отында қалатындығын айтты. *«Әкешім! Пұттарға табынудың*

¹⁷⁰ «Мәриям» сүресі, 42-45

¹⁷¹ Сабуни, Нубууэ, 220-222 беттер; Афиф Абдулфаттах Таббара. Маал-әнбия фил-Қуран, 118-бет

¹⁷² «Мәриям» сүресі, 44



кесірінен Хақ тағаланың азабына ұшырайсыз ба деп әрі шайтанға болысатыныңызды ойлап жүрегім сыздап қатты қайғырамын. Егер де сізге азап келетін болса, онда мәңгі тозақта қалғаныңыз. Өйткені Аллаһтың қас дұшпанымен дос болу Аллаһ тағаламен мәңгілік қас болғанмен тең»¹⁷³.

Аяттарда «Уа, әкешім!» деген сөз бірнеше мәрте қайталанады. Бұл бір жағынан Ибраһим пайғамбардың әкесіне деген құрметі болса, енді бір жағынан оның азаптан құтылуы үшін соншалықты жалынышты үні, әкесін тура жолға салуға деген асқан құштарлығының белгісі.

Алайда Азар баласының айтқандарына құлақ аса қоймады. Қайта насихат айтып: «Әй, Ибраһим! Сен тәңірлерімнен бетбұрасың ба? Егер мұндай қылығыңды қоймайтын болсаң, әрине, сені тас боранның астына аламын. Әрі сен бұдан былай менен аулақ жүр»¹⁷⁴, – деп жауап берді.

Ибраһим пайғамбардың жүрегіне әкесінің мына сөзі инедей шаншылды. Қатты күйзеліп жаны сыздаған ол әкесіне: «Әкешім! Сөзіме құлақ салып бір сәт болсын ойланып көрмедіңіз бе? Сіз менің әкем болған соң, қатты айта алмаймын. Ендігі жерде өмірден өтіп көз жұмғанға дейін, Хақ тағалаға қол жайып, дұға қылып өзіңіздің тура жолға келуіңізді тілеймін. Мен ғаламзатты жаратқан ұлы Жаратушыға ғана мойынсұнып, Соған ғана қол жайып дұға тілеймін. Сіз үшін Хақ тағаладан кешірім тілеп, истиғфар етемін. Мүмкін Ол менің

¹⁷³ «Мәриям» сүресі, 45

¹⁷⁴ «Мәриям» сүресі, 46

дұғамды қабыл алып, күндердің күні иманға келерсіз»¹⁷⁵ деп одан үміт үзбейтіндігін білдіреді.

Хақ пайғамбардың (а.с.) адам жүрегін тебіrentетін бұл сөзі, әсіресе, кешірім тілеймін деуі әкесіне деген жанашырлығы мен иманға келсін деген көңіл қалауы ғана болатын.

Ибраһим (а.с.) сөзінде тұрып, әкесі көз жұмғанша иманға келер деп үміттеніп, дұға етумен жүрді. Бірақ әкесі Азар өле-өлгенше пұт жасап, сол өзі жасаған пұттарға табынып, солар үшін жанын құрбан етуге қашан да әзір еді. Ол өлген кезде, Хақ тағала Ибраһим пайғамбарға оның кәпір күйінде кеткенін айтады. Осы сәттен соң Рақым пайғамбар әкесі үшін кешірім тіледі, дұға етуді тоқтатты. Бұл жайында «Тәубе» сүресінде Аллаһ тағала: *«Ибраһимның әкесі үшін жарылқау тілеуі, оған берген бір уағдадан аттап кете алмағандығынан ғана еді. Оған өз әкесінің Аллаһтың дұшпаны екені белгілі болған кезде, ол дереу одан безді. Расында, Ибраһим қажырлы әрі жұмсақ мінезді еді»*¹⁷⁶, – дейді.

Кейбір философтардың ойынша, адам – Аллаһ тағаланың жер-сахнасындағы ойыншық қуыршақтары. Жалыққан кезде қабірге лақтырып тастайды. Бұл осы пікірге ұқсас. Алайда адамның қуыршақ болмауының бірден-бір дәлелі оның ақылы мен еркінде жатыр. Адам өз еркі арқылы жамандыққа да, жақсылыққа да бұрыла алады. Тіпті кәпірлердің жаратушы Жаппар Иеге қарсы шығып, тіл тигізіп, Оны жоққа шығаруының өзі – пенденің қуыршақ емес, өз қалауынша әрекет ете алатын кеудесінде жаны, басында миы бар ерікті жаратылыс екендігінің айқын дәлелі.

¹⁷⁵ «Мәриям» сүресі, 47

¹⁷⁶ «Тәубе» сүресі, 114



Міне, Ибраһим де (а.с.) иманға келсін деп, әкесіне көп жыл дұға еткенімен, Азар өз ықтиярымен иманға келуді қаламаған соң, Хақ тағала оған зәредей мейірімін төкпеді.

Пайғамбарымыздың бір хадисінде: «Қиямет күні Ибраһим әкесі Азармен кездеседі. Азардың жүзі қап-қара, үсті-басы шаң-тозаңнан көрінбей тұрады. Ибраһим (а.с.) әкесіне:

– Мен сізге дүниеде «маған қарсы шықпаңыз, менің жүрген жолыммен жүріңіз, сізге тура жолды көрсетейін деген жоқ па едім?» – дейді. Азар баласының айтқанын істемегеніне қатты өкініп:

Бүгін саған әсте қарсы шықпаймын, – деп жауап береді. Осы кезде Ибраһим:

– Я, Раббым! Сен маған адамдар қайта тірілетін күнге дейін сені қор етпеймін деп уағда етіп едің ғой. Енді мына әкемнің халіне қара? Мен үшін бұдан артық қорлық бар ма? – деп қолын жайып жалбарынады. Аллаһ тағала:

– Ибраһим! Мен жаннатымды кәпірлерге харам еттім. Әкең кәпір болып өлді. Сен оның кесірінен өзінді қор санама. Ибраһим! Анау екі аяғыңның астындағы не нәрсе? – дейді.

Ибраһим аяғының астына үңіледі: қан-қан қорқау қасқырды көреді. Хақ тағала Азарды күпірлігі үшін осындай кейіпке айналдырып жібереді.

Ибраһим әкесінің мына жан түршігерлік халін көріп, қатты күйзеледі. Азар сол сәтте тозаққа тасталды».

«Менің Раббым мынау ма?»

Ибраһим пайғамбар пұттарға табынудың бұрыстығын түсіндіріп, елін тәухидке шақыра бастады. Елі жұлдыздарға табынатын. Ибраһим (а.с.) небір қисынды дәлелдер келтіріп, пұттардың тәңір бола алмайтындығын түсіндірді. Бірде тіпті мынадай оқиға орын алды.

Бұрын да сан мәрте айтып түсіндіре алмаған соң, Ибраһим (а.с.) тың тәсілге жүгінді. Бірде елдің алдында дінді насихаттап тұрғанда, түн болып, аспаннан жұлдыз көрінген-ді. Сол сәт ол көктегі жұлдызды көрсетіп: «Осы ма менің Раббым? «Бәрімізді жаратты» деп жүргендерің мына жұлдыз ба?» деп елге сауал тастады. Насихатын атүсті тыңдап тұрған халық оның бұл сөзіне елең етіп, құлақ түре қалды. Олар «Менің Раббым мынау ма?» деген сөзді естігенде, Ибраһим (а.с.) халықтың сенімін қабылдады екен деп ойлап қалды. Шамасы, ол осы кезде дүйім жұртқа жалпы жұлдыздардың жаратылысы, жарығы, түнде адасқан жан соған қарап жол табатынын айтып, жалпы оның жаралу хикметі туралы сөз қозғаса керек. Оның жаратылғандығына назар аудартса да, соңғы сөзін өз көздерімен көрсін деп кейінге сақтады. Халық үйлеріне тарқады. Таң сәріде олар ерте оянып ісіне кірісе бастағанда, әлгі жарқырап көрінген жұлдыздың жарығы бірте-бірте азайып көз алдарында ғайып бола бастады. Сол кезде Ибраһим (а.с.) дауыстап: «Уа, халқым! Түнде мына жұлдыз аспанда жарқырап тұрғанда, мен сендерден: «Менің құдайым мынау ма?» – деп сұрадым. Сонда сендер: «Бәріміздің құдайымыз – осы!» – деп жамырасып едіңдер ғой. Ендеше, құдайларың қайда кетті? Неге ол түнде ғана көрініп, күндіз жоғалып кетеді?



Көзден таса боп, жоғалатындар қайтіп құдай бола алмақ? Мен әсте көзден ғайып болатындарды жақсы көрмеймін» деп түндегі әңгімесінің астарын баяндайды. Халық түнде жұлдыздың жаратылғандығына назар аудартып, жаратылған нәрсенің сөзсіз бір Жаратушысы болатындығын насихат еткендігін енді аңғарды.

Ибраһим жұлдызды көрсеткен түні аспанда ай жоқ болатын. Ол әдейі ескі айдың жоғалып жаңа ай әлі тумаған түнде жұлдызға назар аудартқан еді.

Осыдан соң жаңа ай да туып, күн өткен сайын толыса бастады. Шамасы Ибраһим оларға көрсету үшін айдың он төртінші, он бесінші күндерін күтсе керек. Өйткені аяттағы «толған ай» осы күндерде толып келіне келеді.

Ендеше сол күткен күн де келіп, аяқталар мезгіл жеткенде, күн көкжиекке батты. Көп ұзамай аспанды кара шәлідей торлаған қараңғылық көкжиекті де бүркеп алды. Осы кезде көкте толған ай сүттей жарқырап жер бетіне нұрын шашты. Сол түні аспан әлемінде бір шөкім бұлт та жоқ еді. Ибраһим жиналған халық алдында айды нұсқап: «Әлде сендер айтып жүрген менің Жаратушым осы ма? Осы ғой шамасы, солай ма?!» – деп айқай салды. Халық тағы да жиналып сөзіне құлақ түрді. Ол шамасы айдың жұлдыздан әлдеқайда үлкендігін, сол себепті жер бетіне жұлдызға қарағанда жарығы да көбірек түсетіндігін айтып, оның да жаратылыс хикметіне назар аудартса керек. Бірақ халық оның бұл сөзін, әрине, «құдайымыз туралы жақсы сөз айтып жатыр» деп ұққандай болды.

Ертеңгісін оянып ісіне кіріскен шақта, Ибраһимнің (а.с.) айқай салған дауысы тағы да таңғы ауаны тіліп түскендей болды. Ибраһим (а.с.) халыққа қарап: «Уа,

халайық! Қайда әлгі түнде жер бетіне нұр шашқаны үшін «құдайымыз» деп тәңір санаған толған айларың? Жаңа ғана көз алдымда алдымен жарығы әлсіреп, артынша өзі де бұлдырап көрініп тұрды да, мүлдем ізім-ғайым жоғалып кетті ғой. Ол құдай болса неге жоғалады? Кілең жоғалғыштар қалай ғана құдай бола алады? Осыған бір сәт ой жүгіртіп көрдіңдер ме? Бір Жаратқанның өзі сақтасын! Егер де сол Раббым маған тура жолды көрсетіп, жүрегіме иман ұялатпағанда, мен де сөзсіз адасып, шіркке ұрынар едім»¹⁷⁷, – деп насихатын тамамдады.

Осыдан кейін көп ұзамай күн шықты. Күн шығысымен, көк аспандағы күллі жұлдыз да, ай да, түгелдей көзден ғайып болды. Жер беті жарқырап, күн шұғыласын шашты. Осы кезде Ибраһим пайғамбар тағы да дауыстап: «Уа, халайық! Әлде мынау ма менің Раббым? Бұл әлгілердің бәрінен де үлкен ғой. Жарығы көз ұялтады. Бірақ қайдам? Бұл да әлгілердің соңына түсіп жоғалып кетіп жүрмесе», – деді.

Күн түс әлетінде тас төбеде тұрып алды да, көп ұзамай батысқа қарай асығып бара жатты. Ақырында жарығы азайып, қызарып барып батты. Іле жер бетін меңіреу қараңғылық тұмшалады. Осы кезде Ибраһим (а.с.): «Уа, халқым! Қайда әлгі барлық құдайлардан үстем күн құдайларың? Әлгінде тас төбеге шығып жарығын шашып тұрып еді, ол да батысқа құлап ғайып болып, жоғалғандардың артынан кетті ғой. Жо-жок, халқым. Сендер өз-өздеріңді босқа алдамандар. Олардың бәрі құдай емес, қайта жер бетіндегі жанды-жансыз секілді сендерге Хақ тағаладан берілген қызметшілерің. Олар күнде бір көрініп, бір жоғалу арқылы өздерінің

¹⁷⁷ «Әнғам» сүресі, 77



эсте жоғалмайтын бір Жаратушысынан хабар беруде. Өйткені жоғалған нәрсенің қайта пайда болуы – оны қайта бар етіп жарыққа шығарған жалғыз Құдайдың бар екендігіне бұлтартпас дәлел. Ендеше тәубаға келіндер!

Уа, халқым! Мен сендердің Раббыма серік қосқан барлық істеріңнен де, пұттарыңнан да, ойларыңнан да аулақпын. Мен эсте Раббыма ортақ қоспаймын. Мен ханиф, тәухидшыл болып жүзімді көк пен жерді һәм олардың ортасындағы барлық нәрсені жаратқан Хақ тағалаға бұрдым»¹⁷⁸, – дейді.

Осылайша хазірет Ибраһим елінің көктегі «тәңірлерінің» түкке тұрғысыз екендігін дәлелдеп, олардың эсте құдай бола алмайтындығын айқындап, кемшіліктерін беттеріне басты. Елі оның айтқан осынау ащы шындығына қарсы уәж айта алмай, бастарын салбыратқанымен, оның дінін қабылдамай, естімеген, білмеген адамдарша ескі әдеттерін жалғастыра берді.

Ибраһим пайғамбар осыдан кейін халықтың «құдай» деп санаған мүсіндері мен пұттарының шыбынның қанаты құрлы құны жоқ, мүлде қауқарсыз екенін айтып елін тәухид дінге шақырды. Ол бірде пұттардың басына жиналып оларға табынып жатқан халықтың қасына келіп:

– Мына жансыз пұттарды өздерің жасап алып, неге сонша бас ұрып табынасыңдар. Табынғандарыңмен қоймай, зарилеп одан жақсылық тілейсіңдер. Жерге түсіп кетіп шағылып қалса, «Құдайымыз шағылып қалды» деп жылайсыңдар. Олар бар-жоғы санадан жүрдай тас пен ағаштардың бөлшектері ғана ғой. Бастарыңа бір іс түскенде, осыларға келіп жалбарынасыңдар. Сонда солар сендердің дауыстарыңды ести ала ма? Қалайша

¹⁷⁸ «Әнғам» сүресі, 79

жансыз заттарды көк пен жерді жаратқан ұлы Жаратушымен теңестіре аласындар? – деп сұрайды¹⁷⁹. Сонда олар:

Бұларда сен айтқан ерекшеліктердің ешбірі жоқ. Бірақ ата-бабаларымыз неше ұрпақтан бері осы тас мүсіндерге табынып келген. Ендеше ата-бабаларымыздың жолын қалайша ұмытамыз?! Олар осыларды құрметтеп, кие тұтқанына қарағанда, біз білмейтін бір тылсым сыр немесе қасиеттің болғаны сөзсіз¹⁸⁰.

Хазірет пайғамбар олардың бұл жауаптарын есітіп көңілі құлазып, жүрегі сыздады. Сол себепті шыдай алмай халыққа дауыстап:

– Аллаһ тағаланың атымен ант етейін! Сендер де, ата-бабаларың да қатты қателескенсіңдер. Өйткені Жаратқанға жаралғанды теліп, оларға құлшылық еткендерге үлкен азап дайын тұр. Бәрің де жолдан тайып, күпірліктің құзына құлағансындар, – дейді. Одан кейін тәухидке шақырып:

«Аллаһ тағалаға құлшылық қылыңдар да, Содан ғана қорқыңдар. Егер білсеңдер, осылай істегендерің сендерге әлдеқайда пайдалы. Аллаһтан өзге табынғандарың сендерге ризық бере алмайды. Оған құлшылық қылыңдар да, шүкіршілік етіңдер. Күндердің бір күні сөзсіз сол жаққа қайтарыласыңдар. Егер сендер өтіріксіп сенбесеңдер, обалдарың өздеріңе ғана. Расында, сендерден бұрынғы елдер де сенбеген. Пайғамбардың міндеті Аллаһтың аманатын орындап

¹⁷⁹ «Шұғара» сүресі, 70

¹⁸⁰ «Шұғара» сүресі, 79

елге ақиқатты жеткізу ғана»¹⁸¹ дейді. Елі оған жауап қайтарып:

– Ей, Ибраһим! Сен қашанға дейін осылай елде жоқ жаңалықты шығарып біздің басымызды айналдыра бересің. Әлде де біз саған жанымыз ашып, түзелуге шақырып отырмыз. Отпен ойнама! Отпен ойнасаң, қолың күйеді, пұтпен ойнасаң, тәтті ғұмырың күйеді. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген. Өз басына өзің пәле тілеме. Бір күні мына тәңірлеріміздің киесі ұрып, қаһарына ұшырайтын болсаң, ешқайсысымыз сені құтқара алмаймыз, – деп ескету жасап қорқытқан болды. Хақ пайғамбар:

– «Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды» дегендей, мына пұттардың қолынан бір нәрсе келеді деп ойлайсындар ма? Маған бір пәле келетін болса, Раббымнан ғана келеді. Өйткені маған пәле, науқас жіберіп, одан соң айықтыратын сол Раббым ғана. Сендер ап-айқын ақиқатты көре тұрып, одан көпе-көрнеу теріс айналу дан қорықпағанда сасық қиялдарың ойлап тапқан мына пұттарыңнан мен қорқуым керек пе?¹⁸² деп уәж айтады.

Осыдан соң халық жаңа бір әдіске көшіп, хазірет Ибраһимді келемеждей бастады. Олар:

– Уа, Ибраһим! Сенің әкелген ақиқатың хақ па, әлде бізді ойыншық қылып келемеждеп жүрсің бе? Мұндай батылдық сенің бойыңда қашаннан бері пайда болған? Соншама кіміңе сеніп жүрсің! деп қытығына тиеді. Хақ пайғамбар:

– Жо-жоқ. Бұл ойларың дұрыс емес. Мен сендермен ойын ойнауға келген жоқпын. Өйткені иман

¹⁸¹ «Анкабут» сүресі, 16-18

¹⁸² «Әнғам» сүресі, 80-81

мәселесінде айла, ойынға орын жоқ. Мен өзіме толық сенімдімін. Мына жансыз пұттарыңның сендерге әсте бақыт әкеле алмайтындығын, олардың тәңір де бола алмайтындығын қисынды дәлелмен айтып отырмын. *«Раббыларың – көктер мен жердің Раббысы. Солардың барлығын Өзі жаратты»*¹⁸³. Ол – жаратқан нәрсесіне Өзінің қалағанын жасайды. Оның теңі де, серігі де болуы мүмкін емес, – деді.

Хақ пайғамбардың сөздеріне айтарға уәж таппай, мысы басылса да, халқы оның дініне мойынсұнғысы келмеді. Түк болмағандай баяғыша күн кешті. Ибраһим (а.с.) осыдан кейін бұлтартпайтын дәлелдермен пұттарының қауқарсыздығына олардың көзін жеткізбек болып, жаңа жоспар құрды.

Пұттардың қиратылуы

Бабыл халқының жыл сайын жаппай қырға шығып, ел болып тойлайтын мерекесі бар еді. Бұған еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін түгел қатысатын. Олар хазірет Ибраһимге де: «Бізбен бірге осы діни мерекемізге қатыс. Сол кезде біздегі сенімнің дұрыстығына көзің жетеді», – деді. Хақ пайғамбар жұлдыздарға қарап тұрып: *«Мен науқаспын»*¹⁸⁴ деп жауап береді.

Бұны естіген халық Ибраһим жұлдыз тәңірлердің киесіне ұшырап кесел тапты Тойымыздың шырқын бұзар, бәлесінен аулақ» деген ойға барды. Сөйтті де оны жалғыз қалдырып кетті.

Осы мүмкіндікті пайдаланған Ибраһим пайғамбар (а.с.) ойындағысын жүзеге асырмақ болып, қолына балта ұстап пұтханаға беттейді. Қызметшілеріне дейін

¹⁸³ «Әнбия» сүресі, 52-57

¹⁸⁴ «Саффат» сүресі, 88-89



тайлы-таяғымен мерекені тойлауға кеткендіктен, Ибраһим пайғамбар пұтханаға еркін кіреді. Әдетте, қауымы мерекеден қайтқан соң пұттардың құрметіне әзірлеген осынау жылы-жұмсақты өздері тауысатын. Хақ пайғамбар жансыз пұттарға астан ұсынып: «Ал, қанеки дәм алындар», – деді. Аздан соң «Сендерге не болған өзі, мүлдем тілден қалғансындар ма? Қане, бірдене десендерші?!» деп оларға шүйлікті. Бірақ бәрі де үнсіз. Пұтхананың іші толған тастан, ағаштан немесе балшықтан жасалған жансыз мүсіндер. Кәдімгі шебер ұсталардың қолтаңбалары. Әу баста қалай қойылса, қазір де міз бақпаған күйде мелшиіп тұр. Пенденің өзі жасаған жансыз мүсіндері неліктен өзіне үстемдік етіп, тәңір болуы керек? Бұл мүсіндер ұсталардың қолынан шыққан бұйым емес пе? Ендеше неліктен адамдар өз жасағандарына табынуы тиіс? Бәріне көз жүгірткен Хақ пайғамбар уақыт оздырмай екі білегін сыбанып, қолына балтасын алып, өзі тұрған жердегі пұттан бастап қирата бастады. Көп ұзамай ең үлкенінен өзге пұттар түгел қирап, Хақ пайғамбардың табанының астында жатты. Пұтхананың төрінде қирамаған ең үлкен пұт «қаңқ» етер түкті байқамастың кейпін киіп мелшиіп тұр. Хазірет пайғамбар қолындағы балтасын оның мойнына ілді¹⁸⁵, жолындағы қираған пұттардың сынықтарын басып-жаншып пұтханадан шығып кетті.

Ымырт үйіріле құмарынан шыққанша сайрандаған жұрт шат-шадыман кейіпте үйлеріне қайтып оралды. Осы кезде міндетін атқаруға оралған пұтхана қызметшісі табалдырықтан аттай бере әлдебіреу бір шелек мұздай

¹⁸⁵ Сағлаби, Әбу Исхақ Ахмад ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ән-Нисабури. Қысасул Әнбия. Бейрут. 66-бет

суды төбесінен құйып жібергендей болды. Себебі пұтханадағы пұттардың барлығы күл-талқан боп қирап жатқан еді. Өңі-түсін айыра алмаған ол бір сәт сазарып тұрып қалды. Көз алдындағы қирап жатқан тәңірлерінің арасында да быт-шыты шыққандығын аңғарды. Оның есін жиюына себепші төрдегі үлкен пұт еді. Ол оны кейіннен аңғарды. Төрдегі үлкен пұт «мыналарды мен өлтірдім, ал маған не істей аласыңдар» деп мойнына балта асына айбаттанып қарап тұрғандай. Есін жиған ол сыртқа теңселіп әрең шықты да, жан даусымен айқай салмақ болды. Алайда даусы қарлығып шықты. Сосын ол өз көзіне өзі сенбей қайта ішке кірді. Барлығы бәз баяғысындай. Бұл жолы: «Масқара! Масқара! Пұттар қирады, пұттар!» – деп бар даусымен айқайлады. Көп ұзамай дауысты естіген адамдар жан-жақтан пұтханаға жинала бастады. Әркім өзінше күбір-сыбырға көпті. Ә дегенде бәрі де естерін жия алмады. Өйткені қысылғанда демейтін, мұнайғанда жебейтін, жалбарынса жүректегі бүкіл дертін емдейді деп ұққан тәңірлері табандарының астында қирап жатыр еді. Бір кезде біреуі даусын көтеріп:

Мұндай жауыздыққа қай жүрек жұтқан барып жүр? Біздің жарылқаушы пұттарымызды қалай ғана дәті барып қиратты екен?! деді. Сонда біреуі:

– Мұндай басбұзарлыққа бір-ақ адам бара алады. Ол – Ибраһим деген жас жігіт, – деп жауап берді.

Бұны қасындағылар да мақұлдады. Иә, адасқан елдің пұттары мен пұт саналы ойларын Хақ тағаладан жіберілген елшілер ғана қирата алатын.

Олар көп ұзамай хазірет Ибраһимге адам жіберіп пұтханаға шақырды. Хақ пайғамбар пұтханаға кіргенде, онда бір топ адамның жиналып өзін күтіп тұрғанын



көрдi. Пұттары қираған халық оған бiр жағынан ашулы көзбен тесiлiп қараса, екiншi жағынан iштей «қайда барады дейсiң, көп ұзамай мына пұттардың қарғысы тиедi» деп өз-өздерiн жұбатты. Тiптi кейбiреуi: «Ойпырм-ай! Мына пұттардың киесi бiздi де ұрып жүрмесiн», – деп абыржып, қорқып та тұрды. Олар Пайғамбарға қарап: – Тәңiрлерiмiздi сен қираттың ба? – деп сұрады. Хазiрет Ибраһим:

– Кiм бiлсiн? Мүмкiн әне бiр үлкенiрегi iстеген шығар. Егер сөйлей алатын болса пұттардың өздерiнен сұрандар? – дедi.

Олар осы кезде бiр сәт жетелi сөзге жүгiнгендей болды. Ибраһимдi мойындап iштей: «Иә, бiз ең үлкен әдiлетсiздiкке барып өзiмiзге өзiмiз қастық жасадық» деп ойлады. Бiрақ өздерiн күпiрлiкке итермелеген азғын күш оларды қайтадан бұрынғы адасқан жолдың жиегiне жетеледi. «Баяғы жартас бiр жартас» баяғы әнiне басты. Ибраһим пайғамбарға:

– Бұлардың сөйлей алмайтындықтарын сен де жақсы бiлесiң ғой? Сөйте тұра неге бiзге бұлай сұрақ қойып тұрсың? – дейдi. Осы кезде Ибраһим пайғамбар:

*Сөздерiң өте дұрыс. Ендеше, сендер Аллаһ тағалаға бет бұрмай, зәредей пайдасы да, зияны жоқ нәрселерге несiне табынып жүрсiңдер?*¹⁸⁶ – дедi.

Ашулы халық дереу оны тұтқындап, Нәмрүдқа хабар салды. Нәмрүд пұттарға табынбайтын, жаңа бiр сенiм, жаңа бiр дiн әкелген бұл жас жiгiттi көргiсi келдi. Алдына келген Ибраһим пайғамбарға қарап:

¹⁸⁶ «Әнбия» сүресi, 65-66

– Иә, айтшы қане, Раббың кім сенің? Сен сонда кімге бас иіп, кімге тағзым етесің? – деп сұрады. Пайғамбар:

– Менің Раббым өмірді де, өлімді де беру құдіретіне ие. Мұндай құдірет тек соның ғана қолында, – деп жауап қайырды. Нәмрұд сонда:

– Сол да сөз болып па? Өмір мен өлімді мен де бере алам. Егер сенің құдайыңның бар құдіреті осы болса, онда мені «құдай» дей бер, сенбесең көрсетейін, – деді де, дереу зынданнан өлімге үкімі шығарылған екі адамды алдыртып біреуін өлтіртті, енді біреуіне кешірім етіп босатты. Сосын Пайғамбарға бұрылып:

– Міне, көрдің бе? Біреуіне өлім, енді біреуіне өмір бердім. Ендеше Раббыларың менмін! –деп көкірегін қағып, тағына жантая кетті.

Нәмрұд Ибраһим пайғамбардың өлім мен өмір беру деген сөзінің астарын терең түсіне алмаған еді. Ол біреуді өлтіріп, енді біреуді тірі қалдырғанына мәз болып «тәңірмін» деп күпінді. Осы кезде хазірет Ибраһим:

– Сөзсіз Аллаһ күнді шығыстан шығарады. Ал қанеки мықты болсаң, сен оны батыстан шығар, – деп еді, Ибраһимнен мұндай сөз күтпеген Нәмрұд жүні жығылып сілейіп тұрды да қалды.

Әсіресе, оның жанына ең қатты батқаны бұғанасы қатып, буыны қатаймаған бозбаланың дүйім елдің алдында «тәңірмін» деп даңғырлаған қуыс кеудесін бір ауыз сөзбен әп-сәтте қабыстырып тастағаны болды, сөйтіп, «ине жұтқан иттей» сүмірейді. Қара орман халқының алдында «аузынан сөзі, қойнына бөзі» түсіп, абыройы айрандай төгілді. Ұяттан жарылардай боп теңселіп ерең тұрды.

Осылайша хазірет Пайғамбар елінің табынған үш түрлі құдайының өздері секілді жаратылған мақұлық екендігін дәлелдеп, әбден адасқандығын ұғындырды.

Нәмрүд намысының тапталғанына қатты ызаланып, адамдарын шақырып, Ибраһимді қалай жазалау турасында ақылдасты. Ақырында былай деп шешті: «Жұлдыз құдайларын жоғалтқан, пұт құдайларын қиратқан, адам тәңірлерін ел алдында «жерден алып, жерге салғандығы» үшін «Раббым – жалғыз Жаратқан» деп өзгені менсінбеген осы жас жігітті алаулап жанған отқа лақтырып, өртеп өлтірмек болды. Сондықтан оған арнайы бір төбесі ашық ғимарат салынып, оның іші отынмен толтырылып, сосын от қойылып, Ибраһим пайғамбар сол отқа лақтырылатын болды. Осылайша пұттарға қарсы келудің ақыры немен тынатынын өзгелері біліп жүрсін, бұдан кейін ешкім де жаңа дін ойлап, оны халыққа жеткізбесін, ұрпаққа үлгі болсын» деді.

Олар осылай келісіп ғимараттың іргетасы да қалана бастады. Кейбір дерек бойынша бұл ғимараттың ұзындығы отыз аршын, ені жиырма аршын болған дейді. Ғимарат бітіп, ішіне отын толтырылып, от қойылды. От ат шаптырым жерден алаулап көрінді. Хазірет Ибраһимді алдын-ала әзірлеген манжаныққа салып лақтыруға әзірлене бастады. Осы кезде уахи елшісі – Жәбірейіл Хақ пайғамбардың қасына келді. Оған:

– Ибраһим! Бір нәрсе қажет пе? – деп сұрады. Хақ пайғамбар сонда:

– Жоқ, еш нәрсенің қажеті жоқ. «Хасбуналлаһи уа нимәл-уәкил»¹⁸⁷ деп жауап берді.

¹⁸⁷ Мағынасы: Маған Аллаһтың жәрдемі жетіп асады. Ол неткен ғажап уәкіл!

Манжанық жебедей тартылып барып жіберілген кезде, Ибраһим пайғамбар лаулап жанған оттың ортасына гүп ете түсті. Бірақ осы кезде Хақ тағаланың әмірі мен көмегі қатар келіп: «*Ей, от, Ибраһимге салқын әрі қауіпсіз бол*»¹⁸⁸, – деп жарлық айтылды. Осы жарлық бойынша от хазірет Ибраһимді ғажап рахатқа бөледі.

Ибраһим пайғамбар осы оттың ішінде жеті күн жатты. Кейбір деректерде ол осы оттың ішіндегі өмірін меңзеп, «Жалған дүниеде ең тамаша күндерім сол оттың ішінде болған жеті күнім» дегені айтылады.

Хақ пайғамбардың оттан шығуы

Хазірет Ибраһим отқа лақтырылғалы бері жеті күн өтті. Нәмрұд та оның халқы да осы жеті күн ішінде оны отқа жанып, әлдеқашан тозаңға айналып кетті деп ойлап, соның құрметіне ұлан - асыр той жасап жатқан еді. Жеті күннен соң от әбден сөнді-ау дегенде, Нәмрұд патша халқымен бірге, барлығы Пайғамбардың күлін көргісі келді. Бірақ олар арыстанның апанына кіріп кеткендей естері шықты. Ибраһим (а.с.) ештеңе болмағандай, оттың ішінен шығып келе жатты. Олар осындай ғажап мұғжизаны көрсе де, көрмеске салып, өз жайларына кетті. Кейбір деректерде аз ғана адамның иман келтіргені айтылады. Дегенмен осы кезде немере ағасының қызы Сара мен інісі Харранның баласы Лұттың иман келтіргені туралы көп мәліметтер кездеседі.

Кейбір дерек хазірет Ибраһим отқа лақтырылған кезде жасы он алтыда десе, кейбір деректе жиырма алтыда болған дейді.

Хақ пайғамбар осыдан кейін де халқын тура жолға жетелеу үшін қара тұяғынан хал кеткенше тырысты.

¹⁸⁸ «Әңбия» сүресі, 69



Бірақ алға жығыл десе, артқа жығылатын кертартпа халық, тіпті кері кетті. Ибраһим пайғамбарға айтар ешқандай татымды сөзі қалмаған соң олар ебін тауып Ибраһимды келемеждейтін немесе соққыға жығатын. Хақ пайғамбар осының бәріне төзді. Ең соңғы рет жүрек жарды сөзін айтып ақиқатқа шақырды. Бәрібір кері кеткен халық оны теріс қабылдады, тіл тигізді. Келемеждеді. Сонда ол еліне: «Уа, халқым! Сендер менің тура дінімді жоққа шығардыңдар. Ендігі жерде сендермен, сірә, басымыз біріге қоймас. Сендер жалғыз Хақ тағалаға иман келтіріп, пұттардан бас тартанға дейін осы жаулық пен қастық жалғаса бермек. Біз бәріміз бір елдің баласы болсақ та, сендер жалғыз Жаратқанға қарсы шыққан соң, туыстығымыздың ешбір маңызы қалмады. Өйткені иман мен күпір әсте бірге бола алмайды. Ендеше бірінің жүрегіне иман ұялаған, енді бірінің жүрегін күпір жайлаған ағайындылар ешқашан бір-біріне жақын бола алмайды. Қай кезде сендер пұтқа табынғандарыңды қойып, Хақ тағалаға сәжде етсеңдер, сол сәттен бастап арамыздағы жаулық достыққа, қастық сүйіспеншілікке айналады»¹⁸⁹, – дейді.

Хазірет пайғамбар және өзіне иман келтіргендер осыдан кейін мүшріктуыстарымен қарым-қатынастарын біржолата үзді. Хақ пайғамбар осы күнге дейін елінен көп жапа шеккен еді. Өзіне иман келтірген аз ғана мұсылманның жағдайы тым нашарлап кетті. Сол себепті оның хижрет етуі туралы Хақ тағаладан уахи келді. Ол еліне: «*Мен Раббымның маған әмір еткен жеріне кетемін. Раббым маған жол көрсетеді*»¹⁹⁰, – дейді.

¹⁸⁹ «Мумтахинә» сүресі, 4

¹⁹⁰ «Сафат» сүресі, 99

Нәмрүдтың өлімі

Хақ пайғамбар кеткен соң, Нәмрүд есін жиып тәубаға келудің орнына одан сайын есіріп, алтын тақтың буына мастанды. Ол өзін мәңгібақи осылай өмір сүре беремін деп ойлады. Бірақ бір күні аңдаусызда танау тесігіне шыбын кіріп кетеді. Бұл Хақ тағала әдейі жіберген шыбын болатын. Нәмрүд дереу мұрнын біресе қағып, біресе шертіп шыбынды шығармаққа тырысты. Шыбын мұрын қуысы арқылы миына жылжи бастады. Ол қыбырлап жүрген сайын, Нәмрүд бақырып, аласұрып, жанын қоярға жер таппай қиналды. Осыдан кейін ол басын қабырғаға ұра бастады. Бірақ ол қанша жанталасқанымен ештеңе өнбеді. Осыдан кейін ол қызметшісіне дәл маңдайынан дәлдеп ұруға әмір әтті. Алайда қызметшісінің оны ұруға батылы бармады. Нәмрүд «ұр» деп көзі шатынап айғайлағанда барып, оның маңдайын жұдырықпен ұра бастады. Жан-жағында уәзірлері мен отбасындағылар емшілері шарасыз күйде ентелесіп тұрды. Осы шақта шыбын да басқуысын кеулеп миына жетіп қалған еді. Миына жақындаған сайын, Нәмрүдтың жаны көзіне көрінді. Жаны әбден қиналып, не істерін білмей абдыраған ол, ақырында, қызметшісіне «темір шоқпармен» ұр дейді. Қызметшісі темір шоқпармен бір-екі мәрте ұрған кезде, Нәмрүд жерге сылқ етіп құлайды, тыпырлап жатып жан тапсырады. Осылайша көп жылдар бойы халқына өзін «тәңірмін» деп жар салған Нәмрүд бір шыбынға да шамасы келмей, жұрт алдында қауқарсыздығын көрсетіп, мүрдем кетті.



Ибраһим пайғамбардың нижреті

Хақ пайғамбар әйелі Сара және інісінің баласы Лұтты ертіп Шамға қоныс аударды. Олар Шам аймағындағы Харран қаласына табан тіреді. Ал, хазірет Лұт Харранға жақын маңдағы Садум еліне тартты. Көп ұзамай оған сол жерде пайғамбарлық та келген еді.

Хазірет Ибраһим Харранда көп тұрақтаған жоқ. Ол Мысыр еліне баруға бел буды. Сол кездері Мысырды перғауындар билеп тұрған еді. Ибраһим пайғамбар заманындағы перғауын өте залым, айлакер болатын. Хақ пайғамбар Сарамен бірге қалаға кірген шақта, перғауынға олардың келгені туралы хабар келді. Хазірет Сара ажарлы еді. Нәпсіқұмар перғауын сұлу әйел көрсе болды, өзіне тартып алатын. Ол хазірет Ибраһимнен қасындағы әйелдің кім екендігін сұрады. Хақ пайғамбар «қарындасым» деп жауап берді. Артынан хазірет Сараға: «Мен оларға сені «қарындасым» деп таныстырдым. Менің бұл сөзімді жоққа шығарып жүрме. Расында, біз дін тұрғысынан туыс-бауыр саналамыз», – дейді.

Хазірет Сара перғауынның алдына кіргенде, ол оның сұлулығына таңырқап көп телмірді. Сосын ол жаман ниетпен Сараға қолын созғаны сол еді жансызданып, салақтады да қалды. Қанша тырысқанымен, қолы икемге келмеді. Ол аз болғандай жаны мұрнының ұшына келді. Перғауын бұл сырдың, Сараға тікелей қатысы барын сезді де, оған: «Мен үшін Құдайға дұға ет! Егер де дұға қабыл болса, мен саған тиіспеймін», – деді. Хазірет Сара дұға еткен замат та қолы баяғы қалпына келді. Алайда перғауынды өне бойын түгел ұялаған шайтаны түрткілеп, ақылы- есі кетіп, бағанағы әрекетін қайталады. Қолы тағы жансызданып, сіресіп

қатып қалды. Жаны көзіне көрінді. Ол ұятты мүлде ұмытып Сарадан өзі үшін Хақ тағалаға тағы бір мәрте дұға етуін талап етті. Бұдан кейін маңына да жоламауға уәде берді. Хазірет Сараның дұға еткені сол еді, оның қолы икемге келді. Ол дереу күзетшісін шақырып: «Сендер маған адам емес шайтан алып келіпсіңдер. Мынаны дереу босатындар!» – деп әмір етті. Оны құр қол жібермей, Ажар деген бір күнді тарту етті. Осы шақта хазірет Ибраһим (а.с.) намаз үстінде еді. Әйеліне бір жамандықтың келмеуі үшін Аллаһтан дұға тілеп тұрды. Ол әйелін көрген кезде, орнынан қозғалмастан «Бұл кім?» дегендей, қолымен ишарат етті. Әйелі: «Аллаһ кәпірдің құрған тұзағына өзін түсіріп, Ажарды маған қызметші етіп берді», – деп шүкіршілік айтты.

Хақ пайғамбар көп ұзамай әйелі Сара және күңі Ажармен бірге Мысырдан Палестинаға көшіп, сол жерге қоныс тепті. Хазірет Сара жасы жетпістен асса да, бала көтермеген еді. Ол бұдан кейін де перзент сүйе алмайтынын түсініп, бірақ ерінің ұрпағы болуын армандады. Сол себепті еріне күңіне үйленуді ұсынды. «Мүмкін содан ұлды болып, сол ұл мына қартайған шағында көмекшің болар», – деді. Хазірет пайғамбар оның сөзін жөн көріп, күңі Ажарға үйленді. Хазірет Ажар да жай ғана күң емес, Мысыр елінің патшасының әйелі болатын. Бірақ перғауынның әскерлері бір түнде шабуыл жасап әлгі патшаны өлтіріп, әйелі Ажарды күң етіп алған-тұғын.

Хазірет Ажардан көп ұзамай Исмайыл дүниеге келді. Осылайша хазірет Ибраһимнің жасы сексеннің алтауынан асқанда, ұлды болды. Хақ пайғамбар қуанышы қойнына сыймай Аллаһ тағалаға шүкір етті. Хазірет Сара да оның қуанышын бөлісті. Бірақ оның



қуанышы ұзаққа созылмады. Ол баланы және оның анасын көрген сайын жүрегіне «шіркін мен де ана болсам» деген арман ұялай бастады. Осы бір арман-тілек күннен-күнге ұлғайып, жараға айналып, ақыры, хазірет Ибраһимге бір күні сырын жайып салды. Ол ерінің өзге әйелден бала сүйгеніне ешқандай қарсылығы жоқ екендігін, қайта қуанышына ортақтығын, бірақ оларды көрген сайын өзінің де ана болғысы келетіндігін алайда ана бола алмайтындығын ойлаған сайын, жаны жай таппай, жүрегі сыздайтындығын айтты. Һәм оның бала туа алмауы Хақ тағаладан берілген бір сынақ еді. Егер ана мен бала көз алдында жүрсе, осыған сабырлық таныта алмай, сынақтан сүрінуі мүмкін-ді. Сол себептен ана мен баланы өзінен ұзақ бір жерге апарып тастауын өтінді. Осы кезде Хақ тағаладан уахи келіп, әйелінің өтінішін орындауын бұйырды. Яғни бұл жердегі хикмет – хазірет Исмайылдың Меккеде өсуі тиіс болатын. Мінеки, хазірет Сараның да өтініші осыған сәйкес келді. Хақ пайғамбар жас әйелі мен баласын Мекке төңірегіндегі тау-тастың қуысына әкеліп тастады. Айнала елсіз сахара, жерге қылтаң шықпайтын. Хазірет Ибраһим оларға бар-жоғы бір қоржын құрма мен бір торсық су қалдырды. Ол кетіп бара жатқанда, Ажар ана да артынан қалмай: «Ибраһим! Бізді қайда тастап кетіп барасың? Мына елсіз тау-тастың арасына бала-шағанды шынымен-ақ тастамақпысың?» – деп таңдана сауал тастады. Хақ пайғамбар Аллаһ тағаланың әмірін қаз-қалпында орындай алмай қаламын ба деп қорқып, артына бір рет болсын мойын бұрмады. Сонда Ажар дауыстап: «Әлде саған осылай істе деп Аллаһ тағала әмір етті ме?» – дегенде ғана, ол: «Иә» деп жауап берді. Сонда ғана хазірет Ажар кілт тоқтап: «Олай

болса Аллаһ бізді қараусыз қалдырмайды», – деп артынан жәудірей қарап қалды.

Мінеки бұл жерде пайғамбарға да оның әйеліне де жарасатын үлгі-өнеге бар. Пайғамбардың Хақ тағалаға деген иманының беріктігі сол – тіпті әйел, бала-шағасын елсіз, сусыз «Құлан жортпас қу медиен далаға» тастап артына бұрылмай кетіп бара жатса да, әйелі бұның Хақ тағаладан екендігін білген сәтте ерінің артынан жүгірмей, тәуекел етіп қалып қойды. Осылайша жалғыз ана баласымен сахарада тау мен тастың арасында қала берді. Айналада өзен тұрмақ, бұлақ та жоқ. Қыл аяғы қылтан да жоқ. Оның үстіне ми қайнаған аптап ыстық. Түздің жыртқыш аңдары өз алдына.

Хақ пайғамбар бала-шағасынан бөлініп сүт пісірім жер жүрген соң тоқтап, Қағба жаққа қарап қолын жайып дұға етті.

Ол Құранда былайша берілген:

«Я, Раббым! Осы қаланы бейбіт қыл! Мені және ұлдарымды пұттарға табынушылардың қатарынан етпе!»¹⁹¹;

«Уа, Раббым! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, құрметті үйіңнің жанына орналастырдым. Уа, Раббымыз! Олар намаз оқитын болсын! Шүкір етсін десең, адамдардың көңілін оларға ауатын қыл, оларды жемістеріңмен ризықтандыр!»¹⁹².

Зәмзәм бұлағы

Хазірет Ибраһим кеткен соң Ажар ана қолындағы шаранасымен жапан далада жалғыз қалды. Бірақ қарап отырмай, сол жердегі бір ағаштың жапырағынан

¹⁹¹ «Ибраһим» сүресі, 35

¹⁹² «Ибраһим» сүресі, 37



өздеріне пана жасап алды. Баласын кейде емізсе, кейде су берді. Көп ұзамай торсықтарындағы су да таусылды. Құндақтағы сәби қарны ашып шырылдап жылай бастады. Анасы сәбиінің сай сүйекті сырқыратқан дауысына төзе алмай безек қақты. Жүгіріп Сафаның төбесіне шығып жан-жағына көз салды. Айналадан тек ұшықиыры жоқ шөл дала мен тау-тастар ғана көрінді. Ол осыдан кейін кері қайтып Мәруәнің төбесіне шықты. Айналадан сол баяғы сақара мен таулар көрінді. Бір жағынан айнала жүгіріп шаршаса, енді бір жағынан сәбидің ащы дауысы жанын жегідей жеді. Ол осылайша екі төбенің арасында тыным таппай жеті рет жүгірді. Жетінші мәрте Мәруаның төбесіне шыққанда құлағына ғайыптан бір дауыс естілді. Ол дереу: «Ей, дауыс! Шамаң келсе бізге көмектес!» деп айқайлады. Осы кезде дәл қазіргі зәмзәм құдығының тұрған жерінен Жәбірейіл періште көрінді. Ол аяғымен яки қанатымен жерді қаза бастады. Бір кезде жерден бұрқ етіп мөп-мөлдір су атқылап қоя берді. Хазірет Ажар суды көре сала, қуанышы қойнына сыймай, жан-жағын бөгеп, бұлақтың көзін тырмалап ашып, Мысыр тілінде «зәм зәм» (тоқта-тоқта) деді. Ақиық елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл туралы: «Аллаһ Исмайылдың анасы – Ажарға рақым етсін. Ол зәмзәмды алақанымен бөгемегенде, ол сөзсіз сарқырап аққан үлкен өзен болатын еді» дейді.

Хазірет Ажар да, баласы да судан қанғандарынша ішіп шөлдерін басты. Жәбірейіл оған: «Өмір сүре алмаймыз деп қорықпандар. Бұл жерде Қағба бар. Оның қабырғасын мына бала мен әкесі бірге қалайды» деді де көзден ғайып болады.

Ажар ана мен баласы Исмайыл осылай күн кешіп жатты. Бір күні бұл маңнан Жархам тайпасы өтіп

бара жатты. Олар ұзақтан Қағбаның төбесінде бір құстың айналып ұшып жүргенін байқайды. Жархам тайпасының ақсақалы «құс бар жерде сөзсіз су болады, қанеки барып көріп келіндер» деп екі адамын жібереді. Олар сол жерге жақын бір төбенің басына шыға қап суды көріп өз көздеріне өздері сенбей дереу артқа қайтып, көргендерін ақсақалдарына жеткізеді. Олар бұлақ басына жеткенде сол жердегі күркеде бір әйелдің құндақтағы сәбиімен ғана тұрып жатқанын байқайды. Олар әйелден:

– Біз де осы жерге келіп қоныстансақ деп едік. Осыған рұқсат етесің бе? – деп сұрайды. Ол:

– Әрине, болады. Судан қалағандарыңша пайдаланыңдар. Бірақ түптің түбінде «су біздікі» деп таласпайсыңдар. Судың иесі мен, – деп жауап береді. Жархам тайпасы осылайша сол жерге шатырларын тігіп қоныс тебеді. Хазірет Ажар да олар келген соң жалғыздықтан айықты. Көп жыл өткен соң бұл жер қауым елге айнала бастады. Бұл – Ибраһимнің (а.с.) дұғасының қабыл болуының белгісі еді. Жархам – сол аймақтағы арабтардың тайпасы болатын. Хазірет Исмайыл өсе келе араб тілін үйреніп, сол тайпаның бір қызына үйленді.

Құрбандықтың қасиеті

Уақыт зулап өтіп жатты. Көзді ашып жұмғанша хазірет Исмайыл да тепсе темір үзетін жігіт болды. Анда-санда әкесі Ибраһим келіп, екеуі бірге таудан отын таситын. Бір күні Ибраһим пайғамбар түс көреді. Кейбір деректерде бұл күннің Зилхижжа, яғни қажылық айының сегізінші күні екендігі айтылады. Түсінде өз баласы Исмайылды Аллаһ тағала жолында құрбандыққа шалып



жатқанын көрді. Өлгі түсін ертеңіне қажылық айының тоғызыншы (арапа) күні тағы да көреді. Оныншы күні (құрбан айт) күні үшінші рет көреді. Сосын бұл түстің жай ғана түс емес, Хақ тағаланың әмірі екендігін айқын аңғарады. Аллаһ тағала Ибраһим пайғамбарды ауыр сынаққа салған еді. Бір пайғамбардың баласын құрбан етіп шалуы, әлбетте, оңай емес. Сондықтан Хақ тағала оған түсінде үш рет аян беріп, ауыр сынаққа бойын есте-есте үйретеді.

Хақ пайғамбар баласы Исмайылға «Қолыңа балта мен пышақ, жібінді ал, тауға отын алуға барамыз», – деді. Осылайша екеуі жолға шықты. Жолда баласына көрген түсін айтты: *«Балам! Бірнеше күннен бері ылғи түсімде сені құрбандыққа шалып жатқанымды көремін. Осыған сен не дейсің?»* Баласы ойланбастан: *«Әкешім-ау! Саған қандай нәрсе әмір етілсе соны дереу орындағаның жөн. Иншаллаһ мені Хақ тағаланың әміріне бағыну тұрғысында сабыр етушілердің қатарынан табасың»*¹⁹³, – деді.

Исмайылдың бұл жауабынан оның Аллаһтың әмірін екі етпейтін аса бағынышты құл екендігі байқалды. Ибраһим (а.с.) зор тәуекелге барды. Баласының жауабына іштей қатты сүйсінді.

Олар жолда келе жатқанда, алдарынан Ібіліс шығып, Ибраһим пайғамбарды азғыруға тырысты. Ол көрген түсінің шайтани түс екендігін «адам өз баласын өзі құрбандыққа шала ма екен?» деп жолын кес-кестеді. Алайда Хақ пайғамбар оның сөздеріне құлақ аспады. Одан соң Ібіліс хазірет Исмайылды азғырып, осы күнге дейін әкесінің айдалаға анасымен бірге жалғыз тастап кеткенін, қанша жылдан соң көріссе де, баласын

¹⁹³ «Саффат» сүресі, 102

құрбандыққа шалып, анасын тағы да жалғыз тастамақ екендігін айтып азғырды. Исмайыл Ібілістің сөзіне құлақ аспастан, оны қуып жіберді. Артынан жеті тас лақтырды. Қажылық кезінде шайтанға жеті тас лақтыру да осының бір көрінісі еді.

Хақ пайғамбар баласы екеуі Мина жеріне келді. Ибраһим баласын жатқызып, жіппен байлап, пышағымен қанша рет кеңірдектен оңды-солды тартса да, пышақ өтпей қойды. Осы кезде баласы жерге етпетінен жатып, жүзін әкесінің көрмеуін қалады. Бірақ пышақ тағы да өтпеді. Бір кездері Хақ пайғамбар елін ақиқатқа шақырғаны үшін Аллаһ жолында құрбан етіліп отқа тасталған болатын. Бірақ сол от Аллаһ жолында болғандықтан, Ибраһим пайғамбарды өртемеген еді. Осы жолы да алмастай өткір пышақ оның Аллаһ жолында құрбан етілген баласының мойнын кеспеді. Хақ тағала отқа «Ей, от, Ибраһимге салқын әрі жайлы бол», – дегендей, бұл пышаққа да «жұмсақ бол» деп әмір еткен еді. Өйткені Аллаһтың хикметі баласын құрбанға шалу емес, екеуінің ниеті мен адалдығын сынау еді. Іһәм бұлардың осы сынақтан қалай мүдірмей өткенін бүкіл ғаламзаттағы періштелерге көрсетіп жер бетіне халифа жаратуындағы хикметін тағы бір рет көрсетуі және қияметке дейінгі адамзатқа өнеге екендігін дәлелдемек еді. Осылайша Хақ тағаланың хикметі мерзімі келгенде іске асты. Әкелі-балалы қос пайғамбар сынақтан табыспен оралды. Осы кезде Аллаһтан аян келді. Құранда: *«Ей, Ибраһим! – деп дыбыстадық. Рас, түсіңді шынға шығардың. Күдіксіз, ізгі іс істегендерді осылайша сыннаймыз. Шын мәнінде, бұл бір ашық сынақ еді. Оны бір*

ірі құрбандыққа ауыстырдық. Оған кейінгілердің арасында (жақсы даңқ) қалдырдық»¹⁹⁴, – деп айтылады.

Хақ пайғамбар баласы екеуі осы дауысты есітіп жан-жақтарына қарады. Олар аспаннан бір қошқарды алып түсіп келе жатқан Жәбірейілді көрді. Ол Ибраһим пайғамбарға: «Мына қошқар қырық жыл жаннатта тұрды. Ал енді балаңның орнына осыны құрбанға шал», – дейді. Осыдан кейін баласы екеуі әлгі қошқарды Аллаһ разылығы үшін құрбанға шалып, Хақ тағалаға шүкіршілік етті. Хазірет Ибраһим осы оқиғадан кейін Палестинадағы әйелі Сараның қасына оралды.

Хақ пайғамбардың қонақтары

Лұт пайғамбар елін дінге шақырғалы, талай заман өтті. Бірақ олар тәубаға келудің орнына Лұт пайғамбардың өзіне қарсы шығып, жан төзгісіз азап шектірді. Соңында Хақ тағала оларды жермен-жексен ету үшін періштелер жіберді. Олар алдымен хазірет Ибраһимге барып, жақында жасы жүзге жетсе де бала көтермеген бәйбішесі хазірет Сараның ұлтабатындығын, Лұт пайғамбарды аяқ асты еткен кәпір елдің тып-типылын шығаратынын айтты. Періштелер оның үйіне жас жігіттің бейнесінде келді. Хақ пайғамбар мал-дүниеге қаншалықты бай болса, көңілі де соншалықты кең еді. Ол қонақтардың есігін қағып «құдайы қонақпыз» деген дауысын естігенде қуанышы қойнына сыймай, есікті ашқанша асықты. Бір-бірлерімен көркем мінезді мұсылмандарша сәлемдесті. Қонақтардың киім-киісінен, жүріс-тұрысынан-ақ бөгде жердің адамдары екендігі көрініп тұрды. Әншейінде қонақсыз аузына ас баппайтын, тіпті қонақ келмесе, көлденең жүргіншілерді

¹⁹⁴ «Сафват» сүресі, 104-108

шақырып алып асты-үстіне түсіп күтетін Ибраһим пайғамбар мына келген бөгде қонақтарға да ерекше ілтипат жасап, иіліп жастық, жазылып төсек болды. Үйдегі жылы-жұмсағының барлығын солардың аузына тосып, құрақ ұшты. Төрге шығарып күтті. Құранда былай делінген: *«Дереу үйіне барып бір семіз тайынша алып келді. Оларға тамақты жақындатып қойып: «Жемейсіңдер ме?» – деді. Олардан тіксініп қорықты. Олар: «Қорықпа!» – деді де, болашақта білімпаз болатын бір ұлмен қуантты. Сонда үйінің арғы тұсынан Ибраһимның жұбайы бетін шымшып: «Әбден кемпір болғанда, бала көтеремін бе?» – деді. Олар: «Осылайша Раббың бұйырды. Өйткені Ол аса дана, толық білуші», – десті»¹⁹⁵.*

Ибраһим (а.с.) оларға қарап: «Уа, Аллаһтың елшілері! Сендер тек қана ұлмен сүйіншілеуге келмеген боларсыңдар. Басқа да маңызды міндеттерің бар шығар?» – деп сұрайды. Олар: «Біз діннен безген, адам баласының жаратылысына теріс, адам айтқысыз зұлымдықтарға барған бір күнәһар елді жер бетінен жоқ қылу үшін жіберілдік. Біз оларға балшықтан жасалған тастар жаудырамыз. Бұл тастар нәпсіге құл болған азғын ел үшін арнайы әзірленген», – дейді. Осы кезде Ибраһим (а.с.) қатты қорқып: «Ол жерде Лұт та бар ғой», – деп сұрағанда, олар: «Біз, әрине, ол жерде кімдердің бар екенін жақсы білеміз. Сөзсіз, Лұт та, оның отбасы да бұл азаптан құтылады. Бірақ оның әйелі құтыла алмайды. Өйткені ол елінің жасаған қылмыстарына ортақтасқан», – деп жауап береді.

¹⁹⁵ «Зәрият» сүресі, 25-30

Періштелер хабар берген соң, көп ұзамай Сара жүкті болды. Айы, күні жеткенде, шекесі торсықтай ұл тапты. Ол Ысқақ (а.с.) еді.

Қағбаның тұрғызылуы

Арада біраз уақыт өткен соң Ибраһим (а.с.) Меккеге тағы келді. Ол баласының маңдайынан сүйген соң: «Исмайыл! Аллаһ маған бір ұлы істі әмір етті» дейді. Исмайыл болса: «Әкешім! Аллаһ әмір етсе дереу орындаңыз. Мен де сізге көмектесейін», – дейді. Ол сонда: «Аллаһ бізге Қағбаның қабырғасын қалауды әмір етті», – деп жауап береді.

Олар шұғыл іске кірісіп құрылысты бастап та кетті. Хазірет Исмайыл тас тасып, Ибраһим пайғамбар оны қалап жатты. Бір кезде Қағбаның қабырғасы биіктеп, Ибраһим пайғамбардың бойынан асқанда, ол баласына бір тас әкелуді бұйырды. Баласы Исмайыл таудан бір тас әкеліп, әкесінің табанының астына қояды. Кейбір деректерде бұл тасты Жәбірейіл періште жаннаттан алып келгені туралы айтылады. Бұл тастың түсі қара болғандықтан, «Қара тас» деп аталды.

Әкелі - балалы екеуі Қағбаны салып біткен кезде, Ибраһим қолын жайып: *«Бізден қабыл ет, күдіксіз, Сен тілекті, тым естуші, толық білушісің. Раббымыз, екеумізді де өзіңе бой ұсынушы қыл, ұрпақтарымызды да өзіңе бойсұнушы үмбет ете гөр, әрі бізге қажылық амалдарымызды көрсетіп, тәубаларымызды қабыл ет, әрине, Сен өзің тәубаны қабыл етуші, ерекше мейірімдісің. Раббымыз, ұрпағымыздың ішінен, оларға аяттарыңды оқитын, Кітапты әрі үкімдерін үйретіп, оларды тазартатын бір елші жібергейсің, күдіксіз,*

Сен өзің ғана аса үстем, өте данасың»¹⁹⁶, – деп жалбарынады. Баласы Исмайыл да қасында қол жайып «әмин» деп қайталап тұрады.

Иә, Халилуллаһтың (а.с.) осы дұғасы қабыл болып, Хақ тағала ақыр заман пайғамбары етіп хазірет Мұхаммед пайғамбарды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жібереді.

Қағба толық біткен кезде, Хақ тағала оларға Қағбаға тауап ететін қажылықтың парыз болғандығын жария етуіне әмір берді. Хазірет Ибраһим Қағбаның үстіне шығып күллі, мұсылмандарды қажылыққа шақырды. Естіген халық топ-тобымен келіп Ибраһим пайғамбардан қажылық парыздарын үйреніп, онымен бірге қажылық жасады. Хазірет Ысқақ та ит арқасы қияннан келіп, ағасы Исмайылмен бірге міндетін өтеді. Содан күні бүгінге шейін мұсылмандар сол бір қасиетті жерге зиярат етіп, қажылық жасап келеді.

Хазірет Ибраһим ақырғы қажылығын әйелі Сарамен бірге жасады. Одан кейін Шамға оралды. Әйелі Сара жүз жиырма жасында бұл дүниемен қош айтысты. Оның артынша хазірет Ибраһим де өзіне жүктелген міндетті толық атқарып барып көз жұмды. Хазірет Ибраһим Құдысқа жақын Халилур-рахман деген жерде жерленеді.



¹⁹⁶ «Бақара» сүресі, 127-129.

ЛУТ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Садум елі

Хазірет Ибраһим пайғамбар жары Сара мен інісі Лұтты ертіп Бабылдан Харранға қарай хижрет еткен болатын. Ибраһим пайғамбар сонда қалды да, інісі Лұт Садум еліне кетті. Кейіннен оған пайғамбарлық міндет жүктелді.

Садум елі бұрын-соңды болмаған тағылыққа басқанды. Оларда еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауы қалыпты саналатын. Еркектері күні бойы жол торып, ер кісілер өте қалса, тас лақтыратын. Тасы кімге тисе, соны қорлайтын. Шайтан бұлардың осы бір осал жерінен ұстап, азғындықтың шыңырауына құлатып, тұзақтарына түсіретін. Олардың осы азғындықтарын жыртқыш андардың өзі істемейтін. Осындай азғын елге Хақ тағала хазірет Лұтты пайғамбар етіп жіберді.

Лұт пайғамбар (а.с.) өзіне уахи келісімен, дереу іске көшіп оларды ақиқат жолына шақырды. Ол алдымен өзінің оларға жіберілген пайғамбар екендігін айтып, өзіне бағыну қажеттілігін түсіндірді. Ол туралы Құранда: *«Сол уақытта оларға туысы Лұт: «Қорықпайсыңдар ма?», – деді. «Мен сендерге сенімді бір елшімін. Енді Аллаһтан қорқыңдар да, маған мойынсұныңдар»*¹⁹⁷, – деп айтылады.

Хақ пайғамбар өзінің пайғамбар екендігін айтқан соң, оларға күн-түн демей тура жолды уағыздап,

¹⁹⁷ «Шұғара» сүресі, 161-163



жасаған істерінің жиіркеніштілігін түсіндіріп, тәубаға шақырды. «Лұт сол уақытта еліне: «Жер-жаһанда сендерге дейін ешкімнің істемеген арсыздықты істейсіңдер ме?» – деді. «Сендер әйелдерді қойып, еркектерге қызығып келесіңдер ме? Әрине, сендер шектен шыққан елсіңдер»¹⁹⁸.

Алайда Садум елі оның сөзін елең ғұрлы көрмеді. Кейбіреулер оның іс-әрекетінің астарында дүниелік мақсат жатыр деп ойлады. Сол себепті бірде Лұт пайғамбар: «Уа, халқым! Егер де тәубаға келмей, осылай кете беретін болсаңдар, іс насырға шабады. Мәңгілік азапқа ұшырап, мына азғын істеріңнің сазайын тартасыңдар. Одан да мүмкіндіктерің бар кезде, тәубаға келіп, Хақ тағалаға сәжде етіп, адами қасиеттеріңе қайта оралыңдар. Мен сендерге екі дүниенің пайдасы мен зиянын көрсетудемін. Осы уазипамның астарында қандай да бір дүниелік пайда жатыр деп ойламаңдар. Осы ісім үшін сендерден ешбір ақы талап етпеймін. Менің ақым Хақ тағалаға ғана тиесілі»¹⁹⁹, – дейді.

Жанына батырып айтқан Лұт пайғамбардың ескертулерінен Садум елі мезі бола бастады. Бір күні басшылары жиналып: «Бұл Лұт біздің басымызға пәле болып жабысты. Ол бізге «дүниенің пайдасы» дейді. Дүниенің пайдасы мен қызығын біз онсыз да көріп жатқан жоқпыз ба? Одан да Лұтты да, оған иман келтірген адамдарын да елден қуайық», – деп, бір ауыздан мақұлдасты. Олар Лұт пайғамбарға барып: «Ей, Лұт! Егер сен біздің дәстүріміз бен жүріс-тұрысымызға осылай киліге беретін болсаң онда біз сені елден аластатамыз»²⁰⁰, – дейді.

¹⁹⁸ «Ағраф» сүресі, 80-81

¹⁹⁹ «Шұғара» сүресі, 164

²⁰⁰ «Нәмл» сүресі, 56



Олар осыған ғана тоқтамай, оған: «Ей, Лұт! Егер сөзің тура болса, Құдайдың азабын біздің басымызға төндір, қанеки, көрелік мықтылығыңды. Біз сенің бір сөзіңе де сенбейміз. Қане, қайда әлгі уағда еткен азабың? Шамаң келсе тезірек алып кел!»²⁰¹ – деп зеки сөйлеп, миықтарынан күліп, келемеждеді.

Хақ пайғамбар осы сөздерінен олардың әсте иман келтірмейтіндіктерін ұқты. Өйткені мына сөздері арқылы жан-дүниесі қарау тартып, жүректерінде иман ұялайтын жер қалмағандығын білді. Олардың жүректеріне мөр басылған еді. Кімге мөр басылса, ол әсте мұсылман бола алмайды. Хазірет Лұт оларға: «*Әрине мен сендердің қылықтарыңнан жиіркенемін*», – деді де, Хақ тағалаға қол жайып: «*Раббым мені және отбасымды бұлардың сұмдықтарынан құтқара гөр!*»²⁰² – деп дұға етті.

Азап періштелерінің келуі

Жаратушы Жаппар Ие хазірет Лұттың дұғасын қабыл етті. Садум елінің астаң-кестеңін шығарып, жер бетінен жойып жіберу үшін, үш періште жіберді. Үш періште Хақ пайғамбарға түс әлетінде келді. Бұл кезде Пайғамбар бақшада жүрген болатын. Үш жолаушының өзіне қарай келе жатқанын байқап «Үшеуің де бейтаныс адамдар екенсіңдер, менде не бұйымтайларың бар еді?» – дейді. Олар оған құдайы қонақ екендігін айтады.

Періштелер жүздерінен нұр тамған көрікті жас жігіт бейнесінде келген болатын. Лұт (а.с.) олардың осы бейнесін көрген сәтте-ақ, іштей қатты абыржып, уайымдай бастады. Үйіме келгенше, ешкім байқап қалмады ма

²⁰¹ «Анкабут» сүресі, 29

²⁰² «Шұғара» сүресі, 168-169



екен? Алда-жалда біліп қалып, үйіме келсе, бұл жігіттерді қалай қорғаймын деп ойға шомып өз-өзіне: *«Бұл өзі бір жанға батқан ауыр күн болды зой»*²⁰³, – деп күбірледі. «Құдайы қонақпыз» деп алдына келіп тұрған соң, Хақ пайғамбар тіс жарып ештеңе дей алмады. «Жолдарың әне, бұл елден тез кетіндер» деуге дәті бармады. «Ауыр күн» екенін біле тұра, пайғамбар болған соң көтеруіне тура келді. Ол ағасы хазірет Ибраһим сияқты жаны жомарт пайғамбар еді. Хақ пайғамбар олардан: «Қонақтар! Бұл елдің қандай ел екенін білетін бе едіңдер?» – деп сұрады. Періштелер: «Қандай?» – деп сұрағанда: «Жер бетінде бұл елден асқан азғын ел жоқ һәм болған да емес», – деп жауап береді.

Хақ пайғамбар қонақтарын үйіне ертіп кіргізді. Олар үйге кіріп төрге жайғасқан шақта, Лұт пайғамбардың әйелі Уахила дереу сыртқа шығады да, үйіне қандай қонақ келгенін жұртқа жайып үлгереді. Уахила пайғамбардың әйелі болса да, иман келтірмеген еді. Сырттай мұсылман болып көрініп, кәпірдің тірлігін істеген «қой терісін жамылған қасқырдың нағыз өзі» болатын. Уахиланың сөзі маңайға жайылысымен, сол жердің бар еркегі жиналып, хазірет Лұттың үйінің айналасын қоршап алды. Олар Лұттан қонақтарды өздеріне шығарып беруін талап етті. Хақ пайғамбар оларға: *«Бұлар менің қонақтарым. Мені қонақтарымның алдында масқара етпеңдер. Аллаһ тағаладан қорқыңдар. Осы жаман қылықтарыңды тыйыңдар. Күнәға жоламаңдар. Азғындықтарыңды мен білгенмен, мына қонақтарым білмесін»*²⁰⁴, – деді. Алайда шайтанның құрығына түскен халқы оның сөзіне

²⁰³ «Һұд» сүресі, 77

²⁰⁴ «Хижр» сүресі, 68-69



құлақ аспады. Олар: «Ей, Лұт! Біз сені өзгелердің ісіне араластың деп жолыңа бөгеу болмадық қой. Енді неге біздің жолымызды кесесің. Біз саған үйіңе қонақ кіргізбе деп ескертіп едік қой. Сен қалауыңша таза бола бер. Бірақ біздің ісімізге араласпа. Бізде кемшілік болса, ол өз ісіміз. Сенің бізде шаруаң болмасын!»²⁰⁵ – деп жанжағынан даурығысты. Лұт пайғамбар (а.с.) оларды бұлай тоқтата алмайтынын білген соң: «Уа, халқым! Міне, қыздарым. Олар сендер үшін әлдеқайда таза. Оларды сендерге некесін қиып берейін. Аллаһтан қорқыңдар. Араларыңда жақсы мен жаманды айыра алатын дені түзу біреу жоқ па?» – дейді. Самуд халқының еркектері: «Ей, Лұт! Сен осы күнге дейін бізді білмейтін бе едің? Сенің қыздарыңда біздің шаруамыз жоқ. Сен біздің не қалап тұрғанымызды жақсы біліп тұрған боларсың?» – деп дүрсе қоя берді. Лұт пайғамбар олардың мына сөздерінен кейін қатты қысылып: «Шіркін-ай! Дәл қазір сендерге қарсы тұратын бір құдіретім яки қорғана алатын титтей мүмкіндігім болғанда, мынадай күйге түспес едім»²⁰⁶, – дейді. Оның осы сөзіне қатысты Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Аллаһ Лұтқа рақым етсін. «Мықты бір қорғанды паналасам» деп, сол кезде қатты қиналып, Аллаһқа сиынуды ойламаған», – дейді²⁰⁷. Осы кезде оның қатты күйзелгенін байқаған періштелер шындықты жайып салды: «Ей, Лұт! Біз сенің Раббыңның елшілеріміз. Қорықпа! Бізге түк те істей алмайды. Сенің халқың адасудан арылғылары келмей қасарысып жатыр. Бұдан соң олардың түзелуі әсте мүмкін емес. Сен қанша насихат айтқанмен, оларға

²⁰⁵ «Хижр» сүресі, 70

²⁰⁶ «Һұд» сүресі, 80

²⁰⁷ Бухари.



ешбір пайда бермейді. Осы сәттен соң олар саған әсте жапа шектіре алмайды. Жібер, қанеки бәрі ішке кірсін»²⁰⁸, – дейді.

Осыдан кейін Хақ пайғамбар есікті айқара ашқан еді, сыртта ентелеп тұрған еркектер ішке лап етіп ағылды. Бірақ олар не болғанын түсіне алмай, сең соққан кемедей теңселіп кетті. Көздері қарауытып артынан түк көрмей қалды²⁰⁹. Бейне бір аналарынан соқыр болып туғандай күй кешті. Бәрі бірден айқайлап бір-бірін басып-жаншып кимелеп шыңғыра бастады. Бұлар жай қонақ емес, сикыршы, дуалаушылар екен деп, қонақтарды кінәлай бастады. Хазірет Лұт оларды итерген бойы, далаға шығарып тастады.

Періштелер хазірет Лұтқа: «Кештің бір мезгілінде отбасынды алып тездетіп жөнел. Өзің олардың артынан жүріп отыр. Ешқайсысың артыңа қараушы болмаңдар. Діттеген межеге жетіндер. Таңға жуық олардың шаруасы бітеді», – дейді. Хақ пайғамбар дереу өзіне сенген үмбетін ертіп түн жастанып жолға шықты. Жары Уахила олармен емес, азғын халықпен бірге болғысы келіп жұртта қалып қойды. Хазірет Лұт отбасын ертіп қаладан шыққан кезде, майда тастарды үйіріп алып, бұршақша жаудыратын жел шықты. Бұл азаптың алғашқы белгілері болатын.

Садум халқының жермен-жексен болуы

Хазірет Лұт үмбетін алып қаладан шалғай кеткенде, таң рауандап атқан еді. Соққан желдің арты дауылға айналып, қала үстіне тас нөсердей құя бастады. Осы кезде ғайыптан: «Сендер Лұттың хабар берген азабы

²⁰⁸ «Һұд» сүресі, 81

²⁰⁹ «Қамар» сүресі, 37

мен ескертуін жоққа шығарып едіңдер. Енді сол азапты тартыңдар. Лұттың туралығын біліндер», – деген дауыс естіліп тұрды. Аятта: *«Оларға апат әміріміз келген сәтте, ол жердің үстін астына келтірдік. Сондай-ақ үстеріне әдейі әзірленіп қыздырылған тас жаудырдық»*²¹⁰, – деп айтылады.

Деректерде Садум елінің тұрған жері қазіргі «Лұт көлі» яки «Өлі теңіздің» тұрған жері екендігі айтылады. Оған «Шария» өзені ғасырлар бойы аққанмен, оның тұзын азайта алмаған. Құранда сол жер туралы: *«Ол арада күйзелтуші азаптан қорқушылар үшін бір гибрат қалдырдық»*²¹¹, – деп, сол жердің қарғыс атқан мекен екендігін білдіреді.

Кейбір деректерде Лұт пайғамбардың (а.с.) отбасын алып, Мысырға яки Шамға, не болмаса Йорданияға қоныстанғандығы айтылады.



²¹⁰ «Һұд» сүресі, 82

²¹¹ «Зарият» сүресі, 37

ӘЙЮБ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Әйюб (а.с.) – Ысқақ пайғамбардың Айыс деген перзентінің баласы. Әйюб пайғамбар атасы хазірет Ысхақтың берген батасының арқасында шаңырағына көп берекет дарып, шаңырағы балаға, өрісі малға, қамбасы астыққа, сандығы алтынға толыпты. Кейбір деректерде жары Рахима Жүсіп пайғамбардың (а.с.) қызы екендігі айтылған. Хазірет Әйюбтың ең үлкен сынағы осы көл-көсір байлығы еді. Алайда ол дүниеге еш құмартпады. Хақ тағалаға құлшылық жасауды, Аллаһты дәріптеуді ол бәрінен жоғары қоятын. Кейіннен хазірет Әйюбқа осынша байлығы өз алдына, Шам жақтағы бір елді дінге шақыру үшін пайғамбарлық уазипасы берілді.

Ол сабырлығы мен Хаққа деген іңкәрлығымен танылған пайғамбар еді. Аллаһ тағала ел ішінде сынақ қылу үшін, оның барлық байлығын қайтарып алды. Бір жолғы апат төрт түлік малынан тышқақ лақ та қалдырмай жұтып кетті. Алтындары түгіл бала-шағасы қырылып, шаңырағы ортасына түсті. Алайда осының бәріне сабырлық танытқан хазірет Әйюб ешкімге мұн шақпады. Қара халық мұның осы қылығына қатты қайран қалып, бастарын шайқады.

Аллаһ тағала «Оның қаншалықты ықыласты, рухы биік адам екенін көріндер» дегендей, Хақ пайғамбарды адам жаны күйзелетін дертке шалдықтырды.

Пайғамбарларда жұқпалы ауру яки сырт көзге жиіркеншті дерт болмайды. Олардың бір ерекшелік-



тері – сырт көзге тартымды болулары қажет. Жай ғана жараның өзі олардың осы ерекшеліктеріне қайшы келеді. Өйткені олар пайғамбар болғандықтан, қасына келген адамдарды шошытпай, қашан да дене-бітімімен де өзіне тартып тұруы тиіс. Сондықтан олардың тәнінде қандай да бір кемістік болмайды.

Әйюб пайғамбардың (а.с.) науқасы да осыған сай науқас еді. Осы науқасын кейбір кітаптарда «денесінде құрт қаптап, кеулеп жеп жүрді» деп берілген. Бұлай деп ойлау үлкен қателік. Оның дерті – пайғамбарлыққа жарасар дерт. Әйтсе де осы дерті күннен күнге меңдеп, жанына қатты батқаны сол, оны көрген адамдар қасында көп тұра алмайтын. Бұрын сонды болмаған мұндай дертті көрмеген халық оған жаны ашып жүректері ауырса да, көңілін сұрап баруға дәті шыдамайтын болды. Қасында сүйген жары – Рахима ғана қалып, күндіз-түні жанынан бір елі айырылмай, күтімін жасады. Қолы қалт еткенде, жеңіл-желпі жұмыс жасап, күн көріс нәпақасын тауып отырды. Осыған орай бір күні Рахима әлдебір шаруалармен сыртқа шығып кеткен болатын. Сол мезгілде хазірет Әйюбтың (а.с.) дерті қатты асқынып, жаны қысылып әйелін көмекке шақырды. Оған жауап қайтарған әйелі болмады. Осылайша сүт пісірім уақыт өтті. Жаны қиналған Әйюб (а.с.) қатты ашуланып: «Осыдан дертімнен айықсам, оған жүз дүре соғамын», – деп ант етті.

Ауыр дертке шалдыққан Хақ пайғамбар азаптан арыла алмай Аллаһ тағалаға сабырлық көрсетіп, жаны қанша қиналса да, құлшылығы мен зікірін азайтпады. Қайта уақыт өткен сайын, Жаратқанға деген сүйіспеншілігі, сабырлығы, құлшылығы һәм жақындығы арта түсті.



Бұл кездері шайтан да қарап қалмады. Мың түрлі айламен оны, азғыруға тырысты. Ібіліс оған: «Сен ілгеріде төрт түлігің сай, төрт құбылаң түгел, бала-шағаң көп, дүниесінің есебін білмейтін осы аймақтың атақты байы едің. Енді жатқан жатысың мынау. Байлық тұрмақ дені-басың да сау емес», – дейді. Сонда хазірет Әйюб: «Олардың иесі мен емес жаратқан Раббым ғой. Ол өзі берді, өзі алды. Ол өз мүлкін қайда қоям, қайда берем десе өз еркінде. Біз Оны емес, Ол бізді сынайды», – деп жауап береді. Ол Аллаһ тағалаға сиынып: *«Раббым! Рас мені шайтан бейнет пен қинауға ұшыратты»*²¹², – деп жалбарынды.

Әйюб пайғамбардың дұғасы

Хақ пайғамбардың науқастанып жатқанына көп жылдар болды. Бағзы деректерде оның он үш яки он сегіз жыл науқастанғаны айтылады. Осы дерт бір күні қатты асқынып жүрегі мен тіліне шапты. Ол ауру азабын қаншама тартса да Хақтан үмітін үзбеген еді. Сол себепті ол Аллаһқа жақындай түсіп, Оның «Шафи» есімін терең түсініп, тынбай зікір етіп келген. Ал қазір сол дерт меңдеп жүрегі мен тіліне жеткен кезде, оны Хақ тағалаға деген құлшылығыма залал тимесе екен деген ой мазалай бастады. Ақырында бір байламға келіп, Хақ тағалаға: *«Я, Раббым! Бұл дерт маған залалын тигізе бастады. Саған лайықты терең құлшылық ете алмайтын түрім бар. Сен рақымдылардың ең Рақымдысысың»*²¹³, – деп дұға етті. Хақ тағала оның дұғасын қабыл етіп: *«Аяғыңмен жерді теп. Міне*

²¹² «Сад» сүресі, 41

²¹³ «Әнбия» сүресі, 83.



саған шомылатын әрі ішетін суық су»²¹⁴, – дейді. Хақ пайғамбар осы бұйрықты алғаннан кейін, дереу жерді теуіп қалып еді, жер астынан мөп-мөлдір су бұрқылдап шыға бастады. Ол сол суға шомылып, қанғанша ішіп мейірін қандырды. Сонда Хақ тағала шипасын беріп, қанша жылдық науқасынан бірден айығып бұрынғы қалпына келді. Қаншама жылдан бері тартқан азабы көрген түстей өте шықты. Әйюб пайғамбардың осы суға түсіп емделуі кейінгі ұрпаққа дәстүр болып қалды. Халықтың қазіргі жылы су, шипалы су деген сықылды суларға емделуі осы Әйюб пайғамбардан басталған ба дерсіз.

Науқастан айыққан Хақ пайғамбар есін жиып, көңілі көншіген соң, ауырып орнынан тұра алмай жатқан кезіндегі әйеліне жүз дүре соғу антын есіне алды. Бірақ оған соншама жыл қасынан бір елі айырылмаған сүйген жан жарына дүре соғу оңайға соқпады. Мұншама жыл опа көрсетіп, жанына серік болған әйеліне қайтарған жақсылығы осы ма еді?! Егер ұрмаса берген уағдасынан қайтіп танбақ? Сол сәтте Аллаһ тағала пайғамбарына рақым етіп уахи жіберіп: *«Қолыңа бір топ шөптің сабағын алып, сонымен бір ұр. Сертіңнен қайтпа!»*²¹⁵, – дейді. Хақ тағаланың осы әміріне Әйюб пайғамбар қатты қуанды. Дереу қолына бір топ шөптің сабағын алып сонымен әйелін бір рет ұрды. Сөйтіп, ол жүз дүре соғамын деген сертін орындады.

Сынақтан өтуі

Әйюб пайғамбар осылайша сынақтан мүдірмей өтіп, өзінің Раббысының құзырында сабырлы, тақуа

²¹⁴ «Сад» сүресі, 42

²¹⁵ «Сад» сүресі, 42



құл екендігін дәлелдеп, елге өнеге болды. Аллаһ тағала оған нығметін бұрынғыдан да мол ғып үйіптөкті. Құранда: *«Бізден рақым әрі ақыл иелеріне үгіт ретінде оған отбасын, айналасын бір есе артығымен бердік»*²¹⁶, – дейді. Көп ұзамай оның өрісі малға, қорасы қойға толды. Қисапсыз қазына мен есепсіз дүниесін көргендердің есі кете бастады. Шаңырағындағы улап-шулап ойнаған балалар олардың көңілін сергітіп, бар дертін ұмыттырды.

Деректерде оған елінен жеті адамның иман келтіргені, өзі жүз қырық яки тоқсан үш жасында қайтыс болғаны туралы айтылады. Ол туралы Құранда: *«Расында, оны сабырлы көрдік. Ол қандай жақсы құл! Өйткені ол өте мойынсұнғыш»*²¹⁷, – дейді.

Бұл өмірде адамның дүниелік үш байлығы бар. Ол – байлық, нәсіл, денсаулық. Іһәм бұл үшеуі пендеге берілген негізгі сынақтар. Көбінесе бұл фәниде осы үш сынақтан көптеген жұмыр басты пенделер сүрініп кетіп жатады. Мысалы, біреуге байлық беріледі де, көп ұзамай бір сәтте жоғалтып тақыр кедей болып шығады. Ол сонда кейде осы сынақты көтере алмай, Хақ тағалаға қарсы шығады яки өзіне қол жұмсап шыбын жаны мәңгілік азапта шырқырайды. Ендеше Әйюб пайғамбардың сабырлығы осындай жандарға өнеге.

Әйюб пайғамбар (а.с.) да өзіне берілген міндетті толық орындады. Кейінгі ұрпақтарға сабырлықтың өшпес өнегесін қалдырды. Көктен түскен уахи тоқтап, уазипасы біткен шақта, өмірден озып, Раббысына қайтты.

²¹⁶ «Сад» сүресі, 43

²¹⁷ «Сад» сүресі, 44

ЖАҚЫП ПЕН ЖҮСІП (А.С.) ПАЙҒАМБАР

Ибраһимпайғамбардың немересі – Жақып Ысқақтың үлкен баласы. Одан басқа Ысқақтың Аис деген баласы болған. Аис Шам жаққа қоныс аударғанда, Жақып (а.с.) Канған жеріндегі қара шаңырақта қалып қойған. Кейіннен оған пайғамбарлық келген шақта, ол халқын хәк дінге шақырып, туралыққа бастады.

Жақыптың (а.с.) он екі ұлы болды. Кейбір деректерде бұлардың аттары былай айтылады: Яһуда, Рубин, Шәмун, Ләуи, Яшшуһуз, Зәбулун, Зәуәнә, Тәфтуна, Кәуза, Ушир, Жүсіп және Буниамин. Он екі ұлдың ең кішілері Жүсіп пен Буниамин еді. Осы екеуі Жақып пайғамбардың басқа әйелінен туған.

Жақыптың (а.с.) лақап аты – Исрайыл. Оның он екі ұлынан он екі тайпа тарап, олар Исрайыл ұрпақтары болып аталып кетті.

Жақып пайғамбар екінші әйелінен туған осы Жүсіп пен Буниаминді қатты жақсы көрді. Өзге ұлдарына карағанда Жүсіпті көзінің қарашығындай аялап, мейірім-шапағатын аямай төгетін. Шамасы, бала Жүсіптің алда талай тар жол, тайғақ кешуден небір қиын-қыстау кезеңнен, ауыр сынақтардан тайсалмай өтетінін, балаларының ішінен пайғамбарлық дарып, сол міндетті абыроймен атқаратынын сезсе керек. Әйтсе де өзге он баласы оның Жүсіпті елден ерек жақсы көргенін қызғанып, мұның соңы інілері Жүсіпке қастандық жасауға дейін барады.

Бір күні Жүсіп қызық та ғажап бір түс көрді. Таңертең сол түсін әкесіне: «Әкешім! Бүгін мен бір түс көрдім, түсімде ғажап іс көрдім. Он бір жұлдыз және ай мен күн маған сәжде етіп тұр екен»²¹⁸, – дейді. Жүсіп пайғамбар баласының мына түсінің тегін түс емес, Аллаһтан келген аян екенін біліп, баласына: «Айналайын балам! Көрген түсің расында ғажап екен. Бірақ бұл түсінді ағаларыңа айтушы болма! Әйтпесе қызғаныштан саған қастандық жасауы мүмкін. Өйткені шайтан – адамның анық дұшпаны. Раббың сені түсінде көргеніндей құлдары арасынан таңдап пайғамбар етеді. Мерейінді үстем қылады. «Түс жору (немесе қасиетті кітаптардың сырлары жайында) ілімін береді. Бұрынғы аталарың Ибраһим, Ысқақтарға нығметін бұйырғандай, саған және Жақып ұрпағына нығметін толықтырады. Шәксіз, Раббың толық білуші, хикмет иесі»²¹⁹, – дейді. Жақып пайғамбар он бір жұлдызды он бір ұлы, айды әйелі, күнді өзі деп жорамалдап, баласының бәрінен де мерейі үстем болатынын аңғарған еді. Жақып пайғамбардың кезінде халық арасында түс жору ілімі кең дамыған болатын. Сондықтан баласының көрген түсін ағалары естісе, астарын дереу біліп қоятын еді. Осыны сезген хазірет Жақып баласына түсін жасыруды айтқан-ды²²⁰.

Жақыптың (а.с.) он баласы осы түсті сезіп қойғандай-ақ соңғы күндері Жүсіпке деген қызғаныштары қатты козады. Тіпті Буниямин екеуін басқа анадан туғандықтан, өз бауырлары санамай, мүлдем сыртқа қағатынды шығарды. Бір күні олар бас

²¹⁸ «Жүсіп» сүресі, 4

²¹⁹ «Жүсіп» сүресі, 5-6

²²⁰ Сабуни, Нубууә. 329-бет



қосып ақылдасты: «Біздің жасымыз Жүсіпке қарағанда әлдеқайда үлкен. Әрі әкеміздің істерін түгел өзіміз атқарамыз. Ендеше, әкеміз бізді жақсы көрудің орнына түкке тұрмайтын Жүсіп пен оның інісін жақсы көргені несі? Бұл жерде әкеміз қатты қателесіп отыр»²²¹, – дейді. Ақылдаса келе ағаларының біреуі: «Жүсіпті иен далаға апарып өлтіре салайық. Болмаса адам аяғы баспаған бір жерге тастап кетейік. Елсіз жерде адасып өлсе кім білер дейсің? Сонда ғана әкеміз бізге мол сүйіспеншілікпен қарайтын болады. Азар болса адам өлтіргеніміз үшін, артынан тәуба етерміз»²²², – дейді. Оның осы пікірін сол жерде отырған бауырлары тегіс қолдайды. Тек үлкен ағалары Яһуда ғана қарсылық танытып: «Жо-жоқ! Жүсіпті өлтірмеңдер! Өйткені кісі өлтіру – үлкен күнә. Оның жазасы да өте ауыр. Егер Жүсіптен біржолата құтылғыларың келіп бара жатса, онда оны пәлен деген құдыққа тастаңдар. Сол жерден керуендер өтеді. Олар Жүсіпті құдықтан шығарып қана қоймай өздерімен бірге алысқа алып кетері хақ»²²³, – дейді.

Соңында барлығы осы пікірді қолдап, білектерін сыбанып іске кіріспекші болады. Өйткені Яһуда ел ішінде өте ақылды жігіт саналатын.

Жақып пайғамбар он ұлынан Жүсіпке бір пәленің келетінін іштей сезіп жүретін. Сол себепті баласына өте сақтықпен қарайтын. Бір күні сол он баласы алдына келіп: «Әкешім! Біз бәріміз тауға барып сейілдеп, көңіл көтергіміз келіп тұр. Жүсіпті де ертіп алсақ жақсы болар еді. Ол біздің бауырымыз ғой! Ойын-сауық құрып бір жадырап қайтайық», – деп қолқа салады.

²²¹ «Жүсіп» сүресі, 8

²²² «Жүсіп» сүресі, 9

²²³ «Жүсіп» сүресі, 10

Жақып (а.с.) он ұлының тілегін қабыл алмайын десе, олардың ренжитін түрі бар. Мақұл дейін десе, түндегі көрген түсі тағы бар. Түсінде Жүсіпті бір қасқыр қуалап жүрген еді. «Былай тартса арба сынады, былай тартса өгіз өледі». Қатты ойланып тұрды да: «*Расында, оны алып кетсеңдер, мен қатты уайымдаймын. Әрі сендер оған жақсы қарай алмай, қасқыр жеп кете ме деп қорқамын*»²²⁴, – дейді. Сол кезде он баласы да: «Әкетай! Бір інімізге қарай алмайтындай бізге сонша не күн туыпты? Онымыз он жерде қаққан қазықтай тікемізден тік тұрып қорғасақ, ардақты інімізді қасқыр қалай тартып әкетсін? Бізді осыншама жігерсіз, деп ойлайсыз ба? Бір інімізге ие бола алмасақ, онда, өз обалымыз өзімізге»²²⁵ дейді.

Он баласының мынадай сөздерінен кейін Жүсіп пайғамбар тіс жарып ештеңе айта алмай, оларға рұқсат береді²²⁶.

Көп ұзамай Жүсіп пайғамбардың балалары тауға қарай бет алды. Олар Жүсіпті торға түскен торғай ғұрлы көрмей жол бойындағы бір құдықтың басына дедектетіп ертіп келді. Іле ай-шайға қаратпай Жүсіптің көйлегін сыпырып, өзін жіпке байлап құдыққа түсіреді де, тереңге жетті-ау дегенде, жіптің ұшын қоя береді. Сол кезде Жүсіп бір тастан ұстап суға түспей қалды. Осы сәтте хазірет Жәбірейіл Хақтан уахи әкеліп: «Уайымдама! Әлбетте, сен азаттыққа жетіп олардың осы істеген жөнсіздіктерін беттеріне басып, оларды

²²⁴ «Жүсіп», сүресі, 13

²²⁵ «Жүсіп», сүресі, 14

²²⁶ Сабуни, Нубууэ, 332-бет



жерге қарататын боласың. Алайда олар мұның бәрінен бейхабар»²²⁷, – дейді.

Бала Жүсіпті ағалары құдыққа тастаған соң, бір қозыны сойып, көйлегін оның қанына малып, үйге жақындай бере өкіріп жылайды. Олардың былайша жылап келе жатқанын көрген Жақып пайғамбар (а.с.) бір жамандықтың болғанын сезеді. Оның үстіне араларынан Жүсіпті көре алмай, түрлі ойға кеткен еді. Сосын: «Мұнша жылайтындай бастарыңа не күн туды? Жүсіп қайда?» – деп сұрайды. Олар: «Әкешімау! Тіпті не дерімізді де білмей тұрмыз. Сіз «қасқыр» деген сөзді тегін айтпаған екенсіз. Шамасы, бір жаман нәрсенің боларын алдын-ала сезгенсіз ғой. Алайда біз соны түсіне алмап едік. Біз тауға барып сейіл құрдық, соңында, «кім жақсы жүгіреді?» деп бір-бірімізбен жарыса жөнелдік. Жүсіпті «сен әлі баласың ғой» деп, керек -жарағымыздың қасына қалдырып кеткенбіз. Жарысамыз деп жүріп, ойынның қызығына батып, ұзап кетіппіз. Кейіннен ес жиып орнымызға келсек Жүсіпті қасқыр жеп қойыпты. Оның көйлегі ғана қалған екен. Міне, мынау соның қанға боялған көйлегі»²²⁸, – деп көйлекті беріп жатып, әкелерін кезек-кезек құшақтап жас балаша еңкілдеп жылайды²²⁹.

Жақып пайғамбар (а.с.) көйлекті қолына алып қарап, ондағы қанның адам қаны еместігін анық сезді. Содан соң балаларына қарап: «Жо-жоқ. Бұған кім сенсін?! Сірә, шайтан түрткен екен. Амал нешік! Бұл да болса Аллаһ тағаланың сынағы шығар. Сірә, ендігі

²²⁷ «Жүсіп», сүресі, 15

²²⁸ «Жүсіп», сүресі, 17

²²⁹ Аффиф Абдулфаттах Таббара, Маал-әнбия фил-Қуран, 183-бет

жерде Хақ тағалаға тәуекел еткеннен басқа жол жоқ», – дейді. Жақып пайғамбар балаларын қанша қыстаса да, шындықты айтпайтынын біліп, оларды одан ары ұрысып, қинап сұраққа алып, өз жанын жаралағысы келмеді. Хақ тағалаға тәуекел етіп, әліптің артын бақты. Мұнда Жаратқаның бір хикметі барын сезді.

Ал опасыз он ұлы әкесінің тергемегеніне риза болып, мақсатымызға жеттік деп, бөріктерін аспанға атып қуанды.

Хазірет Жүсіп құдықтың ішінде үш күн, үш түн жатты. Осы уақыт ішінде тек қара сумен ғана қоректенді. Жүсіп бұл кезде әлі бала болса да сабырлықпен төзе білді. Өмірден үмітін үзбеді. Үш күннен соң Мәдяннан Мысыр еліне қарай бет алған керуен осы құдықтың қасына келіп тоқтайды. Керуенбасы бір адамын дереу суға жұмсайды. Әлгі адам құдыққа келіп шелегін тастап жіберіп қайта тартқанда, салмағы едәуір ауыр сезіледі. Әлгі адам шелек суға толды екен деп ойлап, бар күшін жинап тартқанда, шелекпен бірге жас баланың шыға келгенін көріп бір жағынан қатты таңырқап, бір жағынан қуанып кетіп: «Сүйінші! Бұл бала ғой!» – деп айқайлап жібереді²³⁰. Ол баланы алып керуенбасына тапсырады, керуенбасы баланы өздерімен бірге алып, Мысыр еліне қарай сапарын жалғастырды.

Мысырды ол кезде перғауындар емес, Йемен жақтан келген «амалиқалықтар» басқаратын. Олар перғауынды жеңіп, сол жерде төрт жүз жыл патшалық құрған. Хазірет Жүсіп заманында кейбір деректерде Рәйян ибн Уәлид атты бір патша елге өз әмірін жүргізгені айтылады.

²³⁰ «Жүсіп», сүресі, 19



Керуен көп ұзамай Мысырға келді. Қалада арнайы құл базары бар болатын. Керуен иелері осы құл базарының қайнаған ортасына бала Жүсіпті сатуға қойды. Сол кезде Мысыр еліндегі жоғары лауазымды ақсүйек, Китфир деген кісі бала сатып алмақшы боп, сол базарға барған болатын. Ол үйленгелі көп жыл өтсе де, әйелі Зылиха әлі бала көтермеген еді. Олар базардан өздеріне әрі бала, әрі қызметші ретінде Жүсіпті лайық деп табады. Керуен иелері бала Жүсіпті оған болмашы ақшаға сатып жіберді. Ол баланы үйіне алып келіп, Зылихадан сүйінші сұрап жатып: «Бұған жақсылап қара! Кім біледі, күндердің күнінде бізге қатты бауыр басып баламыз болып кетуі де мүмкін», – дейді.

Хазірет Жүсіп балиғатқа толған шағында, Хақ тағала оған ілім мен хикметті, түс жору ілімін үйретті. Ол адамдар арасында төреші болып, елге қол ұшын беріп, халықтың қалаулысына айналды. Өзінің мінезі қандай көркем болса, өскенде сондай сымбатты сұлу жігіт болды. Оның сымбаты мен сұлулығын көрген жұрт есінен тана таңырқайтын. Зылихаға күйеуі «өз балаңдай қара» деп тапсырса да, күн өткен сайын сол сөзді ұмытып, сұлу Жүсіпке көңілі ауып, ессіз ғашық болды. Ақыры, Зылиха сарайында ешкім жоқ орайды пайдаланып, есік біткеннің бәрін ішінен бекітіп тастады. Сосын Жүсіптің бөлмесіне барып оны өзіне шақырды²³¹. Алайда бозбала Жүсіп өзіне қамқор болған қожайынының әйелінен мұндай арсыздықты күтпеген еді. Ол қас-қағым сәтте не істерін білмей сасып қалды. Осы кезде оның көз алдына әкесі Жакып пайғамбардың бейнесі келді. Әкесінің бейнесін көре сала, дереу есін жиып, қарсылық білдірді. Зылиханың арам пиғылын

²³¹ «Жүсіп», сүресі, 23

сезе қойды. Амалсыз есікке қарай қашуына тура келді. Ол қашып бара жатқанда, Зылиха «тоқта» деп айқайлап қуа жөнелді. Есікке жете бергені сол еді, Зылиха оның көйлегінің артқы етегінен шап беріп ұстап, күштеп тартып қалғанда, көйлек дар етіп жыртылады. Ол бұған да қарамай, есіктің ілгегін ағытып сыртқа шыға бергенде, алдынан Зылиха өзінің немере ағасы мен күйеуін көріп қалды. Жүсіп ұялғанынан кірерге тесік таппады.

Артынан қуа шыққан Зылиха да оларды көрген кезде дереу сайқалсып, жәбір көрген адамдай кемседеп күйеуіне: «Сенің әйеліңе жамандық ойлаған біреудің жазасы сөзсіз зындан немесе жан түршігерлік азап!» деп ашулы жүзін Жүсіпке бұрды. Сонда Жүсіп Китфирдің жүзіне қарай алмай төмен қарап: «Жоқ, қайта ол көңілімді өзіне тартпақшы болды. Ал мен көнбей қарсылық танытып қаша жөнелдім. Ол мені ұстамақ болып көйлегімнің етегінен шап берген еді, көйлегім жыртылып қалды», – дейді.

Осы кезде Зылиханың немере ағасы: «Ендеше кімнің ақ, кімнің қара екенін анықтап көрелік. Егер Жүсіптің көйлегі алдынан жыртылса, Зылиханың айтқаны жөн деген сөз. Ал егер көйлек артынан жыртылған болса, онда Зылиха өтірік айтып, бұл жігітке жала жауып тұрғаны», – дейді. Одан кейін көйлектің артынан жыртылғаны айқындалғанда Жүсіптікі дұрыс, Зылиханың сөзі жалған екендігі анықталды. Зылиханың немере ағасы оған қарап: «Ниетің неткен жаман еді сенің! Онымен қоймай кінәсіз біреуді жазаламақ болдың²³². «Әйелдің қулығы қырық есекке жүк» деген осы екен ғой деп кінәсін бетіне басты. Сосын Жүсіпке қарап: «Жүсіп! Сен бұл оқиғаны елге айтпай-ақ қой. Онсыз

²³² «Жүсіп» сүресі, 28



да сенің кінәсіз екендігің анықталды. «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деген. Әңгіме өз арамызда қалсын», – деді. Аздан соң арам ниетінің іске аспағанына әрі күйеуі мен ағасына ұсталып маскара болғанына іштей ызаланып күйіп тұрған қарындасына қарап: «Сен де тәубе етіп, жарылқау тіле! Сен нәпсіңе беріліп жан түршігерлік қателік жасадың» дейді.

Әйтсе де олар осы оқиғаны қанша жасырғанмен, бұл қауесет ел ішіне түгел тарап кетті. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайдының» кері келді. Ақсүйек әйелдер өз араларында «Ұят-ай! Пәленшенің әйелі үйіндегі құлымен көңіл жарастырмақ болып, күйеуіне ұсталып қалыпты. Соры қайнаған деген осы», – деп өсектеді. Осыны естіген Зылиха бір күні сол әйелдерді үйіне қонаққа шақырды. Оларға мол дастарқан жайды. Астан соң арнайы жеміс-жидек толтырылған ыдыстарды алдарына қойып, қолдарына бір-бір алмастай өткір пышақ ұстатты. Олар пышақпен жемісті кесіп жатқанда, Зылиха Жүсіпке дауыстап: «Бері кел!» – деді. Алдын-ала оны әсем киім кидіріп қойған болатын. Ол залға шығып әйелдердің қастарына өтіп, төрдегі Зылихаға жақындай бере, оны көрген ақсүйек әйелдер естерінен танды. Жемістің қабығын кесудің орнына қолдарын кесе бастады. Тіпті қолдарынан қан аққанын да сезбеді. Ауыздарын ашып, Жүсіпке қарап сілейіп отырды да қалды. «Ой, Алла! Мынау адам емес, нағыз періштенің өзі ғой!» десті». Сол кезде Зылиха «Мен туралы өсек айтуларыңа себеп болған жігіт – осы. Сендер бір көргеннен-ақ естеріңнен танып, қолдарыңды кескендеріңді сезбей қалдыңдар. Ал мен болсам, онымен бір шаңырақ астында тұрып жатырмын. Бір-бірімізді күнде көреміз. Сол себепті онымен

бірге болуды қаладым. Алайда ол менен қашып, ар-ұятын қорғады. Бірақ мен мұнымен ғана шектелмеймін. Өз дегеніме жетпей тынбаймын. Ал осыған көнбесе, зынданға тастатып, сол жерде сүйегін шірітемін»²³³, – деп өз арам ойын ашық айтты. Осыдан соң Зылиха сол ақсүйек әйелдерді де араға салып, Жүсіпті көндірмек болды. Ақыр соңында Жүсіп (а.с.) Зылихадан құтылудың бір-ақ жолы бар екендігін білді. Ол Хақ тағалаға қол жайып: *«Раббым! Бұлардың мені істеуге мәжбүрлеген әрекетінен маған зындан әлдеқайда артық. Егер мені бұл әйелдердің сұрқия қылықтарынан құтқарып, басқа жаққа алып кетпесең, надандардың бірі боламын»*²³⁴, – деп дұға тіледі.

Зылиха бұл кезде оны өзіне баурау үшін сан-қилы айла-тәсілдерін аямай жұмсап жүрген еді. Бірақ ешбір нәтиже шықпады. Бір күні оның көнбейтініне көзі жеткен соң, зынданға тастатып қорқытпақшы болды. Күйеуіне тағы бір рет шағымданып: «Бұл жігіт мені ел-жұртқа әбден масқара етті. Бұрқыраған өсекке қалдым. Бұған қалай төзуге болады? Одан да сен осы баланы зынданға дереу тастап, барлық пәледен құтылайық. Осы айтқанымды істе», – дейді. Китфир дереу жендеттерін шақырып, оны зынданға тастатты.

Жүсіп (а.с.) қараңғы қапасқа қамалысымен, көңілі жай тауып жадырап сала берді. Жүсіп үшін сайқал Зылиханың қасында жүргеннен гөрі қараңғы зынданда жату әлдеқайда жеңіл еді. Сол күні зынданға онымен бірге екі жас жігіт қамалды. Олардың бірі патшаның наубайшысы да, ал енді бірі шарапшысы болатын. Патшаға қас адамдар оларды патшаға у беруге мәжбүрлеген еді.

²³³ «Жүсіп» сүресі, 32

²³⁴ «Жүсіп» сүресі, 33



Нан жабушы олардың айтқанына амалсыз көнді, ал шарап құюшы келіспеді. Бірақ патша ниеттерін біліп қойып, екеуін де зынданға тастатты.

Олар бір күні зынданда жатып түс көріп, көрген түстерін Жүсіпке (а.с.) айтып, жорып беруін өтінді. Біреуі: «Мен түсімде шарап құйып жүргенімді көрдім», – десе, екіншісі «Мен түсімде төбемен нан көтеріп жүр екенмін. Оны құстар шоқып жеп жүр екен» дейді.

Жүсіп (а.с.) олардың түсін жорудан бұрын оларды иманға шақырып, ақиқат дінді насихаттады. «Мен Хақ тағаладан жіберілген пайғамбармын. Менің міндетім – адамдарды тура жолға салу. Сендердің менің бойымнан көрген түс жору және жақсылық жасау сипаты – пайғамбарлық сипат. Сондай-ақ бұлардан басқа отбасыларың жіберген тамақтарды сендерге келмей жатып, қандай тамақ екенін, тіпті дәмін, мөлшерін де айтып бере аламын. Осының бәрі – Раббымның маған берген ілімдердің бір бөлігі. Мен осылар арқылы адамдарды тура жолға шақырамын», – дейді.

Одан соң Хақ пайғамбар оларға өзінің зынданға түсуінің себебін ұзын сонар түсіндіре келе: «Мен имансыз елден жырақ кеткім келді. Егер айтқандарын істегенімде, мен де солар сияқты иманнан жұрдай болар едім. Мен олардан бет бұрып, аталарым Жақып, Ысқақ, Ибраһимнің дініне мойынсұндым. Осының бәрі – маған берілген Хақ тағаланың шарапаты», – дейді.

Хазірет Жүсіп екі жігітке осылайша дінді түсіндіре бастағанда, сол зынданда жатқандар оған жақындап келіп сөздеріне құлақ түре бастады. Тіпті кейбірі жылы шыраймен дінге қатысты сауал тастап үлгерді. Ақырында хазірет Жүсіп оларға: *«Уа, менімен бір қапастағы жолдастарым! Бөлек-бөлек тәңір жақсы*

ма? Әлде әр нәрсеге өктем жалғыз Аллаһ жақсы ма? Сендердің де, аталарыңның да табынып келгені ойдан шығарылған негізсіз сенімдер. Аллаһ оларға табынуға қатысты ешбір дәлел түсірмеген. Үкім Аллаһ тағалаға тән. Ол өзіне ғана құлшылық жасауды бұйырған. Міне, тура дін – осы. Бірақ адамдардың көбі білмейді»²³⁵, – деп көп ақиқаттың бетін ашады.

Аздан соң Хақ пайғамбар екі жас жігіттің көрген түсін жорып: «Уа, менің зындандас жолдастарым! Араларындағы патшаның шарапшысы болған жігіт әрі қарай қызметін жалғастырады. Екінші жігіт болса, дарға асылып, басына құстар үймелейді. Екі түстің мәні осылай» деп сөзін аяқтайды.

Күндер зулап өтіп жатты. Бір күні екі жігіт зынданнан шығарылады. Сонда хазірет Жүсіп өзі «аман қалады» деген жігітке қарап: «Сенімен бірге біраз жолдас болдық. Жағдайымның қандай екенін жақсы білесің. Реті келгенде, мен туралы патшаға айтып түсіндір. Кінәсіз болсам да, зынданға тасталдым. Әрі жазықсыз жапа шегіп жатқаным көп болды», – дейді.

Екі жігіт зынданнан шыққан соң, Жүсіптің айтқаны айдай келіп, шарапшы ақталып, наубайшы дарға асылып, басына құстар үймеледі. Ал ақталған жігіт өзінің бұрынғы жұмысына қайта оралды. Бірақ ол патшаға Жүсіп пайғамбар туралы айтпады. Өйткені шайтан оны ұмыттырып жіберген болатын. Кейбір деректе сол жас жігітпен бірге зынданда бес жыл жатқаны айтылса, тағы бір деректе одан кейін жеті жыл жатқаны жазылған.

Жүйріктей жүйіткіп жеті жыл да өтті. Күндердің бір күнінде патша түс көреді. Ол түсін уәзірлеріне

²³⁵ «Жүсіп» сүресі, 39-40



айтып: «Түсімде жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатқанын және жеті жасыл сабақ пен жеті қураған сабақ көрдім. Қане, осы түсімді жорып беріндер», – дейді. Уәзірлері оның түсін жори алмай: «Патшам! «Түс – түлкінің боғы» деген. Бұл көрген түсіңіз шымшытырық мәнсіз түс екен», – деп жалтарады.

Дегенмен бұлардың сөзіне патша сенбейді. Күн өткен сайын «Бұл түстің астары не екен?» деп терең ойға бататын. Патшаның осы түсі туралы сарайдағылардың бәрі де естіген еді. Солардың арасында баяғы шарапшы жігіт те бар болатын. Сол түсті естіген заман оның есіне зынданда жатқан баяғы жолдасы сап етіп түсе кетті. Ол қуанғаннан патшаға жүгіріп барып: «Патшам! Сізге түсіңізді қалай жоруды айтып берейін бе?» – деп сұрайды. Патша: «Айта ғой», – дейді. Шарапшы: «Мені дереу зынданға жіберіңіз. Сол жерде бірге жатқан Жүсіп деген серігім бар. Сол түсті жақсы жориды», – дейді. Патша оны зынданға жібереді. Ол зынданға барып: *«Әй, шыншыл әрі ардақты досым Жүсіп! Бізге мына күрделі түсті жорып берші: Жеті семіз сиырды жеті арық сиыр жеп жатыр. Сондай-ақ жеті жасыл сабақ пен жеті қураған сабақ». Жақсы жорысаң, керекті адамдарға барып білдірем, олар естіп, шындықты әрі сенің қадіріңді білсін»* дейді. (Жүсіп): *«Жеті жыл әдеттегіше егін егесіңдер. Бірақ аздап жейтіндеріңді ғана алып, қалғанын сабағымен сақтап қоярсыңдар. Тағы бұдан кейін жеті жыл қуаңшылық болады. Сол кезде тұқымға ғана аздап алып сақтап, бұрынғы жинағандарыңды түгелімен жерсіңдер. Ал бұдан кейін молшылық бір жыл келеді: ол кезде халық жауынға*

қарық болады, жемістердің суын сығып, малдарды сауады»²³⁶, – дейді.

Оның сөздерін тасқа жазғандай жаттаған шарапшы шауып отырып тікелей патшаның өзіне барып мән-жайды баян етеді. Патша да осындай бір нәрсені іштей сезген болатын. Хазірет Жүсіптің түсті бұлай жорығанына қарап қатты таңырқады. Ол дереу сол адамды құзырына алып келуге шабарманын жұмсады. Хазірет Жүсіп әлгі шабарманға: «Мен жазықсыз екенім тайға таңба басқандай анықталып, ақталмай бұл жерден шықпаймын. Қолдарын пышақ кескен әйелдердің мақсаттары не еді? Патша солардан сұрап мән-жайды анықтасын. Менің Раббым сол әйелдердің халдерін және менің кінәсіздігімді біледі. Бірақ мен патша мен елдің тегін осы ақиқатты білуін қалаймын», – деп жауап береді.

Хабарды естіген патша қолын кескен ақсүйек әйелдер мен Зылиханы шұғыл алдыртып мән-жайды анықтай бастайды. Әйелдер: «Құдай сақтасын! Біз Жүсіпке ешбір жамандық жасамадық. Оның да бізге зәредей жамандық жасағанын көрмедік», – дейді. Тығырыққа тірелген Зылиха көзіне жас алып: «Сірә, ақиқат істі жасырып болмас. Мен көңілім қатты ауып, Жүсіпті өзіме баурамақ болдым. Алайда ол маған жақындаудың орнына, менен ат басын ала қашты. Жүсіп – күмәнсіз шыншыл адам»²³⁷, – деп кінәсін мойындайды.

Патша сол жерде Жүсіп пайғамбардың кінәсіз екендігін жариялап, оны сарайға шақыртты. Сонда ғана хазірет Жүсіп зынданнан шығып сарайға келді. Патша

²³⁶ «Жүсіп» сүресі, 46-49

²³⁷ «Жүсіп» сүресі, 51



парасатты адам болатын. Ол хазірет Жүсіптің түс жоруына қарап ілімі терең адам екендігін біліп, түсті тағы бір мәрте өз көзімен жорытып көрген соң: «Айтқаның жөн екен. Бірақ осы істерді кім атқарады?» – дейді. Хазірет Жүсіп: «Мені мемлекеттің қазына бастығы қыл. Өйткені мен оны басқаруды жақсы білемін», – дейді. Патша оның сөзіне ризалық білдіріп, қазынаның мемлекеттік мөрін табыс етті.

Жүсіп (а.с.) мойнына алған іске дереу кірісіп кетті. Әр жылғы бастамашыл ісіне халық дән риза болды. Хақ пайғамбар көп жерлерге егін ектіріп, алынған өнімді арнайы қаздырған жертөлелерге көмдірді. Сегізінші жылы сол аймақта жаппай қуаңшылық басталды. Өзге елдер қуаңшылықтың зардабын тартып жатқанда, Мысыр елі молшылықта ғұмыр кешті. Халық арасында бидай түгесілген кезде хазірет Жүсіп қамбадағы бидайды соларға таратып аштан қырылудың алдын алды.

Бұл кезде Шам мен Кәнған жерінде де қуаңшылық белең алған болатын. Сол елдің халқы Мысыр елінің аш халыққа бидай таратып жатқанын есітіп, осылай қарай алақан жайып ағылды. Жақып (а.с.) та ұлдарын астық сұрауға Мысырға жіберді.

Он ағасы астық сұрап алдына келгенде, хазірет Жүсіп оларды бір көргеннен-ақ жазбай таныды. Әйтсе де олар інілерін танымаған еді. Бір кездері құдыққа тастап, құлдыққа сатылған жас баланың бүгін Мысыр елінің уәзірі болады деген ой олардың үш ұйықтаса түсіне де кірмеген еді. Хазірет Жүсіп оларды көрген кезде баяғы балалық шағы, олардан көрген қорлығы есіне түсті. Жүрегінде әкесіне, жалғыз інісі Бунияминге деген сағыныш қасіреті асқынып терең ойға батты. Оларға қарап: «Басқа бауырларың, әке-шешелелерің де

бар шығар?» – деп сұрап еді олар: «Иә, екі ініміз бар. Бірақ үлкені балалық шағында дүниеден озды. Кіші ініміз болса, қазір әкеміздің жанында. Сол кісіге бас-көз болып қалып қойды», – деп жауап береді. Хазірет Жүсіптің жүрегі елжіреп, сонау жылдары ағаларының көйлегін зорлықпен шешкізіп құдыққа тастап жатқан сәттері көз алдына көлбеңдеп келе қалды. Иә, бәрі де күні кеше ғана болған тәрізді. Бала күнінде осы ағалары мұны бауырына қатты басатын. Әкесі өзгелерге қарағанда тіпті жақсы көретін. Сондықтан ағаларының қызғанышы қозып, сол қызғаныш өшпенділікке ұласты. Мұны жақсы көріп еркелетудің орнына шеттетуді шығарды. Інісі Бунияминге де солай қарай бастады. Әкесінің көзінше болмаса, бұл екеуіне ойыншықтарын да бермейтін. Әкесі жоқта еліктің лағындай ерке інісін өзі ойнатып, тамағын беріп, киімін кигізетін. Ол інісіне бар мейірімін көрсеткенмен, ағаларының жылы алақанын көре алмады. Иә, сөйтіп жүргенде бір күні аяқ астынан: «Сен біздің ең сүйкімді інімізсің. Бүгін біз тау жаққа сен үшін әдейілеп сейіл құрып, ойнауға бара жатырмыз. Ал, қанеки, жолға әзірлігіңді жаса!» деп қу түлкідей жымыңдап жетіп келгені. Бұрын-соңды бұлай іш тартқанын көрмеген бала Жүсіп қатты таңырқаса да, дереу інісін ойлап: «Буниямин ше, ол да бізбен барады ғой. Солай ма?» – деген еді. Ағалары «Жоқ, ол әлі жас бала ғой. Күн өтіп, науқастанып қалса, әкемізге не дейміз? Әлі-ақ күн ертең өсіп сендей үлкен болғанда барады», – деп жұбату айтты. Алайда бала Жүсіптің қуанышы ұзаққа созылмады. Елсіз жатқан меңіреу далаға барғанда, бір құдықтың ішіне әй-шайға қарамай көйлегін сыпырып алып жалаңаш тастап жібереді. Құдыққа түсіп бара жатқанда, соңғы рет ағаларының



көздеріне қараған болатын. Бәрінің де жандары жадырап, көз алдында құбыжыққа айналып бара жатқандай еді. Тек өзгелерден оқшау тұрған үлкен ағасы Яһуда ғана ұзақтан бұған қимастық танытып: «Амалым не, қолдан келер қайран жоқ. Қолымнан бар келгені сені өлімнен аман алып қалу ғана», – дегендей ойлы көзін бұған қадап тұрып қалған болатын. Міне, сол ағалары енді алдына келіп құрақ ұшып көмек сұрап тұр. Дегенмен ағаның аты қашанда аға ғой. Сүрінбейтін тұяқ, кателеспейтін жақ жоқ. Бұлар көйлегін шешіп алса, Зылиха да кезінде көйлегін жыртқан болатын. Сол Зылиха қазір мүлдем басқаша жаны таза әйел болды. Хақ тағала сабырлық нәсіп етсе, күндердің күнінде кінәларын мойындайтын күн келеді.

Хазірет Жүсіп оларға мол дастарқан жайып күтті. Қайтарда өзі шығарып салып: «Қайта келер кездерінде әлгі інілеріңді де ала келіндер. Оған да жеке бір үлес берейін. Егер алып келмейтін болсаңдар, онда сендерге көмектесе алмаймын. Айшылық жерден ат терлетіп текке әуре болмандар», – деп сөзін қадап айтты. Олар бірден жауап бере алмай күмілжіп: «Біз оны әкесінен сұрап көрейік. Сізге оны қалай да алып келудің жолдарын қарастырамыз»²³⁸, – деп жүріп кетеді. Жүсіп олар Бунияминді ертіп келуге әкемізді көндіре алмай жүрер деп ойлап, білдіртпей астық үшін берген ақшаларын қоржындарына қайта салып жіберді.

Он ағасы әкелеріне үлкен қуанышпен оралды. Олар Мысырдағы көргендерін әкелеріне түгелдей жырғып айтты. Қазына бастығының мейірімді жан екенін, өздерін қадірлі қонақ етіп аттанарда өзі шығарып салғанын, тіпті Бунияминді де көргісі келіп, оны келесі

²³⁸ «Жүсіп» сүресі, 61

жолы міндетті түрде алып келулерін сұрағандарын айтты. Хазірет Жақып: «Бұрын сендерге Жүсіпті қалай аманат етіп бергенімді жақсы білесіңдер. Сендер сол кезде ант-су ішіп едіңдер. Бірақ соның ақыры не болды? Алда-жалда Бунияминді жіберген күнде де оны сендерге емес, бір Аллах тағалаға ғана аманат етемін», – дейді. Олар жамырап: «Уайымдайтын түк те жоқ. Ол өзі бір өте сенімді адам. Қарасаңызшы, астықтың ақысын да қайтарып жіберіпті. Осындай ізгі жанның інімізге залалын тигізуі әсте мүмкін емес. Әрі оны алып баратын болсақ, бір түйе астықты артығымен беремін деп отыр. Егер ол көмектеспесе, мына жұттан құтылуымыз екіталай», – дейді. Ақырында әкелері амалсыз келісімін береді. Он ағасы бұл жолы жүрек жарды сөздерін айтып, шамалары келгенінше бауырлары Бунияминді қорғауға уағда етеді. Оларды шығарып салып тұрған хазірет Жақып: «Балаларым! Мысыр еліне барғанда бәрің бір бір қақпадан кіруші болмаңдар. Әр түрлі қақпалардан бөлініп-бөлініп кіріңдер. Әйтсе де жазмыштан озмыш жоқ. Хақ тағаланың пешенелеріңе жазғанын көрерсіңдер. Мен Аллахқа ғана тәуекел етіп, арқа сүйедім»²³⁹, – деп өсиетін айтады.

Олар әкелерінің айтқанын екі етпей Мысырдың әр түрлі қақпаларынан кіріп, Жүсіпке (а.с.) барады. Амансаулықтан соң олар кіші інісі Бунияминді көрсетіп «Міне, біздің ең кішкене ініміз. Өзіңіз қыстап қолқа салған соң, әкемізді көндіріп алып келдік», – дейді. Хазірет Жүсіп өз інісін көріп іштей қатты қуанады. Алайда ол осы қуанышын ағаларына сездірмейді.

Хазірет Жүсіп оларды естерінен кетпестей қонақ қылып, астан соң бір бөлмеге екі кісіден орналастырды.

²³⁹ «Жүсіп» сүресі, 67

Осы кезде Буниямин жалғыз қалды. Жүсіп пайғамбар оларға: «Бұл жалғыз қалды. Ендеше менімен бірге тұрсын», – деп өзімен бірге ертіп кетеді. Ол кіші інісімен жеке қалған соң, оған: «Қайтыс болған ағаңның орнына мен саған аға болғым келеді? Осыған қалай қарайсың?», – дейді. Буниямин: «Өмірде сендей адамға іні болудан асқан бақыт бар ма? Бірақ сен әкем мен шешемнен туған бауырым емессің ғой», – деп жауап береді. Осы кезде төзімі таусылған хазірет Жүсіп оны бауырына басып: «Сол бір туған ағаң, міне, қарсы алдыңда тұрған жоқ па? Сендерден қол үзгелі, міне, бірталай жыл өтті. Өздерінді бір көруді зарыға аңсап келген Жүсіп деген ағаң мен боламын. Өткен өтті. Жүрегімде ағаларыма деген титтей де кек жоқ. Бірақ сен мен туралы ешкімге тіс жарып ештеңе айтушы болма», – дейді. Буниямин сонда ғана оның өз ағасы екенін көзінен танып, қуанғаннан балаша секіреді. Жүсіп пайғамбар оған өзінің құдыққа тасталғанынан бастап осы күнге дейінгі бастан кешкен оқиғаларын түгел әңгімелейді. Аздан соң хазірет Жүсіп: «Мен сені әйтеуір бірдеңені сылтау етіп өзіммен бірге алып қаламын. Саспа! Иншаллаһ, бәрі де жақсы болады», – деп ішкі жоспарын оған жайып салды.

Күндер зулап өтіп, ағаларының қайтатын мезгілі жетті. Сол кезде Жүсіп Бунияминнің қоржынына өзінің тиесілі күміс кесесін салып қояды. Он бір кісілік керуен жаймен жылжып жолға шығады. Қаладан шығып бара жатқанда, арттарынан хазірет Жүсіптің шабармандары қуып жетіп: «Уа, керуен! Тоқтандар. Қазына бастығының ғажайып күміс кесесі бар еді. Сол жоғалды. Сендер алған болуларың мүмкін. Қане, жүктеріңді тексеріп көрелік», – дейді. Олар шын пейілдерімен: «Жо-жоқ, біз

алған жоқпыз. Бізге сонша құрмет көрсетіп, жылы пейіл танытқан мырзаға қалай опасыздық жасамақпыз? Оның үстіне біз пайғамбардың баласымыз», – деп ағынан жарылады. Шабарман: «Егер күміс кесе біреуіңнен табылса, шарифаттарың бойынша қандай жаза беріледі?» деп сұрайды. Олар: «Қай жүктен кесе табылса ұры сол болғаны. Сондықтан оның жазасы ұрланған кесенің иесіне бір жыл қол қусырып қызмет етеді», – деп жауап береді. Шабарман жүктерді тексеріп жүріп, Бунияминнің қоржынынан күміс кесені тауып алады. Осыған куә болған он ағасы не істерін білмей сасады. Осы кезде хабар жіберіліп хазірет Жүсіп те келеді. Олар Жүсіп пайғамбарға ақталып: «Егер Буниямин ұрлаған болса, таңданатын түгі жоқ. Өйткені бір кездері оның ағасы Жүсіп те осылай ұрлық жасаған болатын», – деп жан-жақтан даурыға кетеді. Хазірет Жүсіп олардың бұлай кінә таққандарына іштей наразы болса да, ішінен: «Пейілдерің неткен жаман еді! Өздерің бір кездері мені әкемнен ұрлап әкеткен жоқ па едіңдер? Аллаһ не айтқандарыңды жақсы біледі», – деп күбірлейді. Хазірет Жүсіп Бунияминді алып қалмақ болғанда, он ағасы жалынып: «Бунияминнің кәрі әкесі бар еді. Бір баласын жоғалтқалы, қатты қайғырып тек осыны өзіне медет етіп келе жатыр. Сізге біздің өтінішіміз, осының орнына кез-келгенімізді алып қалыңыз. Бұл бала қалса, әкесінің бетіне қалай қараймыз? Сіз өзіңіз де жүзіңіз жылы өзгеге игілік жасаушы адамсыз ғой»²⁴⁰, – дейді. Хазірет Жүсіп: «Жо-жоқ, о не дегендерің? Ұрлықты кім жасаса соны ғана алып қаламыз. Жазықсыз жанды кінәлап жазаға тартсақ, нағыз әділетсіздік сонда болмай ма?» – деп, Бунияминді өзімен бірге алып кетеді.

²⁴⁰ «Жүсіп» сүресі, 78



Олар кеткен соң он ағасы сол жерде бір-бірлеріне қарап жүрер-жүрмесін білмей дағдарып тұрып қалады. Аздан соң өзара ақылдаса бастайды. Үлкен ағалары Яһуда осы кезде: «Мен әсте елге қайтпаймын. Бұдан былай әкеміздің жүзіне қарайтын менде бет қалған жоқ. Әуелде Жүсіпті қорғаймыз деп уағда етіп едік. Оны әдейілеп көзін жойдық. Енді Бунияминды аман ертіп баруға серт берген едік. Оның жағдайы мынадай болды. Енді елге не деп барам? Әкеме осы жайды не деп түсіндіремін? Сондықтан әкем рұқсат бергенге яки мен үшін Аллаһ бір үкім еткенге дейін, осы жерден әсте айырылмаймын. Аллаһ үкім берушілердің ең жақсысы. Бірақ сендер елге барып болған жайды әкемізге қазқалпында баян етіңдер. «Қалай болғанын білмейміз. Әйтеуір сол күміс кесе балаңыздың қоржынынан шықты. Сенбесеңіз, қала халқынан яки керуендегі кісілерден сұраңыз», – деп айтындар», – деді де, оларды шығарып салып, өзі сол жерде қалып қояды.

Яһуданың шыдамы осы жерге дейін жеткен еді. Оның ар-ожданы һәм ішкі иманы оның жанын қанша жылдан бері тергеп, қажап мазалап келеді. Ол інісі Жүсіпке әсте жамандық ойлағысы келмеген болатын. Бірақ осы тоғыз інісінен аса алмаған еді. Ол сол кездері інісі Жүсіпті өлтірмейік деп қарсы шыққанда, бәрібір тоғызы бұған көрсетпей, оны өлтіріп тынатын еді. Сондықтан амалсыз солардың бірі болып көрініп, Жүсіпті аман алып қалудың жолын күні бойы ойлап, ақырында, оларға «өлтірмей құдыққа тастайық» деп ебін тауып сөзін өткізген болатын. Кейіннен сол құдықтан өтіп бара жатқан керуеннің інісін тауып алып, құдыққа сату үшін алып кеткенінен де хабардар болған. Бірақ одан арғы тағдыры қалай болғанын білмейтін. Ақымақ

інілерінің айтқанынан шыға алмай, солардың жоспары бойынша әкелерінің көңілін өздеріне бұрмақ болып еді. Қайта бұрынғы сүйіспеншілігіне зар болды. Әкесі сол інісі жоғалғалы, көз жасын төгіп қайғырумен келеді. Інілерінің сонша санасыздығын қара! Олар ағасына «әкемізге қасқыр жеді» деп айтамыз деп көндірді. Ақырында, сол айтқанын істеп көйлегіне малдың қанын жағып ұялмай әкелеріне «балаңызды қасқыр жеп кетті» деп айтты. Бір адамды қасқыр таласа, одан тым құрыса бір сүйегі қалмай ма? Қанға боялған көйлектің жырым-жырымы шықпай ма? Көйлегін жыртпай жейтін ол қандай қасқыр сонда? Қарапайым адам да аңғара алатын нәрсеге бір пайғамбар сене салады деп ойлағаны ма? Енді, міне, Бунияминді де ант-су ішіп алып шығып едік, одан да айырылды. Бүйтіп пайғамбар әкемізді алдап күн кешкенше қара жерді құшқан әлдеқайда артық. Жылдар бойы өзегіме түскен осы бір жегі құрт енді бүгін өңешімді тесіп шықты-ау. Бұдан былай жаратушы Жаппар Иенің жарлығын күтуден басқа шара қалмады. Тәубе етіп адам боламын ба, әлде жер құшып қор боламын ба, ендігісін бір Аллаһ қана біледі.

Ол осылайша терең ойға батып, еліне қарай жылжып бара жатқан керуенге бір, Мысыр қақпасына бір қарап сілейіп ұзақ тұрды.

Суыт хабарды естіген хазірет Жақып қайғы үстіне қайғы жамады. Олардың сөздеріне де сене қоймады. Оның үстіне мысырлықтар өзінің әкелген шарифаты бойынша амал еткендеріне де көзі жетпеді. *«Олай емес. Сендерді нәпсілерің бір іске қызықтырған екен. Енді маған сабыр сақтау керек. Бәлкім Аллаһ олардың бәрін келтірер. Өйткені Ол – толық білуші, хикмет*



иесі»²⁴¹, – дейді. Әйтсе де ол баласы Жүсіптен кейін Бунияминді де жоғалтып алғанына қайғырып «Қайран Жүсібім, оның ізінен кеткен кенже балам Буниямин!» деп көз жасын көлдетті. Жылай-жылай көздеріне ақ түсіп, жанары су қараңғы болды. Тоғыз ұлы әкесінің көз жасын көруге дәті шыдай алмай, ақырында: «Әке, Жүсіпті жоқтай-жоқтай күйіктен өртеніп өлетін болдыңыз. Неге өзіңізді осынша қинай бересіз?» дейді. Хазірет Жақып сонда: «*Мен күйзелісімді де, күйінішімді де, Аллаһқа ғана шағамын. Әрі Аллаһтан сендер білмеген нәрсені білемін*»²⁴², – деп жауап береді. Көп өтпей хазірет Жақып тоғыз ұлын тағы шақырып алып: «Дереу қайтадан Мысырға барындар да, Жүсіп пен Бунияминді іздеңдер. Әсте Аллаһ тағаладан үміттеріңді үзбеңдер. Аллаһтан кәпірлер ғана үміт үзеді», – деп, балаларын Мысыр еліне аттандырады. Олар қазынаның бастығы Жүсіп пайғамбарға барып: «Ей, әзиз кісі! Біз отбасымызбен бірге ашаршылыққа ұшырадық. Оған Бунияминнің қайғысы қосылғанда, бізде де, әкемізде де төзім қалмады. Әкеміз жылай-жылай көзіне ақ түсіп, жанары суалды. Һәм астық алу үшін саған болмашы дүние ғана алып келдік. «Жақсылықтың қырқына шыдағанда, қырық біріне шыдамайсың ба? Сен бізге бұрынғыдай толық өлшеп бер. Бунияминді де бізге қайтарып бер. Сол арқылы жақсылық үстіне жақсылық істе. Сонда істерің босқа кетпейді. Аллаһ өз разылығы үшін жақсылық жасағандарды еселеп қайтарады», – дейді. Хазірет Жүсіп олардың уайымға батып, жасаған істеріне әбден пұшайман халдерін көріп іштей жаны ашыды да, тағында отырған бойы: «Сендер Жүсіп пен оның ба-

²⁴¹ «Жүсіп» сүресі, 83

²⁴² «Жүсіп» сүресі, 86

уырына не істегендеріңді білесіңдер ме?» – деп сұрады. Олар Мысыр елінің аса лауазымды бір мырзаның мына сөздеріне қатты таңырқап бір сәт тұрып қалды. «Мына мырза не деп тұр өзі? Тіпті мына дауыс таныс дауыс қой». Шамасы хазірет Жүсіп сол кезде Мысыр елінің тілімен емес, өз елінің тілімен сөйлеген болса керек. Оларға өзінің Жүсіп екенін айқын аңғартқан да осы, өз тілдері болуы мүмкін. Болмаса бұған біз туралы Буниямин айтқан ғой деп ойлауы да әбден мүмкін.

Олар оған қарады да, Жүсіп екенін енді аңғарды. Бәрі ұялғаннан беттері дуылдап, салбыраған бастарын жерден алмады. Бір кездері өздері көйлегін сыпырып құдыққа тастаған жас бала енді бүгін алпауыт бір елдің қазынасын уысында ұстап отыр. Бұлар болса, оның алдында өте жалынышты халде. Бейне сүмірейген қайыршыдай. Бір кезде біреуі: «Сен шынымен-ақ Жүсіпсің бе?!» деп сұрады. Ол: «Иә, мен сол баяғы бала Жүсіппін. Мынау менің інім – Буниямин. *«Хақ тағала бізге шарапатын төкті. Кімде-кім жамандықтан сақтанып, пәлекет атаулыға сабырлық көрсетсе, Аллаһ оның еңбегін зая қылмайды»*²⁴³, – деді. Олар кінәсін мойындап: *«Аллаһ тағалаға ант етейік! Хақ тағала сені бізден үстем етті. Расында, біз күнә жасадық»*, – деп, істеген істеріне қатты өкінді. Хақ пайғамбар: *«Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Аллаһ сендерді жарылқайды. Ол рақымдылардың ең рақымдысы»*²⁴⁴, – дейді.

Хазірет Жүсіп оларды бұдан соң да, бірнеше күн сыйлы қонақтарша жақсылап күтті. Олар інісі кешіргенмен, өздерінің кінәсін, қазіргі оған кіріптар жағдайын

²⁴³ «Жүсіп» сүресі, 90

²⁴⁴ «Жүсіп» сүресі, 91-92



ойлап мазалары әбден қашты. Бір күні төзімдері әбден таусылған олар дастарқан басында: «Жүсіп! Сен бізге түк болмағандай ізгілік жасап жүрсің. Ал біз сенің алдында кірерге тесік таппай ұяттан өлер болдық» дейді. Жүсіп пайғамбар болса: «Жо-жоқ, қайта сендерге рақмет. Бір кездері қазына бастығы болған кезімде Мысыр халқы «Ой, тоба! Болмашы жиырма дирхамға сатылған бір құл қалайша бірден мынадай мәртебеге жетті. Қарадан шығып хан болмас», – деп әңгіме етуші еді. Ал қазір сендер арқылы үлкен абыройға кенелдім. Халық алдында мерейім үстем болды. Өйткені олар мені сендердің бауырларың екенін білу арқылы менің де Ибраһим атамның ұрпағы екенімді білді. Бұл күнде олар: «Е, бәсе, осылай болуы тиіс еді ғой. «Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған» деген осы. Әр нәрсе өзінің тегіне тартады» деп қуанысып жүр. Осының бәрі сендердің арқаларыңда болды», – дейді.

Көп кешікпей Жүсіп пайғамбардың (а.с.) ағалары әкелерінен сүйінші сұрамақ болып жолға шықты. Хазірет Жүсіп сол сәт оларға өзі киіп жүрген көйлегін беріп, оны әкесінің көзіне сүртсе, суалған көздері шырадай жанатынын айтты. Әкесінің көзі ашылған бетте, дереу Мысырға алып келулерін тапсырды. Хазірет Жүсіптің көйлегін жүзіне тигізу арқылы көзінің шипа табуы оның мұғжизасы еді. Әйтсе де әр пайғамбардың мұғжизасының астарында сөзсіз ғылымның негізі бар. Өткен жылдары бір мұсылман дәрігер осы мұғжизаға қатты таңырқап: «Не үшін көйлек, онда қандай қасиет болуы мүмкін?» – деп зерттейді. Ақырында, адамның көйлекке сіңген тер иісін алып дәрі жасап «катаракт» секілді науқаспен көрмей қалған жанарды емдегенде, расында шипа беріп, көзі көре бастайды. Жалпы

Жүсіп пайғамбардың «Жүсіп» сүресіндегі киссасын оқып отырсаңыз осы көйлек-жейде үш жерде кездеседі. Хазірет Жүсіптің құдыққа тасталу кезіндегі көйлегі, Зылиханың жыртқан көйлегі және әкесіне жіберген көйлегі. Ендеше бұл да өз алдына зерттелсе артық етпейтін тақырып.

Олар аманатты алып жолға шыққанына көп уақыт өткен жоқ. Бірақ сонау Канған еліндегі хазірет Жақып жылағанын қойып, жаны жадырап сала берді. Отбасы мүшелері мен халық оның мына қылығын таңырқай қарады. Хазірет Жақып оларға: «Дәл қазір мен Жүсіптің иісін сезіп тұрмын. Мені алжып есінен айырылды деп ойлап жүрмеңдер. Әлі-ақ көздерің жетеді», – дейді. Дегенмен халық: «Сен әлі де бұрынғы ойыңнан қайтпай қателесіп тұрсың. Сол Жүсіп бала күнінде өліп кеткен жоқ па еді?» – дейді.

Жақып пайғамбардың сонау Мысыр жақтағы баласының көйлегінің иісін сезуі мұғжиза болумен қатар, оның ғылымға да берер кейбір ақиқаттары бар болуы мүмкін. Ғұлама Елмалылы тәпсірінде осы туралы айта келе, иістің ауа арқылы жетуінде осыған қатысты бір заңдылық бар. Егер осы заңдылықты тaбатын болса, ұзақтан адамдар бір-бірлеріне иісті де, соған ұқсас заттарды да жіберуі мүмкін дейді²⁴⁵. Осыны ғалымдар зерттеп табуы қажет.

Тақырыпқа қайта оралсақ, көп ұзамай керуен де келіп жетті. Керуен тоқтағанда, Яһуда жүгірген бойда сүйінші сұрап, әкесіне көйлекті ұстатты. Әкесі көйлекті көзіне тигізгені сол екен, қос жанары шайдай ашылды. Жақып пайғамбар Хақ тағаланың осы жақсылығына мадақ айтып, шүкіршілік білдірді. Ал он баласы әкесінің

²⁴⁵ Елмалылы, 4-том, 2920-бет.



алдында тізе бүгіп отырып: «Әкетай! Расында, біз үлкен күнә жасадық. Қазір соған қатты өкініп отырмыз. Біз үшін Хақ тағаладан кешірім тілеңіз», – дейді. Жақып пайғамбар: *«Жақында сендер үшін Раббымнан кешірім тілеймін. Өйткені адамдарға рақым етіп, күнәларды кешіретін Сол ғана»*²⁴⁶, – дейді.

Жақыптың (а.с.) көзі жазылысымен, ол балаларымен Мысыр еліне hijрет етті. Оларды қала сыртында хазірет Жүсіп және сол елдің патшасы Райян ибн Уәлид төрт мың әскермен күтіп алды. Әкесін көрген хазірет Жүсіп бала күніндегідей атынан түсіп жүгіріп барып оны құшақтай алды. Әкесі де баласын бауырына басып, көз жасын төгіп, маңдайынан иіскеді. Хазірет Жүсіп нағашы әпкесінің де келгенін көріп қатты қуанып, Хаққа шүкіршілік етті. Ол бала күнінде анасы қайтыс болғанда, соның қолында өсіп, ана орнына ана болып кеткен еді. Кейіннен хазірет Жақып оны өзіне жар етіп, некесін қидырған болатын. Сосын хазірет Жүсіп: *«Әкешесін таққа көтерді. Барлығы Аллаһ үшін сәждеге жығылды. (Жүсіп): «Әкешім! Міне, бала кезде көрген түсімнің жорамалы. Раббым маған көп игілік нәсіп етті: мені зынданнан құтқарды. Шайтан туыстарым мен менің арамды бұзғаннан кейін, сахарадан сіздерді кезіктіріп маған үлкен игілікке кенелдім. Күдіксіз, Раббым қалағанына өте мейірімді. Ол – толық білуші, хикмет иесі»*²⁴⁷, – дейді.

Осылайша әкелі-балалы кісілер бір-бірлеп көрісіп мауқын басты. Алайда бұл дүние қашанда өткінші, жалған дүние ғой. Жалғанның жарын жағалап мың жыл ғұмыр кешсең де, күндердің бір күні сол жардан

²⁴⁶ «Жүсіп» сүресі, 97-98

²⁴⁷ «Жүсіп» сүресі, 100

құлайтының хақ. Ақиқат дүние ол – ақырет әлемі. Бірақ пенде сол жалғанның қызығына алданса да, пайғамбарлар әсте алданбақ емес. Сондықтан сол әке мен баланың осыншама көрген бейнеті де одан кейінгі зейнеті де олардың пайғамбарлық уазипаларына қатысты. Демек Жаратқанның жазғанына қарай Мысыр халқын имандылыққа шақыру үшін хазірет Жүсіптің қараңғы құдыққа тасталып, оның артынан болмашы ақшаға құлдыққа сатылып, одан кейін зынданға түсуі қажет болды. Ол сол зынданда жатып жылдар бойы елдің бұзақылары мен жаза басып жазықсыз түскен бейбақ жандарға имандылықты үйретті. Одан соң уәзір болып елдің ақсүйектерін имандылыққа жетеледі. Бүкіл Мысыр елі тұрмақ бір адамның иманға келуі үшін осындай бейнет көруі тиіс болса, олар осыған да дән риза болар еді. Иә, көп ұзамай уазипасы аяқталған кезде шамамен жиырма төрт жылдан кейін хазірет Жақып ақтық демі үзілуге таяғанда, балаларын шақырып алып: «Перзенттерім! Менен кейін кімге құлшылық қыласындар?», – деп сұрады. Олар: «Сенің Құдайыңа, аталарыңның Құдайына: Исмайыл, Ысқақтың жалғыз Құдайына құлшылық қыламыз» десті. Хазірет Жақып бұрын екі рет сөз алып, олар уағдаларын орындамаған еді. Олар әкелерінің алдында екі рет берген уәдеде тұрмай, жерге қараған еді. Сондықтан олар бұдан кейін берген уағдаларына өте сақтықпен қарап, пайғамбарға берген серттің қандай екендігін аңғаратын болды. Көп ұзамай хазірет Жақып қайтыс болып, әкесі Ысқақтың Шам жақтағы қабірінің қасына жерленді.

Жылдар зулап өтіп, күндердің бір күні хазірет Жүсіп пайғамбардың да уазипасы аяқталып, әкесіне келген ажал мұның да есігін қақты. Ол қос қолын жайып:



«Уа, Раббым! Сен маған күш дарыттың, билік бердің. Қасиетті мәтіндерді түсіндіру мен түс жору ілімін үйреттің. Уа, көк пен жердің жаратушысы! Дүниеде де, ақыретте де ием, көмекиім бір Өзіңсің. Саған шынайы мойынсұнған құл ретінде жанымды алып, мені қайырлы, дұрыс адамдардың қатарына қосқайсың»²⁴⁸, – деп дұға жасайды. Деректерде ол қайтыс болған кезде жүз жиырма жаста екені айтылады.



²⁴⁸ «Жүсіп» сүресі, 101

ШҰҒАЙЫП ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Шұғайып пайғамбарға қатысты мәлімет Құранның он шақты жерінде кездеседі. Хақ тағала оны Мәдиян еліне пайғамбар етіп жібереді. Осы Мәдиян елі сондай-ақ «Әйкә халқы» деп те аталады. Құранда: *«Әйкә жұрты елшілерге сенімсіздік танытты. Сол кезде Шұғайып оларға: «Қорықпайсыңдар ма?», – деген еді»*²⁴⁹ дейді.

Кейбір тәпсіршілер «Әйкә жұртын» Мәдияннан басқа ел деп айтады. Хақ тағала Мәдиян елін жермен-жермен еткеннен кейін, Шұғайып пайғамбарды осы елге көршілес Әйкә еліне жіберген деседі. Анығына келсек, Мәдиян халқы сол Әйкә жұртының өзі. Өйткені оған байланысты мәліметтер «Шұғара» сүресінде кездеседі. Аятта ескертілген таразыға қатысты жайттар Мәдиян халқына тән. Олардың «Әйкә» болып аталу себебі, сол жердің жанға жағымды, өсімдігі мол сазды жер екендігінде. Әйкә халқы сауда мен егіншілікті қатар кәсіп еткен²⁵⁰.

Шұғайып (а.с.) Ибраһим пайғамбардың ұрпағынан тараған. Мәдиян халқы Араб түбегіндегі Шам өңірінде өмір сүрген-ді.

Мәдиян халқы әу баста бір Құдайға құлшылық еткен халық болғанымен, бірнеше ұрпақ алмасқан соң, бірте-бірте тура жолдан тая бастады. Сондай-ақ мінез құлықтары да бұзылып, сауда-саттықта да, басқадай

²⁴⁹ «Шұғара» сүресі, 176-177.

²⁵⁰ Таббара, Маал-әнбия филл-Куран. 202-205 беттер



қатынаста да бір-бірлеріне деген сенімін жоғалтты. Мәселен, сауда жасау барысында бір-бірін алдап соғу, әсіресе, зат алғанда артығымен алып, бергенде таразыны кем тартып, сол арқылы пайда табу қоғамда белең алды. Әр адам қарақан басының пайдасын ғана ойлап, күн өткен сайын адамгершіліктен алыстай берді. Осындай жағдайда Шұғайып (а.с.) оларға пайғамбар ретінде жіберілді.

Мәдиян халқы негізінен арабтардан құралған болатын. Шұғайып пайғамбар (а.с.) тілге өте шешен кісі еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бір хадисінде ол туралы *«Пайғамбарлардың ең сөзге шешені»*²⁵¹ дейді. Шұғайып пайғамбар оларға жылы сөздермен дін уағыздады: *«Уа, халқым! Аллаһ тағалаға құлшылық қылыңдар. Сендердің Одан өзге ешбір тәңірлерің жоқ. Сондай-ақ өлшемнен, таразыдан жегенді қойыңдар. Расында, қазір молшылықтасыңдар. Бұлай кете берсеңдер, азапқа ұшырайтын күннен қорқамын»*²⁵². Хақ пайғамбар оларды туралыққа шақырып: *«Уа, халқым! Өлшегенде, есептегенде, дәлдіктен таймаңдар, кісі ақысын жемеңдер! Сондай-ақ жер жүзінде бүлік шығармаңдар. Егер мұмин болсаңдар, сендерге Аллаһ тағаланың берген адал нәрсесі қайырлы. Мен тек сендердің жақсылықтарыңды ойлағандықтан насихат айтамын. Әйтпесе сендерге күзетші емеспін»*²⁵³, – деді. Егер осы жасаған істерінен бас тартпайтын болса көп ұзамай бастарына ауыр азап келетінін һәм сол апат келген кезде, ешбір адам өзін де, дүниесін де, тіпті

²⁵¹ Замахшари, әл-Кәшшаф, 2/118-бет

²⁵² «Һүд» сүресі, 84

²⁵³ «Һүд» сүресі, 85-86.

бала-шағасын да құтқара алмайтындықтарын ескертіп айтты.

Алайда мәдияндықтарға, әсіресе, олардың басшылары мен байларына пайғамбардың бұл сөздері ұнамады. Олар дереу: «Ей, Шұғайып! Сонда сен жылдар, тіпті ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ата-бабаларымыздан аманат боп қалған осы әдет-ғұрыптарды және олардың діндерін аяқ асты етіп, бет бұруымызды қалап отырсың ба? Һәм сауданың негізі мен мақсаты қандай жолмен болсын баю, пайда табу. Біз біреуді алдап, енді біреуден тартып алып, кейде кем тарту арқылы осындай өркениетті де ауқатты қоғам құрдық. Байлығымыз бен мансабымызды төрткүл дүние танып, шартараптан бізге күнде ағылып сауда керуендері келуде. Ендеше, сен бізге бұдан өзге қандай бақытты ұсынбақсың. Бізді осының бәрінен бас тартсын деп кім айтты? Әлде саған осылай ой салған намаз ба? Былай қарасаң ақылды, парасатты тәп-тәуір-ақ жансың», – деді.

Хақ пайғамбар халық арасында аса парасатты да, өресі биік өр тұлғалы, намаз оқитын адам ретінде танылған. Осыны білген ел билеушілері оның намаз оқығаны мен пайғамбарлығын әжуалап, кекетіп-мұқатып мазақ еткен еді. Алайда сөзге шешен хазірет Шұғайып үшін олардың сөзіне төтеп беру тым жеңіл еді. «Уа, елім! Мен не айтсам да айқын дәлел мен мұғжизаға сүйеніп айтам. Мен тек Раббымның уахиымен және аянымен ғана сөйлеймін. Маған Раббым аса ғажап, адал ризық нәсіп етті. Сондай-ақ маған пайғамбарлық міндет берді. Ендеше мен сендерді Хақ тағалаға серік қосудан, адамдардың ақысын жеуден, бүлік шығарудан тыйып, тәухидке, таразыдан жемеуге шақырамын. Менің міндетім шамамның жеткенінше тәблиғ етіп, сендерге дінді



қалтқысыз жеткізу. Табысты болып, дiттеген мақсатыма жету Аллаһ тағаланың қалауы мен көмегі арқылы болмақ. Алайда мен сәт сайын Аллаһқа тәуекел етем, түбі Соның алдына қайтатыным да хақ. Мен сендердi күндiз-түні осындай iзгiлiкпен бақытқа шақырып, барша күш-қуатымды осы жолда сарқудамын. Алайда осы үшiн сендерден ешбiр ақы да, пайда да талап етпеймiн. Өйткенi менiң ақымды тек Аллаһ тағала өзі береді. Уа, халқым! Сендер тәубаға келiп, туралыққа жүгiнгенше, күйзелген көңiлiм, сыздаған жүрегiм байыз таппақ емес. Сендердiң күн сайын керi кетiп бара жатқандарыңды байқап, Нұх, Һүд, Салих елдерiнiң басына келген нәубет сендердiң де бастарыңа келе ме деп ойлағанда көкiрегiм қарс айырылып, жанымның жарасы асқына түсуде. Әсiресе Лұт елiнiң тағдыры өздерiңе жақсы таныс. Олардың бастарына келген пәлекеттi өте жақсы бiлесiңдер. Олай болса күнi ертең-ақ мәңгiбақи опынып опық жеп қалмай, әлi де күн ұясына батпай тұрғанда, ес жиып, тәубаға, иманға келiңдер. Жаратқанның рақымы шексiз. Күнәларың теңiздiң көбiгiндей болса да, қол жайып, Одан кешiрiм тiлейтiн болсаңдар, кешiрiмге ие болып, мәңгiлiк табысқа жетесiңдер»²⁵⁴.

Өйтсе де оған ешқайсысы көне қойған жоқ. Қайта қоқиланып: «Ей, Шұғайып! Сен не деп шатып тұрсың? Қай-қайдағыны айтып бiздiң басымызды қатыра берме. Өттең, осы елде беделi үстем ағайын-туыстарың болмағанда, бiз сенi баяғыда таспен атқылап өлтiрiп, құлағымызға тыныштық орнар едi»²⁵⁵, – деп, оны қорқытуға көштi. Хазiрет Шұғайып олардың сөзiне тағы да жауап тапты. «Мен сендерге ұлы Жаратқанға

²⁵⁴ «Һүд» сүресi, 88-90

²⁵⁵ «Һүд» сүресi, 91

ғана арқа сүйеп, Оған тәуекел еттім десем, сендер маған «беделі үстем ағайының болмаса» деп, Хақ тағаланы елең ғұрлы көрмей, қорқытпақ боласыңдар. Уа, халқым! Мынаны жадыларыңнан шығарушы болмандар! Құдіреті күшті Құдай тағала сендердің жасаған һәм жасамаққа ниеттенген барша істеріңді тегіс біледі. Ол жеті қабат жер астындағы тықыр еткен дыбысты да естиді»²⁵⁶, – деп дауыстайды.

Шұғайыпты райынан қайтара алмаған ел билеушілері ендігі жерде басқа тәсілге көшті. Онымен кездеспекке ниеттенген адамдардың жолын кесіп, «оған сенген адамдар дуаланып, бақытсыздыққа ұшырайды»²⁵⁷ деп, ел арасында пайғамбарға қарсы үгіт жүргізді. Осыны білген хақ пайғамбар оларға: «Уа, халқым! Өздеріңнің ғана емес өзгелердің де жолдарын кесе бастадыңдар ма? Ерікті жанды еркінен айырып, хақ жолға келуге бөгет жасамандар. Сендер неге Жаратқаннан қашасыңдар? Бұрын сендер кім едіңдер? Ат төбеліндей ғана ел едіңдер. Ал қазір етегін кеңге жайған елге айналып, ен дәулетке кенелдіңдер. Амал нешік? Араларыңнан біреуің иман келтірсең, енді біреулерің туралықтан безсеңдер, онда Аллаһ араларыңа үкім жібергенге дейін, сабыр сақтай тұрыңдар», – деді. Осы кезде намысы қозып, ашу ызаға булыққан ел ағалары: «Ей, Шұғайып жетер енді! «Бір елі ауызға екі елі қақпақ». Күннен күнге басынып шектен шығып барасың. Дереу өзіңе иман келтірген бейшараларыңды жина да бұл елден табаныңды жалтырат! Егер тентіреп, босып кеткілерің келмесе, есіңді жиып дінімізге кір» деп қаһар төкті. Әйтсе де олардың қоқан-лоқы жасағанына зәредей сес-

²⁵⁶ «Һүд» сүресі, 92

²⁵⁷ «Ағраф» сүресі, 90



кенбеген хазірет Шұғайып: «Райдан қайтқымыз келмесе діндеріңе қинап кіргізбексіңдер ме? Егер Аллаһ тағала бізді қараңғылықтан құтқарып, нұрға бөлеген соң қайта өткенге оралсақ, онда біздің кім болғанымыз? Жаратқанның сөзін жоққа шығарған адам нағыз қарабет болмай ма? Қара басқан соң екі өмірде оңа ма? Шыңыраудан шыға алмай шарқ ұрып қиналмай ма? Уа, жұртым! Қолдарыңнан келгенін істеп қалыңдар. Мен де өз міндетімді қалтқысыз атқарамын. Ал азаптың кімге келіп, кімнің өтірікші екендігін көп ұзамай білерсіңдер. Бұдан былай бастарыңа келетін апатты күтіндер. Мен де сендермен бірге күтуге дайынмын»²⁵⁸, – дейді.

Ақырында күткен азап та келіп жетті. Аспан айналып жерге түскендей аптап ыстық болатын. Осы кезде ұзақтан қою қара бұлт көрінді. Барша кәпір қауым оны нәсер әкелетін бұлт деп ойлап, көңілдеріне қуаныш ұялады. Аздан соң күткен бұлт жөңкіліп келіп, елдің төбесінде тұрып алды²⁵⁹. Бірақ жауын жауғанның орнына бұлттан ыстығы жер қуырған жалын шықты. Жұрт бытырап қашып үйлеріне тығылды. Алайда үйлері де пана болмаған адамдар бейне күннің жанында тұрғандай денелері күйе бастады. Құрандағы «көлеңке күннің азабы»²⁶⁰ деген осы азап, оларды жерден қазған ұраларға кірсе де, қинап, мазаларын әбден кетірді. Көп ұзамай қала үстінде жан шошырлық ащы дауыс естіліп, оны естіген кәпірдің бәрі жан тәсілім болды²⁶¹. Хазірет Шұғайып пайғамбарды мазақ етіп, сөзін жоққа шығарғандар жер бетінен мүлде жоғалып кетті.

²⁵⁸ «Һұд» сүресі, 93

²⁵⁹ Таббара, Маал-әнбия фил-Куран. 205-бет

²⁶⁰ «Шұғара» сүресі, 189

²⁶¹ «Ағраф» сүресі, 91

Пайғамбарға қарсы шыққандары үшін тозаққа құлап, мәңгілік азапқа душар болды²⁶².

Олардың қарғысқа ұшыраған тастай мылқау жансыз денелеріне ғибратпен қараған Хақ пайғамбар: *«Елім! Расында, мен сендерге Раббымның жарлығын жеткізіп, сендерге туралықты насихаттадым. Ал енді қарсылық көрсетіп, қарғысқа ұшыраған бір ел үшін не деп жылап, не деп қайғырмақпын?»*²⁶³, – дейді.

Барлық пайғамбар секілді Шұғайып пайғамбар да өз міндетін, тәблиғын толығымен орындап, Хақ жарлығын халыққа айна-қатесіз жеткізді.

Шұғайып (а.с.) осыдан кейін өзіне иман келтірген мұсылмандарды ертіп, Меккеге көшті. Кейбір деректерде өмірінің соңына дейін сонда тұрғаны айтылады.



²⁶² Ахмәд Бәһжәт, Әнбияуллаһ, 163-бет

²⁶³ «Ағраф» сүресі, 93

МҰСА МЕН ХАРУН ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Мұса пайғамбар (а.с.) туралы мәлімет Құранның көптеген сүрелерінде кездеседі. Кей жерлерінде ұзын-сонар баяндалса, кей жерлерінде қысқаша ғана тоқталған. Ол – үлкен бес пайғамбардың бірі. «Мәриям» сүресінде ол туралы Хақ тағала: «*Kitapta Мұсаны есіңе ал! Расында, ол таңдаулы еді. Расул әрі нәби еді*»²⁶⁴, – дейді.

Мұса пайғамбар Исрайыл ұрпағына кітаппен жіберілген елші болатын. Сол кезде Жақып пайғамбардың он екі баласынан тараған ұрпағы Мысырда өз алдына бір ел құрап отырды. Мысыр елін ол уақытта патшалар емес перғауындар басқаратын. Жүсіп пайғамбардан кейін Мысыр халқының жергілікті ұлтынан шыққан перғауын отбасы көтеріліс жасап, «амаликалық» арабтарды қуып шығып, қайта таққа отырған еді. Олар билікке келген соң, көп ұзамай өздерін «тәңір» деп жариялады. Сондай-ақ Ніл өзені жағасында жер жыртып, егін егіп, сонымен күн көріп жүрді. Жылдар өте келе, соқаға жеккен өгіздерді «тәңірге» теліп, соған да табынатын болды²⁶⁵.

Исрайыл халқы өздері Мысырда өмір сүргенмен, бұрынғыдай беделдері болмады. Перғауындар оларды ұлдарын құл, қыздарын күн етіп езіп-қанап ең ауыр

²⁶⁴ «Мәриям» сүресі, 51

²⁶⁵ Сабуни, Нубууә, 247-235 беттер



жұмыстарға салды. Олар сол жерден қашып шығып, бұрынғы қасиетті жерлеріне баруға қаншама рет талпыныс жасаса да, ойлағандары іске аспады. Сөйте тұра, олар дүниеге әбден құнығып, хазірет Жақыптың әкелген дініне аса көңіл бөлмеді. Олар мысырлықтар сияқты өгізге табынып кетпесе де, солардың сенімдері саналарына әсер ете бастады.

Бір күні перғауын түс көрді. Түсінде Құдыс жақтан лапылдап келген бір от мысырлықтарды өртеп күлге айналдырса да, Исрайыл халқына титтей де әсер етпейді. Ол түсінен шошып оянып, сәуегейлерін шақырып істің мәнісін сұрайды. Олар: «Жақында Исрайыл ұрпағынан бір ұл бала дүниеге келеді. Ол сенің патшалығыңды күлталқан етеді», – деп жориды. Перғауын осыдан кейін дереу әр бір Исрайыл отбасында туылған ұл балаларды өлтіруге бұйрық шығарды. Исрайыл елі бұл қатігездікке қарсы тұрар ешбір амал таба алмай қиналды.

Перғауын осылай жаңа туылған ұл балаларды өлтіртіп жатқанда, Имран деген бір кісінің шаңырағында ұл бала дүниеге келді. Ол Мұса пайғамбар еді. Хақ тағала нәсіп етіп, оның анасының жүкті болғанын, артынша босанып, ұл бала тапқанын ешкім білген жоқ. Хазірет Мұсаның анасы «біреу-міреу көріп қоярма екен» деп күні-түні мазасы қашты. Осы кезде Хақ тағала оған: *«Бір нәрсе болады деп қорықсаң, оны еміз де дарияға тастап жібер. Қорықпа да күйінбе! Расында, оны саған қайтарамыз да пайғамбар қыламыз»*²⁶⁶, – деп аян береді. Оның анасы осы аяннан соң, баласын құндақтап, сандыққа салып, Ніл өзеніне қоя береді. Сандық судың бетімен аққан бойы перғауынның сарайының алдынан өтіп бара жатқанда, оның адам-

²⁶⁶ «Қасас» сүресі, 7



дары көріп қалып, сандықты сарайға алып барады. Перғауын оны өлтірмек болғанда, араға өзінің әйелі Әсия түсіп: *«Менің де, сенің де көз қарашығымыз, оны өлтірмеңдер! Балкім, бізге пайдасы тиер. Немесе бала қып аламыз»*²⁶⁷ деп, баланы аман алып қалады. Алайда сәби сүт іздеп шырылдап жылай берді. Әсия сүт аналарды алып келсе де, ешбірін ембеді. Сүт аналардың арасында хазірет Мұсаның әпкесі Мәриям да бар еді. Ол: *«Сендерге оны сендер үшін бағатын, оған қомқор бір отбасы көрсетейін бе?»*²⁶⁸ – деп Мұсаның туған анасына ертіп келіп, соған емізгенде, сәби Мұса емірнен еміп, тәтті ұйқыға кетеді.

Хазірет Мұса он сегіз, жиырма жастар шамасына келген кезде, Хақ тағала оған керемет ілім мен хикмет нәсіп етті. Хазірет Мұса бұл жерде үш мәселені шешуі тиіс еді.

Мысырлықтардың түзеліп иманға келуі.

Исрайыл ұрпақтарын Құдысқа апаруы.

Исрайыл ұрпағын түзеуі²⁶⁹.

Хазірет Мұса Мәдиян еліне қашқанға дейін, сол перғауын сарайында ер жетті. Оған перғауынның жары – Әсия жақсылап қарап, тәрбиелеп өсірді. Бір күні хазірет Мұса көшеде кетіп бара жатып, бір исрайылдық, бір мысырлық екі адамның қызыл шеке болып төбелесіп жатқанын көреді. Исрайылдық жеңіліп бара жатқанда, хазірет Мұсаны көріп қалып көмекке шақырады. Жігіт Мұса өте мықты, айбарлы жас болатын. Ол мысырлыққа жақындап келіп ананы жіберуді

²⁶⁷ «Қасас» сүресі, 9

²⁶⁸ «Қасас» сүресі, 12

²⁶⁹ Аффиф Абдулфаттах Таббара, Маал-әнбия фил-Куран. 225-227 беттер



талап етті. Бірақ мысырлық оның сөзіне құлақ салмай, истрайылдықты өлтірмек болады. Осы кезде жігіт Мұса әлгі мысырлықты жұдырықпен түйіп кеп қалғанда, мысырлық сол жерде жан үзеді. Мұсаның ниеті адам өлтіру емес, қайта анау бір өлім аузындағы жанды құтқарып қалу еді. Мұса (а.с.): «Бұл – шайтанның ісі. Өйткені ол – ашық адастырушы дұшпан. Раббым! Рас өзіме кесір істедім. Мені жарылқа! – деді. Сондықтан Аллаһ оны жарылқады. Өйткені Ол тым жарылқаушы, ерекше мейірімді»²⁷⁰.

Көп ұзамай осы мысырлықтың өлімі бүкіл қалаға жайылды. Бірақ әзірге кісі өлтірушінің кім екенін және не үшін өлтіргенін ешкім білмеді. Таңертең хазірет Мұса көшеде кетіп бара жатып, кешегі өзі құтқарып қалған истрайылдықтың тағы бір мысырлықпен төбелесіп жатқанын көріп қалады. Истрайылдық та мұны көре сала, ұялмай қызармай көмекке шақырады. Хазірет Мұса бұл адамның жаман адам екенін сонда ғана білді. Оған «өзіңе де сол керек» дегендей ашулы көзін қадады. Бір кезде мысырлық әлгі истрайылдықты бір бұрышқа тығып алып өлтірмек болған кезде, амалы құрыған Мұса оларды арашаламақ болып жақындай бергенде, истрайылдық адам өзіне қол жұмсайды деп ойлап: «Кеше ғана мысырлық бір адамды өлтіріп едің. Енді бүгін мені өлтірмекпісің? Сен мейірімді емес, қатігез адам болдың ғой» деп айқай салады. Осы хабар тез арада қалаға тарап кетті. Онсыз да сарайдағылар бұл истрайылдық болғаны үшін жек көріп, оны сарайдан аластауға сылтау таппай жүретін. Олар бар болғаны хазірет Әсиядан аса алмай жүрген. Ал қазір оларға іздегенге сұраған болды. Әйтсе да хазірет Мұса сарайдағылардың не ойлап жүргенінен

²⁷⁰ «Қасас» сүресі, 15-16



мүлде бейхабар еді. Ол ойға батып тұрғанда, қаланың өте лауазымды ақсүйек бір адамы келіп: «Ей, Мұса! Сарайдағылар сені өлтіруге шешім шығарды. Бұл қаладан тез кетпесең, өлім күшасың. Мен саған қамқор адамның бірімін», – дейді. Хазірет Мұса қаладан өте сақтықпен шықты да: «*Я, Раббым! Мені қатігез елден құтқара гөр!*» – деп²⁷¹ дұға етті. Жолда қаладан ұзап кетіп бара жатып: «*Раббымның маған тура жол көрсетуін үміт етемін*»²⁷², – деп күбірлейді.

Бұл істе Хақ тағаланың хикметі бар еді. Өйткені ол Мәдиянға барып, хазірет Шұғайып пайғамбардан дәріс алып, сол жақта пайғамбарлыққа әзірлік жасап келуі қажет болатын. Күндердің бір күні пайғамбарлық келген кезде, Мысырға қайта оралып перғауын мен оның халқын хақ дінге шақыруы тиіс-ті²⁷³.

Хазірет Мұса сахарада ұзақ жүріп, бір кезде Мәдияндағы судың жанына келіп аялдады. Бір топ адам осы суға мал суғарып жатты. Бергі шетте екі қыз малдарын суға жолатпай қайырып тұр екен. Мұса ол екеуіне: «Екеуің неге тұрсыңдар? Елдің бәрі малын суғарып жатқан жоқ па?» – дейді. Екі қыз: «Мына малшылар малдарын суғарып кеткенге дейін, біз малымызды суғара алмаймыз. Үйде жалғыз кәрі әкеміз ғана бар. Бұған әкемізді қалай жұмсаймыз?» – деп ибалықпен жауап береді. Хазірет Мұса қатты қалжырап тұрса да, дереу екі қыздың малын айдап әкеп суғарып, суға қанған соң, алдарына салып берді. Бұл екеуі хазірет Шұғайыптың қыздары еді. Одан кейін бір ағаштың көлеңкесіне саялап отырып, Хақ тағалаға қол жайып:

²⁷¹ «Қасас» сүресі, 21

²⁷² «Қасас» сүресі, 22

²⁷³ Сабуни. Нубууә, 247-бет



«Я, Раббым! Қайырдан не жіберсең де мұқтажбын»²⁷⁴,
– деп күбірлеп дұға жасады.

Сол күні ақшам кезінде хазірет Шұғайып малдарының маңыраған дауысын есітіп далаға шықты. Қыздарының бүгін ерте келу себебін сұрады. Мәнжайды білген соң, ол дереу қыздарының біреуін хазірет Мұсаға жіберді. Қызы барғанда, ол әлі ағаштың түбінде отыр екен. Ол жанына ұяла жақындап: «Әкем сізді малдарды суғарған ақыңызды алсын деп шақырып жатыр», – дейді. Хазірет Мұса олардан ақы алайын деген мақсатпен көмектеспеген еді. Алайда мына қыздың ибалылығына қарап, оның әкесін көруге аңсары ауа қалды. Әрі ақсақал кісі шақырып тұрғанда, бармасқа тағы болмайды. Қыздың алдына түскен бойы үйіне келіп, қартқа сәлем беріп жөн сұрасты. Дастарқан басында хазірет Мұса Шұғайып пайғамбарға басынан кешкендерін түгелдей баян етті. Бұл жерге де қуғыншы келіп қалуы мүмкіндігін айтты. Сөздерін ден қоя тындаған қария оған: «Қорықпа! Бұдан былай залым елден саған келер ешбір қиянат жоқ. Сен қауіпсіз жердесің», – деп басу айтты.

Бірталайдан кейін қонақ әзірленген бөлмеге жатып қалған соң, Шұғайып пайғамбардың бір қызы әкесіне келіп: «Әкешім! Біз көптен бері бір жалшы іздеп жүрген жоқ па едік?! Іздегенге сұраған деген осы емес пе?! Мына кісі нағыз бізге лайық адам екен. Өзі күшті әрі сенімді де, мейірімді жан. Бізбен тілдескен кезде, жүзімізге бір рет те болсын қарамады. Осы жігітке қолқа салып көріңіз», – дейді.

Таңертең Шұғайып пайғамбар хазірет Мұсаға: «Мұса! Саған айтар ұсынысым бар. *«Маған сегіз*

²⁷⁴ «Қасас» сүресі, 24



жыл жалшы болсаң, мына екі қызымның бірімен некелестірем. Егер он жылға толтырып жатсаң, ол сенің жасаған жақсылығың. Саған машақат қылуды қаламаймын. Аллаһ қаласа, мені ізгілерден табарсың»²⁷⁵, – дейді.

Хазірет Мұса да бұдан кейін қайда барып, қайда тұратыны, не істейтіні туралы бір байламға келмеген болатын. Ол хазірет Шұғайыптың бұл ұсынысын мақұл көріп: *«Ұсынысыңды қабылдаймын. «Осы екеуміздің арамыздағы келісім бойынша, екі мезгілдің қайсысын орындасам да маған қарсылық жоқ. Айтқаныма Аллаһ кепіл»²⁷⁶, – деп жауап береді.*

Арада жылдар қазанаттай жүйткіп өте шықты. Мезгілі жетіп, уәде бойынша хазірет Мұса, Шұғайыптың (а.с.) қызын алған еді. Бір күні ол жары мен балашағасын алып, Шұғайып пайғамбармен қоштасып, жолға шықты. Бұл өзі қыс мезгілі болатын. Күн батып, түн айналаға өзінің қара шәлісін жапқан кезде, ауа суып, ызғар жел есті. Хазірет Мұсаның бала-шағасы тоңып, жылай бастады. Олар Тұр тауына жақындаған кезде, тау басынан лапылдаған оттың жарығын көрді. Хазірет Мұса бала-шағасына: *«Тұра тұрыңдаршы. Рас, бір от көріп тұрмын. Бәлкім, бір хабар яки оттан бір шоқ алып келермін. От жағып жылынарсыңдар»²⁷⁷, – дейді.* Ол асығыс адымдай басып, отқа қарай жақындай бастады. *«Ол жерге келген сәтте, мүбәрак жердегі ойпаттың оң жағындағы ағаштың жанынан: «Ей, Мұса! Рас*

²⁷⁵ «Қасас» сүресі, 27

²⁷⁶ «Қасас» сүресі, 28

²⁷⁷ «Қасас» сүресі, 29



Мен – әлемдердің Раббы Аллаһтын». «Кебісіңді шеш» деп үн қатты»²⁷⁸.

Хазірет Мұса дереу аяқ киімін шешіп үнсіз тыңдай қалды. Баяғы «жанған от» деп келгені от емес илаһи нұр екендігін аңғарып, бұл дауыстың Хақтан келгеніне көзі жетті. Илаһи дауыс әрі қарай жалғасты: «Сені таңдадым. Енді уахи етілгендерді тыңда. Рас, Мен Аллаһтын. Менен басқа тәңір жоқ. Сондықтан Маған құлшылық қыл. Сондай-ақ Мені еске алуың үшін намазды толық орында. Қиямет күні сөзсіз келеді. Қияметке сенбей, өзінің нәпсісіне ергендер саған кедергі жасап жүрмесін. Болмаса, сен де құрисиың. Әй, Мұса! Оң қолыңдағы не нәрсе? (Мұса): «Бұл – менің таяғым. Оған таянамын. Онымен қойларыма жапырақ қағып беремін, әрі онымен басқалай істер де істеймін»²⁷⁹, – дейді.

Адам баласы қашанда өзіне ұнаған адаммен кездескен шақта, онымен көбірек тілдесіп қалғысы келеді. Бұл жерде де хазірет Мұса ғаламзаттың Раббысымен тілдескен кезде, бір аса таяқтың өзін жыр қылып айта бергісі келді. Һәм Хақ тағала «Оң қолыңдағы не нәрсе?» деп оның кәдімгі таяқ екендігіне назар аудартуда. Хазірет Мұса да оның расында ағаштан жасап алған аса таяқ екендігін ашық баян етеді. Осы кезде Аллаһ тағала: «Ей, Мұса! Қолыңдағы аса таяқты жерге таста!» – дейді. Хазірет Мұса оны жерге тастап жібергенде, кәдімгі жай таяқ улы жыланға айналып шыға келеді. Түр-түсі сұп-суық оқ жыландай ысылдап хазірет Мұсаның өзін шошытты. Тіпті ол қорқып қашты да. Хақ тағала сонда: «Оны қайта қолыңа ұста, қорықпа. Бері

²⁷⁸ «Қасас» сүресі, 30

²⁷⁹ «Таһа» сүресі, 13-17



кел! Оны әуелгі қалпына келтіреміз», – деді. Бұл жыланнан хазірет Мұсаның өзі шошығанына қарап, оның қандай жылан екенін көз алдыңызға елестете беріңіз. Хазірет Мұса Хақ тағаланың сөзінен кейін қорқынышы басылып, жыланды ұстай алғаны сол еді, ол баяғы қой қайыратын асатаяғына айналды. *«Қолыңды қойныңа тық. Мінсіз күйде аппақ болып шығады»*²⁸⁰. Хазірет Мұса қолын қойнына тығып, қайта алып қалып еді, қолы аппақ болып жарқырап шыға келді. Хақ тағала Мұсаға: *«Ей, Мұса! Осы екі мұғжиза – перғауынға да, адамдарына да Раббыңның екі дәлелі. Өйткені олар тым шектен шықты»*, – дейді. Хазірет Мұса: *«Я, Раббым! Көңілімді кеңейтіп, ісімді жеңіл ет! Олар сөзімді жақсы түсіну үшін, менің тұтықтығымды жаза гөр. Я, Раббым! Туысым Харунды маған уәзір әрі көмекші етіп бер. Ғәм ол маған қарағанда сөзге әлдеқайда жүйрік. Оларға жүйелі сөз айта алмай қаламын ба деп қорқамын. Оның үстіне олардың бір адамын байқамай өлтіріп алғанмын. Харунды менімен бірге пайғамбар етіп жібер. Оны менің міндетіме ортақ қылатын болсаң, Сені көп еске алып, пәктейміз»*²⁸¹, – дейді.

Кейбір деректерде хазірет Мұсаның тілі жас кезінде шоққа күйіп, тілі қатты мүкістеніп қалған деген сөздердің негізі жоқ. Өйткені пайғамбарлық міндетте ешқандай кемістік болмауы шарт²⁸².

²⁸⁰ «Таһа» сүресі, 14-24; «Қасас» сүресі, 31-32

²⁸¹ «Таһа» сүресі, 25-33

²⁸² Мұса пайғамбардың тілінде сәл ғана тұтықпалық болған. Алайда Перғауынға барар алдындағы Аллаһтан тілеген оның дұғасы қабыл болып, кейіннен әдемі әрі шешен сөйлейтін болған (Қараңыз: У. Зүһәйли, Тәфсирул-мунир. Таһа сүресінің 25-аятының тәпсірі)



Хақ тағала: «Ей, Мұса! Тілегің қабыл болды. Туысың арқылы білегіңді күшейтіп, екеуіңе олар шамасы келмейтін күш беремін. Аяттарымызбен екеуің де, сендерге ергендер де жеңіске жетесіңдер». «Екеуің перғауынға барыңдар, өйткені ол шектен шыққан. Оған сыпайы түрде жұмсақ тілмен сөйлеңдер, мүмкін сөздеріңе сонда ғана құлақ асар яки қорқар»²⁸³, – дейді.

Дінді қоғамға немесе жеке тұлғаға уағыздау барысында сыпайы да, көркем тілмен жеткізу қажет. Бұл тәблиғ, яғни дінді жеткізудің негізгі қағидасы. Егер бір қоғамда дінді насихаттаушылар Хақ тағаланың осы жарлығы мен белгілеген ережесі арқылы елді дінге шақырмай, керісінше, дөрекі түрде, қатты-қатты батырып айтатын болса, онда олар сол міндетті орындамақ тұрмақ елді діннен бездіруі де кәдік. Атам қазақтың «Жылы-жылы сөйлесе, жылан іннен шығады, қатты-қатты сөйлесе мұсылман діннен шығады» деген мақалы осыдан қалса керек.

Хақ тағала хазірет Мұсаға Харунға қатысты «тілегің қабыл болды» деген сәтте, Харунға уахи келіп, ол да пайғамбар болған еді. Олар Мысырда жолықты. Екеуара залым перғауынға ақиқатты айтар күнге сақадай сай болса да, «Не болар екен?» деген уайымдары жоқ емес-тұғын. Олар Аллаһ тағалаға: «Раббымыз! Оның өктемдік қылуынан яки шектен шығуынан қорқамыз», – деп дұға етеді. Хақ тағала: «Қорықпаңдар! Сендермен біргемін. Естимін, көремін. Екеуің барып: «Біз Раббыңның саған жіберген елшісіміз; ал енді Исрайыл ұрпақтарын бізбен бірге жібер. Енді оларды қинама, саған Раббыңның мұғжизасымен келдік. Есендік тура жолдағыларға болсын. Бізді жоққа шығарып,

²⁸³ «Қасас» сүресі, 35; «Таһа» сүресі, 43-44



бет бұрғандарға азап болатындығы уахи етілді», – деңдер»²⁸⁴, – дейді.

Бұл іс тіпті пайғамбар үшін де онайға соқпайтын еді. Өйткені алдарында бір елдің өзін «күдай» санап айдаһардай ақырған залым перғауын бар. Оның сарайына аяқ астынан барып, дінге шақыру, өз басын бәйгеге тігу деген сөз. Оның үстіне перғауынға адам өлтіру, әсіресе, исрайылдық бір дұшпанын өлтіру түкке тұрғысыз еді. Әрі көп жылдан бері өлтіргісі кеп, қуғындап ұстай алмай жүрген адамы осы Мұса болатын.

Әйтсе де хазірет Мұса мен Харунның қорыққаны өлім емес, өздеріне берілген ауыр аманат еді. Пайғамбарлардың қорқып уайымдайтын бір-ақ нәрсесі бар. Ол – пайғамбарлық міндет. Егер олар табан астынан ажал күшса, өз міндетін толық орындай алмайтын еді. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Қоштасу қажылығында» үмбетіне: «Сендерге пайғамбарлық міндетімді толық орындап, дінді қалтқысыз жеткіздім бе?» – деп үш рет сұрауы осының белгісі.

Бірақ әр қандай пайғамбар әсте міндетін толық орындап болмай, бұл өмірден көшпейді. Өз уазипасын іске асыру жолында, аспан төңкеріліп, жер жарылса да, оған титтей кедергі келтіре алмайды. Өйткені кепілдікті «Қорықпаңдар! Сендермен біргемін. Естимін, көремін» деп Хақ тағала береді.

Хазірет Мұса бауыры Харунмен бірге перғауынның сарайына барып оны хақ дінге шақырып, туралықты насихаттады. Ол перғауынға сыпайы тілмен сөйлеген соң, перғауын да оған ашу шақырмай әңгімелесе бастап:

²⁸⁴ «Таха» сүресі, 45-49



«Ей, Мұса! Саған не болған? Кеше ғана сарайда өскен бала едің. Бүгін келіп маған ақыл айтып тұрсың ба? Біз сені құндақтағы сәби кезінде сандықпен бірге ағып бара жатқан жеріңнен тауып алып, осы сарайда өсірген жоқ па едік? Сен осы жердің суын ішіп, нанын жеген жоқсың ба? Енді келіп бәрін жоққа шығарып тұрсың. Ол аз болғандай менің халқымнан бір адамды өлтіріп, қашып кеткен жерің тағы бар», – деп сұрақ жаудыра бастайды. Хазірет Мұса да оның сөздерін асықпай тыңдап: «Мен ол кісіні қасақана өлтірген жоқпын. Баржоғы біреуді өлтіргелі жатқанда, араша түсіп, пейілінен қайтпаған соң, әрі кетсін деп жұдырықпен түйгенім ғана. Ал қашқанымды сұрайтын болсаң, мені шақырып істің мәніне бармай сыртымнан өлім жазасына бұйырғандарыңды естіген соң амалсыз қаладан кетуіме тура келді. Одан кейін маған Раббым ілім мен хикмет дарытумен бірге пайғамбарлық міндетін жүктеді. Мен осы уазипамды орындау мақсатымен сенің алдыңа келіп тұрмын. Менің міндетім дінді жеткізу ғана. Арғы жағы өз ықтиярыңда.

Әй, Перғауын! Сен мені сарайда өсіріп, тәрбиеледік дейсің. Сен өзің исрайыл халқын жапа шектіріп, ауыр жұмысқа салып, ерлерін құл, әйелдерін күн қылдың. Ол аз болғандай жаңа туған сәбилерді жаппай қырғыздың. Сондықтан Хақ тағаланың жәрдемі мен хикметінің арқасында сарайда өстім. Болмаса, сенің сарайыңда менің нендей шаруам бар? Ата-анам мені тәрбиелеуде қауқарсыз қалды деймісің? Сенің зұлымдығың болмағанда, анам өз баласын суға ағызып, сарайыңда өсіруге ризалық танытар ма еді? Сенің сарайыңдағы ішкен суым да, жеген наным да сол жерге исрайылдықтардың аққан қара терімен, ауыр бейнеті-



мен келген жоқ па? Бір жағынан халқымды қанап, адам айтқысыз зұлымдық жасайсың, бір жағынан «мен сені сарайда тәрбиеледім» дейсің», – деп уәж қайтарды.

Перғауын: «Әлемдердің Раббы дегенің немене?» – деді. Хазірет Мұса: «Егер анық білетін болсаңдар, Ол – жер мен көктің әрі олардың арасындағылардың Раббы», – деді. Бұл жауапқа Перғауынның айтар дауы болмады. Бірақ әйтеуір бір нәрсе айтып қалайын деген ниетпен: «Мынауың не деп сандырақтап отыр? Мен не деймін, бұл не дейді? Естідіңдер ме?», – деп келемждеп күліп, сөзді басқа арнаға бұрғысы келді. Бірақ хазірет Мұса сөз тізгінін босаңсытпай: «Ол – сендердің де Раббыларың, бұрынғы ата-бабаларыңның да Раббы», – деді. Хазірет Мұса осы сөзімен сарайдағы өздерін «кұдаймыз», «кұдай отбасымыз» деп жүргендерге «бұрынғы ата-бабаларың «кұдай» болса қайда кетті? Олар да, сендер де топырақтан шығып, қайта сол топыраққа ораласыңдар. Жоқтан бар болған ешқашан тәңір бола алмайды дегенді меңзейді.

Уәжге жығыла берген перғауын амалсыз ашу шақырып: «Пайғамбардың түріне қараңдар! Аузынан шыққан әр сөзі – жынды адамның сөзі. Сұрағыма жауап берудің орнына айдалаға лағуда», – деп өзінше сөзбен жеңген болды.

Хазірет Мұса оның сөзін елең құрлы көрмей, әрі қарай: «Ей, перғауын! Әлемдердің Раббы – Хақ тағала шығыстың да, батыстың да һәм оның арасындағылардың да Раббысы», – дейді. Ол осы сөздерімен Хақ тағаланың ғаламзаттың Раббысы екендігін айту арқылы перғауынның пенделігіне ишарат етті. Перғауын сонда: «Абыройыммен ант етейін! Егер сен менен өзгені тәңір етіп алсаң, әрине, сені



зынданға тастаймын»²⁸⁵, – деп қорқытты. Хазірет Мұса: «Егер саған пайғамбар екендігім туралы айқын дәлелдер көрсетсем не дейсің? Сонда да осы пікіріңнен танбайсың ба?» – дейді. Перғауын іштей оның дәлел көрсететіне сенбеді. Өзі де сарайдың уәзірлері мен ақсүйектері алдында хазірет Мұсадан жеңіліп нақты жауап бере алмай отыр еді. Осы арқылы жеңіп кетемін деп ойлап: «Ал қане, көрейік, сөзің рас болса. Қандай дәлел, қандай мұғжизаң бар еді?» – дейді. Сол кезде Мұса пайғамбар қолындағы аса таяғын жерге тастап жібергенде, ол сол заматта үлкен жыланға айналып шыға келеді. Түрі сұп-суық жылан бір орнында тұрмай ирелендеп оңды-солды қозғалып ысылдап тұрды. Мынадай түсі суық жыланды бұрын-соңды көрмеген сарайдағылар қорыққандарынан тұрған жерлерінде жүректері жарылып кете жаздады. Хазірет Мұса осыдан кейін қолын қойнына тығып қайта суырып еді, қолы нұр болып жарқырап айналаға сәулесін шашты. Іштей өзіне сенімді болып отырған перғауын мына мұғжизаларды көргенде, аузына құм құйылып, біразға дейін «ләм-мим» деместен, үнсіз отырып қалды. Оның үстіне әлгі жыланның от болып жанған көздері көз алдынан кетер емес. Ол тағынан түсе қалса, шағып алатындай көрініп, денесі мұздап сала берді. Бірақ өз абыройын сақтап қалу үшін, дереу есін жиып, айналасына қарап: «Беу, шіркін десеңші! Мынау барып тұрған сиқыршы ғой. Бәсе, ма-надан бері мұны сөйлетіп тұрған қандай күш, несіне бәлсініп тұр десем, жат жерде жүріп түрлі сиқырлық пен көзбояушылықты үйреніп келіп, сол арқылы біздің басымызды айналдырып, мына туған жерімізден қуып шыққалы қамданып жүрген кешегі қашқын Мұса екен

²⁸⁵ «Шұғара» сүресі, 23-29



ғой! Бұлардың сыры белгілі болды. Ендеше, бұл екеуін дереу өлтірген дұрыс па, әлде өзгелерге сабақ болу үшін басқаша жаза қолданғанымыз дұрыс па екен? Ал қане, қандай пікірлерің бар?» дейді. Перғауынның ең жақын адамдары оған: «Мұны өлтіру де, басқаша жазалау да бізге пәлендей пайда бере қоймайды. Ел-жұрт «шамасы келмеген соң өлтіре салыпты» деп шулайды. Ал бұл біздің абыройымызға дақ келтіреді. Ең дұрысы, бұл екеуін күллі халықтың алдына шығарып, сол жерде масқаралайық. Шартарапқа шабармандарыңды жіберіп, алаңға ең мықты сиқыршыларды жина. Сосын бұл екеуі әлгі өнерін сол жерде көрсетсін. Біздің сиқыршылар да сиқырын көрсетіп, бұларды ел алдында жеңсін» дегенді айтты. Перғауынға да бұл ой қатты ұнап, ең мықты сиқыршыларды жинатты. Хазірет Мұсаға осыны айтып еді, ол қуана келісті. Тіпті ол: «Кездесетін мезгіл дәл ел көп жиналатын мереке күнінің сәске кезі болсын», – дейді. Хазірет Мұсаның бұл сөзінен ең маңызды екі нәрсені білуге болады. Бірі – мереке уақыты. Мереке күні халық бос болғандықтан, алаңға тайлы-таяғымен жиналады. Жасы да, жасамысы да қызық көру үшін келеді. Екіншісі – сәске кезі. Бұл кез – халықтың ұйқыдан тұрып, сәресін ішіп сергек те, тоқ болып тұрған шағы. Басқа уақытта орын алса, Хақ пайғамбардың мұғжизаларын «күн қатты ысып нақтап көре алмай қалдым» яки «күн батысқа еңкейген шақта сол көрінген нұр ма әлде күннің сәулесі ме еді? Оның үстіне малдың өрістен қайтқан шағы емес пе, көзім мұнда болғанмен, көңілім алаң болып тұрған» дегендей күмәндар кездесуі әбден мүмкін еді.

Сол күні халық көп жиналды. Онсыз да сарайда көрсетілген мұғжизалар ел ішіне аңыз боп тарап кет-



кендіктен, көруге құмартушылар көп еді. Сиқыршылар перғауыннан «Егер біз жеңсек, бізге қандай сыйлық бересің?» – деп сұрап еді, перғауын: «Менің ең жақын адамыма айналасыңдар. Сендерге осы елдегі ең жоғарғы лауазымды беремін», – деп уәде берді. Аналар көңілдері көтеріліп, перғауын үшін аянбай тер төгуге тырысты. Алаңда сиқыршылар бір жақта хазірет Мұса жалғыз өзі бір жақта тұрды. Олар Мұса пайғамбардан «Кім бірінші бастайды?» деп сұрап еді ол, «Алдымен сендер бастаңдар» деп жауап қайтарды. «Сонда олар арқандары мен таяқтарын тастап: «Перғауынның ұлылығының арқасында біз жеңіске жетеміз» десті. Олардың тастаған арқандары мен таяқтары алаңда жылан болып көрініп, ирелеңдеп ысылдай бастады. Сол жерге жиналған елдің бәрі оларды жылан деп ойлап таңырқай қарасты. Хазірет Мұсаның көңіліне осы сәтте қобалжу пайда болды. Хақ тағаладан оған: «Қорықпа! Сен үстем боласың» деген уахи келді. Яғни «Ей, Мұса! Көңілің қобалжып, қорқушы болма! Өйткені олардың жылан деп көрсеткендері жылан емес, жалған көз бояушылық қана. Ал сенің жыланың – ақиқат. Жалғанды қашан да ақиқат жеңеді. Олар сиқыршы, ал сен пайғамбарсың».

Хазірет Мұса осы уахидан соң көңілінің абыржығаны басылып, қолындағы аса таяғын тастап жіберді. Сонда ол шынайы әб жыланға айналып сиқыршылардың жыландарын эп сәтте бір-бірлеп жұтып бітірді де, Мұса пайғамбарға жақындап келіп аса таяққа айналып шыға келді.

Перғауынның әзірлеген сиқыршылары осал емес еді. Сол заманда Мысыр елінде сиқырлық кең тараған еді. Ал алаңға шыққан сиқыршылар солардың сорпа



бетіне шығар ең таңдаулысы еді. Алайда олар жылан етіп көрсеткен арқандары мен таяқтарын кәдімгі әб жыланның біртіндеп жұтып жатқандарын көріп жағаларын ұстады. Халық білмесе де олар аса таяқтың кәдуілгі тірі жыланға айналғанын айқын біліп, хазірет Мұсаның сиқыршы емес, пайғамбар екендігіне көздері анық жетті. Өйткені өздері бұрын-соңды мұндай мұғжизаны көрмеген. Хазірет Мұса алаңға шықпас бұрын жолығып, бұларға хақ діннің ақиқатын тереңдеп айтып жеткізген еді. Әйтсе де бұлар оның сөздеріне көңіл қоймаған. Ал қазір олар Мұса пайғамбардың айтқан сөздерін қайта еске түсірді. Осы күнге дейін жалғанды насихаттап келген еді. Өне сол жалғанын ақиқат жоққа шығарып, өздері шоқиып отырып қалды. Осы күнге дейін халықты да, өздерін де көзбояушылықпен алдап күн көріп келгендеріне қатты пұшайман хал кешті. Осылай ойлаған олар бір сәт бір-бірлеріне қарап тұрып қалды. Бір кезде естерін жиған олар жамағат жаппай сәждеге жығылды да, бірауыздан: «Мұса мен Харунның Раббына иман келтірдік!» – деп айқай салды. Жиналған халық бір жыланның көп жыланды жұтып қойғанын көріп, абдырап тұрған болатын. Олар алаңда тұрған сиқыршылардың сәждеге жығылып, Хақ тағалаға иман келтіргенін көргенде, Мұса пайғамбардың жыланы ақиқат жылан екенін ұғып, өзара таңдай қағысып, бір-бірлерімен күбірлесе бастады. Осы ғажайып көрініс олардың жадыларынан кетпей тіпті ұрпақтан ұрпаққа дастан болып жалғасатыны һәм сол бір көрініс бұлардың да иманға келуіне әсер ететіні айқын еді.

Жеңетініне көзі анық жетіп отырған перғауын өзі таңдаған сиқыршылардың жария айқайлап иман келтіргенін көргенде, отырған тағында күйіп кете жаз-



дады. Сосын қулығын асыра түсіп: «Сендер менің рұқсатымсыз қалайша дәттерің барып Мұсаға иман келтіресіңдер? Ендеше кім екендіктерің белгілі болды. Мына Мұсаны сендер ұстаз тұтасындар ма? Осы сәтке дейін осыны жасырып келген екенсіңдер ғой. Олай болса сендердің көздеріңе көк шыбын үймелетіп, көресіні көрсетемін. Әлі-ақ «өлтірші» деп жалынатын боласындар өңкей шірік неме!» деп ашуға булықты. Оның бұл қоқан-лоқысын сиқыршылар қаперіне де алмады. Жаңа ғана өзін құдай санап жүрген адамы дәл қазір көздеріне қауқарсыз, бейшара болып елестеді. Хазірет Мұсаның ақиқаты оның жалған сенімінің күлін көкке ұшырды. Олар: «Ей, перғауын! Біз Мұса пайғамбардың туралығына және бізді жоқтан бар еткен Раббымызға бұлтартпас сенім келтірдік. Сенің де жалған тәңір екендігің айқындалды. Сен қолыңнан келген өнеріңді бізден аяма. Бұлай өлтіргенімде ғой деп, өкініп қалып жүрме. Сен біздің қолымыздан көп болса дүниелік өмірімізді ғана аларсың. Ал ақырет ғұмыр, ондағы мәңгілік бақыт бізге жетеді. Раббымыз біздің осы күнге дейінгі жасаған күнәларымызды кешіреді деп үміт етеміз. Мұса пайғамбарға алғашқылардың бірі болып иман келтіргенімізді мақтан тұтамыз!» – деп жауап берді.

Сиқыршылардың иман келтіруі айта жүретін ерекше оқиға болды. Олар хазірет Мұсаның бір мұғжизасын көрісімен, бірден иман келтірді. Тіпті олардың имандары «ихсан», яғни әулиелік деңгейдегі ең терең иман. Олар бір сәтте ең төменгі шыңыраудан «якин» иманға бір-ақ шыққан. Хазірет Мұса кейіннен өз еліне түрлі мұғжиза көрсетсе де, олардың имандары әлгі сиқыршылардың дәрежесіне жете алмаған. Егер



олар тірі болғанда, хазірет Мұсаның ең жанашырлары сахабалардай сенімді серіктері болар еді. Олардың имандарының күштілігінен жер жарылып, тау теңселер еді. Олар хазірет Мұсаның жолында құрбан болуға әрдайым әзір болатын, тіпті Қызыл теңіздің өзін кешіп өтуден де тайсалмас еді. «Тиһ» шөлінде ғажайып құстың етін емес, бір түйір дәнге зар болып, ала бұтаны кеміріп жүрсе де, асатаяқтан аққан кәусар бұлақтың суын емес, кенезесі кеуіп, лай суға зар болса да, Пайғамбарымен кешкен әрбір күнін жаннаттың рахатын бірге көргендей сезінер еді. Бұл да өз алдына зерттелер жеке тақырып.

Перғауын осы оқиғадан кейін исрайылдықтарға деген қатігездігін тіпті күшейте түсті. Көп жылдар бұрын көрген түсіндегі адамның осы Мұса пайғамбар екендігіне көз жеткізді. Хазірет Мұсаның мұғжизасын көрген халықтың біразы иман келтіргенмен, көпшілігі перғауын мен шонжарлардың қаһарынан қорқып иман келтірмеді. Хазірет Мұса халқына: *«Ей, елім! Егер Аллаһқа иман келтірсеңдер, сондай-ақ мұсылман болсаңдар, онда Аллаһқа тәуекел қылыңдар»*, – деді. Олар да: *«Біз Аллаһқа тәуекел қылдық. Раббымыз, бізді залым елмен сынама»*, – деді». Сондай-ақ бізге рақым етіп кәпір елден құтқара гөр»²⁸⁶, – деп дұға етті.

Хазірет Мұса бұдан кейін Хақтың әмірімен үйлер салып, сол үйлерде намаз оқып, уағыз-насихат жүргізіп, халықты дінге шақырды. Бұл үйлер мешіт болмағанмен, мешіт пен медресенің қызметін атқарды. Қала халқы сол үйлерге бірден, екіден шақырылып, хақ дінді үйренді. Көп ұзамай қалада намаз оқитын үйлер біртіндеп көбейіп, мұсылмандардың саны барған сайын арта түсті.

²⁸⁶ «Жүніс» сүресі, 84-86



Перғауын хазірет Мұсаның бұл іс-әрекеттерін әр түрлі жолдармен қадағалап отырды. Ол әліптің артын бағып, хазірет Мұса мен оған иман келтіргендерді жою жоспарларын жасап жатты. Оның үстіне «бұларды тоқтатпасақ көп ұзамай бізді қаладан қуып шығады» деп, ойлаған қаланың шонжарлары қайта-қайта келіп, бұлардың мазасын ала берді. Әйтсе де қала халқының арасында ғана емес сарайда да жасырын мұсылмандар бар еді. Солардың бірі – перғауынның немере ағасы Хаман болатын. Ол хазірет Мұсаға қарсы ұйымдастырылған жоспарлардың көпшілігін бұзып, мұсылмандарға істеген зұлымдығын тежеп отырды. Ол сондай-ақ сарай ішінде перғауынға да, өзгелерге де: «Бұл адамның айтқаны өтірік болып шықса, бізге ешбір зияны тимейді. Ал егер рас болып шықса, онда біздің құрығанамыз. Көне халықтар ұшыраған апат біздің де басымызға келері айдан анық. Бір кездері осы елге пайғамбар болып келген Жүсіп те тура осыған ұқсас сөздер айтқан жоқ па еді?», – деп солардың арасында жүріп имандылыққа шақырды²⁸⁷.

Бір күні осыған қатты ашуланған перғауын уәзірі Хаманды шақыртып алып: *«Ей, Хаман! Мен үшін балшыққа от жағып, кірпіш күйдіріп, көп кірпіштен бір мұнара жаса. Шамасы, соның үстіне шығып, Мұсаның тәңірін көрермін. Расында, мен оны өтірікші деп ойлаймын»*²⁸⁸, – дейді.

Көптеген ғалымдар бұл мұнараның Мысырдағы пирамида болғандығын айтады. Перғауын сол Пирамиданың үстіне шығып, ғаламзаттың Жаратушысын көрмек болады.

²⁸⁷ «Ғафыр» сүресі, 28-30

²⁸⁸ «Қасас» сүресі, 38



Сарайда мұсылман болғандардың бірі – хазірет Әсия. Ол хазірет Мұсаға сәби күнінен қамқорлық көрсетіп келген. Мұса пайғамбар сарайға келіп дінге шақырған сәтте-ақ, мұсылман болған еді. Бірақ Хаман сияқты емес, иман еткенін ашық жария етті. Уағыз жүргізе бастағанда, Перғауын оған өзінің жары болғандықтан, жай ғана тойтарыс беретін. Хазірет Әсия оның бұл тойтарысына құлақ түрмеді. Кейіннен перғауын қатты ашуланып, оны әбден азаптап, көрсетпеген қорлығы қалмайды. Сонда да Әсия өз дегенінен қайтпады. Қатты қиналған Әсия бір күні Хақ тағалаға: *«Раббым! Өз жаныңнан маған пейіште бір үй жаса, әрі мені Перғауыннан және оның істегендерінен сақта. Сондай-ақ залым елден де құтқар»*²⁸⁹, – деп дұға етеді.

Ол шейіт болар алдында жаннаттағы рахатқа толы орны көрсетіліп, бұл өмірмен күлімсіреп қоштасты.

Хазірет Әсияның Ислам дінінде алар орны ерекше. Ол бес үлкен пайғамбардың біреуін жастайынан өз баласындай, шын ықыласымен тәрбиелеп өсірді. Кейіннен хазірет Мұса пайғамбар болғанда, ең алғаш иман келтіргендердің қатарынан орын алып, оған сүйеу болып, хақ дінді халыққа жаюда ерен еңбек көрсетті. Мысыр елінің көптеген ер жігіттері перғауынның қаһарынан қорқып иман келтіре алмай бұқпантайлап жүргенде, бұл қаһарман әйел сарайда жүріп-ақ өзінің иман келтіргенін перғауынның алдында жария етіп, оның көрсеткен барлық қорлығына төзімділік таныта білді. Бәзбіреулер балалық шағынан Жұқып пайғамбар мен Жүсіп пайғамбар туралы ақиқаттарды естіп өссе де, әрі өздері солардың ұрпағы бола тұра, хазірет Мұсаның

²⁸⁹ «Тахрим» сүресі, 11



мұғжизаларын көре тұра «әлі де күмәндарым бар» деп, тілін кәлимаға келтіре алмай жүргенде, бұл әйел хазірет Мұсаның бір ауыз сөзінен-ақ жүрегі жылып иманға келді.

Нәм хазірет Нұхтың, хазірет Лұттың жарлары пайғамбардың әйелі бола тұра иман келтірмегенде, бұл әйел өзін тәңір санаған «шынжыр балақ, шұбар төс» асқан жауыз перғауынның әйелі бола тұра бірден иманға келді. Сол себепті бұл әйелдің Исламдағы орны биік.

Аллаһ елшісі (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірде: «*Жаннат әйелдерінің бибілері – Хадиша, Фатима, Мәриям және Әсия*» – десе, басқа бір хадисте: «*Әйелдердің ең ізгілері мына төрт әйел: Мәриям, Әсия, Хадиша және Фатима*»²⁹⁰ – дейді.

Хақ тағала перғауын мен оған табынушылар иманға келмеген соң, ескерту мақсатымен Мысыр еліне қуаңшылық жіберді. Бірақ олар: «Бізді сиқырлау үшін қанша мұғжиза келтірсең де, бәрібір саған иман келтірмейміз», – деп қасарыса түсті.

Осыдан барып Мысыр елін сел басты. Бір күні Ніл өзені аяқ астынан тасып қаланы су алып кетті. Мысырлықтар қатты қорқып Мұса пайғамбарға келіп, Хақ тағаладан дұға тілеуін өтінді. Егер алда-жалда осыдан дұға қабыл болып бәрі бұрынғы қалпына келетін болса, бірден иманға келетіндерін айтып сөз берді. Хақ пайғамбар дұға етіп еді, Ніл арнасына түсіп, сахараға жауын жауып, егін мол өнім берді. Алайда кәпірлер осыдан кейін де сөздерінен тайып кетеді.

Көп ұзамай Хақ тағала бұл елге шегіртке жібереді. Сансыз шегірткелер бүкіл қаланы басып қана қоймай,

²⁹⁰ Ахмад ибн Ханбал, 1/293; Хаким, Мустадрок, 3-том. 160-бет

егін даласы мен жайылымдарын түгелдей қырып жеп кетеді. Мысыр елі олардан құтылудың жолын таппай шарасыз қалады. Ақыр соңында Мұса пайғамбарға келіп өлердегі сөздерін айтып уағда қылады. Хазірет Мұса тағы да дұға қылып, шегірткелер жоғалады да, кәпір ел тағы да баяғы әніне басады.

Мұнан соң Хақ тағала оларға биттерді жібереді. Биттер егін атаулы мен бүкіл бау-бақшаларына құжынап қана қоймай, адамдардың өздеріне шабуылдап, өне бойларына қандалаша қадалды. Халық қанша тырысса да, биттерден құтыла алмай, қайта Мұса пайғамбардың алдына келуіне тура келеді. Алайда дұға қабыл болып, биттен құтылған кәпір ел қайта әуелгі әуеніне басты.

Хақ тағаланың пәлесі мен нәубетінен құтылған жан болған ба дүниеде?! Сол пәлекеттің артынша Мысыр еліне құрбақалар қаптады. Құрбақаның кірмеген есігі, ұяламаған төрі қалмады. Олардың құрылдаған дауыстарынан мысырлықтар күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді. Ақырында хазірет Мұсаға тағы да жалынып - жалпайып пәледен құтқарсаң, «иманға келеміз» деп ант-су ішті. Алайда дұға қабыл болып, пәледен құтылғанда, олар тағы да екі жүзділікке басты.

Жаббар Ие бұдан соң оларға үлкен азап жіберіп, Ніл өзенін қанға айналдырды. Мысырлықтардың негізгі су көзі осы Ніл еді. Бір күні олар таңертең тұрғанда, Ніл өзенінің қып-қызыл қан болып ағып жатқанын көріп, ақыл-естен айырыла жаздады. Қаладан ішерге бір тамшы су таба алмады. Сол күндері күн де қатты ысып, кәпір ел шөлден қаталап, су іздеп шартарапты шарлады. Құдықтан алған сулары да қанға айналғанын көргенде, шарасыз қалды. Бұл тек кәпірлер үшін ғана

еді. Алайда Исрайылдықтар мұндай нәубетті көрген жоқ.

Мысырдың кәпір халқының төбесіне төнген осы пәлекеттер шамамен он жыл бойы бірінен-соң бір айналып келіп тұрды. Әр пәлекет келгенде, хазірет Мұсаға жалынып, пәлекет кетісімен, уәдеден тайып тұрды. Әрі исрайылдықтардың да Мұса пайғамбармен бірге елден кетулеріне рұқсат бермеді.

Исрайыл халқының Мысырдан көшуі

Перғауын мен оған ерген халқының бұдан былай иманға келмейтінін білген хазірет Мұсаға Хақ тағаладан халқын түнделетіп Мысырдан көшіріп әкету туралы уахи келді. Алайда әскерін ерткен перғауынның арттарынан өкшелетіп қуатынын, бірақ бұларға еш нәрсе істей алмайтындығын ескертті.

Хақ пайғамбар бір түнде исрайыл халқын қаладан жасырын түрде ертіп шығып, Қызыл теңізді бетке алып қашты.

Көп ұзамай олардың кеткенінен хабар алған перғауын да әскерін жинап арттарына түсті. Бұл кезде хазірет Мұса мен халқы қаладан ұзап кеткен болатын. Әйтсе де перғауынның оларды қуып жетуге шамасы әлі де болса жеткілікті еді. Өйткені ол сақадай сайланған әскерлерімен шықса, исрайылдықтар бала-шаға, жас-кәрісімен, мал-мүлкін алып ілбіп бара жатты. Хазірет Мұса Қызыл теңізге жақындағанда, арттарынан қуған перғауынның қалың қолы менмұндалап көрінді. Олардың аяғынан шыққан қою шаң қара құйындай яки төніп келе жатқан жауар бұлттай қорқынышты көрінді. Қатты қорыққан Исрайыл халқы хақ пайғамбарға: «Қақпанға өзіміз келіп түстік. «Өз көрін өзі қазды»



деген осы емес пе? Алдымыз мынау Қызыл теңіз. Артымызда өкшелеп қуып құмырсқаша қаптап келе жатқан перғауынның қалың қолы. Енді қайттік?» деп қатты састы. Аса сабырлы хақ пайғамбарды халқының бұл сөзі де, перғауынның қалың қолы да титтей сескендіре алмады. Қайта Хақ тағалаға деген сенімі бұрынғыдан бетер арта түсіп: *«Жоқ, әсте олай емес. Расында, Раббым менімен бірге. (Ендеше зәредей алаңдаушы болмаңдар). Маған сөзсіз жол көрсетеді»*²⁹¹, – деп арыстандай айбаттанып, күндей күркірейді.

Алдында асаудай толқыған шет шегі жоқ теңіз тұрса да, артында көптігінен жер қайысқан перғауынның зұлым әскері келе жатса да, үмітін үзбеді. Хақ тағалаға терең тәуекел ету – пайғамбарларға ғана тән қасиет²⁹².

Әне-міне дегенше болған жоқ перғауын әскерлері ат шаптырым жерге келіп те қалды. Сол сәтте Хақ тағаладан хазірет Мұсаға: *«Асатаяғыңмен теңізді ұр!»*²⁹³ – деген уахи келді. Мұса пайғамбар аса таяғымен теңізді ұрған кезде асау толқын ортасынан қақ жарылып даңғыл жол ашылды. Исрайыл халқы дереу сол жолмен суыт жүріп теңіздің арғы бетіне өте шықты. Осы кезде перғауын да, оның әскері де теңіздің таудай толқындар күдіретше жол ашып тұрғанын көріп, оның мұғжиза екендігіне көзі жетсе де, сол теңізден ашылған жолмен оларды өкшелеп қуа берді. Исрайыл халқы түгелдей

²⁹¹ «Шұғара» сүресі, 62

²⁹² Осындай бір оқиға Мәдина кезеңінде Ор соғысында болған еді. Сол кезде аймақтың барша кәпірі бірігіп, Мәдинаны қоршап алып, сахабалар шарасыз қалған шақта Пайғамбарымыз (с.а.с.) оларға көп ұзамай Сасанид және Рим империясын күйретіп өздеріне қарататындығы туралы сүйінші хабар айтқан еді.

²⁹³ «Шұғара» сүресі, 63



жағалауға шыққанда бұлар да оқ бойы жақындап қалған болатын. Бір кезде Хақ тағаланың әмірімен теңіз қайта жабыла қалды, перғауын мен оның әскері теңізде кемеңіз күйреген тақтайларындай әр жерден бір көрініп өлім құшағына еніп бара жатты. Көп ұзамай теңіз баяғы қалпына келді.

Перғауын теңіз жолымен жүріп келе жатқанда, екі жағында асқар таудай болып толқып теңіздер тұрған еді. Ол іштей қатты қорықса да, әскерінің алдында беделі түсіп, өзінің пенде екендігін көрсетіп алатын болғандықтан амалсыз кері қайта алмай, осы жолға түскен-тұғын. Перғауын залым болса да, ақымақ, санасыз адам емес-тін. Ол санасыз болса, елін басқара алмайтын еді. Сондықтан хазірет Мұсаның хақ пайғамбар екендігін жақсы білетін. Әсіресе сиқыршылардың аяқ-қолын бір-бірлеп кесіп, азаптап өлтірсе де, олардың «қыңқ» етпей жан үзуі және сүйген жары Әсияның азаптан көз аша алмай өліп бара жатып күлімсіреуі бұған қатты әсер еткен еді. Өзінің немере ағасының да иман келтіргенін сезетін. Бірақ өзі иман келтірейін десе, өз тағынан да, бағынан да айырылып қаламын ба деп қатты қорқатын. Өйткені ол елге «тәңірмін» деп құқайлану арқылы ләззат алатын. Һәм Исрайыл халқы оның құлақ кесті құлдары еді. Енді келіп бір кездері суға ағып бара жатып, өз адамдары арқылы сарайға әкелінген исрайылдық бір баланың артынан еру бұл үшін өлімнен де өткен қорлық еді. Шайтан оның осы осал жерінен мықтап ұстағандықтан ол ақтық деміне дейін нәпсісін жеңе алмады.

Осындай ойлар санасында сапырылысып жатқанда, бір кезде артындағы мыңдаған әскерінің құлақ тұндыра шыңғырған жан дауыстары оны селк еткізді. Ол әу баста



не болғанын білмей аспанға қарап еді, таудай екі теңіздің өзіне қарай құлдилап құлап келе жатқанын көріп қалды. Ол сонда ғана өлетініне көзі анық жетті. Осы уақытқа дейін бойындағы өзін алдап келген нәпсісі ғайып болды да, ақылшы шайтаны аяқ астынан жоғалып кетті. Ол: сол сәтте дереу сәждеге жығылып: «Исрайыл ұрпақтары иман келтірген Тәңірден басқа тәңір жоқтығына иман келтірдім. Мен де бойсұнушылардан болдым», – деп, өзінің мұсылман болғандығын жариялайды. Алайда шыбын жан шығар сәтте тілін кәлимаға келтіру иман келтіргенге жатпайды. Оның үстіне перғауынның аятта айтылған сөздеріне зер салып қарасаңыз, оның шынайы мұсылман болғаны нақты білінбейді. Ол «Исрайыл ұрпақтары иман келтірген Тәңір» – дейді. Бұл Исрайыл ұрпақтарының ішіндегі қай исрайылдықтарды меңзеген? Өйткені Исрайыл ұрпақтарының ішінде Хақ тағалаға иман келтірген де, одан өзге бұзауға яки басқаға табынғандар да бар еді. Иман келтіргендерінің өзі Хақ тағалаға дұрыс сенбейтін. Түп-тура иман келтіру деп перғауын сиқыршыларының иман келтіруін айтуға болады. Олар кезінде сәждеге жығылып: «Әлемдердің Раббына иман келтірдік. Мұса мен Харунның Раббына», – деген еді. Бұл жерде олар біріншіден, «Әлемдердің Раббына» деп күллі ғаламзатты жаратқан Жаратушыны айтып тұр. Екіншіден, «Мұса мен Харунның Раббына» дейді. Яғни ол екеуінің пайғамбарлығын мойындаумен бірге соларды жіберген жалғыз Жаратқанға иман келтіріп тұр. Үшіншіден, исрайылдықтар секілді емес, Мұса мен Харун қалай сенсе біз де солай сендік деп ақида-сенімдерінің дұрыстығын меңзеген. Мінеки, бұл жерде сиқыршылардың иманы осы тұрғыдан ең мықты терең иман болатын. Оларды суға тұншықтырса да,



отқа күйдірсе де, алған бетінен қайтпайтындықтары осы сөздерінен белгілі.

Хақ тағала: «*Сенен кейінгілерге үлгі болуы үшін денеңді (жансыз түрде) құтқарамыз*»²⁹⁴, – деп, Мысыр перғауынының денесін кейінгі ұрпаққа ғибрат ретінде сақтады.

Құранда Аллаһ тағала: «Кімде-кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық жасаса, ол оны көреді» дегеніндей, перғауынның осы жарамсыз кәлимасы мен сәждесінің өзін оң қадам, кішігірім жақсы амал ретінде бағалап, оның жан қалауын береді. Яғни оның денесін қияметке дейін шірітпей сақтайды. Өйткені перғауындар мәңгі жоқ болып кетуден қорыққан. Өлген соң денелерін мумиялатып пирамидада сақтатуы да сондықтан еді. Перғауын теңізде өлгенде, Хақ тағала оның зорлықпен болса да тілмен айтқан иманының құрметіне сай осы тілегін қабыл алып, оның денесін ғасырлар бойы теңіз астында мумиясыз-ақ сақтайды. Кейіннен еуропалық ғалымдар осы перғауынның мумиясын теңіз жағалауын қазып жүріп тауып алады. Перғауын сол сәждеге басын қойған күйінде тұрады. Ғалымдар зерттей келе табылған адамның денесі сол перғауын заманына сәйкес келетіндігін анықтап қатты таңырқайды. Өйткені оның денесі сол күйінде шірімей сақталған болатын. Олар қанша зерттегенмен, ғасырлар бойы мумияланбаған адам денесінің қалай шірімей келгеніне саналары жетпейді. Теңізге батқан перғауынның денесін көп ұзамай теңіз толқыны жағалауға шығарып

²⁹⁴ «Жүніс» сүресі, 92



тастады. Исрайылдұлары бұл перғауынның жансыз денесін өз көздерімен көрді²⁹⁵.

Қазіргі таңда Лондонда танымал Британия мұражайында мумиялар бөлімі бар. Мұнда әлгі перғауынның сәждеде жатқан денесі халықтың назарын өзіне аудармай қоймайды. Бұл денені ағылшын зерттеушілері құм астынан тауып алып, Британия мұражайына қойған. Дене дін аман, дене мүшелері мен ішкі ағзалары түгел. Тіпті, сарғыш шаштары мен сақалдарына дейін сақталған. Тағы бір таңқаларлығы дене мумияланбаған. Әдетте, мумияланатын дененің ішкі ағзалары алынып, арнайы бальзамдалады. Ал мына денеге ешкімнің қолы тимеген. Бұл денені көрген адам «30 ғасыр бойы шірімей, қалай сақталған?» деп ойланбауы, ғибрат алмауы мүмкін емес. Тақтайшаға: «Бұл бағзы заманнан біздің дәуірімізге дейін бальзамсыз бұзылмай жеткен бірден-бір мәйіт. Оның сан ғасыр бойы бальзамсыз сақталу сыры: Мәйіт құм астында қалған кезінде ылғал мол болған. Құмдағы ылғалдың кебуі мәйіттің бойындағы судың да сорғуына жағдай жасаған. Құмның бірте-бірте кебуі нәтижесінде Перғауын денесі де бабымен сүрлене бастаған. Осы үрдістер нәтижесінде бұл дененің бүлінбей сақталынуына жақсы жағдай туған»²⁹⁶, – деп жазылған. Алайда бұл жорамал ғана. Бұл жорамалда дұрыс та бар, бұрыс та бар. Анығында, бұл тек Құранның мұғжизасы, әрі оның ақиқат кітап екеніне бірден-бір дәлел.

²⁹⁵ Сәғлаби, Қысас, 176; Замахшари. эл-Кәшшаф ән Хақайки Фауамизит-Тәнзил. Каир. 1987. II/329; Бәйзауи. Әнуар. III/213

²⁹⁶ «Иман» діни-танымдық журналы. №4. (69) 2010ж. 15-бет



Исрайыл ұрпағының азаттығы

Перғауын Исрайыл ұрпақтарын қаншама жылдар құлдық езгіде ұстап, Оларға көрсетпеген қорлығы қалмады. Сөйткен перғауын мен оның қалың қолын теңіз жұтып тынды. Осыны көрген Исрайыл халқы өз көздеріне өздері сенбеді. Қуаныштан жүректері жарылуға шақ қалды. Құлдықтан құтылып, азат ел болғандарына тұңғыш рет көздері жетті.

Олар көп кешікпей қасиетті жер Канғанға қарай сапар шекті. Олардың ешбірі ата-бабаларының туған жерін көрмеген болатын. Сол себепті жүректеріндегі ата жұртқа деген сағыныш әр қадам сайын арта түсті. Олар жолда Амаликалар өмір сүрген бір елге келді. Олар сиырға ұқсас биік пұттарға табынатын. Олар Мысыр елінде де сиырға табынатын халықпен етене араласқан болатын. Соларды көріп Исрайыл халқы өткен күндерін еске алып, елсіз қу медиен далада жүргендеріне қатты қамықты. Бір күні олар хазірет Мұсаға келіп: «Ей, Мұса! Бізге де осылардың тәңірлері сияқты бір тәңір жасап бер», – деді. Апыр-ай, бұдан өткен санасыздық болар ма? Біріншіден, олар хазірет Мұсаны «Ей, Мұса» деп атын атап, оның лауазымды атын ұмытты. Екіншіден, перғауынның қылышының астынан теңізді қақ жарып отырып аман-есен ертіп өткен құтқарушы пайғамбарларын «бізге тәңір» жасап бер деп қыспаққа алды. Бұл нағыз арсыздық емес пе? Мұса пайғамбар (а.с.) қатты ашуланды. «Сендер расында қараңғы елсіндер. Сендер сол пұтқа табынған елді шынымен бақытты деп ойлайсыңдар ма? Ол ел көп ұзамай құрдымға кетіп, жерінің астаң-кестеңі шығады. Мен сендерге Аллаһтан өзге тәңір іздейін бе? Бұл қай қылықтарың? Хақ тағала бұл әлемде мерейлеріңді



үстем етті. Сендер бір кездері перғауынның қол астында езілген бейшара құл едіңдер. Өзінді құл, қызынды күң етті. Онымен қоймай, жаңа туған ұлдарынды қойша бауыздап, ұлтыңа ойран салып еді. Сонда сендерді Хақ тағала құтқарып, азаттық әперген жоқ па? Мәңгілік үстемдік құрады деген перғауынды әскерімен қоса теңізге батырған жоқ па? Естерінді жиып, тәубаға келіндер. Өйткені осының бәрінде Раббыларыңнан келген үлкен сынақ бар»²⁹⁷.

Күндер зулап өтіп жатты. Бір күні Мұса (а.с.) Тұр тауына келіп, ол жерде отыз күн бойы тынбай құлшылық жасады. Сосын бұрын өзіне уәде етілген кітапты Хақ тағаладан алып келуге бел буды. Ол кетерде халқын бауыры Харунға аманат етіп: *«Елімнің ішінде менің орынбасарым бол. Оларды бақылап түзелтіп отыр. Ел ішінде бүлік шығарғандардың соңына еруші болма»*²⁹⁸, – деді.

Хақ пайғамбар Тұр тауында отыз күн бойы құлшылық етті. Сол жерде ол пайғамбарларға тән құндылықтарды сезді. Бір ай толған кезде, Аллаһ тағала тағы қосымша он күн құлшылық етуді әмір етті. Бекітілген мерзім толған соң, Хақ тағала пайғамбары Мұсамен сөйлесті. Бір кезде хазірет Мұса: *«Я, Раббым! Маған өзіңді көрсет»*, – деді. (Аллаһ): *«Мені әсте көре алмайсың. Бірақ тауға қара, сонда егер ол орнында тұра алса, сен де Мені көресің»* деді.

Хазірет Мұса іштей қуанып бүкіл ықыласымен тауға қарап тұрды. «Сонда Раббы таудан елестеген сәтте, оны быт-шыт қылды. Мұса талып түсті». Біршама уақыттан соң есін жиып: *«Саған тәубе еттім, әрі мен*

²⁹⁷ «Ағраф» сүресі, 139-141

²⁹⁸ «Ағраф» сүресі, 142



үмбетімнің арасында Сені көрмей иман келтіргендердің алғашқысымын», – деді»²⁹⁹.

Осыдан кейін Мұса (а.с.) Жәбірейіл арқылы арнайы әмірлер жазылған Тәурат тақтайшаларын алды. Ол кетерде Хақ тағала оған: «*Рас, Біз сенен кейін еліңді сынадық. Сондай-ақ оларды Самири жолдан тайдырды*»³⁰⁰, – деп олардың бұзауға табынып кеткендерінен хабар береді.

Хазірет Мұса Тұр тауына кеткен кезде, Исрайыл ұрпағы арасында қайтадан сиыр тәңір туралы сөз қозғала бастады. Сол кезде араларынан Самири деген бір адам шығып, олардың Мысыр елінен алып шыққан бүкіл алтындарын бір жерге жинатып, соларды ерітіп бұзаудың мүсінін құйдырды. Самири оларға: «Міне, сендердің де, Мұсаның да тәңірі осы. Бірақ Мұса осы тәңірін ұмытып кеткен болатын», – деді. Олар Самириге «Е, бәсе, іздегеніміз осы тәңір еді. Мынауың Мысыр тәңірлерінен де ғажап дүние болды ғой. Рахмет саған, Самири», – деп алғыстарын жаудырып, мәз-мейрам болды. Олар алтындарын ерітіп пұт құйып жатқанда, хазірет Харун ашуланып: «Уа, халқым! Сендер осы бұзау арқылы сынаққа түстіндер. Дегенмен әлі де кеш емес. Өйткені Аллаһ тағаланың рақымы шексіз. Ендеше дереу тәубаға келіп, маған бойсұнып, бұйрықтарымды бұлжытпай орындаңдар», – деді. Сонда араларынан біреуі суырылып шығып: «Біз Мұса келгенге дейін, бұзауға табынудан әсте бас тартпаймыз» деді. Бұдан кейін хазірет Харун оларды әр түрлі жолдармен хаққа шақырғанмен, олар бұған құлақ аспады. Тіпті сәл

²⁹⁹ «Ағраф» сүресі, 143

³⁰⁰ «Таһа» сүресі, 85



болғанда өлтіруге де даяр еді. Шарасыз қалған Харун пайғамбардың хазірет Мұсаны күтуіне тура келді³⁰¹.

Күндер зулап өтіп жатты. Бір күні хазірет Мұса қолына аяттар жазылған тақтайшаларды ұстап Тұр тауынан түсті. Хақ пайғамбар елінің алтыннан құйылған бұзау бейнесіндегі пұтқа табынып жатқандарын көріп ашуланғаны сонша – қолындағы тақтайшаларды лақтырып жіберді. Ол бір қолымен хазірет Харунның шашынан, енді бір қолымен сақалынан қапсырып ұстап: «Харун! Мыналардың пұтқа табынып жатқандарын көре тұра, қалай жер басып жүргенсің? Бұларға неге тоқтау айтпадың? Егер қолыңнан келмесе, Тұр тауына мені іздеп барып мән-жайды неге түсіндірмедің? Әлде сен де менің әміріме қарсы шыққың келе ме?!» – деп бұлқан-талқан болады. Хазірет Харун: «Ей, анамның баласы! Сақалым мен шашымнан ұстамашы. Мен сенің «Исрайыл ұрпақтарының арасына іріткі салдың, сөзіме құлақ аспадың» деуіңнен қорықтым»³⁰², – дейді.

Аздан соң сабасына түскен Хақ пайғамбар Самириға қарап: «Самири! Сенің мына қылығың не? Бір елді адастыратындай сенің басыңа не күн туды? Бұл елде жеті атаңнан бергі кегің болса да тым шектен шықтың», – деді. Самири сонда: «Мен олардың көрмегендерін көрдім. Елшінің (Жәбірейілдің) ізінен бір уыс топырақ алып, оның ішіне тастадым. Осылай істеу маған қатты ұнады», – деді. Хақ пайғамбар қаһарланып: «Бұл елден көзіме көрінбей дереу жоғал. Бұдан былай өмірің «маған жоламаңдар» деп безілдеумен өтеді. Бірақ осымен құтылып кетемін деп ойлаушы болма. Күн ертен мақшарда тағы да есепке алынып, жазаға тартыласың.

³⁰¹ Б.Атеш, Пейгамберлер тарихы. 125-128 беттер

³⁰² «Таха» сүресі, 94



Ал енді өздеріңнің беріліп табынған тәңірлеріңнің сұрқына қара. Біз оны өртеп сосын бөлшектеп теңізге тастаймыз»³⁰³, – дейді. Осыны айтты да, Самиридін көзінше алтын бұзауды ерітіп, бөлшектеп теңізге тастатады. Ал Самири кейінгі өмірінде ел естімеген ауыр науқасқа ұшырап, елсізде қаңғып өмір сүреді. Денесіне адамның қолы тиіп кетсе-ақ науқасы қатты қозатын, тіпті алыстан адамның қарайған сұлбасы көрінсе, «маған жоламаңдар», «маған жоламаңдар» деп айқай салып қашатын болды³⁰⁴.

Хақ пайғамбар халқына: «Уа, халқым! Тәңірлерің Аллаһ тағала ғана. Одан өзге ешбір тәңір жоқ. Оның ілімі барлық нәрсені қамтыған. Сендер бұзауға табынып өз бастарыңа жамандық тілеп алдыңдар. Ендеше, дереу сендерді жаратқан Раббыларыңа жалбарынып кешірім сұраңдар, тәубе етіндер. Бұл өздерің үшін әлдеқайда жақсы. Сонда тәубелерің қабыл болады. Өйткені Ол өте рақымды», – деп халқын тәубаға, туралыққа шақырады.

Хақ пайғамбар осыдан кейін Хақ тағалаға жалбарынып, елі үшін кешірім тіледі. Елінің надан қылығын кешіру үшін арнайы уақыт белгілеуін сұрады. Хақ тағала осы тілегін қабыл етіп, орны мен уақытын айтты. Олар Тұр тауына барып сол жерде жамағат болып тәубаға келіп, жалбарынатын болды.

Хазірет Мұса елінің ішінен жетпіс адамды таңдап алып, Тұр тауына қарай жолға шықты. Тауға жақындағаны сол еді, айналаны тұман баса қалды.

³⁰³ «Таха» сүресі, 97

³⁰⁴ Абдуллаһ Әмин Чимен, Ничин хелак олдулар? Стамбул. 2008. 398-бет

Олар тез сәждеге жығылып, хазірет Мұса дұға тілеп, жамағаты «әмин» деп тұрды.

Аздан соң мінәжат бітіп, тұман сейілген кезде жетпіс адамның жүрегін тұман басып: «Ей, Мұса! Біз бұл тауға неге келдік? Қайда әлгі дауысын естіген Хақ тағала? Ақыры осы жерге келген екенбіз. Біз Оны көрмей қайтпаймыз», – дейді. Хақ пайғамбар оларға Хақ тағаланы көру мүмкін еместігін бүкіл ынта пейілімен түсіндірді. Өйткені ілгеріде өзі көрмекке талпынып, Ол таудан елестегенде таудың быт-шыты шығып, өзі есінен танған болатын.

Хақ пайғамбардың Құдай тағалаға «өзіңді көргім келеді?» деуі мен басқа Исрайыл халқының «Құдайды бізге көрсет» деуі екі басқа нәрсе. Өйткені пайғамбардың сұрауы иманның күштілігінен әрі Аллахқа деген сүйіспеншіліктің белгісі болса, исрайылдықтардың көргісі келуі күмән, күдіктің, пайғамбарға қарсы шығудың белгісі еді. Сол себепті олар сөз соңында қатты кетіп: «Ей, Мұса! Егер сен анық пайғамбар болсаң, онда бізге Құдайды айқын көрсетуің керек. Ал көрсетпесең, біз сенің пайғамбар екеніңе сене алмаймыз»³⁰⁵, – дейді. Өздерінің бұзауға табынып, тау көтере алмас күнә жасап, соған тәубе еткендеріне сүт пісірімдей уақыт өтпей жатып, пайғамбарларына қарсы шықты. Олар осылайша қырсығып тұрғаны сол еді, кенеттен маңайды ащы бір дауыс кернеді де, жасын түсіп, әлгі күмәншіл халық түгел қырылды. Хазірет Мұса соқа басы ғана қалып, оларға жаны ашып, көз жасын көл қылып жылайды. Ол: «Я, Раббым! Енді мен Исрайыл ұрпағына не бетіммен барамын. Бұлар олардың ішіндегі ең тәубаға келген деген адамдар еді.

³⁰⁵ «Бакара» сүресі, 55



Осы адамдарды мен өзім тандап отырып ертіп алған едім. Олар «Біздің ең ізгі адамдарымыз Пайғамбармен бірге қасиетті тауға кетті. Көп ұзамай тәубелері қабыл болып, мәртебелері өсіп келеді» деп асыға күтіп отыр. Менің жалғыз оралғанымды көрсе, «Біздің саған сеніп тапсырған ең ізгі тұлғаларымыз қайда?» деп сұраса, мен не деп жауап беремін. *«Я, Раббым! Егер қаласаң, оларды да, мені де бұдан бұрын жоқ қылар едің. Арамыздағы санасыздардың кесірінен бізді жермен-жексен етпекпісің?»*³⁰⁶ – деп, бір күн, бір түн басын сәждеге қойып дұға тілеп, жалбарынады. Осыдан кейін Аллаһ тағала оның дұғасын қабыл етіп, оларды қайта тірілтеді. Олар тіріліп, өмірге қайта оралғандарын көріп, өздеріне, айналаға таңырқап қарай бастайды.

Сахарадағы мұғжизалар

Олар сахарада ұзақ жүрді. Бірде әлде неше күн бойы бір тамшы су таба алмай зарықты. Ақырында олар Мұса пайғамбарға: «Ей, Мұса! Мүшкіл халімізді көрдің ғой! Су табылар түрі жоқ. Хақ тағаладан бізге жауын тіле», – деді. Осы кезде Жәбірейіл періште келіп: «Ей, Мұса! Аса таяғыңды жерге ұр», – деді. Хақ пайғамбар «Бисмиллаһ» деп тасты ұрған кезде он екі жерден сылдырлап су аға бастады. Ол он екі рудың өкілдерін шақырып әр біріне жеке бастау бөліп берді.

Олардың шөлдері қанған күннің өзінде аптап ыстыққа шыдай алмай, хазірет Пайғамбарға тағы да шағымданды. Оның дұғасын тағы Хақ тағала қабыл алып, төбелеріне бұлт жіберіп, көлеңкелетті. Аллаһ тағаланың ырыс-берекелері бірінен соң бірі келсе де, исрайылдықтар шүкіршілік етуді білмеді. Бір күні

³⁰⁶ «Ағраф» сүресі, 155



тағы да келіп: «Бізге жейтін нәрсе тап», – дейді. Хақ тағала оларға бөдене құстарын жіберді. Топ-топ болып ұшқан құстар олардың қастарында ұшып-қонып жүрді. Кез келген адам оңай ұстап, қорек етті. Сонымен қатар, Хақ тағала оларға нығмет беріп тұрды. Хазірет Мұса оларға: «Қалағандарыңша жеңдер. Бірақ сақтаушы болмаңдар», – деп қатаң ескертті. Исрайыл ұрпақтары әуелде оның сөзіне құлақ салып жүрсе де, көп ұзамай халуаны да, құстың етін де көп қылып қамбаларда сақтайтын болды. Бұл аз болғандай бір күні хазірет Пайғамбарға: «Ей, Мұса! Біз бір-ақ түрлі тамақтан жалықтық. Біз үшін Раббыңа жалбарын! Ол бізге жерден өсетін көкөніс түрлерінен қияр, бидай, бұршақ және сарымсақ шығарып берсін», – деді. Хақ пайғамбар ашуланып: «Сендер сапалы азықты сапасыз азыққа ауыстырмақпысыңдар?! Олай болса, Мысырға барыңдар, сол жерде қалағандарың бар» дейді.

Исрайыл ұрпақтары уәделерін бұзып, құс пен халуаны менсінбегені үшін, Аллаһ тағала оларға жазасын беріп екі нығметті де тыйып тастады. Бұдан былай олардың айналасында құстар емес құжынаған шыбындар ызындап жүретін болды.

Аспандағы Тұр тауы

Исрайыл ұрпағы күн өткен сайын хазірет Мұсаға әр түрлі сылтаулар айтып, «бүйректен сирақ шығарып», сөздерінен тая берді. Хақ тағаланың әмірін орындаудың орнына, тіпті пайғамбарларын атын атап шақырып келемеждейтінді шығарды.

Бір күні олар таңертең орнынан тұрып не болғанын өздері де білмей құттары қашты. Ұзақтан көрінетін Тұр тауы аспанда, тура төбелерінде қалықтап тұр еді. Олар



тегіс «Ей, Мұса! Қайдасың?! Көмектессеңші!» – деп бәйек болып айқай салды. Бірінен соң бірі сәжедеге жығылып, біресе жерге, біресе көктегі тауға жалтақтап: «Айналайын Мұса! Бізді мына сұмдықтан құтқар. Жолыңда құрбан болайық, айтқаныңа көніп, айдағаныңа жүрейік. Бұдан былай саған толық мойынсұнамыз!» – деп ұлардай шулады. Сонда хазірет Мұса оларға әйгілі 10 шартын қойды:

Аллаһтан өзгеге құлшылық етпейсіңдер.

Ата-анаға бағынасыңдар.

Туған-туыстарыңа жақсылық жасайсыңдар.

Жетімдерге қамқорлық жасайсыңдар.

Кедей-кепшікке көмектесесіңдер.

Адамдарға жақсы сөз сөйлейсіңдер.

Намазды дұрыстап оқисыңдар.

Зекет бересіңдер.

Бір-бірлеріңнің қандарыңды төкпейсіңдер.

Бір-бірлеріңді отандарыңнан қумайсыңдар.

Олардың бәрі жабыла ант-су ішіп, айтылғандарды бір ауыздан мақұлдады. Сол кезде аспандағы Тұр тауы бұрынғы орнына барып тұра қалды. Исрайыл ұрпақтары сенерін де, сенбесін де білмей аспанға бір, тауға бір қарап «уһ» деп терең дем алды.

Қасиетті мекен

Мұсаның (а.с.) мақсаты Исрайыл халқын қасиетті мекенге апарып, сол жерде жаңа мемлекет құру еді. Атасы хазірет Ибраһим де сонда өмір сүріп, сонда жерленген болатын. Қасиетті жерде Әриха, Нәблус, Құдыс деген үш үлкен қала бар еді. Хақ пайғамбар бастаған ұлы көш ұзақ уақыттан кейін Әриха қаласының маңына барып қоныстанды.



Хақ пайғамбар он екі рудан он екі адам таңдап алып, қаланы бақылап келуге жіберді. Оларға: «Сол жерде көрген ұнамсыз нәрселерді тек өзіме ғана айтыңдар», – деп қатаң ескертті. Он екі адамнан Юша ибн Нун мен Кәлиб ибн Юфанна деген екі адам ғана көрген ұнамсыз нәрселерін Мұса пайғамбардың өзіне ғана айтып, халыққа қаланы алу оңай екендігін паш етті. Әйтсе де қалған он адам өз руларына барып: «Ол жердегі адамдар өздерінен екі есе үлкен, қолдары күректей, жауырындары қақпақтай, біздің бірнеше адамымыз олардың бір адамына ғана шамасы келеді», – деп, жүректеріне қорқыныш ұялатты.

Мұса пайғамбар елін жинап алып: «Уа, халқым! Аллаһтың сендерге берген нығметін еске алыңдар! Өз іштеріңнен пайғамбарлар шығарды, әрі сендерді патша етті. Сондай-ақ сендерге әлемде ешкімге берілмеген нығметін берді», – деген соң, «Уа, халқым! Бізге Хақ тағала перғауынды теңізге батырып, азаттық нәсіп етті. Ол бізден Қасиетті жерге кіріп, сол жерде жаңа мемлекет құруымызды қалайды. Ол жер біздің ата-бабаларымыздың қоныстанған жері», – дейді.

Исрайыл халқы осы жерде өздерінің қыңыр мінездерін тағы да көрсетіп: «Ей, Мұса! Ол жерде зорлықшыл ел бар. Олар ол жерден шықпайынша, біз онда әсте кірмейміз. Олар кеткенде ғана кіреміз», – дейді. Осы кезде олардың араларынан Юша ибн Нун және Кәлиб ибн Юфанна суырылып шығып: «Қаланың ең осал жері саналған қақпадан ішке жасырын кіре алатын болсақ, оларды жеңу оңай, оның үстіне Хақ тағала бізді қорғайды», – деп халықты жігерлендіруге тырысты. Осыған қарамастан, Исрайыл халқы басқа он барлаушының сөздерінен жүректері шайлығып

қалғандықтан, әрі жылдар бойы перғауынның қол астында бодан болып, жігерсіз құл болғандықтан, рухы ояна қоймады. Һәм басты себеп, олардың имансыздығы мен өлімнен қорқулары еді. Өйткені олар әлі күнге дейін «Ей, Мұса, «Раббыңа айт», «сенің Раббың» деп келген еді. Хазірет Мұса да оларға көп насихат айтып батылдандыруға тырысып баққанмен, олар күн сайын кері кетіп, ең соңында: «Ей, Мұса! Өлгі еңсесі биік, жауырындары қақпақтай, алақандары күректтей, дауыстары жер жарған, түрі құбыжық тәрізді адамдармен соғыспақ тұрмақ сол қаланың маңына да жолай алмаймыз. Олардың біреуінің өзі онымызды жерге жығып, жүзімізді жарға құлатар. Қаланы аламыз деп олардың табандарының астында тапталып өлгенше, шыбын жанымызды қорғап сахарада тыныш жүргеніміз әлдеқайда жақсы. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деген осы. Бізде олармен алысар айла, күресер қауқар жоқ. Мықты болсаң, Раббыңмен бірге бар да, өзің-ақ соғыс. Біз осы жерде сендерді күтіп тапжылмай отырайық»³⁰⁷, – деп арам ойларын хазірет Мұсаның алдына жайып салады.

Олардың мына сөздері Мұса пайғамбарға (а.с) үлкен соққы боп тиді. Қаншама жылдан бері барлық қиыншылықтарды жеңіп мақсатқа жетуге бір қадам қалғанда, олар: «Біз бұдан әрі бір елі жылжымаймыз», – деп пайғамбарларына опасыздық жасады. Егер осы кезде баяғы сиқыршылар болғанда, олардың осы опасыздықтарын ашық айтып, беттеріне түкіріп, Пайғамбарларына қарап: «Уа, қасиетіңнен айналайын ұлы Пайғамбар! Басқан ізіңе, сөйлеген сөзіңе, жүрген жолыңа сен үшін қашанда жанымызды пидә етуге әзірміз. Осы күнге дейін жаныңда жүріп кәусардай

³⁰⁷ «Маида» сүресі, 24



сарқылмас сөздеріңе қанып, күндей жарқыраған мүбәрак жүзіңді тамашалап келдік. Күндіз өнімізде көрсек, түнде түсімізден шыққан емессің. Әйтсе де ғажайып қасиетіңе тәнтіміз. «Бір адам таққа қонса, қырық адам атқа қонады» деген. Сен жиһадқа шақырсаң, біз ақтық деміміз қалғанша соғысуға бармыз. Сенің жолыңда соғысып, шейіт болу біз үшін қол жетпес арман. Бір кездері теңізді қақ айырып, Тұр тауын бастарына көтерсең де, иманы қоғаның шоғындай мына елден не үміт не қайыр. Біздің санымыз аз болса да, саған еруге татымыз», – дер еді. Алайда олар әу баста Мысыр халқына «Бұл пайғамбардың айтқаны ақиқат. Оған дәлеліміз – оның жолында жанымыз пида», – деп, өз міндеттерін толық орындап барып шейіттік шәрбатын ішкен болатын.

Хақ пайғамбар олардан үмітін үзген соң қолын жайып: *«Я, Раббым! Мен сөзімді өзіме және бауырыма гана өткізе аламын. Бұзақы елден арамызды ажырата гөр!»*³⁰⁸ деп дұға етіп жалбарынады.

Аллаһ тағала оның дұғасын қабыл етіп, Исрайыл ұрпақтарын жазалап, қырық жыл бойы «Тиг» деген сахарада адастырып қояды. Олар күні-түні жүрсе де, сол сахарадан шыға алмайды. Кейде түнімен жүріп отырып, таңертең қарағанда, батыс емес шығысқа қарай, шығысқа қарай жүрсе, батысқа қарай бұрылып, адасып, сол сахарадан жол таба алмай, қырық жыл сандалады. Осы қырық жыл ішінде хазірет Мұса сол елдің жаңа туған сәбилерін өзі тәрбиелейді. Бірақ оның қасиетті жерге бастап баруға өмірі жетпей оның ісін Юша жалғастырады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан жаңа» дегендей, иманы аса мықты, перғауынның

³⁰⁸ «Маида» сүресі, 25



қиыншылығын да, сахарада дүниенің ләззатын да көрмеген, тек Хақ тағаланы ғана ойлап күн кешкен, жүз мыңдаған жауға жалғыз өзі шапқанда «селт» етіп сескенбейтін, өлімді мәңгілік бақытқа, Хақ тағалаға қауышу деп айқын сенетін сол бір қырыққа келіп қыннан шыққан қылыштай жарқылдаған жігіттер Юшаның бастауымен көп ұзамай қасиетті жерлерді басып алады. Мұсаның (а.с.) Юшаға аманат етіп кеткен өсиетін орындайды.

Ал хазірет Мұса пайғамбар сол күндерді көре алған жоқ. Бірде ол бір төбенің басына шығып талай жыл армандаған қасиетті жерлерге қасіретке толы сағынышпен ақырғы рет көз тастап ұзақ қарады. Өйткені ажалы жақын еді. Бауыры Харун пайғамбар да бұдан бір жыл бұрын қайтыс болған. Енді, міне, мұның да ақыретке көшер сәті әні-міне дегенше келіп те қалған. Мүмкін ол осы кезде «міндетімді толық орындай алдым ба?» деп ойланған да болар. Әйтсе де Хақ пайғамбар өзіне тиесілі міндетін толықтай орындады. Одан кейінгісін орынбасары Юша жалғастыруы тиіс еді.

Кейбір деректерде хазірет Мұса жалғыз өзі сахарада жүрген кезінде қайтыс болып, оның жаназасын періштелер шығарып жерлегені туралы айтылады.

Талуттың әскері

Исрайыл ұрпақтары Юшадан кейін шамамен бес жүз жылдай патшалық құрып шат-шадыман өмір сүрді. Осы жылдар ішінде оларға көптеген пайғамбарлар келіп, жол көрсетіп отырды. Дегенмен олар өздеріне келген пайғамбарларға тек қатты қысылып істері түскен жағдайда ғана бағынып, ақыл сұрап, жайшылық кезеңде оларды тыңдамады. Бағынбаумен ғана шек-

теліп қалмай, ақиқатты бетке айтқандары үшін көптеген пайғамбарларды өлтірді. Құранда Аллаһ: *«Біз Исрайыл ұрпақтарының берген сөзі мен кепілдігін алдық. Оларға пайғамбарлар жібердік. Қай уақытта болмасын олар өздеріне ұнамаған сөздерді айтқаны үшін пайғамбарды жақтыртпады. Кейбірін өтірікші санаса, ал кейбірін өлтіріп тастады»*³⁰⁹ дейді.

Ақыры, бұларға пәлекет те келіп жетті. Амалика елінен Жалут³¹⁰ деген бір залым патша шығып, бұларға іркес-тіркес шабуыл жасап, қатты шығынға ұшыратты. Жалут олардың әйелдері мен қыздарын күң, ұлдарын күл етіп езіп қанады. Исрайыл жерінің көбін басып алып, халқына ауыр салық төлетіп отырды. Жалуттан әбден зорлық-зомбылық көрген Исрайыл халқы осы бодандықтан құтылып, қасиетті жерлерін қайтарып алудың түрлі жолдарын қарастыра бастады. Осы кезеңде Хақ тағала оларға бір пайғамбар³¹¹ жіберген болатын. Олар көп ойланып ақырында амалсыз өздеріне жіберілген пайғамбарға барып ақыл сұрауларына тура келді. Олар пайғамбардан:

Бізге бір әділ патша сайлап бер. Аллаһ жолында ғазауатқа шығайық, – дейді. Сонда Пайғамбар:

Егер мен сендерге бір патша тағайындасам, онда сендерге соғысу, сол жолда өлу, соғыстан қашпау парыз болып қалады. Ал күн ертең-ақ сұрапыл шайқас үстінде жаумен бетпе-бет келгенде, естеріңді жинай алмай, бытырап қашып жүрмейсіңдер ме? Сондықтан парыз

³⁰⁹ «Маида» сүресі, 70

³¹⁰ Жалут – Мысыр мен Палестина аралығындағы Амалика елінің патшасы (Замахшари. эл-Кэшшаф. I/296).

³¹¹ Кейбір деректерде ол жіберілген пайғамбардың Ишмуил (Самуэль) екендігі айтылады.



етілген соғыстан қашатын болсаңдар, онда сендердің жағдайларың қазіргіден де мүшкіл болады, – дейді. Сол кезде халқы шулап:

Бізге Аллаһ жолында ғазауаттан қашып соғыспайтындай сонша не болыпты? Жалут біздің туған жерімізді басып алып, өзімізді қуып шықты. Қатын бала-шағымызды иеленді. Мұндай ит қорлыққа кімде болса да төзе алмайды ғой. Ар-намысымыз аяққа тапталып, кеудемізді кек кернеген мынау сұм заманда өшімізді алмай қалай шыдаймыз? Бүйтіп қорлықпен күн өткізгеннен, ғазауатта шайқасып өлген әлдеқайда артық емес пе? – деп ант-су ішеді.

Олар пайғамбарларының алдында уағдадан таймауға осылай ант етті. Барлығы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, кек алуға келісті. Осыдан кейін Пайғамбар оларға келген уахиды жеткізіп:

Аллаһ сендерге Талутты патша етіп тағайындады³¹², – деді.

Талут хазірет Жүсіптің інісі Бунияминнің ұрпағынан тараған болатын. Исрайыл халқы арасында ұзын бойлы, еңгезердей, біртуар сымбатты жігіт еді. Алайда бұл жігіт халыққа ұнай қоймады. Олар «бізге бір патша сайлап бер» дегенде, Пайғамбар олардан «өздерің ойластырып жүрген біреу бар ма?» деп сұрайды ғой деп ойлаған еді. Бірақ іс олардың күткеніндей болмай шықты. «Қайдағы бір жалаң аяқ, жалаң бұт, мансаптан жұрдай кедейдің баласын сайлағаны несі?!» деп қатты ашуланды³¹³. Исрайалдың беткеұстарлары дереу:

Ей, сенің бұрын-соңды дәл бұлай қателескеніңді көрмеп едік. Үрерге иті, сығарға биті жоқ бұл байғұс

³¹² «Бақара» сүресі, 247

³¹³ Сабуни, Сафуатут-тафасир, 156-157 бет



бізге қайтып қана патша бола алады?! Қайта патша болуға біздің ішіміздегі кез келген біреуіміз лайық емеспіз бе? Мансап десең мансап, дүние десең дүние бар. Төрт құбыламыз түгел адамдармыз, – дейді. Хақ пайғамбар:

– Уа, халқым! Хақтағала осы жігітті сендерге патша етіп тағайындады. Бұл жігітке Хақ тағала байлық бермегенмен, сол байлыққа бергісіз ілім дарытқан. Мансап бермегенмен, батырға лайық өр тұлға, күш-жігер берген. Қорасын қойға толтырмаса да, халқына пайда, соғыста айла табатын, жауының басын шабатын, кез келген қамалды алатын ақыл мен айла берген. Жаратқан Иеміз дүние-мүлікті қалағанына береді. Құдай тағаланың рақымы шексіз, ілімі бәрін қамтыған. Ал ендеше Талутты Аллаһ тағаланың патша еткендігі туралы дәлел – «сандықтың» келуі. Оның ішінде Жаратқан сендерге нәсіп еткен «сәкинасы»³¹⁴ болған көктем-көңіл бар. Һәм Мұса мен Харунның шаңырағынан мирас боп қалған бірнеше заттар бар. Сол сандықты пенделер емес періштелер алып келеді. Егер жүректерінде иман, саналарыңда саңылау болса, сол айғақты қабыл алыңдар³¹⁵, – дейді.

Бұл сандық олар үшін аса қасиетті болатын. Алайда соғыстардың бірінде жау жағы иеленіп, хабар болмай кетіп еді. Кенет осы сандық ешкімнің көтеруінсіз-ақ ауада өздігінен қалықтап келе жатты. Бейне ұшып келе жатқандай, бірте-бірте жақындап алдарына келіп тоқтады. Олар сандықты ашып, қасиетті аманаттарды көрген соң, сол сандықтың дәл өзі екеніне көздері

³¹⁴ Сәкина – Аллаһ тағаланың тыныштық пен ерекше жан рахатына бөлеуі

³¹⁵ «Бақара» сүресі, 247-248



жетті. Осыдан барып олар Талуттың патша екендігін амалсыз мойындады³¹⁶.

Талут таққа отырысымен, дереу іске кірісіп, қол жинай бастады. Қолына қару ұстауға жарайтын еркек кіндіктің бәрінің басын қосып, жауға қарсы жорыққа аттанды. Оның қалың қолы шамамен сексен мыңдай болған еді³¹⁷. Исрайыл ұрпақтары соғысты өз қалауымен бастаса да, соғысуға аса құштарлық танытпады. Жолда бір өзен бар еді. Сол өзеннің арғы жағы жауға берген өз жерлері болатын. Өзенге таяй бере, Талут әскеріне тоқтап дем алуға бұйырды. Өзі қалың қолдың алдына шығып:

– Уа, әскерлерім! Алдымызда көлденең өзен жатыр. Арғы беті жау басып алған жерлеріміз. Аллаһ тағала сол өзенді біз үшін сынақ етті. Осы өзеннен өтіп бара жатып су ішуші болмаңдар. Кімде-кім ішетін болса, онда ол менің әскерім емес. Ал суды бір қолымен ғана іліп ішкен адам менің әскерім саналады.

Әскерлер ішінде әр түрлі әңгіме өрби бастады. «Осы жерге дейін қаншама жол жүріп келдік. Шыжыған күннің кейпі мынау. Судың таусылғанына да неше күн болды. Судан қаталап әрең келеміз. Енді келіп мынау қолбасшы: «Алдарыңнан өзен шығады. Бірақ одан ішуші болмаңдар», – дейді. Сонда су ішпесек, ол өзен несіне ағып жатыр? Біз қанып ішсек, өзеннің суы сарқылып қала ма сонда? Әу баста осыны бекер сайладық. «Қарадан шығып хан болмас» деген. Жауды емес бізді құртатын болды. Алдымен сол өзені құрғыр көрінсінші өзі. Сосын көре жатармыз. Кім ішіп кім ішпейтінін». Әйтсе де араларынан «Жо-жоқ, қолбасшы

³¹⁶ Сабуни, Сафуатут-тафасир, 157-бет.

³¹⁷ Ибн Әсир, 1/219.



айтса, бірдеңе біліп айтқан шығар. Оны бізге Құдай тағаланың өзі басшы етіп таңдаған жоқ па? Қаталап шөлдеген адамға бір жұтым судың өзі жетіп жатыр. Одан көп ішуге болмайды» деген адамдар да болды.

Көп ұзамай алдарынан бір өзен көрінді. Өзен мөп-мөлдір болып көздің жауын ала сынғырлап ағып жатыр. Шөлдеп кенезесі кепкен қалың қол өзенге қарай лап қойды. Олар өзенге илеудегі құмырсқадай үймелеп жатқанда, Талут ұзақтан қарап тұрды. Олар бір-бірін өзенге жапа-тармағай итермеледі. Бірі су кешсе, енді бірі суға сүңгіп, шөлдері қанғанша әбден ішіпті. «Су ішіп, сенің әскерің болмағанда біздің қай жеріміз кеміп қалады?!» деп шуласты. Олар судан мейлінше ішіп, артынан аттарын суарып болып кері шегініп, су жағасына шықты. Олар осылай дем алып тұрған шақта, су ішпей Талутпен бірге тұрған азғантай қол жаймен барып судан іліп алып бір жұтқанды қанағат тұтып кері қайтты. Бірақ олар осы кезде өздеріне не болғанын білмей қатты таңырқап тұрып қалды. Өйткені алақан толы суға шөлдері басылып қалды. Тіпті сахарадағы көрген шөлдерін де ұмытып кетті. Онымен қоймай, бойларына бұрын-соңды болмаған бір күш-қуат бітті. Жүректеріне батылдықы орнады. Дәл қазір қарсы алдынан қара нөпір жау шыға келсе де, жалғыз-ақ «аттандап» шығуға әзір тұрды. Бәрі бірдей осы ғазауатта шейіт болуға құлшынып тұрды. Олар іштей «Мінеки қолбасшыға қалтқысыз бағынудың сыры! Бойға біткен бұл неткен ғажайып күш десенізші! Дәл қазір қарсы жақтан жаудың жүз мың қолы келсе де, мына өзенді бір-ақ аттап, жауға қарсы жалғыз шапқым келіп тұр. Шіркін-ай! Қолбасшыға бағынудың сыры осы болса Жаратқанға мойынсұнудың сыры қандай болмақ?» деп



ойлап тебіреніп тұрды. Бір кезде Талут өзеннің арғы бетіне өтіп, шабуылға шығуға әзірленуге бұйрық берді. Барлығы өтуін өтсе де, әскер ішінен «Есі ауысқан адам болса, жауға шапсын. Біз Жалутқа қарсы шығып шыбын жанымыздан айырыла алмаймыз. Әлімізді білмейтіндей есімізден әлі адаса қойған жоқпыз», «Жалутқа қарсы тұру өзіңе өлім тілеу деген сөз», «Біз осы жерге дейін дуаланып алданып келдік. Ес жияр кез келді» деген дауыстар естілді. Ақырында, бірнеше адам қалың қолдың пікірін жеткізбек болып, Талуттың құзырына келді. Олар:

– Ей, Талут! Бүгін бізде Жалут пен оның құмырсқадай қаптаған қалың қолымен шайқасатын күш-қуат жоқ. Сондықтан тірі тұрғанымызда осы жерден ары бармай кері шегінейік, – деді.

Бірақ Талут соғысты олардың өздері қалағандарын және жарты жолда кейін қайтпайтындықтары туралы уәделерін естеріне түсірді. Іәм осы соғыста жеңсе әйел, бала-шағасын тұтқыннан құтқарып, жерлерін қайтарып алып, бостандыққа шығатындығын естеріне салды. Дегенмен олардың көнетұғын ыңғайы байқалмады. Соғыспайтынына да көзі жеткен Талут:

– Ендеше соғысқысы келмейтіндер ана жерге барып тұрсын, – деді.

Сол кезде қалың қолдың басым көпшілігі жапатармағай Талут айтқан жерге барып тұра қалды. Бұлардың бәрі де әлгінде ғана судан өлгенше ішкен сарбаздар болатын. Суды көп ішкен кезде-ақ олардың жүректеріне қорқыныш ұялап, күллі батылдықтарын сол су шайып кеткен еді.

Бұл жерде қолбасшы Талут әскерін сынақтан өткізіп, мықтыларымен ғана соғысқа шықпақ болды.



Өйткені шөлге төзе білген жауға да төзе біледі. Жаумен шайқас нәпсімен шайқасудан әлдеқайда оңай. Өз нәпсісін тежей алған, жеңе білген дұшпанын қаңбақ құрлы көрмейді. Нәпсімен шайқас үлкен жиһад, кәпірмен аяқас кіші жиһадқа жатады. Һәм шөлге шыдай алмай қолбасшысына бағынбаған қол жаумен шайқаста қолбасшысына тіпті бағынбайды. Әрі шайқастан бұрын қорқақтарды айырып алмаса, қызу шайқас үстінде қашса мұжаһидтердің сағын сындырумен қоймай жаудың жігерін өсіреді. Һәм шөлге қаталаған адамға суды бірден қанып ішуге болмайды. Мұндай адамның өзі де, аты да жауға қарсы тұра алмайды. Күшін жоғалтып, бойында бойкүйездік пайда болады. Әсіресе терлеп келген атты суарса, өліп кетуі де мүмкін. Оның үстіне бұл бір Хақ тағаланың сынағы болғандықтан, суды қанып ішкендер түгелдей қауқарынан айырылған еді. Әрі ғазауатқа шыққан, өзін Аллаһ тағала жолына бағыштаған адамдар тек Соның разылығын ғана ойлап, өз нәпсілерін ойламау қажет. Сондықтан шөлге шыдай алмай суға жүгіргендер Аллаһ жолында қызмет ете алмайды. Өйткені күндердің бір күні алдарынан дүние яки олжа табылса, соған беріліп орта жолда қалуы мүмкін.

Һәм Исрайыл ұрпақтары өздеріне келген көптеген пайғамбарларға қарсы шыққан болатын. Соның салдарынан осындай күй кешкен еді. Енді олар есін жиған болып пайғамбарларына келіп, оған қалтқысыз бағынатындарын айтып, уағда еткен еді. Міне, Аллаһ тағала олардың осы бағыныштылығы мен сабырлығын сынау үшін шөл далада бірнеше күн сандалтып, алдарынан өзен ағызып, одан ішуге тыйым салған еді. Бірақ осы сынақтан басым көпшілігі өте алмай өздерінің арам пиғылдарын әшкерелеп алды.



Қолбасшы Талут:

– Енді соғысқысы келгендер менімен бірге ерсін, – деді де, жауға қарай бет алды.

Ат төбеліндей ғана адам Талуттың артынан ілесті. Олардың көлемі соғысқа қатыспай қалғандарға карағанда ат төбеліндей ғана еді. Олар кетіп бара жатып: *«Өмірде небір аз топтар болған. Олар Аллаһ тағаланың қалауымен өте үлкен топтарға қарсы тұрып, жеңе білген. Аллаһ сабырлық еткендермен бірге»*³¹⁸, – деп дауыстады.

Көп ұзамай екі жақтың әскерлері бір-бірімен бетпе-бет келді. Жалуттың қалың қолы сахарада құмырсқадай құжынады. Қару-жарақтары да өте мықты болатын. Талуттың қолы олармен салыстырғанда теңіз бен көлдің парқындай еді. Әрі соғыс құралдары да олардікіне карағанда ескі-құсқы бірденелер болатын. Әйтсе де артқа шегінуге жол жоқ. Оның үстіне осы соғыста сөзсіз жеңіп шығу керек. Өйткені бұлар жеңілетін болса, онда сол аймақ пұтқа табынған Амалика елінің қолына өтеді де, тәухид діні жоғалады.

Осы сәтте Талут пен оның сарбаздары қол жайып: *«Ей, Раббымыз! Бізге мықты сабырлық нәсіп ет. Табанымызды нықтап, бізге кәпір елге қарсы жәрдем ете гөр!»*³¹⁹ – деп дұға етті. Аздан соң сұрапыл шайқас басталды да кетті. Шаңы аспанға көтеріліп, айнала қанға боялып жатты. Қылыштар шаң-шұң етті. Аттардың кісінеген, жаралылардың шыңғырған дауыстары төңіректі кернеп кетті. Көп ұзамай кәпірлердің құжынаған әскері біртіндеп жеңіліп кері шегіне бастады. Олар өздерінің не үшін ойсырай бастағанын сезбеді.

³¹⁸ «Бақара» сүресі, 249

³¹⁹ «Бақара» сүресі, 250



Кенет Талуттың әскерінің арасынан бір сарбаз атылып шығып Жалутқа қарай ұмтылды. Бұл хазірет Дәуіт болатын. Ол Жалутқа қарай қол шокпарын үйіріп-үйіріп жіберіп қалып еді, Жалут жерге құлап түсіп, тіл қатпай кетті. Қолбасшыларының жерге құлап өлгенін көрген құмырсқадай қаптаған әскерлері жарықтан қашқан тарақандай жан-жаққа бытырып қаша жөнелді...



ДӘУІТ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Дәуіт пайғамбардың есімі Құранның он алты жерінде ұшырасады³²⁰. Дәуіт пайғамбар хазірет Жақыптың ұлы Яһуданың ұрпағы еді. Дәуіт (а.с.) Исрайылұлдарына жіберілген пайғамбар. Сонымен қатар, өз қауымының патшасы еді. Дәуіттің (а.с.) тұсында «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман орнап, Исрайылұлдары бейбіт те берекелі өмір сүрді. Дәуіт (а.с.) темір өңдеудің хас шебері болатын³²¹. Құран кәрімде Дәуіттің (а.с.) үні биязы екендігі айтылады. Бұған қоса, Дәуіт пайғамбар Забурды дауыстап оқығанда, оның айналасына таулар жылжып, құстар ұшып келетін болған³²².

Әкесінің аты Иса болатын. Қой бағып жүріп үйірген сақпан тасы өте ұзаққа түсетін. Сом денелі күшті жігіт еді. Сондықтан алып Жалутты шайқас үстінде сақпан тасын бір сілтегеннен мүрдем кетірді. Оның осы батылдығы ел ішіне кең таралып, аты жалпақ жұртқа мәлім болды. Талут та оның бұл іс-әрекетіне тәнті болып, қызын беріп өзіне күйеу бала қылды. Өзі өлер алдында тағына отыруын өсиет етті.

Талут бұл өмірден өткенде, таққа хазірет Дәуіт отырды. Исрайылдың он екі руы да оның патшалығын мақұлдады. Біршама уақыт өткен соң, Хақ тағала

³²⁰ «Бақара» сүресі, 251; «Ниса» сүресі, 163; «Маида» сүресі, 78; «Әнғам» сүресі, 84; «Әнбия» сүресі, 78

³²¹ «Әнбия» сүресі, 78, 80

³²² «Сад» сүресі, 19-20



оған пайғамбарлық міндет жүктеді. Осылайша хазірет Дәуіт патшалық пен пайғамбарлықты бірдей атқарған алғашқы пайғамбар болды. Хазірет Дәуіт қалың қол жинап сол арқылы шартарапты өзіне қаратып, Құдысты астана етті. Сондай-ақ оған елін туралыққа бастау үшін Забур атты қасиетті кітап берілді³²³. Бұл кітаптың жүз елу сүреден тұратындығы айтылады. Забур ибрани тілінде Рамазан айында түскен. Хазірет Дәуіттің өзі хазірет Мұсаның шарифатымен амал еткен.

Дәуіт пайғамбар аса тақуа, әр қадамын Аллаһтың разылығы үшін басатын Аллаһтың салихалы құлы еді. Ол күнара ораза ұстайтын. Түннің бір уағында сәждеге бас қойып, Хақ тағалаға көп құлшылық жасайтын. Ол туралы Құранда Аллаһ: *«Мықты құлымыз Дәуітті есіңе ал! Өйткені ол өте бойсұнушы»*³²⁴, – деп, оның Өзінің құзырында рухы қаншалықты биік құл екендігін айтқан.

Хақ тағала оған көптеген мұғжизалар берген. Атап айтқанда, ол сөзге өте шешен еді. Бір нәрсені түсіндіре қалса, тыңдағандар тегіс қанағаттанатын. Сондай-ақ оған ғажайып дауыс берілген. Ол Забурды оқыған кезде, дауысын естіген жан еріксіз тәнті болатын. Һәм темірден түйін түйетін ұста еді. Осы өнеріне сүйеніп әр түрлі құралдар жасау арқылы, өзіне және от басына нәпақа табатын. Өзі патша болса да, ешқашан мемлекет қазынасын жеке басының шаруасы үшін жұмсамайтын. Бірақ ол темірді балқытпай-ақ камырдай илеп қалаған қалпына келтіретін. Бұл оған берілген мұғжиза еді.

Пайғамбар – патша ел ішіндегі қазылық міндетті де өзі атқаратын. Бірде оған екі адам келіп, бірі екінші

³²³ «Исра» сүресі, 55; «Ниса» сүресі, 163

³²⁴ «Сад» сүресі, 17



адамды көрсетіп «мынау менің өгізімді тартып алды» дейді. Әлгі адам «жоқ, алмадым» деп мойындамайды. Жәбірленуші оған куә көрсете алмайды. Кейіннен хазірет Дәуіттің түсінде әлгі адамды өлтіру туралы үш рет аян беріледі. Хазірет Дәуіт әлгі адамға осы әмірді жеткізеді. Бірақ ол «куәсіз адамды өлтіруге болмайды» деп уәж айтады. Дәуіт пайғамбар бұл әмірдің айқын екендігін дәлелдеп бергенде ғана әлгі адам амалсыз мойындап: «Мен оның өгізін тартып алмадым. Бірақ бұрынырақта әкесін өлтіргенім бар. Осы ісімді тірі жан білмейтін. Әйтсе де соның жазасы пешенеме осылай жазылған екен» дейді. Әлгі адам кінәсын мойындаған соң, жазаға тартылып өлтіріледі. Осы оқиға желдей есіп Исрайыл халқына тарайды. Сол сәттен бастап халқы жасырын түрде қылмыс жасауды сап тияды.

Патшалық пен пайғамбарлықты қатар алып жүрген Дәуіт (а.с.) қырық жыл тақта отырып дүниеден өтті.



СҮЛЕЙМЕН ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Дәуіт пайғамбардың (а.с.) он тоғыз ұлы бар болатын. Солардың бірі хазірет Сүлеймен еді. Дәуіт пайғамбар қайтыс болғанда, Сүлеймен не бары он екі жаста болатын. Оның қалған бауырлары жиналып, патшалықты қаршадай жасына қарамастан Сүлейменге берді. Ол жас болса да, ел арасында парасаттылығы, зеректігі және дінді өте терең білгендігімен танымал болды. Сондай-ақ хазірет Сүлейменге сиқыршылардың сиқырын бұзатын әрі құстың тілін білетін ілім берілген еді.

Сүлеймен патша таққа отырған сәттен бастап, Ақса мешітін тұрғызуды қолға алды. Құрылысқа адам мен жындардан мықты шеберлер мен ұсталарды жинады. Бұлардың арасында шайтандар да, әрі олардан дәріс алған адамдар да бар болатын. Осы адамдар күндердің бірінде адам мен жынның шайтандарын хазірет Сүлейменге қарсы айдап салып, ел ішінде бүлік шығарды. Тіпті Сүлеймен патшаның тағына дейін тартып алды. Әйтсе да хазірет Сүлеймен бұған ешқандай қамықпай, қайта өзінен қателік кеткенін сезінді. Бір күні Хақ тағалаға: *«Ей, Раббым! Менен өзге ешбір жанға нәсіп болмайтын дүние-мүлік пен патшалық бер»*³²⁵, – деп дұға етеді. Хақ тағала оның дұғасын қабыл етіп, өз қалауынан да артық несібе берді. Сүлеймен пайғамбарға желдің өзі бағынып, оны тағымен қоса қалаған жеріне апаратын

³²⁵ «Сад» сүресі, 35

болды. Желдің жылдамдығы таң атқаннан күн батқанға дейін екі айшылық жол еді. Сүлеймен шеберлерін жинап елінде балқыған мыстан бұлақ ағызды. Оған берілген тағы бір нығмет болатын. Өзіне қарсы шыққан адам мен жындардың аяқ-қолдарын шынжырлап, оларды теңіз астынан інжу-маржан шығаруға, қалалар салуға пайдаланды. Олардың ешбірі сол тұтқыннан қашып құтыла алмады. Кез келген жын яки адам сол жерден қашатын болса оны дереу жалындаған от күйдіріп азаптайтын³²⁶. Жын мен адамнан құралған мықты шеберлер Сүлейменнің бұйрығымен сәулетті құрылыстар, мүсіндер, көлдей ыдыстар мен тай қазандар жасады.

Хақ пайғамбар тағына қайта отырған соң үш бөлек әскер жасақтады. Бұлар жын, адам және құстардан құралған жер қайыстырған қалың қол еді. Ол осы қалың қолын бастап, желге мініп, қалаған жеріне барды³²⁷. Бірде ол Ақса мешітін бітірген соң, қажылық үшін Меккеге барды. Қайтарда Тайыфтан өтіп бара жатып бір қойнауға кезікті. Сол жерде құмырсқаның илеуі бар еді. Олар өз ризықтарын жинау үшін, қойнауға жайылып кеткен болатын. Сүлейменнің қалың қолын көрген құмырсқа патшайымы: «Уа құмырсқалар! Тезірек илеуге қайтыңдар. Мына жақтан Сүлеймен патшаның жер қайыстырған қалың қолы келе жатыр. Егер сендер тезірек жасырынбасандар, олар езіп жаншып өте шығады. Қанеки, тездетіндер!» – деп дауыстайды. Хазірет Сүлеймен жан-жануарлардың тілін түсіне алатын. Ол құмырсқаның сөзін есітіп күлімсіреді де: *«Раббым, маған және әке-шешеме рақым еткен нығметтеріңе шүкір етуімді әрі өзің разы бола-*

³²⁶ «Сәбә» сүресі, 12

³²⁷ Таббара, Маал-әнбия фил-Қуран, 288-295 беттер



тын іс істеуімді нәсіп ет те өз рақымыңмен салихалы құлдарыңның арасына қоса гөр!»³²⁸ деп дұға етіп шүкіршілік білдіреді.

Әрі қарай сапарын жалғастырған Сүлеймен патша түске қарай Санға деген жерге келді. Ол жер қатты ұнағандықтан, сонда түстенбекші болды. Алайда су таба алмады. Сүлеймен патшаның әскерінің ішіндегі Һүдһүд деген құсқа шөл далада су табу міндеті жүктелді. Ол су тапқан кезде, сол жерді айналып ұшып жүріп алатын. Осы жолы ол ұшып жүріп өзіне ұқсас бір құсты көріп қасына қона кетеді. Екеуі бір сәт шықылықтап тұрды да, жұптасып бір жаққа ұша жөнеледі. Сол уақытта Сүлеймен патша Һүдһүдқа тапсырма бермек болып жан-жағына қарайды да, көзіне түспеген соң: «Әлгі Һүдһүд қайда кеткен? Егер ол жоқ болса, әскер сусыз қалады. Ол рұқсатсыз кетіп әскери тәртіпті бұзғаны үшін қатаң жазаланады. Егер өзінің іс-әрекеті дұрыс деп ойлайтын болса, маған айқын дәлелдерін алып келсін. Әйтпесе оны менің қолымнан ешкім құтқара алмайды!» – деп ашу шақырады. Көп кешікпей Һүдһүд та келіп: «Уа, патшам! Мен сен білмеген бір нәрсені біліп келіп отырмын. Пәлен деген жерде Сәбә деген ел бар екен. Олардың падишасы әйел екен. Онда дүниенің түр-түрі бар. Тіпті өзінің үлкен тағы да бар көрінеді. Сөйте тұра өзінің де, халқының да, күнге табынып жатқандарын өз көзіммен көрдім. Әзәзіл оларды осал жерлерінен ұстап, шірк істердің барлығын керемет қып көрсетіп, жолдан тайдырыпты. Олар осы бетімен кете берсе, тура жолды мүлде таба алмайды. *«Көктер мен жердегі көместі көрнеуге шығаратын, өсімдіктерді өсіретін, сондай-ақ олардың көрнеу, көмес істегендерін білетін Аллаһ*

³²⁸ «Нәміл» сүресі, 19

тағалаға неге сәжде етпейді? Ұлы ғаршының Раббы Аллаһ, Одан өзге ешбір тәңір жоқ»³²⁹, – деп болған жайды баян етеді.

Сәбә елінің падишасы – Бәлқис болатын³³⁰. Сәбә елі Санға қаласынан тура үш күндік жер еді. Сүлеймен патша: «Жарайды, сөзің рас па, әлде жалған ба байқап көрелік», – деді де, аздан соң оған бір хат беріп: «Мына хатымды алып барып әлгі падишаның алдына таста да, сол жерде күтіп тұр. Олардың не жауап беретіндерін біліп қайт», – дейді. Һұдһұд хатты алып ұша жөнеледі. Ол патша әйелдің қасына барып хатты тастады да, жоғарыдағы бір жерге барып қонақтап отырды. Бәлқистың үш жүз он екі кеңесшісі бар еді. Әрбір кеңесшісі он мың адамның өкілі болатын. Ол кеңесшілерін жинап: «Менің алдыма бір хат келіп түсті. Ол хатта: «Хат Сүлейменнен: Рахман, Рақымды Аллаһтың атымен бастаймын. Маған қарсылық көрсетпеңдер. Бағынғандарыңды білдіріп алдыма келіңдер», – деп жазыпты. Осыған не айтасындар?» дейді. Олар: «Біз мықты қаруланған қалың қолмыз, осал жандар емеспіз. Бірақ бұйрық беру сенің қолыңда. Сен не десең, біз соған әзірміз», – деп жауап береді. Бәлқис ұзақ ойланып ақырында: «Сөз жоқ, патшалар бір елге кіретін болса, сол жерді жермен-жексен етіп, елдің ақсүйектерін қор қылады. Біз одан да оған арнайы сыйлық әзірлеп, елшілерімізден беріп жіберейік», – деді. Бұған барлығы келісті әрі осыны бұлжытпай орындады. Сүлеймен патша олардың келетінін Һұдһұд арқылы алдын-ала біліп алған. Елшілер келіп сыйлығын ұсынғанда, ол қаһарланып: «Сендер маған мал, дүние

³²⁹ «Нәміл» сүресі, 25

³³⁰ Таббара, Маал-әнбия фил-Куран, 297 бет



беріп көмектескелі жүрсіндер ме? Аллаһ тағалаға шүкір, Оның бергені сендердікінен әлдеқайда көп. Сыйлықтарың өздеріңе. Маған оның лақтың терісіндей де қадірі жоқ. Тезірек елдеріңе қайтындар! Көп кешікпей оларды шыбын құрлы көрмейтін жер қайысқан қалың қолыммен барып елдерінен түгелдей қуып, астынан тағын, басынан бағын алып сорын қайнатамын», – деп қайтарып жібереді.

Жаушылар Бәлқисқа тездетіп барып болған жайды баяндайды. Амалы құрыған Бәлқис уәзір, қолбасшыларын ертіп жолға шығады. Сапарға шығысымен, Сүлеймен патшаға шабарманын жіберіп, бағынғалы келе жатқанынын хабарлайды. Бәлқис тағын қатты жақсы көретін. Ол жолға шығарда, сол тағын сарайдың ең құпия жасырын жеріне қойып, құлыптап кілттерін өзімен бірге алып жүретін.

Сүлеймен пайғамбар оның жолға шыққанын мұсылман болуға бет бұрды деп есептеп, мұғжиза көрсетпей-ақ иманға күмәнсіз келуіне бір себеп іздеді. Ол дереу жын мен адамдардың үлкендерін шақырып алып: «Ей, көсемдер! Олар маған мойынсұнып келуден бұрын әлгі әйелдің тағын араларыңнан жылдам алып келетін біреу бар ма?» – деп сұрайды. Сонда «Ифрит» деген бір жын: «Оны орныңнан тұрмай жатып алып келемін. Рас, осыған шамам жетеді», – дейді. Ол сөзін тамамдағанда, кітап іліміне жетік бір адам: «Оны көзіңді ашып-жұмғанша алып келемін», – деп жауап береді. Ол «алып келемін» демей жатып Сүлеймен Бәлқистің тағының өз қасында тұрғанын көрді. Сөйтіп дереу Хақ тағалаға шүкіршілік айтты.

Бұл жерде жын мен адамның арасында бір жарыстың орын алғанын көреміз. Жындар сол тақты бірнеше се-

кундта алып келмек болады. Алайда ғалым адам оны қас қағым сәтке жеткізбей алып келеді. Негізінде жындар бірнеше секундта мың шақырым жерге барып келе алады. Алайда адамда мұндай жылдамдық жоқ. Осы оқиғадан адамның өз ғылымы арқылы жындардан да жылдам қимылдай алатынын ұғынамыз. Жын мен адам өмірге бір мақсатпен келген. Айырмашылығы жында күш көп, ақыл аз, адамда ақыл көп, күш аз. Жын бір яки бірнеше тонна жүкті бір өзі көтеруі мүмкін бірақ ақылсанаға жүйрік емес. Сондықтан олар да адам-халифаға бағынады.

Кейбір деректерде тақ келген кезде, Бәлқистің сарайындағы дауыстар да бірге келген деседі. Бұл Сүлейменге қатысты мұғжиза болғанымен, ғылымға ой тастауда. Қазіргі кезде дыбыс пен бейнені бір сәтте қашықтан алу мүмкіндігі болса, болашақта заттарды да демде қашыққа тасымалдау жолға қойылуы мүмкін. Құран бізге осы жаңалыққа ишарат етуде.

Сүлеймен пайғамбар шеберлеріне бұйрық беріп, тақтың ою-өрнегін өзгертіп тастайды. Яғни Бәлқис сол таққа өздеріне тән пұтқа табыну белгісін салдыртқан еді. Сүлеймен патша сол тақтағы барлық күнге табынуға қатысты ою-өрнектерді жойып, орнына тәухидті бейнелеткен еді. Бәлқис келгенде, оған тағын көрсетіп: «Тағың осындай ма еді?» – деп сұрайды. Ол әрі бері қарап «Осыған қатты ұқсайды. Задында бізге бұрын мәлімет беріліп бойсұнған едік», – дейді. Бәлқис ою-өрнек өнерін жақсы білетін. Ол өзінің тағына бейнеленген тамаша бедерлерден тәухидтің хақ, күнге табынудың жалған екенін айқын байқайды. Сондықтан оның мұсылман болуына сәл ғана қалған болатын. Хазірет Сүлеймен оны сарайға ертіп кіргізді. Сарайға кірген



жерде хауыз жасап, оны суға толтырып бетін әйнекпен жауып қойған еді. Бәлкіс суды көріп бетіндегі әйнекті байқамай суды кешпек болып етегін көтере бастады. Сонда Сүлеймен патша оған: «Расында, ол – әйнектен жарқыратылып жасалған сарай», – деді. Бәлкіс сол сәтте Сүлеймен патшаның дүние-мүлік жағынан да, парасаттылық пен сана жағынан да, өзінен әлдеқайда асқақ та биік екенін аңғарды. Өзінің осы уақытқа дейін Хақтан жырақ мағынасыз ғұмыр кешіп келе жатқанын түсініп: *«Сүлейменмен бірге барша әлемнің Раббы – Аллаһқа мойынсұнып, мұсылман болдым»*³³¹, – деп тілін кәлимаға келтіреді.

Бәлкіс иман келтірген соң, онымен еріп келген уәзірлері де, қолбасшылар да, қызметшілері де тұтастай мұсылмандықты қабылдады. Ол жерде көп уақыт тұрып, Ислам дінін үйренеді. Бәлкістің өзі Сүлеймен патшаға тұрмысқа шығып, кейіннен еліне қайтады. Осылайша Сүлеймен патшаның һүдһудының дәлелі рас шығып, әлгі құстың арқасында Сәбә деген тұтас бір ел жақсылыққа бет бұрды. Һүдһүд құстың жаннатқа кіруінің де сыры осында жатыр еді.

Сүлеймен патша осындай алып патшалықта табаны күректей қырық жыл бойы Хақ тағалаға шүкіршілік етумен күн кешті. Баяғы аяқ-қолы шынжырланып бүкіл қамалдар мен сарайлар салған шайтан-жындар ол өлгенге дейін соның қол астында ауыр жұмыстар істеп ғұмыр кешті. Хақ тағала оларды бір адамға бағындырып, өздерінің адамзатқа ешқандай әсері жоқ қауқарсыз, бейшара екендіктерін дәлелдетті. Тіпті олар бұрын адамдарға ғайыптан, болашақтан хабар береміз деп алдайтын. Алайда ажалы жеткен күні хазірет

³³¹ «Нәміл» сүресі, 41-44

Сүлейменнің олардың көз алдарында өлгенін болжағыш бола тұра білмей қалуы өте күлкілі еді.

Иә, Сүлеймен патша бір күні таяғына сүйеніп сарай салып, қамал қалап жатқан жындарға қарап тұрған болатын. Жын шайтандар қастарында бақылап тұрған Сүлейменді көріп ауыр жұмыстарын дамылсыз істей берді. Бір кезде аяқ астынан ажал жетті де, Сүлеймен патша таяқ ұстаған күйі жан тапсырды. Алайда жын - шайтандар оны өздеріне қарап тұр деп ойлап жұмыстарын жалғастыра берді. Осылайша бірнеше күн өтті. Сол кезде бір құрт келіп әлгі аса тықты кеміріп жей бастады. Уақыт зулап өтіп бір күні асатаяқ мүжіліп сынды да, Сүлеймен пайғамбар таяқпен бірге жерге құлап түсті. Жын-шайтандар сонда ғана Сүлейменнің (а.с.) бақилық болғанын аңғарып, аяқ-қолдарындағы кісенді бұзып жан-жаққа қаша жөнеледі. Құранда: *«Егер жындар ғайыпты білгенде, өздерін текке азатқа салып, ауыр жұмыс істеп қиналмас еді»*³³², – дейді. Аллаһ тағала осы оқиғадан бізге жын- шайтанның адамды бағындыратындай емес, тым қауқарсыз екенін ұқтырады.

Сүлеймен пайғамбар қайтыс болған соң, ол үстемдік еткен алып мемлекет Яһуда және Исрайыл болып екіге бөлінеді.

³³² «Сәбә» сүресі, 14

ИЛИЯС ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Сүлеймен пайғамбар бақиға аттанған соң, Исрайыл ұрпағы Яһуда және Исрайыл болып екі мемлекетке бөлініп кетті. Олардың бөліну себебі таққа таласу, күпірлік пен дінсіздіктен туындады. Яһуда елі Құдыста қасиетті аманаттарды көздің қарашығындай сақтап, ел арасында діни насихат дұрыс жүргізгендіктен, олар ұзақ уақыт бойы беріктігін сақтай алды. Алайда Исрайыл мемлекеті хазірет Мұсаның шарифатымен амал етпей, пұтқа табынып, адасып кетті. Кейбір деректерде осы пұттарының биіктігі алты аршын ұзындықта болғандығы және оның алтыннан құйылғандығы айтылады. Оның аты «Бағл» еді. Бағл – Йемендіктердің тілінде Рабб, қожайын деген мағынаны білдіреді.³³³ Бұл – Көне Сами қауымдарының құдай атауы.

Құранда хазірет Илияс пайғамбардың есімі бір аятта «Илияс» деп кездессе енді бір аятта «Илиясин» деп кездеседі.

Ақиқат жаршысы – Илияс оларға Исрайыл елі адасып пұтқа табынған кездері пайғамбар ретінде жіберілді. Ол пайғамбарлығын жария етер-етпес, халық арасында пұтқа табынудан бас тартып, хазірет Мұсаның шарифатын қайтадан берік ұстануға шақырды. Олардың ата-бабаларына Хақ тағала үлкен нығмет беріп, алпауыт ел еткенін естеріне салды. Егер осы қылықтарынан бас тартып тәубаға келмейтін болса, көп ұзамай

³³³ Замахшари, әл-Кәшшаф., 3/352



Жаратқанның қаһарына ұшырап, бастарына пәлекет келетіндігін қатаң ескертті. Құранда: «Әрине Илияс елшілерімізден еді. Сол уақытта еліне: «Аллаһтан қорықпайсыңдар ма?» – деді. «Ерекше Жаратушыны қойып, «Бағл» атты пұтқа табынасыңдар ма? Аллаһ сендердің де бұрынғы аталарыңның да Раббы»³³⁴, – деп, оның халқына қалай ескерту жасағаны туралы айттылады.

Алайда Исрайыл халқы оның сөздеріне құлақ асқанның орнына оған қарсы шығып, аузына келгенін айтты. Сонда хазірет Илияс Хақ тағалаға қолын жайып: «Аллаһым! Исрайыл ұрпақтары сөзіме құлақ аспады. Олар Сенен өзгеге құлшылық етуде. Ендеше Сен оларға берген нығметіңді қайта ал», – деп дұға етеді. Сол кезде Аллаһтан уахи келіп: «Біз олардың ризығын сенің қолыңа тапсырдық», – дейді. Хақ пайғамбар: «Аллаһым! Ендеше оларға бұдан былай жауын берме!» – деп дұға етті. Артынша жауын тоқтап, жер бетіне бір тамшы да, жауын жаумады. Осы қуаңшылық үш жылға жалғасты. Исрайыл елінің малы жаппай қырылып, бау-бақшалары курап, егіс даласы шөлге айналды. Олар күндер өте келе осы пәлекеттің бәрі Пайғамбарға сенбегендіктен болғандығын аңғарып Илиястан кешірім сұрап, дініне кіріп, хақ жолға түсе бастайды. Хақ тағала да сол шақта олардың төбелерінен төнген нәубатты алып тастап, мол жауын нәсіп етті. Исрайыл ұрпақтары бір мезгіл тура жолда жүріп, мол байлыққа кенеліп, қорасы қойға, даласы өнімге толған шақта биттері семіріп тура жолдан тайып, есіре бастайды. Бұрынғы пұттарына табыну қайта белең алды. Илияс пайғамбардың сөзіне құлақ асуды қойды. Хазірет пайғамбар оларға: «Сендер

³³⁴ «Саффат» сүресі, 125-126



тура жолда боламыз, қайта пұтқа табынбаймыз» деп уағда етіп едіңдер. Қайда сол уағдаларың?» – дейді. Олар: «Осы әңгімені доғарсақ қайтеді? Біз алты аршын алтын пұтымызды қалай ғана қиып, сенің жолыңмен қашанға дейін жүре бермекпіз? Сен де бұдан былай біздің алдымызды кесуші болма» деп қоқан-лоқы жасайды. Осыдан кейін Илияс Хақ тағаладан бұл елден кетуге рұқсат сұрады. Аллаһ тағала рұқсат берген соң, ол елді тастап басқа жаққа хижрат етті. Сол жақтағы елді мекендерде Тәуратты жасырын үйрете бастады.

Кейбір деректерде Илияс пайғамбардың ажалы жетіп өлгені айтылса, кейбір ғалымдар оның көкке көтеріліп, әлі күнге дейін бұл өмірде өмір сүріп жатқандығы айтылады. Әйтсе де ақиқаты жалғыз Аллаһқа ғана аян.

Хазірет Илияс өз міндетін толығымен атқарып, бұл өмірден көшкенде, Хақ тағала сол елге хазірет Әлиасаһны пайғамбар етіп жіберді.



ӘЛИАСАЪ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Құранда Әлиасаъ туралы екі жерде айтылады. Бірі: «Исмайыл, Әлиасаъ, Жүніс және Лұтты тура жолға түсірдік. Барлығын әлемге ардақты еттік»³³⁵ болса, бірі «Исмайылды, Әлиасаъны Зүлқиғлді есіңе ал. Бұлардың бәрі ардақты кісілер»³³⁶ деген аяттар.

Әлиасаъ хазірет Исадан сегіз ғасыр бұрын дүниеге келген. Ал, Илияс өмір сүрген дәуір Әлиасаъдан әлде қайда бұрын.

Хазірет Илияс қаладан кеткен соң, айналадағы ауылдарға барып, Тәуратты жасырын үйретеді. Бір күні ол бір ауылдағы кәрі кемпірдің үйіне қонаққа келеді. Кемпірдің Әлиасаъ деген баласы болатын. Сол күні ол қатты ауырып төсек тартып жатқан еді. Хазірет Илияс сол баланың науқасынан айығуы үшін, қолын жайып Хақ тағаладан дұға тілейді. Дұға қабыл болып, Әлиасаъ жазылып орнынан тұрып кетеді. Одан кейін ол Илиясқа иман келтіріп, одан Тәуратты үйренеді. Илияс қайтыс болған соң, ол Исрайыл еліне пайғамбар етіп жіберілді. Әлиасаъ (а.с.) ғұмырының соңына дейін бар күш-жігерін жұмсап Исрайылұлдарын таухид дініне шақырды³³⁷. Алайда онысынан ешбір нәтиже шықпады. Кейін Хақ тағала оларға пәлекет жіберді³³⁸.

³³⁵ «Әнғам» сүресі, 86

³³⁶ «Сад» сүресі, 48

³³⁷ Әбулфида, әл-Бидая уән-Нихая, II/4.

³³⁸ А.Л.Казанжы. Пейгамберлер халқасы. 191-бет

ЗҮЛКИФЛ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Зүлкифл пайғамбар туралы Ислам ғалымдары арасында әр түрлі пікір бар. Тарихшы Табаридің еңбегінде Зүлкифл (а.с.) хазірет Әйюбтің ұлы және шын есімі – Бишр. 75 жылдық ғұмырын Шам халқын таухид сеніміне шақырумен өткізгендігі айтылады.³³⁹ Оның «Зүлкифл» болып аталуының сыры – ол өзіне міндеттелген ауыр жауапкершіліктерді орындау жолында дүниеден өткен.

Басқа бір деректерде ол Илияс пайғамбардың заманында өмір сүргені айтылған. Хақ тағала оны Илияс пайғамбардың орнына пайғамбар етіп жіберген.

Сондай-ақ ғұламалар арасында оны пайғамбар емес, Исрайыл халқы арасында өмір кешкен салиқалы кісі деген көзқарас та бар. Әйтсе де Ибн Кәсир оның пайғамбар екендігін алға тартады. Оған дәлел ретінде ол туралы Құранда айтылған аяттарды көрсетеді. Құранда екі жерде «Зүлкифл» деп кездеседі. «Әнбия» сүресінде *«Исмайыл және Ыдырыс және Зүлкифл. Бәрі де сабырлы жандар еді. Сондай-ақ оларды рақымымызға бөледік. Өйткені олар салиқалы кісілер еді»*³⁴⁰ деп айтылса, «Сад» сүресінде *«Исмайылды және Әлиасағны және Зүлкифлді есіңе ал! Бәрі де ізгі адамдар еді»*³⁴¹ делінген. Құрандағы осы аяттардың мәніне үңілсек, оны

³³⁹ Табари, Тарихул-үмәм уәл-мүлук, Бейрут, 1/195; Алуси, Рухул мәани, 17/82; 23/211

³⁴⁰ «Әнбия» сүресі, 85-86

³⁴¹ «Сад» сүресі, 48

пайғамбар деп топшылауға негіз бар сияқты. Өйткені оны екі аятта да пайғамбарлармен бірге мадақталған дейді Ибн Кәсир. Ендеше, оны пайғамбар деген көзқарас әлдеқайда басымырақ. Оның салиқалы адам екендігін жақтағандар «Зүлкифл» деген ат Илияс яки Юша немесе Зәкәрия пайғамбардың лақап аты деп пікір білдірген. Дұрысын Хақ тағала ғана біледі.



ЖҮНІС ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Жүніс пайғамбардың есімі Құранда төрт жерде кездеседі³⁴². Екі жерде «Зин-нун», «Сахибул-хут», яғни «Киттің иесі» деген лақап атымен кездеседі. Жүніс пайғамбардың кімнен тарағаны туралы айқын пікір жоқ. Тек қана оның Жүніс ибн Мәтта екенін бәрі бірауыздан мақұлдайды. Алайда «Мәтта» сөзі оның әкесі емес анасының есімі екендігі айтылады. Пайғамбарлардан тек осы Жүніс пайғамбар мен хазірет Исаның аты анасымен аталады. Алайда Ибн Аббас «Мәтта» Жүністің әкесінің аты екенін айтып кеткен. Әл кітап оның Исрайыл ұрпағынан Бүнияминге барып жалғасатынын жеткізеді.

Жүніс пайғамбар Ирак жақтағы жүз мыңдай халқы бар Нинова қаласына пайғамбар етіп жіберіледі. Пайғамбар болудың алдында да ол халық арасында сенімді, қамқор, иненің жасуындай да арамдығы жоқ шыншыл адам ретінде танылған. Ол сол елге пайғамбар етіліп жіберілгенде, небәрі отыз жаста еді. Нинова халқы көп жылдар бойы пұтқа табынып кеткен еді. Көп өтпей басқа арсыздық белең алды. Оларды тура жолға салу үшін, Жүніс пайғамбар елін отыз жыл бойы хак жолға, туралыққа, тәубаға шақырды. Әйтсе де халқы оған «сенікі жөн» деп, сөзіне құлақ аса қоймады. Сірә, жеке басының пайдасын күйттеп жүр деп ойлады. Сол себепті оның сөздерін жоққа шығарды. Осылардың ба-

³⁴² «Ниса», «Әнғам», «Жүніс», «Сафғат» сүрелері



сында, әрине сол елдің басшылары мен байлары тұр еді. Құранда: «Бір елге ескертуші жіберген болсақ, әсіресе, олардың байлары: «Рас, сендер арқылы жіберілген нәрселерге қарсымыз». Сондай-ақ олар: «Біздер көп малмен, балаларға иеміз. Сондықтан да азапқа душар болмаймыз», – деді»³⁴³ деп, солардың көрсоқырлықтарын баян еткен. Отыз жыл дін уағыздағанда, оған бар болғаны екі кісі ғана иман келтірген. Қалған дүйім жұрт тура жолға түспей табандап тұрып алды. Ақырында, оларды мың жыл уағыздаса, дінге кірмейтінін сезіп, үмітін үзген Жүніс (а.с.) көп кешікпей оларға Аллаһтың азабы келетінін айтты. Өзі халықтың көзінен тасаланып, алыс жақтарға тентіреп кетті. Халқына ашуланғаны сонша-олардан аулақ кету үшін теңіз жағалауын бетке алды. Бірақ ол Хақ тағаладан рұқсатсыз кеткен еді. Ол елге көп ұзамай пәлекет келетіні туралы Хақтан хабар алған соң, алысқа кетуіме Хақ тағала ашу танытпас деп ойлаған еді. Алайда пәлекет сол күні келсе де, Хақ тағаладан «сол жерден шығындар» деген жарлық келмейінше, пайғамбарлар ол жерден кетпеулері тиіс еді. Осылайша Жүніс пайғамбар өз «ижтиһадында» яғни пікірінде жаңсақ кетті. Егер пайғамбарлардан өзге жандар, атап айтқанда, ғұламалар осылай қателескенде, үлкен сауапқа кенелер еді. Әйтсе де пайғамбарлардың орны қашан да бөлек.

Ол теңіз жағалауына келсе, жолаушы кеме жүргелі тұр екен. Еш бөгелместен соған мінді де, басы ауған жаққа кете барды.

Пәлекет пен азаптың мезгілі де толған еді. Халық алғашқыда оның сөзіне сенбегенмен, сол күні қаланы тұтастай қара бұлт торлап, қалың тұман түскенін

³⁴³ «Сәбә» сүресі, 34-35



көргенде, естері шығып абыржи бастады. Әркім өз басын, бала-шағасын ойлап сасып жан-жаққа жүгірді. Ақырында, естерін жиып бәрі жиналып Пайғамбарларын іздеуге кірісті. Бірақ шарқ ұрып қанша іздегенмен, ат шаптырып аласұрғанмен, Жүніс пайғамбарды таба алмай қатты састы. Ол табылмаған сайын, көздері шарасынан шығып, жүректері дүрілдей түсті. Қаланың байлары мен сорпа бетінен шығар көсемдері де, халықпен етене араласып астамсыған кеуделері басылып, жүндері жығыла қалды. Барлығы жапа-тармағай бала-шағасын алып, қаладан аулаққа қашты. Жиған дүниесі, байлығы, дүкендері, зәулім сарайлары – бәрі де жұртта қалып қойды. Ешбір адам «дүнием артта қараусыз қалды-ау» демеді. Әсіресе, бәрінен ардақты пұттары сол қалада иттен қадірсіз қала берді. Жайшылықта қаладағы үлкен пұт-ескерткіштерінің алдына барып тағзым етіп, тілек тілеуші еді. Дәл бүгін пұттарын ойлаған тірі жан болмады. Біреуі шығып: «Әй, біз пұттарымызды ұмытып барады екенбіз ғой. Біздің тәңіріміз осы емес пе еді? Осыдан неге көмек тілемейміз?» – демеді. Қайта дереу тәубаға келіп, Пайғамбарларының айтқандарын естеріне түсіріп, тілдерін кәлимаға келтіріп, Хақ тағалаға жалынып егіліп жылады. Өз араларында «Жүніс не деп еді, айтқан дінінің сенімдері қандай еді, мұсылмандықтың парттары қалай деген еді?» – деп, өз білгенінше хақ дінді үйрене бастады. Оларды Рақым пайғамбар хақ дінге отыз жыл бойы шақырып, сол дін туралы терең мағлұмат берсе де, олар еш бойсұнбаған болатын. Әйтсе де отыз жыл бойы айтылған сөздердің біршамасы естерінде жатталып қалыпты. Бүгін, міне, соның пайдасы тиді. Олар кәлима, тәухид, ақырет, намаз секілді діни мәселенің бәрін білетін. Бірақ мойындамай қырсығып



келген еді. Ал бүгін басына нәубет төнгенде, дереу іске көшті. Барлығы бірдей сапқа тұрып, Хақ тағаладан кешірім тілеп, тәуба етті. Кейбір деректе олар: «Ей, Раббымыз! Біздің күнәларымыз тым көп. Бірақ сен бәрінен де үлкенсің, ұлысың. Ендеше, Сен бізге өзіңе жарасар ғана үкім бер. Мына қылығымызға лайықты үкім бере көрме!» деп жалбарынды. Аллаһ тағала олардың күнәларын кешіріп, тәубаларын қабыл етіп, пәлекетті кері қайтарды³⁴⁴.

Аталмыш оқиға Құранда: *«Расында, өздеріне Раббысының қарғысы лайық болғандар иман келтірмейді. Сондай-ақ күйзелтуші азапты көргенге дейін (олар иман келтірмейді). Жүністің елінен басқа (азаптың келгенін көріп) иман келтірген әрі имандары пайда берген еш бір ел болмаған. Олар иман келтірген кезде өздерінен дүние тіршілігіндегі қорлықты айықтырдық та, оларға тағы біраз өмір бердік»*³⁴⁵, – деп айтылады.

Ендеше адамзат тарихында өздеріне азап келгенде, тәуба етіп, иманға келуі арқылы азаптан құтылған бір ел ғана бар, ол – осы Жүніс пайғамбардың елі.

Кит жұтып қойған Жүніс пайғамбар (а.с.)

Жүністің (а.с.) мінген кемесі жаймен жылжып жағадан ұзай берді. Бірталай уақыт жүріп, күн батып, қас қарайған шақта дауыл тұрып, кеме шайқала бастады. Бір кезде кеме батуға айналады. Бір қызығы мұндай кезеңде, дәл кемеңі батыратындай дауыл тұрмау керек еді. Ақырында кемедегілер бір-біріне: «Шамасы кемеде қожайынынан қашқан бір құл бар. Қанеки жеребе тастайық», – деді. Олар жеребе тастаған кезде, жеребе

³⁴⁴ Таббара, Маал-әнбия фил-Куран, 313-бет

³⁴⁵ «Жүніс» сүресі, 96-98



хазірет Жүніске шықты. Хақ пайғамбар сол кезде ғана өзінің ағаттық жасап, елден Хақ тағаладан рұқсатсыз кеткенін түсіне қойды. Бірақ кемедегілер оның жүзінен салиқалы кісі екенін байқап, кінәлі кісі ол емес деп ұққан еді. Әйтсе де хазірет Жүніс оларға өзін кемеден теңізге тастауларына ишарат етті. Олар оны жалжал толқындардың арасына тастап жіберген кезде, бір үлкен кит келіп оны аузын ашып жұтты да суға сүңгіп кетті.

Ол балықтың ішіне жұтылған кезде, айналаны бұрынғыдан да қою қараңғылық басты. Онсыз да теңіздің асты-үсті түгел қап-қараңғы еді. Оның бұдан кейін құтылып жағаға жетуіне ешбір мүмкіндік жоқ еді. Өйткені балықтан құтылған күннің өзінде теңіз бар. Теңіздің беті де қап-қараңғы еді. Хазірет Жүніс өз қателігін мойындап, Аллаһ тағалаға жалбарынып: *«Сенен өзге ешбір құдай жоқ. Сені пәктеймін. Мен өзіне қастық жасаушылардың бірі болдым»*³⁴⁶, – деп зікір ете бастады.

Хақ пайғамбар өмір-бақи Хақ тағаланы зікір етіп келген болатын. Ол осы алып балықтың қарнына түскен кезде де, дәл солай зікір ете бастады. Оның осы хал-ахуалы құтылуына арқау болды. Құранда Аллаһ: *«Егер көп тәсбих, зікір етушілердің бірі болмағанда, шамасы адамдардың қайта тірілетін күнге дейін оның қарнында қалар еді»*³⁴⁷, – дейді.

Хақ тағала оның осы дұғасын қабыл етіп, амансау жағалауға шығарды. Алып балық жағалауға келіп аузын арандай ашқанда, ішінен хазірет Жүніс шығып, жағалауға сұлай кетті. Әбден шаршаған, оның үстіне

³⁴⁶ «Әнбия» сүресі, 87

³⁴⁷ «Сафват» сүресі, 143-144



науқастанған еді. Өйткені ол алып балықтың ішінде үш күн, үш түн жатқан болатын. Құранда: «Сонда оны қырға шығарып тастадық. Ол науқас еді. Көлеңке түсірсін деп сол жерге жапырақты бір ағаш өсірдік»³⁴⁸, – делінген. Кейбір деректерде осы ағаштың қабақ ағашы екені айтылады. Ағаш көлеңкелері оның үстін жауып шыбын-шіркейден, шыжғырған күннен қорғады.

Осы жерде біршама уақыт жатқан соң, ол есін жиып, науқасынан айығып, еліне қайтты. Тәубаға келген елі мұны әлі іздеп жүрген болатын. Ол халқымен кездескенде, әр екі жақта қатты қуанып, Хақ тағалаға бар пейілмен шүкіршілік етті. Халқы пайғамбарын көріп қуанса, Пайғамбарлары олардың тәуба етіп, иманға келіп, мұсылмандық жолға түскендерін көріп қуанған еді. Олар пәлекет шақыратын ел емес, берекет шақыратын ел болып өмір сүріп жатқан болатын. Бұл бейне өзі тастап кеткен ел емес, басқа бір ел секілді болып көрінді. Үш тәуліктің ішінде бір қаланың бүкіл халқы қатты өзгерген еді. Өзіне халықты айдап салған қаланың билері мен байлары да мұны көре сала құрақ ұшып, бір-бірлерінен сүйінші сұрап жатты. Қаланың кіре берісіндегі пұттар да қаланың ішіндегі алып пұттар да түгелдей қиратылып, орны тегістеліп тасталыпты. Кеше ғана титтей бір нәрсе бола қалса, пұттарының атын айтып шулайтын ел бүгін пайғамбарларын көріп, Хақ тағаланың атын ұлықтап жатты. Қала халқы құлшылық уақытында барлығы бірдей пайғамбарларымен бірге сәждеге жығылды. Осылайша қарғысқа ұшыраған ел аяқ астынан бақытқа кенелді. Хазірет Жүністің «ижтиһадтағы» мүлт кеткендігі жүз мың халықтың иманға келуіне себеп болды. Иә, барлық пайғамбарлардың мүлт кетулері үлкен

³⁴⁸ «Саффат» сүресі, 145-146



қателік болғанмен, өзінің үмбеті және қияметке дейінгі мұсылмандар үшін бақытқа, табысқа жетудің белгілері еді. Хазірет Жүністің киттің қарнында отырып айтқан зікірін әлі күнге барша мұсылмандардың тілден тастамай келе жатқанының бір себебі де осында.



ЗӘКӘРИЯ МЕН ЯХИЯ ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Зәкәрияның (а.с.) есімі Құранда сегіз мәрте кездеседі³⁴⁹. Зәкәрия пайғамбарды тарихшылар хазірет Сүлейменнің ұрпағынан тараған деп айтады. Ол хазірет Иса дүниеге келмей тұрып, Исрайыл ұрпақтарына пайғамбар етіп жіберілді. Зәкәрия Исрайыл халқын Хақ тағалаға ғана құлшылық етуге, шақырды. Ол пайғамбарлықпен келген кезде, ел азғындап, адамгершіліктен айрылған болатын. Пайғамбарға да, дінге де қырын қарай бастады. Исрайыл халқының дүниенің соңына түскені сонша – бара-бара Аллаһ тағаланы да, ақыретті де ұмытты. Дінге қарсы аянбай тер төгетін күйге түскен еді. Олар дінге емес шайтанның азғыруына құлақ түрді. Нәпсінің құлақкесті құлына айналды. Мұнымен ғана шектеліп қалмай, елдегі пайғамбарларға, салиқалы, тақуа кісілерге өлердей өшігіп, тіпті соларды құрту жолында қан төгуден аянбайтын еді³⁵⁰.

Хақ пайғамбар ұзақ жылдар бойы олардың күнә жасауына бөгет болып, хақ дінге шақырып, туралықты насихаттады. Алайда олар оның сөзіне құлақ аспады. Хақ пайғамбар олардан қартайғанша озбырлық көрді. Қартайып самайына ақ түскен шақта да «Мен өлген соң Исрайыл ұрпақтарының күні не болар екен» деп уайымға қатты беріледі. Өйткені елдің байлары мен көсемдері

³⁴⁹ «Әли Имран», «Әнғам», «Мәриям», «Әнбия» сүрелері

³⁵⁰ А.Л.Казанжы, Пейгамберлер халқасы, Стамбул. 1997. 203-207 беттер



халықты азғырудың сан түрлі айласын күннен-күнге дамытып жатқан еді. Осы кезде ол Жаратқанға қол жайып өзінен кейін пайғамбарлық мұраға ие болып, дін-дағуасын жалғастыратын бір ұл нәсіп етуін тіледі. Өзінің осы уақытқа дейін ешбір баласы болмаған еді. Сондықтан оның ұл тілеу себебі тек дін ісін жалғастырса екен деген арманнан туған кіршіксіз тілек еді.

Құранда: *«Зәкәрияны да есіңе ал! Раббына: «Раббым! Мені жалғыз қалдырма. Сен ең жақсы мұрагерсің!» – деп жалбарынды. Сонда оның тілегін қабыл етіп, Яхияны бердік. Әрі жұбайын жасарттық. Өйткені бұлар жақсылықтарға ұмтылады. Бізден үміт пен үрей арасында тілейді де, бізден қатты қорқады»³⁵¹*, – дейді.

Хазірет Зәкәрияның Исрайыл ұрпағына пайғамбар етіп жіберілуі хазірет Исаның дүниеге келуіне жақын қалғандығын жария ету болатын. Иса пайғамбар (а.с.) Исрайыл ұрпағына жіберілген ақырғы елші еді. Сондықтан Аллаһ тағала оларға оның алдында екі бірдей пайғамбарды жіберді: Зәкәрия және оның баласы Яхия (а.с.).

Зәкәрияның (а.с.) өзіне үмітпен ұрпақ тілеуі былай болды. Дүниеге әкелмей жатып хазірет Мәриямды анасының дін жолына бағыштағаны белгілі. Енді толысып келе жатқан шағында мінәжатханаға барған хазірет Мәриям жеке бөлмеде жалғыз өзі құлшылық жасаумен шұғылданатын. Оған Зәкәрия (а.с.) ғана қамқорлық танытып жүретін. Хазірет Мәриям сол күндердің өзінде айтса нанғысыз қасиеттерге ие болған. Зәкәрия пайғамбар оның бөлмесіне кіргенде, қыс күндері жаздың жемістері, жаз күндері қыстың жемістері пісіп тұратынын көріп қатты таңырқап: «Бұлар

³⁵¹ «Әнбия» сүресі, 89-90

қайдан келді?» – деп сұрағанда, қаршадай қыздан: «Бұл Аллаһтан, Ол қалаған пендесіне қалағанынша береді», – деген жауап еститін. Содан бастап Хақ тағаланың құдіретінің шексіздігіне үміт артқан хазірет Зәкәрия өзінің қарттығын ойлап үмітсіздікке салынғанның жөн еместігін түсініп былай деп ұрпақ тілей бастаған: *«Раббым! Буыным босап, шашым ағарды. Дегенмен тілегім босқа кетпеген екен», – деді. «Шынында, мен өзімнен кейінгі жақындарымнан (мұрагер бола алмайды деп) қорқамын. Сондай-ақ жұбайым қартайды. Сонда да маған бір мұрагер бере гөр! Ол маған да әрі Жақып ұрпағына да мұрагер болсын. Раббым, оны ризалығыңа бөле!»*³⁵².

Аллаһ тағала оның осы ықыласпен жасаған дұғасын бірден қабыл етіп, Жәбірейіл періштені жіберіп сүйінші хабар береді. Жәбірейіл періште келген кезде, Хақ пайғамбар құлшылық етіп отырған болатын. Періште оған көп кешікпей Яхия атты бір ұлды болатындығын жеткізеді.

Хазірет Зәкәрия дұға етіп бола сала, бұл сүйінші хабарды естігенде, қатты таңырқап *«Менде қалай бала болады? Өйткені жұбайым бала туатын жастан әлдеқашан өтіп кеткен. Ал өзім күшім қайтып, қартайған қариямын»*³⁵³ дейді.

Бұл жерде хазірет Зәкәрия күмәнданып тұрған жоқ. Қайта Хақ тағаланың құдіретінің шексіздігіне таңданып, иманының арта түскенін білдірген еді. Жәбірейіл періште оған Хақ тағаланың құдіретінде шек жоқтығын айтты. Хазірет Зәкәрия Аллаһтан әйелінің қалай жүкті болатындығына қатысты бір белгі сұрады. Жаратқан

³⁵² «Мәриям» сүресі, 4-6

³⁵³ «Әли Имран» сүресі, 40



Ие оған белгі ретінде адамдармен үш күн бойы сөйлесе алмайтындығын айтты.

Көп өткен жоқ бір күні хазірет Зәкәрия аяқ астынан сөйлеуден қалды. Ол айтқысы келген нәрсесін тек ыммен ғана жеткізе білді. Сол күні таңертең бөлмесінен шығып еліне қарап: «Ертелі-кеш Аллаһты дәріптеңдер!» – деп ишарат жасады³⁵⁴.

Күн мен ай бір пайғамбардың туылуына асыққандай бір-бірімен жарыса зулап өтіп жатты. Айы-күні толғанда, хазірет Зәкәрияның қасиетті шаңырағында «шыр» еткен баланың дауысы естілді. Кейбір деректерде Яхия пайғамбар хазірет Исадан үш ай яки үш жыл бұрын дүниеге келгендігі айтылады.

Хазірет Яхия бала күнінен салиқалы, парасатты болып өсті. Ол балиғат жасына толғанда, Хақ тағала оған Тәуратты үйретті, оны терең меңгеруге әмір етті. Ол Тәуратты тез үйреніп, сол бойынша амал етіп, кейде сахараға кетіп, сол жерде Хақ тағалаға жалғыз өзі құлшылық жасай бастады. Өзі жас бола тұра Тәураттан үкім шығарып, халыққа уағыз айтып, кейбір мәселелерге қатысты пәтуа беріп отырды. Кейіннен оған пайғамбарлық беріліп, Тәуратпен де, кейінгі түскен Інжілмен де амал етті.

Құранда хазірет Яхияның ерекшеліктері туралы берген мәліметтер мыналар:

Хақ тағаладан рақым мен шапағат беріліп, күнәлардан ада болды;

Әрдайым ата-анасына ізгілік жасап, оларға әсте қарсы келмеді;

Дүниеге «шыр» етіп келген һәм өлген сәтте де, ақыретте қайта тірілген сәтте де Хақ тағаладан амандық берілді;

³⁵⁴ «Мәриям» сүресі, 11

Ол асқан тақуа, құлшылық және ілім, сонымен қатар, дін істерінде өз заманының теңдесіз биік тұлғаларының бірі болды;

Бел қуаты күшті бола тұра, нәпсісінің тізгінін ұстай білді;

Хазірет Исаның пайғамбарлығын растап, оған көмектесті.

Әкелі балалы қос пайғамбар Исрайыл ұрпақтарынан шығатын ақырғы пайғамбарды қарсы алуға дайындық жасап, ол пайғамбар болып келген кезде көмекшілері болатын еді. Бірақ осы қос пайғамбар да Исрайыл ұрпақтарының қолынан шейіт болады. Осы арада олардың Исраил ұрпақтарының қолынан қалай шейіт болғанын айта кету керек.

Хазірет Мәриям бір күні ешқандай еркек кіндікке жоламай-ақ Хақ тағаланың құдіретімен көтерген баласын алып еліне келгенде халық шуылдап ортаға алып, «бұл бала кімнен туған?» деп, өсекке таңа бастайды. Сонда құндақтағы сәби Исаға тіл бітіп, өзінің әкесіз дүниеге келгендігін білдіреді. Осыған халық әу баста сеніп тарқағанмен, кейіннен: «Мұның әкесі сенсің. Біз саған ғана сеніп тапсырған болатынбыз», – деп хазірет Зәкәрияға жала жауып, күндердің күні тобыр халық өз пайғамбарларын шейіт етеді.

Хазірет Яхия да көп ұзамай әкесінің кебін киеді. Бірде Исрайыл ұрпағының көсемдерінің бірі жақын туысының қызына құмартып, сол қызды әйелдікке алмақ болады. Оның некесін киюға хазірет Яхияны шақырады. Алайда хазірет Яхия туысына үйлену харам екендігін айтып, үйленуіне рұқсат бермейді. Оның осы сөзіне қатты ашуланған исрайылдықтар кек сақтайды. Сол кек ұлғайып, соңы Яхия пайғамбардың басын кесіп, шейіт етумен бітеді.

ИСА ПАЙҒАМБАР (А.С.)

Хазірет Исаның анасы – Мәриям еді. Ал Мәриямның әкесінің аты Имран болатын. Құрандағы «Әли Имран» сүресінде айтылатын «Имран» сол кісінің есімі. Ол өз заманында ел ішінің беделді имамы еді. Осы Имран дүниеден озғанда, қаршадай Мәриям қызға хазірет Зәкәрия қамқорлық етіп, ұстаз болды. Өйткені ол Мәриямның әкесінің қарындасын алған еді. Сол себепті Мариямға жезде боп келетін. Анасы хазірет Мәриямға жүкті болған кезден-ақ оны Аллаһтың жолына арнап, мінәжатханаға атаған болатын. Анасы құрсақтағы сәбиін ұл болады деп ойлаған еді. Алайда ол қыз болып туды. Сонда да сөзінде тұрып, аталмыш мінәжатханаға бағыштады. Хазірет Мәриям тұрған мінәжатханаға тек Зәкәрия ғана кіріп шығатын³⁵⁵. Ол сол жерден көптеген ғажайып-кереметтерді көретін. Құран соның бірін: *«Сонда оны Раббы жақсы қабылдап, көркем мінезді етіп өсірді және оған Зәкәрияны қамқоршы етті. Зәкәрия әр жолы оның бөлмесіне кірген сайын, қасынан жеміс-жидектер мен әр түрлі азықтарды көретін. «Әй, Мәриям! Бұл саған қайдан келді?» – деді. Мәриям: «Ол Аллаһтың қасынан, шексіз, Аллаһ қалаған құлына есепсіз ризықтар береді», – деді»*³⁵⁶, – деп баяндайды. Деректерде хазірет Зәкәрия оның бөлмесіне қыста

³⁵⁵ Сабуни. ән-Нубууә. 253-255 беттер

³⁵⁶ «Әли Имран» сүресі, 37.



кірген кезде жаздық жемістер, ал жазда кірген кезде қыстық жемістер тұрғанын көретінін айтады.

Сүйінші хабар

Мінәжатханада тынбай құлшылық жасаған хазірет Мәриям есейіп бойжеткен қыз болды. Бір күні сонда құлшылық жасап отырғанда, қасына адам кейпіндегі Жәбірейіл періште пайда бола кетті. Хазірет Мәриям өзінің қасында бейтаныс адамның тұрғанын көргенде, не істерін білмей қатты қорықты. Ол есін дереу жиып: «Егер сен тақуа болсаң да, сенен Аллаһ тағалаға сиынамын» деді. Бейтаныс кісі оған өзінің Хақ тағала жіберген «Рух» екендігін айтып көңілін орнықтырды. Сосын іле-шала: *«Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Раббыңның елшісімін»*³⁵⁷ деп түсіндірді. Хазірет Мәриям бала күнінен талай рет Жаратқанның нәсіп еткен кереметтерін көріп өскен болатын. Тіпті Раббысының оған қыстың күні жаздық жеміс, жаздың күні қыстық жемісті нәсіп етуінің сыры болашақта баласының да сондай мұғжиза болып дүниеге келетініне әзірлік еді. Әйтсе де ол таңырқағанын жасыра алмай: «Маған бір адам жақындамаса қалайша бала болады? Сондай-ақ суық жүріске салынбасам», – деді. Жәбірейіл періште оған: «Ол солай», – деді. Өйткені Раббың: *«Бұл маған оңай. Менен адам баласына бір үлгі әрі бір рақым. Бұл (үкімі әлдеқашан шығын қойған) біткен іс еді»*³⁵⁸, – дейді. Хақ тағаланың құдіретінде шек жоқ. Ол бір нәрсеге «бол» десе сол сәтте бола қалады деп түсіндіреді.

Жәбірейіл періште осыдан кейін хазірет Мәриямға қарай үпіреді де, ғайып болып кетеді. Хазірет Мәриям

³⁵⁷ «Мәриям» сүресі, 18

³⁵⁸ «Мәриям» сүресі, 19-21



ол кездері он бес жастар шамасында болатын. Көп кешікпей бойында жүктілік белгісі байқала бастады. Исрайыл халқы бір күні осыны байқап қалып, бір-бірілеріне өсектеді. Хазірет Мәриям өте тақуа және ұяң, ар-намысы таза қыз еді. Болған жайды ел-жұртқа ашық та айта алмай әбден қиналды. Төзімі таусылған ол бір күні алыс жаққа сапар шекті. Сол жерде толғақтың келуін күтті. Бір мезет жалғыз түп қураған құрма ағашының қасына жақындай беріп еді, толғақ қысып қатты қиналды. Бір жағынан жанына батқан өсек, енді бір жағынан ащы толғақ жанын қинады. Шыдай алмай: «Бүйтіп қорлық көргенше, өлгенім артық қой», – деп қинала ыңыранды.

Кейбір деректерде бұның қыс кезінде болғаны айтылады. Ол толғаққа шыдай алмай қураған құрма ағашынан ұстай алған кезде әлгі ағаш бірден көгеріп әп-сәтте жеміс бере кетеді. Бұл керемет Хақ тағаланың оған деген демеуі мен жәрдемі еді.

Бала дүниеге келгенде, Жәбірейіл періште оған дауыстап: «Уайымдама! Раббың астыңнан бір бұлақ жаратты. Құрманың бұтағын өзіңе қарай сілкіле. Саған жас құрма түседі», – дейді. «Ей, Мәриям! Сол құрмадан жеп, судан іш. Көз айым бол. Сосын балаңды алып, ел ішіне барғаныңда, сені көрген халық қаумалап мына халінді түсіндір деп сұрай қалса, оларға; «Рақымды Аллаһ үшін бүгін ораза ұстадым. Сол себепті бүгін ешбір адаммен тілдеспеймін» деп айт», – дейді. Бұл жерде оның ұстаған нәзір оразасы – үнсіздік оразасы. Сол заманда осындай оразаның түрі болған. Осылай ауыз бекіткен



адам әсте біреуге аузын ашып, тіл қатпайды. Бар-жоғы айтқысы келген нәрсесін ыммен жеткізеді³⁵⁹.

Хазірет Мәриям жаңа туған сәбиін құндақтап, құшағына алып, ел ішіне қарай жолға шығады. Ол жасынан тақуалығымен танылған қыз болатын. Мәриям қыздың әрбір іс-әрекеті мен қылығы ел ішіне аңыздай тарайтын. Енді міне, сол бойжеткен қыз сәбиін көтерген күйі, өздеріне бет алып келеді. Қала халқы оны көрген кезде, беттерін кезек-кезек шымшып, көздерімен ішіп-жеп бара жатты. Ақырында бәрі оны қаумалап алып: «Ей, Мәриям! Бұл қылығың қалай? Сен туралы ел аузында жүрген өсекке сенбей жүр едік. Бұл не маскара?» – десе, енді бірі: «Әй, Харунның қарындасы! Көзі тірісінде әкеңнің жаман қылығын көрмеп едік. Марқұм тірі жанға қиянат жасапты дегенді естімеген едік. Байғұс шешеннің де ешқандай жамандығы жоқ болатын. Сонда сен кімге тартып мұндай арсыздыққа барып жүрсің? Біз сені мінәжатханада күндіз-түні құлшылық қылып, бала болып ойнап көрмеген, бойжеткенде ер кісінің жүзін көрмеген тақуа қыз деп мақтан тұтушы едік. Мына ісінді бізге қалай түсіндірмексің?!» деп шулай кетеді. Олар аузына келгенін айтып кінәлаған кезде, ол үнсіз тұра берді. Бір кезде халық көп жиналып, бұған қарсы дөрекі сөздер айта бастағанда хазірет Мәриям өзінің аузын бекіткенін сондықтан сөйлей алмайтындығын, ал олардың сұрақтарына құшағындағы сәби баланың жауап беретінін меңзеп балаға ишарат етеді. Бірін-бірі ентелеп, Мариямды қаумалап тұрған халық: «Әй, мына қыз не деп тұр өзі! Есінен ауып қалған ба? О заман да, бұ заман құндақтағы жаңа туған

³⁵⁹ Сабуни, Нубууә, 255-бет; А.Л.Казанжы, Пейгамберлер халкасы, 250-255 беттер



сәбидің сөйлегенін кім естіген! Бұл қыз жамандық істегенімен қоймай бізді мазақ еткісі келіп тұр ма?!» – деп даурыға бастайды. «Ал, қане, Мәриям, айта қойшы, бұл сәбимен қалай сөйлесеміз?» дейді оған қарап. Сол сәтте ана құшағындағы сәбиге тіл бітіп: *«Рас, мен Аллаһ тағаланың құлымын. Маған кітап беріп, пайғамбар етті. Сондай-ақ қайда болсам да құтты етті де, тіршілігім бойынша намазды, зекетті орындауға бұйырды. Мені шешеме мейірімді етіп, бір зорекер және қиқар қылмады. Маған туылған күнімде, өлер шағымда және тірілтілетін күнімде амандық болады»*³⁶⁰, – дейді.

Сәби Иса «Мен Аллаһтың құлымын» деп бастайды. Бұл сөз – яһуди мен христиандарға берілген жауап. Өйткені кейін христиандар оны «тәңір» деп танып кетті. Һәм анасының мейірімді және оған құрмет етемін деуі арқылы оның бейкүнәлығын және орнының қашанда биік екендігін білдіреді.

Хазірет Мәриям Құдыста көп тұрмады. Өйткені бұл баланың әкесі Зәкәрия деп жала жауып, оны шейіт еткен болатын. Осыдан кейін олар хазірет Мәриямға да жамандық жасауға жоспар құрып жүрген еді. Ол Аллаһтың әмірімен баласын алып жоғары аймаққа кетті. Ол жердің шөбі шүйгін, жемісі мол, суы кәусар, ауасы ғажап еді. Кейбір деректерде оның Мысырға кеткенін айтады. Бұл жерде ол он екі жыл тұрған соң Құдысқа оралып, Насыра аулына орналасты. Хазірет Иса отызға келгенге дейін осы жерде тұрды. Отызға толғанда, оған пайғамбарлық міндеті жүктеліп, Исрайыл ұрпағына жіберілді.

Ол алғашқы кезде өзінің пайғамбар ретінде жіберілгенін және Раббысынан бір хикметпен келгенін,

³⁶⁰ «Мәриям» сүресі, 30-33



сол себепті Аллаһтан қорқып өзіне бағыну қажеттілігін алға тартып, халықты дінге шақырады.

Аллаһ тағала елшісіне көптеген мұғжизалар берді. Негізі, оның өмірге келуі де көкке көтерілуі де, мұғжиза еді. Оның мұғжизаларын жалпы үшке бөліп қарауға болады.

Балшықтан құс жасап, оны үрлеп, сосын оған Аллаһтың рұрсатымен жан беретін.

Хазірет Иса заманында медицина өте қатты дамыған еді. Иса пайғамбар сол дамыған медицинаның шамасы келмейтін науқастарға шипа дарытты. Әсіресе, зағип жандардың көзін емдеп, шырадай жандырды. Алапестерді емдеп жазатын. Бұдан басқа жүздеген адам келіп, сол арқылы Хақтан шипа табатын. Осының ең жоғары түрі өлген адамды қайта тірілтуі еді.

Адамдарға ғайыптан хабар беретін. Ол адамдардың ішкен жегендерін және жинаған нәрселері туралы көзбен көріп тұрғандай айтатын.

Хазірет Иса исрайылдықтарды өзіне бағынуға шақырып, өзінің Тәуратты да растайтынын, бірақ Елші-расул болып жаңа шарифатпен келгендіктен, Тәураттың кейбір заңдарын өзгертетінін халыққа жеткізеді.

Сондай-ақ ол Исрайыл халқына: *«Уа, Исрайыл халқы! Мені де сендерді де жаратқан Раббымыз – Аллаһ тағалаға құлшылық қылыңдар»*³⁶¹, – деп тәухидке шақырады.

Інжіл

Аллаһ тағала Исрайыл халқының арасына жіберген соңғы елші Исаға Інжілді түсірді. Құран осы Інжілдің бес түрлі ерекшелігін айтады:

³⁶¹ «Маида» сүресі, 72



Һидаят-тура жол болуы. Сол заманда Исрайыл ұрпағы арасында ақида-сенімі бұзылғандар көп болатын. Міне, Інжіл кітабы осы сенімнің негізгі тіректерін баяндайды.

Инжілдің нұр болуы. Адамдарды бақытқа жеткізуге арқау болғандықтан ол кітап тұтастай нұр болатын.

Тәуратты растауы.

Инжілдің хазірет Мұхаммедтің (с.а.с) келетіні туралы сүйінші хабар беруі.

Инжілдің тақуаларға насихатшы болуы. Інжілде көптеген насихаттар мен өнегелер бар.

Сөйтсе де Інжілді адамдар өз қалауына қарай өзгертіп, бұрмалаушылықтарға жол берген.

Хауарилар

Бір деректе хазірет Исаға бар-жоғы он екі адам ғана ергені айтылады. Құран осы кісілерді «Хауари» деп атайды³⁶². Хауари сөзі «ақ», «ізгі» және «дос» деген мағынаға саяды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хазірет Зүбәйір ибн Әууам туралы: «Әр пайғамбардың хауариы болады. Менің хауариым – Зүбәйір», – дейді³⁶³.

Иса пайғамбардың хауарилары өзіне аса сенімді һәм берік жандар еді. Хақ пайғамбар оларды жан-жаққа жіберу арқылы халықты дінге шақырып отырған.

Бірде хауарилар хазірет Исадан: «Уа, Мәриямұлы Иса! Раббың бізге көктен бір дастарқан түсіре ала ма?» – деп сұрайды. Бұл, әлбетте, хауарилардың жаңадан иман келтірген кездері болатын. Әр мұғжиза олар үшін өте қызық еді. Хақ пайғамбар оларға: «Егер

³⁶² «Маида» сүресі, 47

³⁶³ Бухари. Жихад, 40; Муслим. Фәдәилус-сахаба, 48



шынайы мұсылман болсаңдар, Аллаһтан қорқыңдар. Мұндай нәрсені әсте талап етуші болмаңдар. Өйткені мұндай талаптар Хақ тағаланың құдіретіне және менің пайғамбарлығыма күмән келтіру болып есептеледі», – дейді. Сонда хауарилар: «Жо-жоқ, біз де әсте ондай ниет те, ой да жоқ. Біз бар болғаны сол дастарқаннан дәм татқымыз келді. Сонда жүрегіміздегі иман берік болып, сенің айтқандарыңа терең сенеміз», – деп жауап береді. Хақ пайғамбар олардың шынайы ниеттерін аңғарып қатты қуанып, Хақ тағаладан осыны тілеуге шешім қабылдады.

Ол қолын жайып: *«Я, Раббымыз! Бізге аспаннан дастарқан түсір! Бұрынғы, соңғымызға мереке әрі Сенен бір белгі болсын. Бізді ризықтандыр! Сен ризықтандырушылардың ең жақсысысың»*³⁶⁴, – деп дұға етеді. Хақ тағала: *«Күдіксіз, Мен сол дастарқанды әлбетте түсіремін. Егер осыдан кейін сендерден кім қарсы келсе, шынайы түрде Мен оны дүниеде ешкімді азаптамаған азаппен азаптаймын»*³⁶⁵, – дейді.

Бір деректе дастарқанның түскен күні жексенбі күні еді дейді. Дастарқан түрлі нығметтерге толы болды. Хауарилар осы нығметті тойғанша жеп, шүкіршілік білдірді. Кейіннен осы күнді хауарилар мереке күні етіп жариялайды³⁶⁶.

Иса пайғамбардың көкке көтерілуі

Иса (а.с.) Исрайыл халқын үш жыл бойы ақиқатқа шақырғанда, бар болғаны ат төбеліндей ғана адам иман келтірді. Ал қалған қара ниеттілер, әсіресе, көсемдер

³⁶⁴ «Маида» сүресі, 114

³⁶⁵ «Маида» сүресі, 115

³⁶⁶ Сабуни, Нубууә, 262-бет



мен байлар, дін өкілдері бәрі ауызжаласып, ақылдасып, оны өлтірудің жолын қарастыра бастады. Осы мақсатта яһудилер Исаны (а.с.) тұс-тұстан іздестіре бастағанда, оларға хабар айтып, өзінің екіжүзділігін әшкерелеген адам он екі хауаридың бірі болды. Ол «Тауып бергеніме пәлен ақша бересіндер» деп ақшасын алған соң, оларды пайғамбар отырған үйге бастап келді. Есікті ашып «із-деген Исаларың осында» деп табалдырықтан аттап, бірінші болып ішке енеді. Бұл кезде Иса (а.с.) олардың келетінін алдын-ала білген еді. Сол себепті дұға оқыды. Аллаһ тағала оның бұл соңғы дұғасын қабыл етіп: «Ей, Иса! Сені Өз тарапыма көтеріп алмақпын. Қарсыластарыңнан құтқарам. Саған ілескендердің мерейін қияметке дейін олардан үстем қыламын. Соңында қайтар жерлерің Мен жақ! Сонда таласқан нәрселеріңе үкім беремін!» – дейді.

Әлгі мұнафық ішке кірген кезде, Жәбірейіл періште пайғамбарды өзімен бірге көкке көтеріп алып кетеді де, Аллаһ тағаланың құдіретімен әлгі мұнафықтың бейнесі Исаныкінен (а.с.) аумай қалған болатын. Еріп келгендер мұнафықтың даусы шыққан бөлмеге кіргенде, «Иса міне отыр, міне отыр» деп тұрған Иса пайғамбар бейнесіндегі біреуді көреді. Олар оны бірден тарпа бас салады. «Өзінді-өзің басқа жақтан іздеп, бізді тағы ақымақ қылғың келген екен!» – деп кіжінеді. Оның жан даусы шыға «Мен сіздерді бастап келген адаммын ғой!» – дегеніне қарамайды. Кейбір деректерде бұл мұнафықтың аты Тайтанос болғандығы айталады. Олар Тайтаносты айқыш ағашқа керіп байлап өлтіргелі жатқанда, ол соңғы сөзін айтып: «Маған сенбесендер, қалтамды қараңдар. Берген ақшаларыңды көресіндер», – деп жалынады. Қандары қарайған топ оның сөзін



елемейді де. Алайда әбден қинап өлтіргеннен кейін, қалтасын қарағанда, расында да, өздерінің ұстатқан ақшаларын көріп қатты таңғалады. Сол кезде ғана істің мән-жайы басқаша болғанын аңғарады. Дереу Тайтаносты іздей бастайды. «Ең алдымен үйге сол бастап кірді. Біз үйді тінтіп шыққанда, Исадан өзге ешкімді көрмедік. Егер ол анық Иса болғанда, бізге оны ұстап берген Тайтанос қайда кетті? Ал бұл Тайтанос болса, онда Иса қайда кетті? Ақша дар ағашына шегелеп өлтірген адамның қалтасынан шыққанына қарағанда ол Иса болмағаны ма? Сонда ол көкке ұшып кетті ме?» – деп бастары қатады.

Құранда ол туралы: *«Тағы да «Аллаһтың елшісі Мәриямұлы Иса Мәсіхты өлтірдік!» дегендіктері... Негізінде, олар оны өлтірген де, асқан да жоқ. Бірақ көздеріне ұқсасы көрсетілді. Расында, оның пайғамбарлығы туралы сөз таластырғандар өлтіру туралы да сөз таластыруда. Бірақ олар күмәннің ғана жетегінде. Олар оны анық өлтірмеді. Аллаһ оны өз тарапына көтерді. Аллаһ өте үстем, хикмет иесі»* деп, хазірет Исаның өлтірілмей көкке көтерілгендігі жайлы ақиқат баяндалған³⁶⁷.

Иса пайғамбардың дүниеге әкесіз келуі қандай таңғаларлық мұғжиза болса, оның көкке тірідей көтеріліп кетуі де дәл сондай мұғжиза. Көкке көтерілген пайғамбар күндердің күнінде жер бетіне «Дәжжал» (Тажал) келіп, адамзатқа бұрын-соңды болмаған зұлымдық жасаған шақта Хақ тағаланың әмірімен жерге түсіп, сол Тажалмен соғысып жеңеді. Бұған қоса бұзылған христиандарды да түзейді. Шоқынған

³⁶⁷ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Ахмед Бәһжәт, Әнбияуллаһ, 355-362 беттер



крестерін сындырып, доңыз етін жеуге тыйым салып, оларды иманға келтіреді. Бұл туралы елуден астам сахих хадис бар. Әйтсе де хазірет Исаның жер бетіне қашан және қалай түсетіні туралы нақты деректер жоқ. Анық ақиқаты Жаратушыға ғана аян.

Иса пайғамбар (а.с.) отыз жасында пайғамбар болып, отыз үш жасында көкке көтерілді. Осы үш жыл ішінде ол өз міндетін кемшіліксіз атқарып кетті. Өзінен кейін соңғы пайғамбар – хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) келетінін де зор қуанышпен сүйіншіледі.

Хазірет Исаның ақырғы пайғамбар туралы хабар беруі

Фарақлит

Иоанн Інжіліндегі бір аятта: *«Мәсих: (Иса) «Мен – менмін. Мен сендерге Тәуілді әкелетін Фарақлитті жіберу үшін сендердің Рабтарыңа кетемін», – деп баяндалған.*

Фарақлит – хақтың рухы, оның мағынасы ақиқат пен жалғанды бір-бірінен толық ажыратушы дегенге келеді. Аллаһ елшісі – ақиқаттың рухы. Өйткені өлі жүректер Оның әкелген шындық шырынымен ғана тіріліп, бүршік жарды. Ол адамдардың тура жолға түсуі үшін аянбай күресті. Хақ пен жалған ұғымдары бір-бірінен тек осындай бір күрес пен күш-жігердің арқасында ажыратылады. Хазірет Мәсих хабар берген Фарақлит келіп жетті. Ол – Аллаһтың ақырғы елшісі, екі әлем Сардары хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уәсәлләм).

Иоанн Інжілінде:

«Егер мені жақсы көрсеңдер, әмірлеріме бас иіңдер! Мен Раббыма жалбарынамын. Ол сендерге үнемі өздеріңмен бірге болу үшін менен басқа бір жұбатушы,



ақиқат рухын (Фарақлитті) береді», – делінеді (Иоанн, 14-бап, 15-16 аят).

Енді кезекпен төмендегі аяттарға назар аударайық:

«Фарақлиттің Рухул-Қудус болғанының ерекшелігі сонда – Рабб Оны менің атыммен (яғни, пайғамбар етіп) жібереді. Ол сендерге барлық нәрсені үйретеді. Әрі менің сендерге үйреткендерімді де қайта еске салады» (Иоанн, 14-бап, 26-аят).

«Фарақлит келген кезде, мен үшін куәгер болады. Сендер де маған куәлік етіңдер» (Иоанн, 14-бап, 26-аят).

«Мен сендерге хақты айтамын. Менің кетуім сендер үшін жақсы. Өйткені мен кетпесем, Фарақлит сендерге келмейді. Бірақ мен кетсем, оны жіберемін» (Иоанн, 16-бап, 7-аят).

«Фарақлит келген кезде, барлық әлемді жасаған қателіктері үшін кінәлап, оларды тәрбие етеді» (Иоанн, 16-бап, 8-аят).

Інжілдің негізгі түпнұсқасы көне еврей тілінде, кейін грек тіліне аударылды. Біздің қазіргі қолымыздағы арабша аудармалар грек тілінен тәржімаланған. «Фарақлит» – грек тіліндегі «ақиқатты айқындаушы» сөзінің арабша баламасы, яғни араб тіліне аударылып, осы тілге енген сөз³⁶⁸.

Иоанн Інжілінде:

«Мәсих (Иса) былай деді: Мен енді сендермен сөйлеспеймін. Өйткені бұл әлемнің басшысы келе жатыр. Онда бар нәрсе менде жоқ» – делінген (14/30).

³⁶⁸ Ф.Гүлен, Ғаламның рақым нұры (ауд: Ахмет Әшен), Алматы, 2007. 67-68-беттер



Ендеше бұл жердегі айтып отырған «Фарақлит» ақырғы пайғамбар – хазірет Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә салләм) еді.

Хазірет Исаның пайғамбар болып келуінің бір сыры – адамзатқа жіберілген ақырғы пайғамбарды сүйіншілеу болатын. «Саф» сүресіндегі мына аят та осыны қуаттайды. *«Сол уақытта Мәриямұлы Иса: «Уа, Исрайыл ұрпақтары! Шын мәнінде, мен Аллаһтың елшісімін, алдымдағы Тәуратты растаушы және менен кейін келетін «Ахмәд» атты пайғамбарды айтып сүйіншілеймін», – деген еді»*³⁶⁹.



³⁶⁹ «Саф» сүресі, 6

АДАМЗАТТЫҢ АСЫЛЫ – ХАЗІРЕТ МҰХАММЕД (С.А.С.)

Тарихи кітаптарда өзге пайғамбарларға қарағанда Аллаһтың сүйіктісі, адамзаттың соңғы елшісі Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уә салләм) жайлы деректер толық сақталған.

Адамзаттың асылы (с.а.с.) (милади жыл санауы бойынша) 571 жылы, Рәбиул-әууәл айының дүйсенбіге қараған он екінші түні Меккеде дүниеге келді.

Ол уақыттарда «Мұхаммед» есімі ел арасында кең таралмаған еді. Атасы Абдулмутталиб немересінің атын «Мұхаммед» деп қойған себебін «Аллаһтың да, халықтың да мақтауына ие болғанын қаладым» деп түсіндірген³⁷⁰.

Әкесі Абдуллаһ әлдебір сауда сапарында жүріп, көз жұмады. Бұл кезде хазірет Мұхаммед (с.а.с.) дүние есігін әлі ашпаған болатын. Тұмай жатып әкесінен айрылған Мұхаммед (с.а.с.) төрт жасына дейін сүт анасы Халиманың, одан кейінгі екі жыл өз анасы Әминаның қолында өсті. Алты жасында анасы Әмина оны туғантуыстарын аралатып, әкесінің басына ертіп апару үшін Мәдинаға аттанады. Нәжжарұлдары жағынан туыстарымен танысып қайтқан осы сапарында қайтар жолында «Әбуа» деген жерде анасы Әмина аяқ астынан ауырып қайтыс болды. Сапарға бірге шыққан Үмму Әйман ата-

³⁷⁰ Осман Кескиоғлы, Али Химет Берки, Хазрет Мухаммед ве хаяты. 34 б.



анасынан тұлдыр жетім қалған баланы Меккеге әкеліп, атасының қолына табыс етеді.

Алты жасынан сегіз жасына дейін атасы Абдулмұтталибтің қолында өсті. Атасы қайтқанда, марқұмның өсиетімен әкесінің бауыры Әбу Тәліптің қарамағына берілді.

Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) он екі жасқа толғанда, саудамен айналысатын көкесі Әбу Тәліптің бір жағына шығысып, Сирияға бірге сапар шегеді. Алайда, олар Бусрадегенжерден кері оралуға мәжбүр болады. Өйткені жолда Бахира атты монахқа жолыққан еді. Хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) бойынан соңғы пайғамбардың белгілерін байқаған Бахира Әбу Тәліпке кері қайтуға кеңес береді. Себебі балаға яһудилердің зияны тие ме деп қорыққанын жасырмайды³⁷¹.

Бала кезінде бірде Мекке маңында Әбу Тәліптің қойын бағып жүріп жергілікті халықтың тойына бармақшы болғанында, жолда ұйықтап қалып, той тарқаған соң бір-ақ оянғанын айтқан³⁷². Өмірінде кездескен осындай бірқатар оқиғалар³⁷³ Аллаһ тағаланың оны кішкене кезінен күнәдан сақтаған исмет сипатын аңғартып тұр.

Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) 591 жылы жиырма жасқа толғанда «Хилфул-Фудул» қоғамына мүше болып кіреді. Бұл қоғам Меккеде озбырлық болмауын қадағалап, біреудің біреуге әлімжеттік жасауына жол бермейтін. Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарлық келгеннен

³⁷¹ Ибн Сағид, Табақат, 1\153-155; Табари, Тарих, 1\194-195, Қысасул-әнбия, Ахмед Жевдет Паша.

³⁷² Сүһәйли, Раудатул-үнф, 1\81

³⁷³ Қараңыз: Бухари, Сахих, 1\143 (357); Ахмед ибн Ханбәл, Мүснәд, 3\310 (14371)

кейінгі жылдарда сол кезді «Қазір де сол ұйым өздеріне шақырса, бас тартпас едім» деп еске алған.

Жиырма бес жасында Меккедегі дәулетті Хадиша есімді әйелдің сауда керуенін басқарады. Хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) адалдығы мен ұқыптылығына тәнті болған Хадиша оны ұнатып, үйленуге ұсыныс білдіреді. Нәтижеде Аллаһ елшісі (с.а.с.) жиырма бес жасында Хадиша анамызбен отау құрады. Хадиша анамызбен жұп жарастырған бақытты шаңырақтарында екі ұл, төрт қыз сүйеді (үшінші ұлы Ибраһим басқа зайыбынан дүниеге келген). Ұлдары: Қасым, Абдуллаһ, Ибраһим; қыздары: Зейнеп, Руқайя, Үммі гүлсім және Фатима³⁷⁴.

Хадиша анамызбен тату-тәтті өмір сүрген Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол бақилық болғаннан кейін де өле-өлгенше оның Ислам дініне жасаған қолдауын, басқа да жақсылықтарын ұмытпаған.

Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) жастайынан ел ішінде көркем қасиеттерімен танылған еді. Халық оның шыншылдығы мен сенімділігін ескеріп, «әл-Әмин» (сенімді) деп құрметтейтін.

Оны мыны бір оқиғадан байқауға болады. Меккедегі қасиетті Қағбаның қабырғалары ұзақ уақыт күтім көрмей, жауын-шашын, жел құздан жер болып мүжіліп біткен-ді.

Осыған байланысты Қағбаны жөндеу жұмыстары қолға алынған болатын. Әр рудың адамдары бұл іске білек сыбана кіріседі. Алайда қасиетті қара тасты (Хажарул-әсуэд) тұғырына қондыруға келгенде, рулар арасында талас туды. Әр ру оны өз қолымен қойғысы

³⁷⁴ Осман Кескиоғлы, Али Химет Берки, Хазрет Мухаммед ве хаяты. 48 б.

келді. Бұның соңы қақтығысқа, жаға жыртысар жанжалға ұласу қаупі туындағандықтан, тығырықтан шығар жолды Құрайыштың ең жасы үлкен қариясы Әбу Үмәйя ибн Мұғира көрсетеді:

– Қаласаңыздар, бұның төрелігін ертең Сафа қақпасынан бірінші болып аттаған кісіге қалдырайық.

Бәрі осыны құп көрді.

Ертесі күні Аллаһтың қалауымен қақпадан алғаш болып хазірет Мұхаммед (с.а.с.) кірді. Халық басқаның емес өздері «әл-Әмин» деп атаған шыншылдығымен аты шыққан кісінің келгеніне айрықша қуанып, оның төрелігіне жүгінеді³⁷⁵.

Талас-тартыстың неден туындағанын түсіндіргенде, хазірет Мұхаммед (с.а.с.) көп ойланып жатпастан мата сұратты. Қара тасты соның үстіне қойдырып, әрбір рудан бір кісі ортаға шығарып, матаның пұшпағынан ұстатып, тиісті жерге жеткізгеннен кейін, қара тасты Аллаһ елшісі (с.а.с.) өз қолымен орнына қойды. Оның бұл тапқырлығына бәрі тәнті болды. Осылайша талас-тартысқа соңғы нүкте қойылды³⁷⁶. Бұл кезде хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) жасы отыз бесте болатын.

Пайғамбарлықтың келуі

Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) қырыққа таяғанда, оңашада ой кешіп, жаратылыстың тылсым құпияларына үңілетін. Елден жырақ құлшылық жасайтын. Осы мақсатта ара-тұра Хира тауындағы үңгірге барып-тұруды әдетке айналдырды. Азық алу үшін ғана үйге келіп, көп кідірмей қайта кететін.

³⁷⁵ Муснәд, 3/425; Ибн Һишам, 1/209.

³⁷⁶ Ибн Сағьд, Табақат, 1\146; Табари, Тарих, 2\ 201

610 – жылдың Рамазан айының бір күні сол үңгірде оған пайғамбарлық міндет жүктелді. Жәбірейіл періште арқылы Аллаһтың алғашқы аяттары түсті.

Бұл жайлы Аллаһ елшісінің өзі былай дейді: «Сол уақытта періште мені қапсыра құшақтап алды. Тынысым тарылып кетті. Бір уақытта мені қоя берді де: «Оқы!», – деп бұйырды. Мен «Оқу білмеймін», – деп жауап бердім. Ол мені қайта құшақтап «Оқы!» деді. Мен оқи алмайтынымды айттым. Жәбірейіл періште үшінші рет қысқанда «Нені оқиян?» деп сұрадым. Сонда ол мына аяттарды оқыды:

أَفْرَأُ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ. خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ. أَفْرَأُ وَرَبُّكَ
الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ. عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ

«Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса ардақты. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен»³⁷⁷».

Аллаһ елшісі (с.а.с.) осы оқиғаның әсерінен айыға алмай үйіне оралады. Келген бетте жан жары Хадиша анамызға басынан өткенін баяндады. Хадиша анамыз оған: «Ант етейін, Аллаһ тағала сені жамандыққа ұшыратпайды. Бұл тегін емес. Өйткені сен туыстықты жақтайсың, шыншылсың, сабырлысың, қонақжайсың, мұқтаж адамдарға көмектесесің...»³⁷⁸ дейді.

Іле Хадиша бұл оқиғаны Тәурат пен Інжілден хабары мол Уарақа ибн Нәуфалға айтқанда, оның таңданысында шек болмады. «Аллаһқа ант етейін, егер айтқаның рас

³⁷⁷ «Ғалак» сүресі, 1-5 аяттар

³⁷⁸ Бухари, Сахих, 1/4 (3)

болса, онда ол Мұсаға да келген үлкен періште Намус ақбардың өзі болды ғой»³⁷⁹ деп түсіндірді.

Уарақа ибн Нәуфал хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлық жүктелгенін ұқтырып, ендігі жерде дінді тарату жолында көп қағажу көретінін ескертті. Тіпті не түрлі жала жабылып, елден қуылуы мүмкін екендігін де айтты. Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) «Сонда туған жерімнен қуыламын ба?» деп таңғала сұрағанда, ол «Кезінде қауымы сенбей, жала жаппаған, елден қуылмаған, ауыртпалық тартпаған ешбір пайғамбар болмаған» деп жауап берді³⁸⁰.

Осыдан кейін періште көпке дейін ат ізін салмады. Бірде таудан қайтып келе жатқанда, әлгі періште пайда болды. Қатты қорыққан Пайғамбарымыз (с.а.с.) табалдырықтан аттар-аттамастан қымтанып жатып қалады. Сол кезде періште Құранның «Мүддәссир» сүресінің алғашқы аяттарын баян етеді.

Аятта:

يَا أَيُّهَا الْمُدَّثِّرُ {١} قُمْ فَأَنْذِرْ {٢} وَرَبِّكَ فَكَبِّرْ {٣} وَتَبَارَكَ فَطَهَّرْ {٤}

*«Ей, жамылғымен қымтанып жатқан (пайғамбар)! Орныңнан тұр, адамдарға (ақырет азабын) ескерт. Раббыңды ұлықта. Үсті-басыңды таза ұста!»*³⁸¹ делінді.

Алғашқы мұсылмандар

Хазірет Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) осы сәттен бастап, өзіне пайғамбарлық міндет жүктелгеніне толық көз жеткізіп, таухид сенімін жақындарына түсіндіре

³⁷⁹ Мауарди, Аламун нубууа, 1/275

³⁸⁰ Бухари, Сахих, 1/4 (3); Мұслим, Сахих, 1/97, 98

³⁸¹ «Мүддәссир» сүресі, 1-4 аяттар

бастады. Алғаш болып мұсылмандықты жары Хадиша (р.а.) қабылдады. Одан кейін үлкендер арасынан Әбу Бәкір (р.а.), құлдар арасынан Зәйд ибн Хариса (р.а.), жастардан Әбу Тәліптің ұлы Әли (р.а.) Исламға мойынсұнды.

Әбу Бәкірдің (р.а.) себепкерлігімен де көптеген адамдар мұсылмандықты қабылдады. Атап айтқанда, Осман ибн Аффан, Абдуррахман ибн Ауф, Сағыд ибн Әбу Уаққас, Халид ибн Саид және Әбу Зәрр Ғифари (р.а.).

Исламды алғаш қабылдаған адамдар «Сабикуна әууәлун» деп аталды.

Халықты дінге үш жылдай жасырын шақыруға мәжбүр болды. Мұсылмандар құрайыштардың қарсылық танытатындығын біліп, намаздарын да жасырып оқыды.

Дінге ашық шақыру

Үш жылдан соң дінді ашық насихаттау турасында аят түсті:

وَأَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْأَقْرَبِينَ {٢١٤} وَاخْفِضْ جَنَاحَكَ لِمَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ
 الْمُؤْمِنِينَ {٢١٥}

«Жақын туыстарыңды дінге шақыр. Мүминдерден саған ергендерге рақымдылық таныт»³⁸².

Осыдан бастап Аллаһ елшісі (с.а.с.) жақын туыстарын қонаққа шақырып, оларға Ислам дінін насихаттай бастады. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) насихатын естігенде, туыстары теріс айналды. Өз көкесі Әбу Ләһаб та оның айтқандарына өре түрегеліп қарсы шықты.

³⁸² «Шуара» сүресі, 214 – 215 аят



Бірде Қағба маңындағы Сафа жотасына шығып, арабтардың әдеті бойынша «Уа, халайық!» деп жұрттың назарын өзіне аударды. Естіген жұрт айналасына жиналды. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.):

– «Егер де мен анау таудың арғы жағында жау қолы таяп қалды, тұтқиылдан шабуылдайды десем, осы айтқаным сенер ме едіңдер?»

– «Әрине, сен айтсаң, сенеміз. Өйткені біз сенің жалған сөйлегеніңді көрген емеспіз».

– «Олай болса, біліп қойыңдар. Мен – сендерге Аллаһтың әмірін жеткізушімін»³⁸³ деді.

Жиналғандардың арасынан көкесі Әбу Ләһаб алғаш болып қарсы шығады. Оның «Ей, тұқымың (қолдарың) құрғыр! Бізді осы үшін шақырдың ба?»³⁸⁴ деген сөзі жиналған халықтың үйді-үйлеріне тарауына себеп болды.

Аллаһ елшісі насихаттаған дін негізінен мынадай бұйрықтардан тұрды:

«Барша жаратылыстың егесі – Аллаһ тағала. Ол – Жаратушы, баршаға рызық беруші, Мәңгі тірі, болмыс атаулының Иесі сол ғана. Ендеше, пәни нәрселерге: жұлдыздарға, айға, ағаштарға емес, бір Жаратушыға ғана мойынсұнып, Соған ғана құлдық ұру қажет. Ұрлық-қарлық, әлімжеттік жасап басқаның мүлкін тартып алу, ар-намысын аяққа таптау – үлкен күнә. Бұл әдеттеріңді тастаңдар! Әрқашан шындықты айтып, өтіріктен жуымандар. Әділ болыңдар! Нақақ кісі өлтірмеңдер!

³⁸³ Бухари, Сахих, 4\1804 (4523); Табари, Тарих, 1\541

³⁸⁴ Әбу Ләһабтың осы қылығына орай Құрандағы «Тәббат» сүресі түсіп, Әбу Ләһабтың өз қолдары курап кеткен. Әрі оның ақыретте тозақта азапталатындығы да білдірілген. Қараңыз: «Тәббат» сүресі, 111\1-5



Барлығына, әсіресе туған-туыс, жарлы-жақыбай мен мұқтаж жандарға, жолаушыларға жақсылық жасаңдар! Асырай алмаймын-ау деп балаларыңды өлтірмендер! Зинаға жақындаушы болмаңдар! Жетім-жесірді жылатпаңдар! Уәде берсендер, сөздерінде тұрыңдар! Таразыдан жемендер! Нақты білмейтін нәрселерінді сөз етпендер. Өйткені құлақ, көз, жүрек – бәрі де айтылған ауыздан шыққан сөз үшін жауапқа тартылады. Менмендік пен тәкаппарлықтан сақтаныңдар! Бір-бірлеріңе мейірімді, жұмсақ сөйлеп, әдепті болыңдар! Ешкім басқа біреуді мазақтап қорламасын, жаман лақап ат тақпасын! Басқалар жайлы жаман ойламаңдар! Өзгенің қатесін тіміскілеп, күнәсін ашуға құмартпаңдар. Өздеріңе, ата-аналарың мен жақындарың үшін болса да өтірікке куәлік жасамаңдар! Әділетсіздік жасамаңдар, кешірімшіл болыңдар! Жамандыққа жақсылық жасаңдар, ішімдік ішпендер, құмар ойындарына құмартпаңдар!

«Барлығың да Аллаһ тағаланың алдында теңсіңдер. Ешкім бетіне қара күйе жағылып қор болып туылмайды, ешкім де бұл өмірге атақ-даңқпен келмейді. Тек қана Жаратқанға құрметпен тағзым еткендер, сөзі мен істерінде әрдайым турашыл болғандар ғана шын абырой таппақ. Адамды ұлты мен түр-түсіне қарап кемсітпендер. Бәрің де ажалдан құтыла алмайсыңдар. Біліп қойыңдар, о дүниеде әділ сот құрылып, бүкіл істеріңе жауап бересіндер. Ол кезде ешқандай таныстық та, пұл да көмектесе алмайды. Ол кезде адамға иманы мен ізгі істері ғана көмектеседі. Осыларға ие болған жан мәңгілік бақыт отаны жәннатқа, ал бұдан мақұрым қалғандар тамұққа тасталады».

Құрайыштықтар Ислам дінін қабылдаған жарлы-жақыбайларға, әсіресе туысы жоқ адамдарға қатты



қысым көрсетті. Тіпті әлімжеттікте шектен шығып, түрлі зорлық-зомбылық жасай бастады.

Әсіресе мұсылмандықты қабылдаған құлдар өз қожайындарынан көп жапа шекті. Олардың арасында Біләл (р.а.) мен Ясир (р.а.) отбасын атауға болады.

Залым мүшрік Үмәййа ибн Халаф Біләлға Исламнан бас тартуды бұйырып, оны көшеде итше жетектеп, жалаңаш күйде күйіп тұрған құмға жатқызып, көкірегін ауыр таспен бастырып қинады.

Ал Ясирді жанұясымен бірге қан-жоса дүрелеп, аяқ-қолдарын керіп байлап тастады. Жаны қиналып қанша азап көрсе де бірақ олар Исламнан бас тартпады. Ясирдің әйелі Сұмайяны Әбу Жәһил найзамен шаншып өлтірді. Артынша Ясирді де осылай ана дүниеге аттандырады. Олар Ислам тарихында алғаш шейіттіктің дәмін татты. Кезек өзіне келгенде, адам төзгісіз жағдайға шыдай алмаған Аммар еріксіз олардың айтқанына көніп, Исламнан бас тартады. Кәпірлер соған мәз болып, Аммарды еркіне қоя берді. Аммар ардақты Пайғамбарымызға (с.а.с.) көз жасын тыя алмай жағдайды түсіндіреді. Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Олардың тілегін тіліңмен айтқанда, жүрегіңмен қостамаған болсаң, Аллаһ сені кешірер. Егер тағы да сені ұстап алып, қинайтын болса «сендердің дегендерің болсын» деп басыңды арашалап ал», – деп Аммарды жұбатады.

Сағыд ибн Әбу Уаққас (р.а.) Ислам дінін қабылдағанда, анасы бұлқан-талқан ашуланды. Тіпті анасы өз-өзін үйдің дінгегіне байлатып тастайды. Баласы Сағыд Исламнан бас тартпайынша, нәр сызбайтынын да айтады. Керек болса, осы жолда өлетінін жеткізеді. Бұл көп уақытқа дейін осылай жалғасты. Ал Халид ибн Саидты әкесі ұрып-соғып, аяқ-қолын байлап

бір бөлмеге қамап тастайды. Оны райынан қайтару үшін адам ойына келмейтін азап көрсетті. Осман ибн Аффан, Зүбәйр ибн Аууам және Біләл Хабаши де соққыға жығылады. Бірақ, бәрі де алған бетінен қайтпады.

Мүшріктердің бұндай жауыздығы Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзін де айналып өтпеді.

Бір жолы Пайғамбарымыз (с.а.с.) Қағбада намазда басын сәждеге қойғанда, Әбу Жәһіл бастаған мүшріктер түйенің қан-жынын оның басына ақтарып, Екі әлем сардарын мазақ етеді³⁸⁵.

Харис ибн Харис (р.а.) әңгімелеуде:

«Мен ол кезде кішкене бала едім. Бір күні әкем екеу-міз Қағбаға қарай бара жатып жолда бір топ адамның жабылып біреуді ұрып-соғып жатқанын көрдік. Әкемнен кімге жабылып жатқандарын сұрадым. Ол маған «Бір сабиді»³⁸⁶ деп жауап қатты. Мен бұл сөздің мағынасын түсіне қоймадым. Кейін барып сол кезде таяқ жеген кісінің Аллаһ елшісі (саллаллаһу алайһи уә сәлләм) екенін білдім. Өйткені ол кісі «Әй, адамдар! Лә иләһа иллаллаһ деп айтыңдар» деуде еді»³⁸⁷.

Тағы бірде азулы мүшріктерден Ибн Әбу Муайт Қағбада намаз оқып тұрған Аллаһ елшісіне (с.а.с.) таяп келіп, мойнынан ұстап қылқындырады. Әбу Бәкір (р.а.) мұны ести сала жанұшыра жүгіріп келіп «Раббым Аллаһ дегеніне бола бұл кісіні өлтірмексіндер ме?» деп араша түсті.

³⁸⁵ Мауарди, Аламун нубууа, 1\142

³⁸⁶ Ата бабаларының дінінен бас тартқан адам

³⁸⁷ Ибн Әсир, Ұсдул ғаба, 1\384; Ибн Хажар, әл Исаба, 1\275



Хазірет Әбу Бәкір (р.а.) оны осындай қиын жағдайлардан бірнеше рет арашалаймын деп, өзі де талай рет оңбай таяқ жеген еді³⁸⁸.

Осындай түрлі қиындықтарға сабыр ете жүріп, жұртты дінге ашық шақыруын тоқтатқан жоқ. Бірақ мүшріктердің мұсылмандарға әңгір-таяқ орнатуы күнбе-күн асқына түсті.

Эфиопияға қоныс аудару

615 жылы бір топ мұсылман дінді қорғау мақсатында Аллаһ елшісінен (с.а.с.) рұқсат алып Хабашистанға (Эфиопия) көшті. Меккеліктердің Эфиопиямен сауда қатынасы жолға қойылғандықтан, ол жақтың жағдайларына қанық болатын. Әрі Эфиопия патшасы әділдігімен танылған кісі еді. Алғашқы көшкендердің саны он бес адам болатын, бесеуі әйел еді. Арасында Пайғамбарымыздың қызы Рукия мен күйеу баласы Осман ибн Аффан да (р.а.) бар.

Келесі жылы Эфиопияға мұсылмандардың екінші легі аттанды. Алғашқыларға қарағанда олардың қарасы көп болатын. Нақтырақ айтқанда, сексен екі ер кісі және он әйел.

Бірақ, мүшріктер оларға Эфиопияда да тыныштық бермеді. Құрайыштықтар Эфиопия патшасына сыйсыпат ұсынып, мұсылмандарды кері қайтаруды талап етті.

Эфиопия патшасы мұсылмандарды өзіне шақыртып, Жағфар ибн Әбу Тәліптен жағдайды түсіндіруін сұрайды. Жағдайға қаныққан соң, пана іздеп келген адамдарға опасыздық жасай алмаймын деп Құрайыш елшілерін кері қайтарды.

³⁸⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая уән-Нихая, 3\29, 30

Мекке мүшріктері Пайғамбарымызды қорғаштап жүрген Әбу Тәліпке бірнеше рет келіп: «Жиенің халықты дінге шақыруын қойсын немесе сен оны қорғаудан бас тарт» деп талап ететін.

Әбу Тәліп Аллаһ елшісін өзіне шақыртып, құрайыштардың қандай талап қойғандығын білдіреді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) көз шарасы жасқа толып: «Олар менің оң қолыма – Күнді, сол қолыма – Айды ұстатса да мен бұдан бас тарта алмаймын» деп жауап қатты³⁸⁹.

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) мұндай жауапты естіген құрайыштықтар Дарун-Нәдуада³⁹⁰ бас қосады. Олар пайғамбардың көзі жойылмайынша, бұл істен бас тартпайтынын, сондықтан оны өлтірген адамның алдына жүз түйе салып беретін болып уағдаласады. Мұндай қомақты сый тігілгеніне қарамастан пайғамбардың көзін жоюға ешкімнің жүрегі дауламайды. Тек Омар ибн Хаттаб қана «бұл істі өзім жайғаймын» деп орнынан сілкіне тұрады.

Омар қолына қаруын алып, Пайғамбарымызды (с.а.с.) өлтіруге бара жатып, қарындасы Фатима мен күйеу баласы Саид ибн Зәйдтің мұсылман болғанын естиді. Естиді де, әуелі өзінің туыстарын өлтіру үшін кері бұрылады. Дәл осы кезде әпкесінің отбасы «Таһа» сүресінің алғашқы аяттарын оқып жатқан еді. Олар ағасын көрген сәтте Құран аяттарын жасырмақ болады. Бірақ жасырып үлгермейді. Алғашында ашуы алқымына тығылып, күйеу баласына қол көтереді. Ара

³⁸⁹ Ибн Хишам, Сира, 2\101

³⁹⁰ Пайғамбарымыздың арғы аталарының бірі Құсайдың тарапынан Қағбаның қарсы алдында тұрғызылған ғимарат. Онда Мекке қалалық мемлекетінің барлық мәселелері қаралатын.

түскен қарындасын да қалпақтай ұшырады. Дегенмен олардың алған бетінен қайтпайтынына көз жеткізеді. Құран парақтарын қолына алып оқиды. Құранды оқыған кезде бойын ерекше бір сезім билеп, қатты толқиды. Артынша тілін кәлимаға келтіргенді жөн санайды. Осыдан кейін ол Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп өзінің мұсылмандықты қабылдағандығын айтады³⁹¹.

Сол күні алғаш рет Қағбада Пайғамбарымыздың өзі бас болып жамағатқа намаз оқытты. Бұл мүмкіндік хижретке дейін тумады.

Омардың (р.а.) мұсылман болуы мұсылмандардың рухын бір көтеріп тастады. Өздерін еркін сезініп, батыл қимылдайтын болды. Алайда, мүшріктер өздерінің жеңіске жететініне әлі де болса сенімді еді.

Омардың (р.а.) мұсылман болуы туралы әрі Бәйтуллаһта (Аллаһтың үйі қасиетті Қағбада) жамағатпен намаз оқылды деген хабарды Эфиопиядағы мұсылмандар басқаша түсініп қалды. Осыған байланысты кіндік қаны тамған жерлерін аңсаған Эфиопиядағы мұсылмандар Меккеге қайтып оралудың сәті туды деп біліп, еліне оралады. Алайда, Меккеде бәз баяғыша мүшріктердің дәурені жүріп тұрған болатын. Оралғандардың бір бөлігі кейбір дәулетті мүшріктердің қорғауымен Меккеге кірсе, екінші бір бөлігі жасырынып қалаға түнде кіруге мәжбүр болды. Шаһарға түн жамылып кірген мұсылмандар Меккедегі жағдайдың өзгермегендігіне көздері жетті. Соққыға жығылды. Бірақ бәрібір Меккеден кеткілері келмеді.

Осы аралықтарда Мекке мүшріктері жиналып келіп Аллаһ елшісінен аспандағы айды қақ екіге бөлетін мұғжиза көрсетуін талап етті. Мақсаттары – оны

³⁹¹ Ибн Хишам, Сира, 2\187

тұқыртып, елдің алдында абыройын айрандай төгеді. Мүшріктердің пиғылын сезсе де Пайғамбарымыз олардың бұл орынсыз талабын: – Егер мен сендерге сол мұғизаны көрсетсем, иманға келесіңдер ме? – дейтін шартпен орындауды жөн көреді. Олар келісетіндіктерін білдіреді. Пайғамбарымыз Аллаһқа сиынып, сұқ саусағымен түнгі аспанға ишарат жасауы мұң екен, жиналған халықтың көзінше ай қақ екіге бөлінді. Тіпті бір бөлігі Әбу Қуайыс, екіншісі Қуайқыян қырқасына барып қонды. Бұл ғажап мұғжиза Ислам тарихында «Шаққы қамар» (айдың бөлінуі) деген атпен қалды. Алайда, өкініштісі, мүшріктер бұны да сиқырға балап, ақиқатты көрсе де көрмегенсіп, теріс айналды³⁹².

Мұсылмандарды оқшаулау

617 жылдан бастап пұтқа табынушылар мұсылмандарды оқшаулап, елмен араласуына шек қойып, оларды шөлге тықсырып, аштықпен шыбындай қырып жіберудің амал-айласын жасап бақты. Хашимұлдарымен сауда-саттық жасауына, барыс-келісіне, тіпті тілдесуіне тыйым салды. Мүшріктер мұндай қадамға күн сайын қатары молайып келе жатқан мұсылмандарға деген қастық пиғылмен барды. Себебі, Мекке сауда орталығы болумен қатар қасиетті жер еді. Шаһарға келген арабтар міндетті түрде Қағбаға тауап жасайтындықтан, мүшріктер мұсылмандардың Қағбада Құран оқуын қаламайтын. Бұған қоса арабтардың Уққаз, Мәжанна, Зүлмәжаз секілді әйгілі жәрменкелері де бар еді. Пайғамбарымыз сол жәрменкеге жиналған халықты Ислам дініне шақыратын. Көлеңкесіндей ар-

³⁹² Табари әл-Жамиул-Баян, 11\543. Ол оқиға Құранда да баяндалған. Қараңыз: «Қамар» сүресі, 54\1, 2



тынан Әбу Ләхаб қалмайтын. Оған тас лақтырып, аяғын жаралап, айтқан сөздерін терістесе де мұсылмандыққа қызығушылық танытып, Исламды қабылдайтындар да ұшырасатын.

Елден жырақ шөл далада үш жылдай қиналып, бұл аралықта аштықтан қанша титықтаса да мұсылмандар дінге беріктік танытып, сабыр ете білді. Бірде Пайғамбарымыздан тосын жаңалық естіген Әбу Тәліп мүшріктерге былай дейді:

«Қағбаның қабырғасына ілген мүшріктердің қағазына құрт түсіпті. Тек «Аллаһтың атымен бастаймын» (Бисмикә Аллаһумә) деген жері ғана қалыпты. Бұл хабарды бауырым Мұхаммедтен (с.а.с.) естідім. Сенбесендер Қағбаға барып, өз көздеріңмен көріңдер. Егер бұл рас болса оларға қысымды тоқтатындар. Ал жалған болса, мен бауырымды қорғаудан бас тартамын».

Мүшріктер бұл хабардың растығына көз жеткізеді. Сонда да «солақай» ниеттерінен қайтпады. Десе де кейбір мүшріктер қысым көрсетуді тоқтатқан еді.

Қайғылы жыл және Миғраж оқиғасы

620 жылы Хадиша мен Әбу Тәліп бірінен кейін бірі қайтыс болды. Хадиша мен Әбу Тәліп ел ішінде белді, беделі бар, Аллаһ елшісіне көп қолдау білдірген кісілер еді. Ең әуелі Аллаһты, сон соң Хадиша мен Әбу Тәліп секілді абыройлы жандарды арқа тұтатын екі әлем сардарынан аяқтарын тарта жүретін дін дұшпандары зорлық-зомбылықты күшейтіп, өшпенділіктің отын өршітті. Қатты қайғырған Пайғамбарымыз (с.а.с.) осы тұста өзіне қолдау іздеп, Тайф қаласына аттанады.

Бірақ, Тайыфтықтар Исламды қабылдамады. Азулы мүшріктердің айтақтауымен жұрт Аллаһ елшісіне тас лақтырып, үсті-басын қан-жоса етті. Пайғамбарымыз (с.а.с.) серігімен Тайф маңындағы тауды паналап әрең аман қалды. Осы оқиғадан кейін арада біраз жыл өткенде, Аллаһ елшісінен (с.а.с.): «Ухуд шайқасынан бөлек, күллі дүние аяғыңыздан көшіп қиналған кезіңіз болды ма?» деп сұрайды. Сонда ол: «Тайфте көрген оспадар озбырлықты әлі ұмыта алар емеспін. Көңілде сызы қалып қойыпты» деп жауап берген еді.

Ең жақын екі адамының қайтыс болуы Пайғамбарымыздың қабырғасын қайыстырып, қаусатып кетті. Мұсылмандар арасында бұл жыл «қайғылы жыл» деген атаумен есте қалды.

Мүшріктердің кезекті әрекетінен соң Пайғамбарымыз (с.а.с.) үйіне келіп, үстін қағып жатып: «Көкем Әбу Тәліп тірі болғанда, бұлар мұншалықты басынбас еді» деп қапаланғаны бар.

Аллаһ тағала сүйікті құлының қайғысын жеңілдету үшін оны бір түнде Меккедегі Мәсжидул-Харамнан Құдыстағы (Йерусалим) Мәсжидул-Ақсаға апарады. Ой жіберіп, жүрегіне үңілген әрбір адам бұл оқиғадан Аллаһ тағаланың алдында Пайғамбарымыздың қадір-қасиетінің қаншалықты екенін байқайды. Ақса мешітінде Ақиық елші (с.а.с.) бұрынғы пайғамбарлардың рухтарымен кездесіп, Жәбірейіл періштемен бірге миғражға³⁹³ көтеріледі. Ғарыштың әр қабатында өзінен бұрынғы пайғамбарлармен кездеседі. Содан кейін жұмақ пен тозақ көрсетілді. Сол түні Пайғамбарымыз (с.а.с.) Аллаһ тағаламен тікелей тілдеседі.

³⁹³ Ең жоғарыдағы мекен. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Аллаһ тағаланың құзырына көтерілу мұғжизасы.

Мүшріктер Исра³⁹⁴ мен Миғраж деп аталатын бұл екі оқиғаны да мойындағысы келмеді. Олар Пайғамбарымыздың Йерусалимде ешқашан болмағандығын білгендіктен, бәрі жиналып келіп одан Йерусалим мен Ақса мешіті туралы тәптіштеп сұрай бастады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) мүшріктердің сұрағына мүдірмей жауап берді.

Амалы таусылған мүшріктер: «Ей, Мұхаммед! Расында сен сұрақтардың барлығына дәл жауап бердің» дейді. Алайда, өздері иманға келмейді.

Миғражда Пайғамбарымызға (с.а.с.) бірқатар дін үкімдері білдірілді. Олар: бес уақыт намаз оқу, Аллаһқа серік қоспау, ата-анаға құрмет көрсету, туыс-туғанға қарайласу, кісі ақысын жемеу, ысырапшылдық жасамау, қыз балаларды өлтірмеу, зинаға жоламау, нақақтан нақақ кісі өлтірмеу, жетімдерге қамқорлық, уәдеде тұру, таразыдан жемеу, тәкаппарланбау., т.б³⁹⁵.

Мүғжиза көрсе де мүшріктердің дінді мойындамауына бір жағы бақталастық пен күншілдік те себеп болғанын айта кеткен жөн. Оны мына бір оқиғадан байқаймыз.

Муғирә ибн Шуғбә былай дейді:

«Бірде Әбу Жәһилмен бірге отырғанда, Аллаһ елшісі келіп, үгіт-насихат айта бастады.

Бұны естігенде Әбу Жәһил ызаланып:

«Ей, Мұхаммед! Егер о дүниеде үгіт-насихат айтқанына куәгер болатын адам іздеп жүрсең, арам-терлікті қой, керек болса өзім-ақ куәгерлік етемін. Тап қазір мені мазалағаныңды доғаршы», – деді.

Аллаһ елшісі үндеместен тұрып кетіп қалды.

³⁹⁴ Түнгі сапар.

³⁹⁵ «Исра» сүресі, 23-39 аят.

Мен Әбу Жәһилден:

– Расында, сен оған сенесің бе? – деп сұрадым. Ол сонда:

– Негізінде, оның пайғамбар екенін білемін. Бірақ Хашимилармен³⁹⁶ бұрыннан бері арамызда бір бақталастық бар. Олар рифадә³⁹⁷, сиқайә³⁹⁸ бізде деп ұдайы мақтанады. Енді «пайғамбар да бізден шықты» десе, онда бұған төзе алмаймын», – деді...³⁹⁹

Тағы бір жолы Әбу Жәһил Сафа жотасының етегінде тұрған Пайғамбарымызды (с.а.с.) сүйектен өтетін ауыр сөздермен балағаттайды. Мұны естіген Хамза⁴⁰⁰ әуелі Әбу Жәһилдің сазайын береді. Артынша өзі де тілін кәлимаға келтіріп, мұсылмандықты қабылдайды⁴⁰¹.

Бірінші Ақаба серті

621 жылы Меккеге қажылық жасауға келген Мәдиналық Хазраж тайпасының мына алты адамы: Әсад ибн Зүрара, Рафи ибн Малик, Ауф ибн Харис, Құтба ибн Амир, Ұқба ибн Амр, Харис ибн Абдуллаһ мұсылмандықты қабылдайды. Олар Мәдинаға қайтып оралғаннан кейін Ислам дінін жаяды. Олардың өтініші бойынша Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдина халқына Құран үйретуді Мусғаб ибн Умайр мен Абдуллаһ ибн Уммиге тапсырды.

³⁹⁶ Пайғамбардың руы

³⁹⁷ Қараңғылық дәуірде кедей қажыларға ақша, азық-түлік, т.б. тарату

³⁹⁸ Сол дәуірде қажыларға су тарату

³⁹⁹ Алауиддин Али әл-Муттақи әл-Һинди, Кәнзу'л-Уммал, 14/39-40; Ибн Кәсир, әл-Бидәйя, 3/83.

⁴⁰⁰ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көкесі

⁴⁰¹ Ибн Хишам, Сира, 2\129



Келесі жылы қатары тағы алты адамға толыққан олар қажылық кезінде Мина қаласында «Ақаба» деген жерде Пайғамбарымызбен кездеседі. Келесі жылы тағы келуге уәде береді.

Екінші Ақаба серті

Келесі жылы айтылған уақытта олардың қатары біршама көбейеді (жетпіс үш ер, екі әйел). Бұл жолы мынадай келісімге келеді. Келісім бойынша Аллаһқа серік қоспауға, ұрлық жасамауға, зинаға жоламауға, балаларды өлтірмеуге, жала жаппауға, игі саналған істе Пайғамбарымызға (с.а.с.) қарсы келмеуге, алдажалда Мәдинаға пана іздеп келген мұсылмандар болса, олардың мал-мүлкін, өзін қорғауға алатындарына серт береді.

Хижрат

Милади 622 жылы Пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккедегі барлық мұсылмандарға Мәдинаға көшуге әмір береді. Мұсылмандардың кейбірі өз бетінше, кейбірі топтасып Мәдинаға қоныс аударады. Бұған алаңдаған мүшріктер өзара бас қосады. Нәтижеде «Біз Меккеде мұсылмандардың сағын сындыра алмадық. Олар Мәдинаға көшетін болса бой бермей кетеді. Сондықтан да, уақыт оздырмай Мұхаммедтің көзін құрту керек» деген шешімге келеді. Пайғамбарға қастандық жасау үшін жан-жақты дайындалады. Үйді қоршап, торуылдайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзін аңдыған мүшріктердің қолына түспей түнделетіп Әбу Бәкірдің (р.а.) үйіне келеді. Олар Сәуір тауындағы үңгірге жасырынады. Үңгірді үш күн паналап, төртінші күні жолға шығады.

Жолда хазірет Әбу Бәкір Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тағы бір ғажап мұғжизасына куә болды. Бір бала

қой жайып жүр еді. Шөл қысқан екі жолаушы одан қойдың біреуін сауып, соның сүтімен таңдай жібіткісі келетіндіктерін айтады. Бала әлдеқашан суалып кеткен қысыр тоқтыны көрсетті. Сол жерде Аллаһ елшісі дұға оқып, қойдың желінін ұстағаны сол еді, сүт атқылап қоя берді⁴⁰².

Аллаһ елшісі мен Әбу Бәкірдің де (р.а.) жасырын Мәдинаға кеткенін кеш аңғарып, сан соғып қалған мүшріктер Меккеде «пайғамбарды тірідей не өлідей тапқанға немесе қайда жасырынғанын білген адамға жүз түйе атаймыз» деп жар салады. Бәрі жабылып төңіректі түгел шарласа да іздеген адамдарын таппады. Көмекке тәжірибелі із кесушілерді шақыртты. Олардың бірі мүшріктерді Пайғамбарымыз жасырынған үңгірдің аузына дейін алып келіп: «Іздеген адамдарың көкке ұшып кетпесе, осы үңгірде болуы тиіс» деді.

Оның бұл сөзін Аллаһ елшісі мен Әбу Бәкір де естіді. Мүшріктер үңгірдің аузына дейін келгенімен, есіктің көзінде тоқылған өрмекшінің ауын көріп, «Бұл үңгірге жуық арада ешкім кірмеген» деп кері қайтты. Мүшріктердің дабырлаған сөздерін естігенде өзі жанынан артық жақсы көретін Пайғамбарымызға мүшріктер зақым тигізбес пе екен деп қатты қорыққан Әбу Бәкірге (р.а.) Расулаллаһ (с.а.с.) لَا تَحْزَنْ إِنَّ اللَّهَ مَعَنَا «Қорықпа, Аллаһ бізбен бірге»⁴⁰³ деді.

Арада үш күн өткенде Әбу Бәкірдің (р.а.) келісуімен жол бастаушы Абдуллаһ ибн Ұрайкит атты кісі оларға екі түйе алып келді. Осылайша олар сапарын одан әрі жалғастырады.

⁴⁰² Бухари, Сахих, 3\1433 (3699)

⁴⁰³ Бұл оқиға Құранда да кездеседі. Қараңыз: «Тәуба» сүресі, 9\40

Пайғамбарымыздың Мәдинаға хижрат етуі

Аллаһ елшісі мен хазірет Әбу Бәкір (р.а.) Меккеде қалған Әлимен (р.а.) Құба ауылында кездеседі. Олар Құбада екі апта болып, жұма күні жолға шығады. Рануна алаңқайына келіп, алғашқы жұма намазы мен алғашқы хұтбаны оқиды. Құба ауылында Гүлсім ибн Хидм деген құрметті ақсақалдың үйінде қонақ болады.

Алғашқы мешітті де осы Гүлсімнің құрма кептіретін алқабында тұрғызады. Бұл туралы Құранда мынандай аят кездеседі:

لَا تَقُمْ فِيهِ أَبَدًا لَمَسْجِدٍ أُسَسَّ عَلَى التَّقْوَى مِنْ أَوَّلِ يَوْمٍ أَحَقُّ أَنْ تَقُومَ
فِيهِ فِيهِ رِجَالٌ يُحِبُّونَ أَنْ يَتَطَهَّرُوا وَاللَّهُ يُحِبُّ الْمُطَهَّرِينَ

«Алғашқы күннен тақуалық негізде салынған бұл мешітте намаз оқу әлдеқайда артық. Ол жерде тазалықты жақсы көретін адамдар бар. Аллаһ та тазаланғандарды жақсы көреді»⁴⁰⁴.

Қазіргі таңда ол жерде зәулім мешіт бой көтерген (Құба мешіті).

Мәдина тұрғындары Пайғамбарымыздың Меккеден қай күні шыққанын білгендіктен, келеді-ау деген уақытта тайлы-таяғына дейін көшеге шығып жолаушылардың жолын тосады. Мәдина халқы қадірлі жолаушыларды ұзақ күтіп қалады. Төртінші күні күн төбеге таяғанда, шатыр төбесіне шыққан әлдебір еврей, «күткен адамдарың келе жатыр» деп Мәдиналықтардан сүйінші сұрайды. Қуаныштары қойнына сыймаған Мәдиналықтар думандатып көптен күткен қадірлі қонақтардың алдынан шығады.

⁴⁰⁴ «Тәуба» сүресі, 9/ 108

Мәдиналықтар хазірет Мұхаммедке (с.а.с.) сәлем беріп, нұрлы жүзіне тамсана қарап, айран асыр қуанышқа кенеледі. Әркім Пайғамбарымызды өз үйінде қонақ еткісі келеді. Алайда Пайғамбарымыз (с.а.с.) ешкімнің көңілін қалдырғысы келмей, түйенің шылбырын бос жібереді де: «Тиіспендер, ол Аллаһтың қалаған жеріне өзі тоқтайды» дейді. Түйе қазіргі Пайғамбарымыздың мазарының орнына барып шөгеді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) түйе шөккен жерге ең таяу Халид ибн Зәйд Әбу Әюб әл-Әнсаридің үйіне түседі (Халид – Әюб Сұлтан деген атпен танымал, қазіргі таңда оның мазары Стамбулда).

Пайғамбарымыздың Мәдинадағы алғашқы қолға алған жұмысы мешіт тұрғызу болатын. Қазіргі уақытта Мәжидун-Нәбауи тұрған жерді Пайғамбарымыз (с.а.с.) өз қаражатына сатып алады. Мешіт іргетасын өзі қалайды. Мешіттің құбыласы алғашқыда Йерусалим жаққа (Мәсжидул-Ақсаға) қарап тұрған еді. Кейіннен

قَوْلٍ وَجْهَكَ شَطْرَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ

«Жүзіңді ал-Харам мешітіне қарай бұр»⁴⁰⁵ деген уахи келген сәттен бастап құбыла Қағбаға қарай өзгертілді.

Мешіттің сол жақ қапталына Пайғамбарымыздың құрметті жұбайлары мен балаларына арнап бірнеше бөлме қосылған еді. Мешіттің құрылысы аяқталған соң Пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккеде қалған зайыбы Сәуданы, қыздары Үммү Гүлсім мен Фатиманы Мәдинаға алдырады. Бұл істі Зәйд ибн Хариса мен Әбу Рафиге тапсырады.

⁴⁰⁵ «Бақара» сүресі, 144-аят



Ансарлар мен мұһажирлардың бауырластығы

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ إِخْوَةٌ «Мүминдер бір-бірімен бауыр»⁴⁰⁶ деген Құран әміріне сай Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мекке мен Мәдина мұсылмандарын бір-бірімен бауырластырды. Аллаһ разылығы үшін туған жерін, үй-жайын, мал-мүлкін тастап ел асып, жер басып келген Мекке-келік «мұһажир» мұсылмандар Мәдиналық ансарға (жәрдем берушілер) бауыр болды. Бұл бауырластықтың шынайы болғаны соншалық, ансарлар өз иелігіндегісін мұһажирлармен теңдей бөлісуге пейіл танытты. Бір хадисте бұл туралы «Мұсылман – мұсылманның бауыры. Мұсылман – бауырына қастандық жасамайды, оны дұшпанға тастамайды. Кім мұсылман бауырына жәрдем етсе және оның кем-кетігін толықтырса, Аллаһ та оған жәрдем етеді. Кім бір мұсылман бауырын қиыншылықтан құтқарса, Аллаһ тағала осыған сай қиямет күні оның қиыншылықтарының бірін жояды. Кім мұсылман бауырының бір кемшілігін жасырса, Аллаһ тағала ақыретте оның кемшілігін бүркемелейді»⁴⁰⁷, – делінген. Бұл Аллаһ елшісінің нақты іс жүзінде жүзеге асырған ұлы істерінің бірі еді.

Біләл Хабаши алғашқы азаншы болып тағайындалды. Ол намаз уақыты кіргенде Мәдина көшелерін аралап «Намазға жиналындар» (Әссалату жами'атун) деп шақыратын. Бірде Абдуллаһ ибн Зәйд түс көреді. Түсінде қазіргі мұсылмандар айтып жүрген азанның қалай шақырылатынын көреді. Кейіннен азан осы жаңа үлгіде шақырылатын болып бекітілді.

⁴⁰⁶ «Хужурат» сүресі, 49/10

⁴⁰⁷ Бұхари, Мәзалим, 3; Әбу Дауыд, Әдап, 46; Тирмизи, Худут, 3; Икрах, 7; Муслим, Бирр, 58.

Бәдір соғысы

Мәдинаға таяу өңірлердің бірі «Бәдір» деп аталады. Сирияға апаратын жол осы жерден өтетін. 624 жылдың Рамазан айында мүшріктер мен мұсылмандар алғаш рет осы жерде соғысады. Меккедегі мүшріктер де қарап жатпай, Мәдинадағы яһудилерге мұсылмандарды араларыңнан аластамасандар күндерің қараң болады деп үнемі корқытатын. Алайда Ислам діні Мәдинада күн өткен сайын қанатын кеңге жайып күшейіп келе жатты.

Құрайыштар мұсылмандардың көзін біржола құрту үшін сауда керуенін жасақтайды. Саудадан түскен пайдаға қарулануды көздейді. Керуенді Әбу Суфиян басқарады.

Құрайыштардың бұл әрекетінен хабардар болған Пайғамбарымыз (с.а.с.) керуеннің алдын тосып, оларды кері қайтаруға бел байлады. Алайда, шөл далада керуенді бастап келе жатқан Әбу Суфиянға «Мұсылмандар құрайыштың сауда керуеніне тұтқиылдан шабуылдамақшы» деген хабар жетеді. Ол дереу соғысқа қамданып, Меккеге шабарманын аттандырады.

Меккеде хабар жеткен сәтте мыңға жуық әскер жиналды. Ал олардың қасында мұсылмандардың қолы үркердей ғана топ болатын (үш жүз он үш жауынгер). Күш тең емес еді. Мұсылмандар мен мүшріктер жасағы Бәдірде жолығады.

Әдетте араб жауынгерлері жаппай ұрысқа кіріспес бұрын білегі қаруына сай баһадүрлерін жекпе-жекке шығаратын. Мұсылмандар тарапынан ұрыс алаңына ат ойнатып Хамза, Әли мен Убәйда (р.а.) шығады.

Олар шайқасты көпке созбай қарсыластарын жер жастандырады. Убәйда ибн Харис ауыр жараланып, қайтар жолда қаза болады. Бәдірде Мұсылмандар мүшріктерді ойсырата жеңеді. Майдан даласында Әбу Жәһилдің, Үмайя ибн Халаф сынды азулы мүшріктердің көзі жойылды. Мүшріктердің кері шегінуден басқа амалы қалмады. Осылайша мұсылмандар алғаш рет жеңістің дәмін татты.

Ұхұд соғысы (625 ж.)

Бәдірде күтпеген жерден жеңіліске ұшыраған Құрайыштар мұсылмандардан қайткенде де кек қайтаруды көздеді. Құрайыштардың бетке ұстар көсемдерінің көбісі сол шайқаста көз жұмған еді. Ендігі бар үміті Әбу Суфиянда болатын.

Мүшріктер тағы да әскер жасақтады. Бұл жолғы әскер саны Бәдір шайқасына қарағанда үш есе көп болатын. Мүшріктер осы қалың қолмен Мәдина маңайындағы Ұхұд тауының етегіне барып жайғасты.

Осы тұста Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларына көрген түсін айтады. Түсін жорып, Мәдина қаласынан шықпай шайқасуды жөн көретіндігін білдіреді. Жастар жағы пайғамбардың бұл шешімінің мәнмаңызын түсінбей жаумен ашық майданда бетпе-бет шайқасуға ерік беруін өтінеді. Көпшіліктің ұсынысымен ұрысты ашық алаңда өткізуге шешім қабылданады.

Ұрыс кезінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Айнейн жотасындағы садақшыларға сол жерден тапжылмауын бұйырады. Шайқаста мұсылмандар күш ала бастағанда Айнаейн жотасындағы садақшылар Пайғамбарымыздың бұйрығын ұмытып олжаға ұмтылады. Осы ұрымтал сәтті пайдаланған жау қолы мұсылмандардың ту сыр-

тынан соққы береді. Осының кесірінен мұсылмандар жеңіліске ұшырайды. Майдан даласында талай сахаба шейіт болады. Арасында Пайғамбарымыздың көкесі Хамза да бар еді. Оның денесін кескілеп, сау тамтығын қалдырмаған болатын.

Ұхұдта шейіт болғандар майдан даласында жерленеді. Мұсылмандар Мәдинаға оралады.

Ұхұдта жеңіске жеткен мүшріктер мұсылмандарды біржолата құртпай кері қайтпаймыз деп тас табандап тұрып алады. Осыны сезген Пайғамбарымыз мұсылман әскерлерінің рухын қайта жанып, Хамраул-Асад деген елді мекенде мүшрік әскерін үш күн күтеді. Алайда, Әбу Суфиян мұсылмандардың соңына түсіп, ақыр аяғына дейін соғысуға батылы жетпей, әскерін келген ізімен кері қайтарған-ды. Мұсылмандар Мәдинаға оралады.

Ражиь оқиғасы

Мұсылмандар мен мүшріктер келесі жылы да Бәдірде шайқаспақ болады. Алайда Сол жылы Пайғамбарымыз (с.а.с.) ұзын саны мың жарымға жуық әскермен Бәдірде бірнеше күн қатарынан Меккеліктерді күтеді. Алайда Меккеліктер бұл жолы қарасын көрсетпейді.

Хижреттің төртінші жылы Адал және Карә деген тайпа өздерінің мұсылмандықты қабылдағандығын айтып, Пайғамбарымызға хабар салады. Өз тұрғындарына мұсылмандықты үйрететін адам жіберуін өтінді. Осы мақсатта Пайғамбарымыз (с.а.с.) дінді жетік білетін он адамды аттандырады. Бірақ, олар Ражиь деген жерге жеткенде, күтпеген жерден опасыздықтың құрбаны болды. Сегізі шейіт болып, екеуі құлдыққа сатылды. Мүшріктер тұтқынға түскен



Хұбәйб ибн Адий мен Зәйд ибн Дәсинаны (р.а.) Меккеге апарып, құлдыққа сатады. Зәйд ибн Дәсинаны Сафуан ибн Үмәйя сатып алды. Зәйдті өлтірерде, Әбу Суфиян халықтың көзінше одан: – Әй, Зәйд, Құдай үшін расын айтшы, сені өлтіргенше тап қазір Мұхаммедтің өлтірілгенін қалар ма едің? – деп сұрады. Сонда Зәйд оған жұлып алғандай: – Мен сүйікті Пайғамбарымның өлтірілгені тұрмақ, оның табанына абайсызда бір тікен кіріп, жанына батқанын да қаламаймын, – деп жауап қатады. Бұны естігенде Әбу Суфиян: – Мұхаммедті сахабаларының құрметтегеніндей мұншалықты құрметке бөленген басқа ешкімді көрген емеспін, – деп еріксіз мойындаған еді⁴⁰⁸.

Ал, Хұбәйб ибн Адийді (р.а.) біраз уақыт тұтқында ұстап, оны да халықтың көзінше өлтіруді ұйғарады. Хұбәйб ажал алдында екі рәкат намаз оқығысы келетінін білдірді. Сөйтті де мынадай өлең жолдарын оқыды: «Аллаһ жолында мұсылман ретінде өлгеннен артық бақыт бар ма? Аллаһ қаласа менің зардап көрген тәнімді ақыретте игілікке кенелтеді»⁴⁰⁹.

Бұл екі ықыласты сахаба да жанын құтқару үшін сенімінен айнымады. Дін жолында шейіт болды.

Бұл қайғылы оқиға Ислам тарихында «Рәжиһ оқиғасы» деген атпен қалды.

Бири Мауна оқиғасы

Хижраның төртінші жылы Сафар айында Құран мен сүннетті үйрету үшін тағы 70 адам Амир тайпасына жол тартады. Алайда олар Мауна атты құдық басына

⁴⁰⁸ Осман Кескиоғлы, Али Химет Берки, Хазрет Мухаммед ве хаяты. 287 б.

⁴⁰⁹ Бұл да сонда.

барғанда күтпеген жерден қастандыққа ұшырап шейіт болады. Тек Амир ибн Умаййа ғана аман қалады. Ол қашып келе жатып екі адамға кезігеді. Оларды да жау екен деп ойлап қалып байқамай өлтіріп қояды. Алайда, олар Амир тайпасының Мәдинадан хабар әкеле жатқан адамдары болатын.

Сол кездің салты бойынша оларға құн төлеу керек болды. Төленетін құнның бір бөлігін өндіріп беруді өз мойнына алған Пайғамбарымыз Надрларға аттанады. Пайғамбарымыздың Надр тайпасына аттануының өзіндік себебі бар еді. Өйткені олар мұсылмандарға қарсы шықпауға, мүшріктерге қолдау көрсетпеуге, құн төлеуде қол ұшын созуға сөз берген болатын.

Алғашқыда Надр яһудилері Пайғамбарымызды емен-жарқын қарсы алады. Өздеріне тиесілі міндеттерін орындайтындықтарын айтады. Аз-кем тынығып алыңыз деп пайғамбарды оңаша қалдырып, оған қастық жасауды көздейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с) сахабаларымен оңаша қалғанда, Жәбірейіл періште оған қауіп төніп тұрғандығын білдіреді. Пайғамбарымыз (с.а.с) дереу ол жерден кетіп қалады.

Артынша хазірет Мұхаммед (с.а.с.) яһудилерге елші жіберіп, қастық ойлағандары үшін Мәдинадан біржолата кетуді талап етеді. Көп ұзамай яһудилердің біразы Хайбарға, біразы Шаммен шекаралас Езриатқа, енді біразы Қаунұқа еврейлері жаққа қоныс аударады.

Хандақ немесе Ахзаб соғысы

627 жылы Хайбарға көшіп келген яһудилер мұсылмандарға соғыс ашамыз деп Меккеліктермен байланыс орнатады. Олар мұсылмандарға қарсы күш



біріктіріп, он мыңдық әскермен Мәдинаға жорыққа аттанды.

Мұны естіген Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларымен ақылдасады. Нәтижеде Салман Фарисидің пікірін мақұл көреді. Қаланы айналдыра ор қазады. Мүшріктер қалаға жақындағанда ор қазылып біткен еді.

Шайқастың алдында әдеттегіше батырлар жекпе-жек күш сынасады. Жау жағынан батырлығымен танымал Амр ибн Абди Уәдд ортаға шығады. Әуелгіде онымен шайқасуға ешкімнің батылы жете қоймайды. Сол кезде қаһарман Әли (р.а.) Аллаһ елшісінен рұқсат сұрап онымен жекпе-жек шайқасады.

Шайқас Әлидің (р.а.) жеңісімен аяқталады. Амрдың өлі денесін көрген дұшпан мұсылмандардан кәдімгідей сескеніп қалады.

Меккеліктердің Мәдинаға шабуылы кезінде мұсылмандарға қарсы әрекетке бармаймыз деп ант-су ішкен Құрайза яһудилері арадағы келісімді бұзып, мұсылмандарға қарсы жақтың қатарын толықтыра түсті.

Екі жақ та бір-бірін ала алмай, шайқас ұзаққа созылады. Бұл шайқастан меккеліктер мезі болады. Бұл кезде Ғатафан руынан Нуайм өз еркімен мұсылмандықты қабылдайды. Ол Пайғамбарымызбен жасырын кездесіп, жауды іштен ірітіп бір-біріне қарсы қоя алатындығын айтады. Пайғамбарымыздан келісім алған соң құрайза яһудилеріне келіп былай дейді: «Меккеліктер бұл жерде ұзақ қалмайды. Олар кетісімен Мұхаммед сендерді өлтіреді. Сондықтан сақтық үшін құрайыштан кепілдікке адам сұрандар. Кепілдер қастарында болса, олар оңайлықпен кете алмайды».

Содан кейін құрайыштарға жолығып: «Құрайышалықтар Мұхаммедпен арадағы ынтымағын бұзғанына өкініш білдіруде. Қайтадан сол бірлікті сақтау үшін сендерден бірнеше адамды кепілдікке сұрамақшы. Мұхаммедпен қайтадан одақтасу үшін кепілге алған адамдарды өлтіріп пайғамбардың сеніміне кірмекші» дейді.

Келесі күні яһудилер мен Меккеліктер Нуаймның сөзіне сеніп, бір-бірімен сөзге келіп қалады. Мұндай соғыс тәсілі арабтарға жат болатын. Әдетте шайқас көпке созылмайтын. Жеңген жақ жеңіп, жеңілген жақ өз жөніне кететін. Әрі қыс мезгілі де таяп қалған еді. Осыны ескерген Әбу Суфиян жаппай шабуылға шығуға бұйрық береді. Алайда әскері ордан өте алмай тұмсығы тасқа тірелді. Сөйтсе де шайқас қас қарайғанша жалғасты. Бір мезет төңіректі қою қараңғылық басып, дем арасында мүшріктер тұрған аумақта дауыл көтеріледі. Мүшріктер алай-дүлей дауылдан дал болып тұрғанда, сарбаздарынан бұрын қимылдаған Әбу Суфиян өз басын сауғалап майдан даласын тастай қашады. Оны көрген мүшріктер де кері қайтады.

Мұсылмандардың Мәдинаға кіргені сол еді, Пайғамбарға Жебірейіл періште: «Уа, Аллаһтың елшісі! Ұлы Аллаһ тағала саған құрайшалықтарға майдан ашуды бұйырды» дейді. Сонда Пайғамбарымыз (с.а.с.) Біләлге «намаздыгерді яһудилердің мекенінде оқитынымызды хабардар ет» дейді. Бірнеше күнге созылған шайқастан соң құрайшалықтар мұсылмандарға беріледі. Құрайшалықтар өздеріне әділ үкім шығаруды талап етіп, қазы тағайындауды талап етеді. Аллаһ елшісі бұл істі Сағыд ибн Муаз (р.а.) тапсырды.



Ол келісімді бұзған құрайзалықтарға тиісті жазасын береді.

Хұдайбия келісімі

628 жылы Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұсылмандарға Қағбаға зиярат жасайтындықтарын білдіреді. Көп ұзамай 1400 мұсылман Меккеге умра үшін жолға шығады.

Алайда, құрайыштар олардың Меккеге кіргенін қаламайды. Мұсылмандар өзара келісімге келу үшін өз тарапынан Осман ибн Аффанды елші етіп жіберген болатын. Көп ұзамай оның өлтірілгендігі туралы жалған хабар келеді. Оның жалған екендігін білмеген мұсылмандар жаумен шайқасуға бел буады.

Сахабалардың әрқайсысы шайқастан бас тартпайтындықтары, Аллаһ жолында шайқасуға дайын екендігі туралы Пайғамбарымызға жеке келіп серт берді. Бұл Ислам тарихында «Рыдуан серті» деп аталып кетті. Артынан Османның аман екендігін естіген мұсылмандардың көңілі орнына түседі.

Сахабалардың серт бергенін естіген мүшріктер мұсылмандардан сескеніп бейбіт келісімге келуді ойлайды. Олар он жыл көлемінде бір-бірінің қанын төкпеуге Қағбаны келер жылы тауап етуге, сонымен қатар Мәдинадағы мұсылмандардан Меккені паналағандарды кері қайтармауға келіседі. Алайда, Меккеден Мәдинаға кім барса да, мейлі мұсылман болсын, мейлі мүшрік болсын, ол адам кері қайтарылуы тиіс деген шешімге келеді. Бұл «Хұдайбия келісімі» деген атпен тарихта қалды.

Келісімге қол қойылғаннан кейін Пайғамбарымыз бен оның сахабалары құрбандықтарын шалып, шашта-

рын алдырады. Бірақ, мұсылмандар Қағбаны тауап етпей Мәдинаға кері қайтады. Жолда *إِنَّا فَتَحْنَا لَكَ فَتْحًا مُّبِينًا* «(Уа, Расулым! Меккені және басқа да мемлекеттерді қол астыңа қаратуға себеп болатын Худайбиядағы бейбіт келісім арқылы) Біз сені шын мәніндегі ашық, айқын жеңіске жеткіздік!...» деген «Фәтх» сүресі түседі⁴¹⁰.

Ел билеушілеріне хат

Көп ұзамай мұсылмандардың қатары көбейеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) көрші мемлекеттерге Исламды қабылдауды ұсынып, хат жөнелтеді. Нақтырақ айтқанда, хатты Эфиопия, Мысыр, Византия, Иран және Йемен билеушілеріне жолдайды. Бұл Ардақты елшінің (с.а.с.) бүкіл адамзатқа пайғамбар ретінде жіберілгендігінің белгісі еді.

Бір мысал бере кетсек, Аллаһ елшісі Ираклийге арнаған хатын Дихиәтул-Кәлби арқылы жіберді. Ираклий – Рим императоры еді. Ираклийге жолданған хатта былай делінді:

«Аллаһтың елшісі – Мұхаммедтен Рим патшасы Ираклийге! Аллаһтың сәлемі тура жолға түскендерге болсын! Мен сені Исламға шақырамын. Мұсылман бол да, бақыт тап. Сонда Аллаһ саған сауабыңды екі есе береді. Егер қабылдамасаң, онда бұқара халықтың да обалы мойныңда.

Ей, Кітап иелері, келіңдер, арамыздағы ортақ сөзде бірігейік. (Сендер мен біздің арамызда мағынасы бірдей бір сөйлемге келейік). Аллаһтан басқаға құлдық ұрмайық, Оған ешқандай да серік қоспайық және бір-бірімізді құдай орнына қоймайық. Егер олар бұған да

⁴¹⁰ 1-аят.



көнбесе, онда: «Біздің мұсылман болғанымызға куә бол!» – деңдер»⁴¹¹.

Бұл сөздер Ираклийге айрықша әсер етеді. Император Әбу Суфиянды шақыртып, екеуара арасындағы әңгіме былайша өрбиді. Ираклий:

- Бұл адамның тегі қандай?
- Ақсүйек
- Бұрынғы ата-бабаларынан осындай пікірде болғандар бар ма еді?
- Жоқ, болған емес.
- Ата-бабалары арасында ел билегендер шықты ма?
- Жоқ, шыққан емес.
- Оған ілескендер әлсіздер ме, әлде бай-бақуаттылар ма?
- Көбісі әлсіз жандар.
- Жамағаты азаюда ма, әлде көбеюде ме?
- Күн өткен сайын көбеюде.
- Жалған сөйлеген жері болды ма?
- Жоқ, оның ешқашан жалған сөйлегенін көрмедік.
- Опасыздық жасаған жері болды ма?
- Бұдан кейінгісін қайдам. Бүгінге дейін жасаған жоқ.

Әбу Суфиян ол кезде әлі мұсылмандықты қабылдамаса да Аллаһ елшісінің турашылдығын еріксіз мойындағанды⁴¹².

Алайда олардың арасынан тек Эфиопияның патшасы Ашама ғана мұсылмандықты қабылдайды. Ал кейбіреулері Пайғамбарымыздың ұсынысын сыныққа

⁴¹¹ Бухари, Бәд'у'л-Уаһи, 6

⁴¹² Ф. Гүлен. Ғаламның рақым нұры Мұхаммед пайғамбар. (Ауд: А. Әшен) 116 б. Көкжиек баспасы, Алматы – 2007.

сылтау іздеп кейінге шегерсе, кейбіреулері мүлдем бас тартып хабар жеткізе барған елшілерге сыртын береді.

Хайбар шайқасы

Құрайыштармен «Хұдайбия» келісіміне қол қойғаннан кейін олардың тұтқиылдан шабуылдамай-тынына көзі жеткен Пайғамбарымыз (сол 628 жылы) бірден Хайбарға жорыққа дайындалады. Хайбарлықтар да қарап жатпаған болатын. Ғатафан тайпасымен күш біріктіріп Мәдинаға шабуылдауды ойластырады. Күтпеген жерден Хайбарлықтар мұсылман қолын көргенде абыржып қалады.

Іле қамал жан-жағынан қоршауға алынды. Мұсылмандар оларға «соғыссыз беріліңдер» деп талап қояды. Алайда, олар мұсылмандардың бұл талабына құлақ аспайды. Хайбарлықтар ықтар қамалдарының мықтылығына, азық-түліктің жеткіліктігіне сеніп ақырына дейін соғысуға бел буады.

Шайқас бірнеше күнге созылады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Бәкір мен Омарды (р.а.) қолбасшы етіп қойса да қамалды ала алмады. Екі жақтың да мәмілеге келер түрі көрінбеді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қас қарайып шайқас саябырсыған бір сәтте былай дейді: «Ертең мен байрақты Аллаһ пен елшісін жақсы көретін, Аллаһ пен елшісі де оны жақсы көретін бір адамға тапсырамын» дейді. Отырғандардың барлығы байрақты кім ұстайтындығын өздерінше жорамалдайды. Сөйтсе де байрақты ұстау мәртебесіне ие болуды іштей қаламаған, үміттенбеген адам кемде кем еді. Таңертеңгісін Пайғамбарымыз сахабалардың арасынан іздеген адамын таппай, «Әли қайда?» деп сұрады.

– Уа, Аллаһтың елшісі! Әли ауырып қалды.

Алайда Пайғамбарымыз сөзін тағы қайталады. Әлден уақытта Әлидің (р.а.) төбесі көрінді. Жанына батқан дерттен жанары танытып, төңірегін ажыратудан қалған еді. Пайғамбарымыз оның көзін қасиетті түкірігімен сулады мұң екен, жанары шаттай ашылып, ауруынан құлан-таза айығып сала берді. Әлиге (р.а.) туды ұстатып тұрып жауды әуелі Исламға шақыруын тапсырады. Хазірет Әли аттанып бара жатып Пайғамбарымыздың: «Сен арқылы бір адамның болса да, Исламды қабылдауы дүниедегі барлық жақсылықтан абзал» деген өсиетін естиді.

Хазірет Әли (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұйрығын екі етпей, алдымен Хайбардың халқын Исламға шақырады. Осы сәт мүшріктер де қаймықпаған мінез танытады. Ержүректігімен аты шыққан қамал басшысы Мәрхаб бекіністің қақпасын ашып, қамалдан шығады да сарбаздарын сапқа тұрғызады.

Мәрхаб өзін дәріптейтін өлеңді оқып, сарбаздардың рухын жаниды. Ол Әлимен жекпе-жекке шығады. Алайда, бұл оның ақтық шайқасы болды. Әрі бұл жағдай Хайбар халқының сағын сындырды. Сол күні мұсылмандар толық жеңіске жетті. Хайбар бірнеше мықты бекінісімен қоса толығымен мұсылмандардың қолына өтті. Алайда, Мекке мүшріктері Хайбардың мұсылмандардың қолына өткеніне сене алмай әрі-сәрі күй кешті.

Умра

629 жылы Пайғамбарымыз (с.а.с.) сахабаларымен екінші умра жасауға жолға шығады. Қылыштан басқа қару алмайды.

Меккеліктер Пайғамбарымыздың келе жатқанын естіп, келісім бойынша қаланы босатады. Мұсылмандар Қағбаны тауап етеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) осы кезде Халид ибн Уәлидке мұсылмандыққа шақырып елші жіберді. Елші Халидті үйінен таба алмай, хатты қалдырып кетеді.

Үш күннен кейін мұсылмандар Мәдинаға кері оралады. Халид ибн Уәлид, Осман ибн Талха және Амр ибн Ас Мәдинада Пайғамбарымызға арнайы келіп мұсылмандықты қабылдайды.

Мута шайқасы

630 жылы Аллаһ елшісі Бусраға (қазіргі Хауран аймағы) Исламды уағыздайтын елші жібереді. Мұсылмандар көп ұзамай ол елшінің айуандықпен өлтірілгендігін естиді. Қатты қапаланған Аллаһ елшісі жорыққа шығуды ұйғарады. Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Егер майданда Зәйд шейіт болса, байрақты Жағфар ибн Әбу Тәліп алсын! Ол да шейіт болса, Абдуллаһ ибн Рауаха (р.а.) қол бастасын! Абдуллаһ әлдеқандай жағдайға ұшыраса, онда өздерің ақылдасып басшы тағайындандар!» деп бұйырады.

Мұсылмандар үш мың әскермен жолға шығады. Мута елді мекеніне жеткенде мүшріктердің жүз мың әскермен келе жатқандығын естиді. Екі жақтың күші тең емес еді. Өйткені әрбір мұсылман өздерінен күші әлдеқайда басым жау жағынан отыз үш адамға төтеп беруі тиіс болатын.

Мұсылмандар тәуекелге бел буып шайқасқа кіріседі. Шайқас барысында Пайғамбарымыз айтқандай, Зәйд, Жағфар және Абдуллаһ ибн Рауаха (р.а.) бірінен кейін бірі қатарынан шейіт болады. Сахабалар байрақты

Халид ибн Уәлидке ұстатады. Халид ибн Уәлид осы шайқаста мүшріктердің бетке ұстар тоғыз адамын жер жастандырады. Мұсылмандар шайқас тәсілін жиі өзгертіп, жаудың құтын қашырды. Мута шайқасы мұсылмандардың жеңісімен аяқталады.

Меккенің азат етілуі

Худайбия келісімі бойынша араб тайпалары қалаған жағымен байланыс орнатып келісім жасай алу мүмкіндігіне ие болған еді. Осы себепті Хузаа тайпасы мұсылмандармен, ал Бәкра тайпасы құрайыштармен келісімге отырды. Екі тайпа бірталай уақыт бейбіт өмір сүрді.

Бірде күтпеген жерден құрайыштармен келісім жасаған Бәкра тайпасы Хузаа тайпасын шабады. Нәтижеде жиырма адам көз жұмып, көп адам жарақат алады.

Хузаа тайпасы өз одақтастары мұсылмандарға кісі шаптырып, Пайғамбарымыздан көмек сұрайды. Пайғамбарымызмән-жайға қаныққан соң Құрайыштарға әуелі мынадай үш шарт қойды: Құрайыш Хузаа тайпасының адам құнын төлейді; Бәкра тайпасымен жасасқан келісімнен бас тартады; бұл екеуі орындалмаса Худайбия келісімі үзіледі. Құрайыштар бұл шарттарды алғашқыда елемегенмен, біраз уақыттан кейін ес жиып, мұсылмандардан сескене бастайды. Мұсылмандар аяқ астынан соғыс аша қалса, жағдайларының қиындап кететінін біліп, дереу ақылдасып елшілікке Әбу Суфиянды аттандырғанды жөн көреді.

Әбу Суфиян уақыт оздырмай жолға шығып, Хузаа тайпасынан бұрын қимылдап, екінші келісімге келуді ойлайды. Алайда Мәдинаға келгенде ол жағдайдың

мүлдем басқаша екеніне көз жеткізеді. Мәдина халқы жағдайдан толық хабардар еді. Тіпті ешкім де Әбу Суфиянды елеген жоқ. Керек десеніз, Пайғамбардың жұбайы өз қызы Үммү Хабиба да әкесін жақтыртпады. Артынша мешітке де соқты. Ол жерде де ойлағанындай болмады. Содан кейін ол хазірет Әли мен хазірет Айшадан (р.а.) қолдау күтті. Бірақ мұнысы да сәтсіз аяқталды. Тіпті төрт жасар Хасан мен Хүсейн де қасына жақындамады.

Меккеге оралғанда басынан кешкен жағдайды айтып қанша ақталса да Меккеліктер оның түк тындыра алмағандығын айтып жазғырды. Өйткені Әбу Суфиян Мәдинада ешкімнен қолдау көрмеген соң хазірет Әлиден (р.а.) кеңес сұраған болатын. Оған Әли былай деп жауап береді: «Сен құрайыштардың көсемісің. Мешіттің алдында тұрып екі жақтың атынан келісімді қайта жаңғырттым деп халыққа дауыста. Басқалай саған берер кеңесім жоқ».

Әбу Суфиян мешіттің алдында Әлидің (р.а.) кеңесі бойынша әрекет етуін еткенімен, бұны да көзге ілген жан болмады. Меккеліктерді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Әбу Суфиян, өкінішке орай, Мәдинада ешкімге сөзін өткізе алмады.

Хузаа тайпасы шабуылға ұшыраған соң Әбу Суфиянның уақыт оздырмай Мәдинаға баруы мұсылмандардың бұл уақытта айтарлықтай күшейгенін көрсетеді.

Хузаа тайпасына көмектесуге уәде берген Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Суфиян кеткен соң, үлкен қол жинайды. Бұл хижраның сегізінші жылындарында алған оқиға. Нәтижесінде мұсылмандардың саны он мың адамға жетіп жығылды.



Қалың қол Меккеге қарай бағыт түзеді. Мұсылман әскері тым тақау келгенде ғана мүшріктер олардың шабуылға шығатынын анық түсінеді. Меккенің айнала-сын жарыққа бөлеген мың сан отты көрген Әбу Суфиян екі жолдасымен жағдайды өз көзімен көрмек болып қаладан шығады. Алайда, олар қолға түсіп қалады, еріксіз мұсылмандықты қабылдайды.

Келесі күні оны Пайғамбарымыз өз жөніне қоя береді. Және былай дейді: «Кімде-кім қаруын тастаса оған қауіп жоқ. Және кімде-кім Харам мешітін, өз үйін не Әбу Суфиянның үйін паналаса, оларға ешкім тиіспейді».

Меккені қос қапталынан қысқан мұсылман әскері аз уақыттың ішінде қаланы бағындырды. Ғаламға рақым ретінде жіберілген Пайғамбарымыз (с.а.с) Меккені қан төгіспей бағындыруға қатты көңіл бөлді.

Осылайша кезінде мойындағысы келмегендер Аллаһтың қалауымен Пайғамбарымыздың алдында мойындарына су кетіп мүсәпір болып тұрды. Мекке халқы іштей қандай жаза тартатындықтарын ойлап, уайымдай бастады.

Қағбаның қасына келген, Аллаһ елшісі өзіне осы уақытқа дейін тек жамандық ойлап келген мүшріктерге қарата «Енді менен не күтесіндер?» деп сұрады.

Көбісі өлім жазасына лайық болатын. Алайда, олар бастарын көтеруге де шамалары келмеді. Дегенмен, Аллаһ елшісінің мейірімді, мейірбан жан екендігін білгендіктен «Сен біздің қадірлі бауырымызсың. Әрі құрметті ағамыздың баласысың» деп, өкініштен өзектері өртеніп одан кешірім тіледі.

Сонда Ақиық елші (с.а.с.) өзінің Құранда мадақталған «ұлы көркем мінезге ие екенін» күллі адамзатқа

мойындатып: «Мен Жүсіптің өз бауырларына айтқанын ғана қайталамақпын: Бүгін сендерге жазғырып жазаламаймын. Ешкімнен де кек алмаймын!» деді.

Күні кешеге дейін дұшпандықта тым шектен шыққан мүшріктер мұншалықты кешірімділікке қайран қалды.

Пайғамбарымыздың бұйрығы бойынша Қағба ішіндегі және сыртындағы барлық пұттардан тазартылды. Артынша Біләлге (р.а.) азан шақыруды бұйырды. Біләл (р.а.) Қағбаның үстіне өрмелеп шығып азан шақырды.

Пайғамбарымыз әуелі ер кісілерден, содан кейін әйелдерден Ислам шарттарына мойынсұнғандары жөнінде серт алды. Осылайша Меккеде мұсылмандықты қабылдамаған бірде бір мүшрік қалмады.

Мұсылмандықты жаңа қабылдағандар Сафа жотасында отырған Пайғамбарымызға серт берде бастады. Әбу Бәкір де (р.а.) көзі көрмей қалған қарт әкесін ертіп келді. Оны көргенде кішіпейілдікте алдына жан салмаған Аллаһ елшісі: – Әй, Әбу Бәкір, қарт кісіні неге әуреледің? Біз өзіміз-ақ ол кісінің алдына барар едік қой, – деді. Әбу Кухафа сол жерде тілін кәлимаға келтіріп, мұсылман болды.

Аллаһтың қалауы әрі сүйікті Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ерекше парасаттылығы мен фәтанатының арқасында азулы Мекке мүшріктері біртіндеп мұсылмандықты қабылдады.

Икритма алғашқыда Йеменге қашқан еді. Алайда мұсылмандықты қабылдаған әйелі Үммі Хаким басын сауғалап елден жырақ кеткен Икритманы тауып алып: «Мен ең абзал адамның қасынан келе жатырмын. Аллаһ елшісі сені кешірді» деген сүйінші хабар айтады. Икритма жүрексінесе де әйеліне еріп, Пайғамбарымыздың



алдында Исламды қабылдады. Аллаһ елшісі уәде бергеніндей Икриманы жылы қарсы алып, оның сол күнге дейінгі жасаған барлық дұшпандықтарын кешірді.

Аллаһ елшісі қаскөй мүшріктердің қатарында мұсылмандықты қабылдаған Сафуан ибн Үмайяны, Абдуллаһ ибн Зәбариды, тіпті Уахши мен Хиндті де кешірді. Хинд кезінде Ухуд соғысында хазірет Хамзаны (р.а.) өлтірткен әрі қарнын жарып, мұрнын, құлағын кесіп өзіне алқа ғып таққан Аллаһ елшісіне қаны қас мүшрік әйел еді.

Ал, Әсуад ибн Хаббар кезінде Меккеден Мәдинаға хижрет етіп жолға шыққан аяғы ауыр Аллаһ елшісінің қызы Зейнепті түйеден құлатып, Зейнептің өліміне себепкер болған адам еді. Аллаһ елшісі оны да кешірді.

Рақым пайғамбарының кең кешірімінен ешбірі кенде қалмады.

Мекке алынғаннан кейін алыс-жақын аймақтардан тайпалар топ-тобымен, Ислам дінін қабылдап жатты.

Хүнәйн соғысы

630 жылы Таиф мүшріктері мен арабтардың ең іргелі Хазайын секілді тайпалары мұсылмандармен шайқасуды көздеп Хунайн деген жерге жиналады. Мақсаты өздеріндегі пұттардың қиратылуына жол бермеу, лажы келсе, Мекке қаласын қайта тартып алу еді. Жау әскері жиырма мыңнан асып жығылады, ал мұсылмандардың саны он екі мыңның ар жақ, бер жағында ғана болатын.

Таудың тар қанатына бекінген жау әскерінің әккі айласын мұсылмандар кешірек барып аңғарды. Сол себепті шайқас басталмай жатып тұстұстан жауып кеткен оқтан, екі қапталдан қыспаққа алған жаудан

мұсылмандар ал дегенде абдырап не істерлерін білмей қалады. Тіпті саптың реті бұзылып, бетбетімен бас сауғалап қаша бастайды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) күйінішінде шек болмады, жауға жалғыз өзі атой салады. «Менің Әбдімүтәліптің немересі екенімде титтей де жалған жоқ, хақ нәби екендігім өтірік емес» деп ұрандайды. Хазірет Аббас пайғамбарымыздың қасынан табылып, «Әй, Ақабада серт берген ансар, бері келіндер! Әй, Рыдуан ағашының саясында серт берген мұһажырлар, қайтыңдар! Пайғамбарымыз мына жақта, сендер қайда бара жатырсыңдар?!» деп зор даусымен дауыстайды ес жиып, күш алуына себеп болады. Оның бұл сөздері мұсылман әскерінің тауықтың жеміндей шашылған мұсылман қолы Аллаһ елшісінің айналасына топталып, дұшпанға қасқая қарсы шығады. Нәтижеде Аллаһтың көмегімен дұшпан әскері бұл тегеурінді екпінге шыдай алмай кері шегінеді.

Бұл соғыста мұсылмандарға Аллаһтың қалай көмектескендігі «Тәуба» сүресінде былай деп білдірілген:

لَقَدْ نَصَرَكُمُ اللَّهُ فِي مَوَاطِنَ كَثِيرَةٍ وَيَوْمَ حُنَيْنٍ إِذْ أَعْجَبَتْكُمْ كَثْرَتُكُمْ فَلَمْ تُغْنِ عَنْكُمْ شَيْئًا وَضَاقَتْ عَلَيْكُمُ الْأَرْضُ بِمَا رَحُبَتْ ثُمَّ وَلَّيْتُم مُّذَبِّرِينَ {٢٥} ثُمَّ أَنْزَلَ اللَّهُ سَكِينَتَهُ عَلَى رَسُولِهِ وَعَلَى الْمُؤْمِنِينَ وَأَنْزَلَ جُنُودًا لَّمْ تَرَوْهَا وَعَذَّبَ الَّذِينَ كَفَرُوا وَذَلِكَ جَزَاءُ الْكَافِرِينَ {٢٦} ثُمَّ يَتُوبُ اللَّهُ مِنْ بَعْدِ ذَلِكَ عَلَى مَنْ يَشَاءُ وَاللَّهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ {٢٧}

«Күмәнсіз, Аллаһ сендерге көптеген соғыс майдандарында көмектесті, Хүнәйнде де. Сол күні сандарыңның көптігіне масайрап едіңдер, бірақ оның сендерге пайдасы тимеді.



Қанша кең болса да әлем сендерге тарылғандай күй кештіңдер. Артынша-ақ бытырап, жауды тастап бетбеттеріңе қаша бастадыңдар.

Іле Аллаһ расулына және мүминдерге сенімділік беріп, сендер көре алмайтын әскерлер жіберіп, кәпірлерді азапқа ұшыратты. Міне, кәпірлердің жазасы осындай.

Одан кейін бұл соғыстың соңын ала Аллаһ олардың өздері қалаған (құлдарына) күпірліктен қайтуды нәсіп етті. Өйткені Аллаһ өте кешірімді әрі рақымды»⁴¹³

Хунайн соғысында мұсылмандардың қолына 22 түйе, 40 мың қой, 4 мың оққа күміс, 6 мың тұтқын олжа түсті⁴¹⁴. Аллаһ елшісі бұл түскен олжадан жаңа мұсылман болғандарға молынан таратып осылайша олардың көңілін аулап, Исламға оң көзбен қарауына жақындай түсуіне жағдай жасады.

Мұсылмандар ат белін суыпай іле-шала Таиф қамалына да шабуыл жасаған еді. Бірақ қамалды ала алмады.

Тәбук жорығы

Шам мен Мәдина арасындағы өңір Тәбук деп аталады. Бұл Иран мен Византия арасындағы соғыстың Византияның жеңісімен аяқталған кез еді. Басқа мемлекеттерді көзге іле бермейтін Византиялықтар осынау жеңістің буымен мұсылмандарға қарсы жорыққа дайындалады. Бұл хабарды естіген Пайғамбарымыз (с.а.с.) отызмыңдық қол жасақтады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) әскерді жарактандыру үшін былайғы жұрттан көмек сұрағанда,

⁴¹³ «Тәуба» сүресі, 25-28 – аяттар

⁴¹⁴ Осман Кескіюғлу, Али Химмет Берки, Хазрети Мухаммед ве хаяты. 383 б.

хазірет Әбу Бәкір (р.а.) қолындағысының бәрін әкеліп ортаға салды. Дәулетті хазірет Осман да (р.а.) аянып қалмады. Тіпті әйелдер де әшекей бұйымдарына дейін әкеліп, мұсылманға тән жанашырлықтарын көрсетті. Сол уақыттар елді жайлаған жұтқа қарамастан, сахабалардың зор ықыласымен қиындықтарды жеңе отырып жасақталған бұл әскер Ислам тарихында «Жәйшул-ұсра» (Көмекпен жасақталған әскер) деген атпен қалды. Сахабалар барын сарқып ықылас танытып жатқанда, екіжүзділер керісінше күннің ыстықтығын, аштықтың тауқыметін, жолдың алыстығын алға тартып, түрлі сылтау іздеп, соғысқа бармаудың амалдарын қарастырып бақты. Тіпті басқаларға да кері насихаттап, барғызбауға әрекет жасады. Олар туралы Құранда былай делінді:

وَقَالُوا لَا تَنْفِرُوا فِي الْحَرِّ قُلْ نَارُ جَهَنَّمَ أَشَدُّ حَرًّا

«Олар мына ыстықта жолға шықпаңдар дейді. Сен оларға былай де: жаһаннам оты бұдан да ыстық»⁴¹⁵.

Мұсылман әскері бір ай бойы жол жүріп Тәбукке жетеді. Тәбукте жиырма шақты күн тапжылмай күткенімен жаудың қарасы көрінбеді. Мутада үш мың мұсылман әскерін мүшріктердің жеңе алмағанын білгендіктен болар, Византиялықтар бастарын қауіп қатерге тікпеді.

Қоштасу хұтбасы

622 жылы Аллаһ елшісі қажылыққа дайындалады. Мұны естіген халық Меккеге ағылады. Меккеде бұрын-соңды мұншалықты көп адам жиналмаған еді. Олардың саны жүз мыңға жетті. Пайғамбарымыз қажылық жасау

⁴¹⁵ «Тәуба» сүресі, 81 аят.

рәсімдерін көрсеткеннен кейін жиналған халыққа Арафат пен Мина тауында соңғы хұтбасын оқыды. Бұл хұтба Ислам тарихында «қоштасу хұтпасы» деп аталды. Онда былай делінді:

«Ей, адамдар!

Айтқанымға зер салындар. Бәлкім, биылдан соң сендермен бұл жерде қайта жүздесе алмаспын.

Халайық!

Бүгінгі күн, осы ай, мына қала (Мекке) қаншалықты қасиетті болса, мал-жандарың, ар-намыстарың да соншалық қасиетті, зорлық атаулыдан қорғалған.

Уа, сахабаларым!

Раббыларыңмен қауышатындықтарың хақ және осы дүниедегі бүкіл амал-әрекеттерің үшін жауап беретініндерінді де біліңдер. Мен кеткеннен кейін баяғы бітпейтін ұрыс-керіске, дау-дамайға қайта бой алдырып, бір-біріңнің қандарынды төгуші болмаңдар. Осы өсиетімді естігендер естімегендерге жеткізсін. Бәлкім, естімеген адам менің осы сөздерімді естіген адамнан да жақсы түсініп, жадында сақтауы мүмкін.

Уа, сахабаларым!

Қолдарыңда әлдебіреудің аманаты болса, қылдай қиянат жасамай, басы бүтін иесіне табыстасын. Аллаһтың әмірімен бұдан былай өсіммен пайда табуға тыйым салынды. Надандық жайлаған кезеңінен қалған бұл әдет мұнан былай жойылуға тиіс. Алғашқы болып өзімнің көкем Аббастың өсімінің жойылғанын айтпақпын.

Уа, халқым!

Қараңғылық кезеңінен қалған қан дауына да осы жерде нүкте қойылды. Бірінші болып атам

Әбдімүттәліптің немересі, немере ағайыным Рәбианың қан дауын жойдым.

Уа, жарандар!

Бүгіннен бастап шайтан Меккеге ықпал ету күшінен мәңгілікке айрылды. Діндерінді қорғау үшін менің тыйған нәрселерімнен тыс ұсақ істерде де шайтанға еруден сақ болыңдар.

Уа, адамдар!

Әйелдердің ақысын аяқ асты етпендер. Аллаһтан қорқыңдар. Әйелдерінді Аллаһтың аманаты ретінде әрі нәзік жаратылыс иесінің ар-намысын қорғауға Аллаһ атымен сөз беріп, адал жар ретінде алдыңдар. Сендердің әйелдеріңнен талап ететін, әйелдеріңнің де сендерден талап ететін хақысы бар. Сендер одан ақ некеге опасыздық жасамауды талап етуге құқылысыңдар. Әйелдің ақысын өтеуге міндеттісіңдер, яғни олардың ішіп-жемін, киім кешегін қамтамасыз ету сендердің міндеттерің.

Уа, мұсылмандар!

Сендерге киелі аманат тастап барамын, соны толық ұстансаңдар ешқашан адаспайсыңдар. Ол аманат – Аллаһтың кітабы – Құран.

Уа, мұсылмандар!

Сөзіме құлақ қойып, зерделендер! Мұсылман – мұсылманға бауыр. Олай болса барлық мұсылмандар бір-бірінің (діндес) бауырлары. Діндес бауырларыңның ақысын жемендер.

Уа, сахабаларым!

Тіпті өз - өздеріңе де қиянат жасамандар, оның да сұрауы бар.

Уа, адамдар!

Аллаһ жалғыз, бәріміз Адам атаның ұрпағымыз, ал Адам топырақтан жаратылған. Аллаһ назарында құрметке лайық жан – Одан ең көп қорқатын адам. Арабтың басқа ұлт, өзге нәсілден артықшылдығы жоқ. Адамдардың бір-бірінен артықшылығы тек тақуалығында.

Уа, жамағат! Мен сендерге дінді жеткізе алдым ба?

Барша жиналғандар бірауыздан: «Сен Аллаһтың елшісің, бізге өсиет-насихат айттың, міндетінді адал атқарғандығыңа куәміз», – деді.

Пайғамбарымыз оң қолының мүбәрак сұқ саусағын көтеріп:

«Куә бол, уа, Раббым! Куә бол, уа, Раббым! Куә бол, уа, Раббым!»⁴¹⁶.

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Арафаттағы кезінде

الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيْتُ لَكُمُ
الْإِسْلَامَ دِينًا

«Міне, бүгін дініңізді толықтырдым. Нығметімді тәмамдап, сізге дін ретінде Исламды таңдап қабыл еттім»⁴¹⁷ деген аят түсті.

Қажылық рәсімі біткен соң Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға оралады.

Оның түр-тұлғасы қандай еді?

Ислам тарихындағы жоғарыдағыдай әрбір оқиғаның алғышарттары, барысы, нәтижесі толық көрсетілгеніндей, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) түр-

⁴¹⁶ Д.Өмірзаққызы, Адамзаттың асыл тәжі Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың өмірі, Алматы, 2003ж. II. 329-330 беттер

⁴¹⁷ «Маида» сүресі, 3

тұлғасы мен мінез-құлқы турасында да деректер сақталған. Атап айтқанда:

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) жаратылысы мен мінезі тұрғысынан адамдардың ең кәмілі еді. Ол орта бойлы, екі алақаны мен екі жауырынының (екі иығының) арасы кең, толық та, арық та емес болатын. Көздері қара, кірпіктері ұзын болатын. Бұрылса, бүкіл денесімен бұрылатын. Саусақтары салалы, екі алақаны етті, сүйегі ірі, кеуделі, мығым, қайратты еді. Терісі тым жұмсақ-ты. Қастары қалың, бір-біріне қосылмайтын. Екі қасының ортасында бір тамыры болатын, ренжігенде білеуленіп кететін. Қыр мұрынды, сақалы қалың, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, жүзінен нұр тамып тұратын. Екі жауырынының ортасында пайғамбарлық мөрі болатын. Маржандай тізілген мүбәрак тістері аппақ, асыл тастай жарқырап, сөйлегенде алдыңғы тістерінен нұр шашырап тұратын. Денесінен хош иіс аңқып тұратын еді. Терлегенде де одан әдемі иіс шығатын. Біреуге қол беріп амандасса, Пайғамбарымыздың мүбарак қолын алған адам,оның алақанында қалған ыстық табын сезініп, күні бойы көңілі шат жүретін. Мүбәрак қолымен бір сәбидің басын сипаса, ол өзге сәбилерден хош иісімен ерекшеленіп шыға келетін.

Аса сезімтал еді. Алыстағыны еститін, адамның көзі жетпейтін қиядағыны шалатын. Қимылдағанда аса шабан да, шапшаң да емес орташа болатын. Жүргенде жеңіл адымдап, шапшаң жүретін. Бос сөз сөйлемейтін, әрбір сөзі хикмет, насихат еді. Жылы жүзді, майда тілді болатын. Ешкімге жаман сөйлемейтін, ешкімге жамандық жасамайтын, ешкімнің сөзін бөлмейтін. Жұмсақ мінезді, кішіпейіл, айбатты әрі байсалды еді. Қатты күлмей, тек жымиятын. Қарағанда көз қырымен

қарайтын. Сахабаларды алдына жіберіп, өзі соңында жүретін. Кімге болса да бірінші болып сәлем беретін. Туған-туыстарын құрмет тұтатын, үй-іші, сахабаларымен жақсы қарым-қатынаста болатын. Қызметшілерін жақсы көретін, өзі не ішсе, не кисе, қызметкерлеріне де соны ішкізіп, соны кидіретін. Қолы ашық, мейірімді, мәрт мінезді еді. Уәдесіне берік-ті⁴¹⁸.

Сахабаларымыздан Әнас ибн Малик (р.а.) Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұл қасиетін былайша еске алған болатын: «Он жыл бойы Аллаһ елшісінің қызметінде жүрдім. Сол он жылдың ішінде маған «түһ» деп ешқашан кейіс білдірмеді. Істеген бір ісіме «Неге оны солай жасадың?» деп, я болмаса істемеген бір ісіме «Соны істеуің керек емес пе еді?» деген емес»⁴¹⁹.

Оның тақуалығы жайында Айша анамыз (р.а.) былай дейді:

«Бірде Аллаһ елшісі маған: – Уа, Айша, бүгінгі түнді раббыммен өткізуіме рұқсат етесің бе? – деді. Мен: – Уа, Аллаһтың елшісі, сізбен бірге болу, әрине маған ұнайды, дегенмен көңіліңіз нені қаласа, соны артық деп білем» дедім. Айша (р.а.) анамыздың келісіміне ие болған ол дәрет алды да намазға тұрды. Сол түні таң атқанша сақалын жас жуып намаз оқыды»⁴²⁰.

Бір жолы сахабалардан Ибн Мәсғуд (р.а.) нәпіл намазда Аллаһ елшісіне ұйып, ғибадат қылады. Өзі онысын былай жеткізеді:

«Артынан келіп намазға ұйыдым. Екі рәкат нәпіл намаз ұзақ оқыды. Алғашқы рәкатта «Бақара» сүресін аяқтағанда рукуға баратын шығар деп ойлады. Ол

⁴¹⁸ Өз пайғамбар. Ә. Дербісәлі. Көкжиек. А. 2008

⁴¹⁹ Бұһари, Әдаб, 39

⁴²⁰ Ибн Кәсир, Тәфсирул-Құранул-азим, 2\164

болса «Али Имран» сүресін бастады. «Али Имран» сүресін аяқтағаннан кейін рукуға баратын шығар деп күтіп едім, ол «Ниса» сүресімен жалғастырды. «Ниса» сүресі біткенде рукуға баратын шығар деп күтіп едім, ол «Маида» сүресін оқи бастады. Осы сәт менің ойыма жаман ой келді. Қасындағылар «Не ойладыңыз?» деп сұрағанда, «Намазымды осы жерден үзсем бе екен» деген ой келді» деген»⁴²¹.

Иә, Аллаһ елшісінің тақуалығы өте терең еді. Мына бір үзіндіде де оның болмысы жақсы суреттелген:

«Жазу-сызу білмесе де Екі жиһан сардарының айтқан сөздері ешкім бұрын-сонды естіп-көрмеген ілім мен даналыққа тұнып тұрды. Ол ғайып әлемі, діннің өте терең мәселелері, мемлекеттер мен патшалықтардың күйреу себептері жайында сөз қозғап, әдептілік пен адамгершілік принциптері арқылы мызғымас мәдениеттің негізін қалады. Мәдениет, экономикалық құрылымдар, мемлекеттік басқару жүйесі мен халықаралық қатынастар саласында да жүйелі істер атқарды.

Ол жас кезінде бір-ақ рет ұрыста көрген адам соғыс тәжірибесі жоқ бола тұра пайғамбар болғаннан кейін жау жағадан алған шешуші сағаттарда өмірі шегініп көрмеген қолбасшыға айналды. Сахабаларына үйреткен әскери тәлім-тәрбиесінің арқасында мұсылмандар аз жылдың ішінде сол кезеңде дүркіреп тұрған екі алып мемлекетті тізе бүктірді.

Қырық жасына дейін қандай да бір саяси оқиғаларға араласпаған Ардақты елші бірден бұл салада мықты саясаткер һәм кемеңгер басшыға айналды. Қазіргідей хабарласу мүмкіндігі жоқ кездің өзінде

⁴²¹ Бухари, Тәхажжуд, 9.

мындаған шақырымға созылған шөлейтті мекендеген халықтардың руаралық қақтығыстарын тоқтатып, аз уақыттың ішінде бір байрақ, бір ата заң, бір дін мен мәдениеттің төңірегінде біріктіруге қол жеткізді.

Ол ғылым-білімде кенжелеп қалған елдің ойлау мәдениетін қатып қалған, әдеттері мен мінез-құлқын өзгертті. Надандықты ғылыммен, тағылықты мәдениеттілікпен алмастырып, мейірімсіз, қатал адамдарды Жаратқаннан қорқатын, мейірімді де турашылдыққа баулыды. Асау тұлпардай жұлқынып, бағыну дегеннің не екенін білмейтін жандарға заңға мүлтіксіз бағыныштылықты үйретті. Қандай істі қолға алса да асықша иіріп әкететін ол қазіргі таңда мындаған педагог, философ, психолог пен социологтардың жүз жылдар бойы жасай алмайтын ісін ширек ғасырға жетпейтін аз жылдың ішінде мінсіз атқарып шықты. Ғасырлар бойы арасынан тарихта артынан із қалдырған бірде-бір данқты адам шықпаған бір қауымды Аллаһ тағаланың қолдауы арқылы ғылымда, руханиятта, адамгершілікте, саясатта, әскерлікте және кез келген әлеуметтік салада барлық кезеңдердің данышпандарының ұстазы, жүректердің жол бастаушысы және төрткүл дүниеге мәдениеттің туын тіккен, адамзат тарихының ең ізгі қоғамына айналдырды.

«Мені Раббым тәрбиеледі, бойыма ең көркем тәрбие сіңірді»⁴²² деген Ғаламның рақым нұры (с.а.с.) өзі құрған мемлекетті басқарған кездің өзінде де о бастағы кішіпейілдіктен танбай, қарапайым ғұмыр кешті. Ши төсекте жататын. Жұпыны киініп, азға қанағат етіп көбінесе аш жүретін. Саманнан жасалған қараша үйді мәсе тұтты, үмбетінің ең кедейіндей күн кешті. Түндерін

⁴²² Ибн Сағьд, Табақат, 1\158; Халаби, Сира, 1\164

ұдайы Жаратқанға жалбарынып, дұға оқумен өткізетін. Мұң-мұқтаждар мен кедей-кепшікке қол ұшын беруге асығатын. Елмен бірге қара жұмыс істеуден арланбайтын. Кез-келген адам онымен еркін сөйлесе алатын. Жұрттың қайғысына қайғырып, қуанышына қосыла қуанатын. Ерекше болуды көңілі қаламай, елмен қоян-қолтық араласып бірге жүретіндігі соншалық, бұрын көрмеген адамдар келе қалса, халықтың арасынан оны тани алмай қалатын. Бірде бір бәдәуи келіп «Мұхаммед деген қайсың?» деп сұраған кезде, сахабаларына жүгіріп қызмет жасап жүрген Пайғамбарымыз *«Бір елдің басышысы – солардың қызметіндегі жан»* деп, Исламның өміршең ұстанымын көрсетіп кеткен-ді»⁴²³.

Ұлы Досына сапар шегуі

Өмірінің соңғы күндерінде Аллаһ елшісі (с.а.с.) қатты сырқаттанды. Бір күні екі сахабасының сүйемелдеуімен мешіт маңында үйіріліп тұрған жұртшылықтың алдына шығып былай деді: «О, халайық! Естуімше, Пайғамбарларыңыздың ажал сәті тақағанына алаңдаулы көрінесіздер. Қай пайғамбар мәңгі жасап еді?! Сөзсіз менің де көп жүрмесім белгілі. Көп таусыла бермеңіздер! Мен Жаратушымның қасына кетемін және сіздер де түбі Соған қайтасыздар!».

Бейсенбі күнгі оқыған ақшам намазы оның жамағатпен оқыған ең соңғы намазы болды. Бұдан былайғы намаздарды Әбу Бәкірдің оқытуын өтінген еді.

Айша анамыздың отауына оралады. Ол алдында айтқандарын бұл жолы да қайталап, әсіресе әйелдерге

⁴²³ Тәлімі мінсіз тәлімгер хазірет Мұхаммед (с.а.с.). ҚМДБ журналы. Көкжиек баспасы. 2010

жақсы қарауды және намазға селсоқтық танытпауды өсиет етті.

Дәл осы сәтте ұлы Абдуррахманды ертіп Әбу Бәкір (р.а.) кірді. Пайғамбарымыздың назары Әбу Бәкірдің қолындағы мисуакқа ауды. Оның мисуакты жақсы көретінін білетін парасатты Айша анамыз Пайғамбарымыздың мисуакты қалап тұрғанын дереу сезіп: «Қаласаңыз мисуакты алып берейін?» деп сұрады. Ол басын изеп келіскендігін білдірді. Ол мисуакты алып, жарына бермек болды, алайда мисуак құрап кеткендіктен қатты болып шықты. Сол себепті, хазірет Айша (р.а.): «Мүмкін мен оны жылы суға салып, сізге жұмсартып берермін» деген ұсыныс жасады. Ол келіскендігін білдіріп тағы да басын изеді. Айша анамыз дереу мисуакты аузына салып жұмсартты да жарына берді. Аллаһтың елшісі оны алып, маржандай тістерін ысқылай бастады. Тіпті, мына өмірмен қош айтысып, бақилыққа кетіп бара жатып та ол тісін тазалады. Арасында «*Лә илләһа иллә Аллаһ*» деп Аллаһты ұлықтап жатты.

Хазірет Айша (р.а.) оның қолын ұстап, сауығуы үшін дұға тілемек болды. Пайғамбарымыз оның қажет емес екенін көзқарасымен сездірді. Шын тұрағына кетіп бара жатқан сәтте осы жерде қалуды сұраудың орынсыз екені түсінікті болды. Сондықтан ол қолын тартты. Саусағын жоғары көтеріп, биіктегі бір нүктеге қадала еріндері қимылдады. Мұсылмандардың анасы, пайғамбардың адал жары хазірет Айша анамыз оның не айтып жатқанын тыңдау үшін еңкейіп құлағын тосты. Ол болса тынымсыз былай күбірлеумен болды: «Пайғамбарлармен, шейіттермен, адал құлдарыңмен бірге Мені де кешір! Өзіңнің мейірімің түскендермен

бірге Мені кешіріп, рақымыңа бөлей гөр! Мені Өзіңе қабылдай гөр! Иә, Аллаһ тағалам, мен Сенің ұлы достығыңды қалаймын! Ұлы достығыңды қалаймын! Ұлы достығыңды қалаймын!»⁴²⁴

63 жыл бұрын дүйсенбі күні дүние есігін ашқан ғазиз жан дәл сол дүйсенбіде ғұмырлық сапарын аяқтады. Жиырма үш жылдық пайғамбарлығында ол бүкіл адамзаттың қиямет-қайымға дейінгі өмірін бақытқа бөлейтін өмір сүрудің саф әрі мінсіз үлгісін қалдырды.

Қорыта келгенде, Адамзаттың асылы ардақты елшінің (с.а.с.) өмірі қай қырынан алып қарасақ та, махаббат пен сүйіспеншілікке, ақыл мен парасатқа, теңдессіз тағылым мен ғибратқа, пайғамбарлық үлгі-өнегеге толы екенін көреміз. Пайғамбарлық міндетті атқару барысындағы ерекше төзімділігі, сабырлылығы, кешірімділігі, сезімталдығы, тақуалығы, кіршіксіз тазалығы, көркем мінез құлқы, т.б. өз алдына, ол керек кезінде сөз бастаған шешен, қол бастаған көсем, мықты стратег, мейірімді жар, мейірбан әке, адал дос, үмбетке жолбастаушы бола білді. Небәрі жиырма үш жыл ішінде Араб түбегін тұтастай ширктен, пұттардан тазартып, шынайы тәухид дінінің негізін қалады. Саңлақ сахабаларын ізгілікке тәрбиелеп, күллі адамзатқа ұстаздық жасайтын кәміл тұлғалар жетілдірді.

Құраннан қуат алып кіршіксіз тақуа ғұмыр кешкен адамзаттың асылы Пайғамбарымыз соңына дүниелік мирас қалдырмағанымен ақырзаманға дейін күллі адамзатты бақытқа жетелейтін мол рухани мұра қалдырды. Ол – ұлы Ислам діні. Бұны өсиеттерінің бірінде «Сіз-

⁴²⁴ Р. Хайламаз. Гөнүл тахтымызын ешсіз султаны Ефендимиз. 2 т. 648-654 бб.



дерге екі нәрсе қалдырып бара жатырмын. Жақсы ұстанатын болсаңыздар адаспайсыздар. Бірі – Құран, екіншісі – сүннетім»⁴²⁵ деген еді.

Осылайша Аллаһ тағаланың адам баласына жіберген барша пайғамбарлардың соңғысы әрі адамзаттың асыл тәжі болған хазірет Мұхаммед (с.а.с.) өзінің Ұлы Досына мәңгілікке сапар шекті. Мүбәрак денесі Мәдина Мұнаууарада жер қойнына тапсырылды.

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен барша сахабаларына салауат айтып, сәлем жолдаймыз!



⁴²⁵ Муатта, Қадар 3

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, алғашқы пайғамбар әрі адамзаттың түп атасы Адам атадан (а.с.) бастап, адамзаттың ардақтысы, соңғы елші Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу алейһи уә салләм) дейінгі пайғамбарлардың баршасын көк жүзінде нұр шашып жарқыраған жұлдыздарға теңеуге болады. Өйткені олардың қай-қайсысы да нар көтере алмас жүкті жалғыз арқалаған тау тұлғалы ерекше жандар еді. Асқан шыдамдылық, төзімділік, өз міндетіне кіршіксіз адалдық, қиындыққа мойымау, табандылық таныту, ыждаһаттылықтан таймау, күллі көркем мінезді бір бойында жинақтай білу – міне бұлардың барлығы да пайғамбарларда ғана кездескен ерен қасиеттер екеніне көз жеткізе түсеміз.

Өмірде ең үлкен қиындықтарға пайғамбарлардың ұшырағаны жүректі қозғап, көңілді тебіrentпей қоймайды. Бұл ақиқатты жеткізу ісінің қандай үлкен тәуекелді қажет ететінін ұқтырғандай. Айталық, Нұхтың (а.с.) 950 жыл сабыр етуі, Ибраһимнің (а.с.) алаулап жанған отқа лақтырылғаны, Зәкәрияның (а.с.) арамен кескіленгені, Мұсаның (а.с.) зұлымдығы асқан Перғауынмен айқасуы, талай мәрте қауымынан опасыздық тартуы, Исаның (а.с.) айқышқа керілуі т.б. пайғамбарлық міндеттің аса ауыр болғандығын, көп жағдайда соңы аяусыз өлімге апарып соққанын көрсетуге жетіп артылады. Бұндай сынақтарға жай адамдардың шыдай алмасы белгілі. Демек, пайғамбарлардың таңдаулы кісілер болғаны, ерекше іріктелгені даусыз.



Пайғамбарлардың қай-қайсысы да өз міндетін мүлтіксіз атқарып, өз мақсатын толық орындап кетті. Пенделерді барша әлемдердің Раббы Аллаһ тағалаға құлшылық етуге шақырып, жәннатпен сүйіншілеп, тозақтан сақтандырды, көркем мінез-құлықпен үлгі көрсетті. Сол үшін қоғамдық өмірдің барлық саласына ат салысып, түрлі оқиғалардың басы қасында жүрді. Дүниеге құмартпай, дін жолында бар күш-жігерін аямады, Раббыларына толықтай мойынұсынды. Аллаһтан қандай әмір келсе, соны қауымына жеткізді. Қандай игі бастама көтеріп, қандай да бір жақсылық жасаса да, олар бұл іс үшін ақы күтпеді, тек қана Аллаһтың разылығын көздеді. Осы тұрғыда нәбилердің барлығы ортақ жүкті арқалағанын аңғарамыз. Дінді жаю жолында жан төнгісіз ауыртпалықтарға тап болу, елінен үдере көшу, қауымының келек-мазағына ұшырау бұлардың ешбірі де дін ісін орта жолдан үзуге себеп бола алмады. Өйткені ұлы күрескерлер үшін халықтың көзін ашу, надандықты жену, құдіретті Аллаһты дәріптеу, тәухид сенімін ұялату бәрінен жоғары тұрды.

Кітапта кеңінен сөз етілген Адам ата, Ыдырыс, Нұх, Нұд, Салих, Ибраһим, Исмайыл, Ысқақ, Лұт, Әйюб, Жақып, Жүсіп, Шұғайып, Мұса, Харун, Дәуіт, Сүлеймен, Илияс, Әлиасаь, Зұлкифл, Жүніс, Зәкәрия, Яхия, Исалардың (а.с.) тар жол, тайғақ кешумен өткен өмір жолы – баршаға үлгі. Әрбірінің өмір тарихы, қауымдасқан тұрмыс тіршілігі, мұғжизаларға куә болуы, түрлі сынақтарға ұшырауы оқиғалары соңғы елші Мұхаммед пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әркез түп-тұнық уахи арқылы баяндалып отырған. Біз сөйлеткен мәліметтердің де негізінен Құранға сүйенуі сондықтан.

Пайғамбарлар тарихымен таныс болу адамды көп жайға қанықтырады. Ежелгі уақытта бұндай қауымдардың болғаны, жаппай қырғынға ұшырап жер бетінен жойылғанын көп жылғы зерттеулер, қазіргі археологиялық қазба жұмыстары да растай түсуде. Тариха атышулы Бомбей, Содом мен Гомора қалаларының (Лұт пайғамбар кезі) расында да азғындықта шектен шыққандығы зерттеу кезінде табылған қабырғаларға қашап салынған бейәдеп суреттерден анықталған. Мұсаның (а.с.) Аллаһпен тілдескен Тұр тауы, ондағы құдіретке шыдай алмай балқыған тастар, аса таяғымен ұрғанда, жерден бұрқақтаған он екі бастау – әлі күнге туристердің барып тамашалайтын орындары. Адам атаның қолымен тұрғызылған Қағба да миллиондаған мұсылмандар үшін әлі күнге өз қасиеттілігін сақтауда. Құранның «Жүсіп» сүресінің 111-аятында *«Ант етейік, олар жайлы қиссаларда сау ақыл иелері үшін гибраттар бар»* делініп, мәңгілік азап арқалаған көне қауымдардың жағдайы кейінгілерге гибрат екендігі ескертілген.

Пайғамбарлар өмірі адамзат тарихында наным-сенімнің де қаншалықты маңызды болғандығын аңғартады. Байқасақ, дінсіз жекелеген адамдар кездескенімен өзіне тән наным-сенімі жоқ тұтастай бір қауымды ұшырата алмаймыз. Пұтқа табыну, бұзауға табыну, періштелерді Аллаһтың қыздары деп білу, отқа табыну, суға, күнге табыну секілді негізсіз нанымдардың барлығы да пайғамбарлар арқылы жөнге салынып, түзетіліп отырған. Бүкіл пұт атаулыны қиратқан Ибраһимнің (а.с.) оқиғасы пұтқа табынушылармен күрестің қаншалықты ымырасыздығын пайымдатады. Өзін кінәлаған көпшілікке қасқая қарап тұрып



оның «Кім жасағанын әнебір үлкенінен сұрап көріндер» деуі қаншалықты қисынды, адамды еріксіз ойлантатын сөз. Алайда көзге шұқып көрсеткен ақиқаттың өзін халық көрмей, пайғамбардың өзіне қайта тап береді.

Қарап отырсақ, пайғамбар келмеген қоғам, пайғамбар есімі жетпеген жер, заман жоқ екен. Демек, барлық адам баласына тарихтың қай кезеңінде болмасын бір пайғамбардың келгені хақ. Ал оған бағынып-бағынбау әркімнің ішкі иманы мен арына табысталған.

Асылында Аллаһтың мейірімі түсіп, пайғамбарлар барша қауымға төгілген нұр, ізгіліктің жаршысы болып келмегенде не болар еді? Шынтуайтында, мейірім, шапағатсыз, нұрсыз адам жаны рахатқа бөлене ала ма? Бөлене алмайды әрі қараңғы қауым қараңғылықтың түнегін өз бетінше жарып шыға алмас еді. Жұмырбастыларды жаратып, оларды жалғыз қалдырмай, оларға өзінің сүйікті құлдарын елші етіп жіберіп отыруы бұл да болса Рахманның рахымы деп топшылаймыз.

Пайғамбарлар жіберілмегенде, мына жаратылыстың, ондағы адамзаттың, жүректегі ізгілікке деген құштарлықтың құны бес-ақ тиын болар еді. Ал Аллаһ алдындағы шынайы махаббат пен адамзат алдындағы үлкен жауапкершілікті арқалап келген пайғамбарларға иман ету – ақыл құштарлық іс. Өйткені бұндай дара тұлғалардың Аллаһ алдындағы абыройын сыйламау әркімнің жеке басының ғана өкінішіне алып келері белгілі.

Адамзаттың ардақтылары болған пайғамбарлардың өмірінен сыр шертіп, жекелеген кезеңдері, тұрмыс-тіршіліктері кеңінен сөз етіліп, замана оқиғалары тарқатылып баяндалатын бұл еңбекте көпшілік біле

бермейтін пайғамбарлар жайындағы әңгімелерді мейлінше Құран аяттары мен хадистерге сүйене отырып баяндауға тырыстық.

Сөзімізді түйіндей келе айтарымыз, Аллаһ тағала барша мұсылман бауырларымызға пайғамбарлар парасатынан ой түйіп, олардан үлгі-өнеге алып, бақытты ғұмыр кешуді нәсіп етсін!



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Абдуллаһ Әмин Чимен. Ничин хелак олдулар? Стамбул. 2008.
2. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлу, Хатамул әнбия хазрети Мухаммед ве хаяты. Диянет ишлери башканлығы. Анкара. 1993.
3. Алуси, Рухул-мәани фи тафсирил-Құранил-азим уәс-сағбул-мәсани, Дару ихиятурасил-Араби, Бэйрут.
4. Ахмәд Бәһжәт. Әнбияуллаһ. Мысыр. 1999.
5. Афиф Абдулфаттах Таббара. Куранда пейгамберлер ве пейгамберимиз. Ауд: Али Риза, Яхья Алкын, Гонжа баспасы, Стамбул.
6. Әбус-Сууд, Иршадил Ақлис-сәлим ила мәзаиәл-Құранил-кәрим. Бейрут. VIII/33
7. Әбу Дәуит Суләймән ибн Әшаси әс-Сижистани, әс-Сүнән, I-IV том, Бэйрут, м-сиз.
8. Әбсагтар қажы Дербисәли, Әз пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.), «Көкжиек-Б» баспасы, 2008
9. Бүнямин Атеш, Пейгамберлер тарихы, Йени Асия баспасы, Стамбул, 1987.
10. Бухари Мұхаммад ибн Исмаил, әл-Жамиус-сахих, I-VIII том, Станбул, 1315.
11. Д.Өмірзаққызы, Адамзаттың асыл тәжі Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың өмірі, Алтын қалам баспасы. Алматы, 2003ж. 2 т.
12. Замахшари, әл-Кәшшаф ән хақайки ғауамизит-гәнзил. Каир. 1987.
13. Имам Нәуауи. Риязус-салихиин аудармасы. Стамбул. 1-том.

14. Ибн Кәсир, Тәфсирул-Құранил-азим, 1-4. Дарул-фикр баспасы, Бейрут, 1401 (h).
15. Ибн Сағыд, әт-Табақатул-кубра, 1-8т. Дарус-садр баспасы, Бейрут.
16. Ислам ансиклопедиси, Түркие диянет вакфы баспасы, Стамбул. 1984.
17. «Иман» діни-танымдық журналы. №4. (69) 2010ж.
18. Решит. Хайламаз. Гөнүл тахтымызын ешсиз султаны Ефендимиз. 2 т. Ышык баспасы. 2007. Стамбул.
19. Сағлаби, Әбу Исхақ Ахмад ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ән-Нисабури. Қысасул Әнбия. Бейрут.
20. Сәйд Кутуб, Фи зилалил-Куран, Бейрут, 1971.
21. Қуртуби, әл-Жамиу ли-ахкамил-Құран, Даруш-шағба баспасы, Каир, 1372 (h)
22. Қ.Жолдыбайұлы. Күдікпен күрес. Алматы. 2006.
23. Лутфи Казанжы, Пейгамберлер халкасы, Фезагазетежилик баспасы, Стамбул, 1997.
24. Мұхитдин Акгүл, 99 сорууда Ефендимиз, Измир, 2008.
25. Мухаммәд Али әс-Сабуни. ән-Нубууә уәл-әнбия. Бәйрут. 1989.
26. Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуатут-тәфәсир. Стамбул.
27. Мунауи, Фәйзул-Қадир, әл-Мәктәбәтул-тижариятил-кубра, Мысыр, 1356 (h).
28. Мұхаммед Хамидуллаһ. Ислам тарихы (ауд: Ахмед Ағыракча). Стамбул. 1988.
29. Невзат Саваш. Инсанлык семасынын айлары-гүнешлері пейгамберлер. Измир. 2004.
30. Фахруддин әр-Рази. Тәфсирул-кәбир. Мысыр. 1938.
31. Ф.Гүлен, Ғаламның рақым нұры – Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) (ауд: Ахмет Әшен), Көкжиек баспасы. Алматы. 2007.
32. Хусәйн Жисри. Рисаләи-Хамидия. Стамбул. 1973.

33. Уәһбатуз-Зухайли, эт-Тафсирул-мунир. Дәрул-фикр баспасы, Димашқ, 2003 ж.
34. Табари, Тарихул-үмәм уәл-мүлук, 1-5. Дарул-кутубил-илмия баспасы, Бейрут, 1407 (h).
35. Тирмизи Әбу Муса Мұхаммад ибн Сәурә, әл-Жамиус-Сахих, I-V том, Каир, 1935-1975.
36. Языр, Мұхаммед Хамди. Хақ дини Куран дилі, Матбааи-Әбуз-зия, Стамбул, 1935.



МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Алғы сөз..... | 3 |
| Адам ата (а.с.)..... | 9 |
| Адам атаның (а.с.) жаратылуы..... | 12 |
| Адам атаға есімдердің үйретілуі..... | 14 |
| Хазірет Адамға сәжде ету..... | 16 |
| Ібілістің сәждеден бас тартуы..... | 17 |
| Хауа ананың жаратылуы..... | 25 |
| Жаннатқа кіру..... | 27 |
| Тәубе..... | 30 |
| Хазірет Адам мен Хауа ананың жаннаттан қуылуы..... | 32 |
| Тыйым салған ағаштың жемісінен жеу..... | 33 |
| Адам ата мен Хауа ананың жер бетіне түсуі..... | 38 |
| Абыл мен Қабыл..... | 40 |
| Қағбаның салынуы..... | 42 |
| Адам атаның көз жұмуы..... | 43 |
| Ыдырыс пайғамбар (а.с.)..... | 47 |
| Көкке көтерілуі..... | 50 |
| Нұхтың (а.с.) елі..... | 51 |
| Нұх пайғамбар (а.с.)..... | 54 |
| Елімен күресі..... | 55 |
| Нұхтың (а.с.) дұғасы..... | 66 |
| Нұх пайғамбардың кемесі..... | 69 |
| Нұхтың (а.с.) баласының суға батуы..... | 72 |
| Топан судың тартылуы..... | 77 |
| Екінші Адам ата..... | 79 |
| Һұд пайғамбар (а.с.)..... | 81 |
| Һұдтың пайғамбарлығы..... | 82 |
| Сарсар..... | 89 |
| Салих пайғамбар (а.с.)..... | 93 |
| Адасқан Самуд елі..... | 93 |
| Салихқа пайғамбарлықтың берілуі..... | 94 |
| Қуаңшылық..... | 97 |
| Киелі түйе..... | 99 |
| Самуд халқының тағдыры..... | 105 |
| Ибраһим (а.с.) және оның ұлдары Исмайыл мен Ысқақ (а.с.)..... | 108 |
| Бабыл халқы..... | 109 |
| Ибраһимнің (а.с.) дүниеге келуі..... | 110 |
| «Менің Раббым мынау ма?»..... | 117 |
| Пұттардың қиратылуы..... | 123 |
| Хақ пайғамбардың оттан шығуы..... | 129 |



| | |
|---|-----|
| Нәмрүдтың өлімі..... | 131 |
| Ибраһим пайғамбардың ыжреті | 132 |
| Зәмзәм бұлағы | 135 |
| Кұрбандықтың қасиеті..... | 137 |
| Хақ пайғамбардың қонақтары..... | 140 |
| Қағбаның тұрғызылуы..... | 142 |
| Лұт пайғамбар (а.с.)..... | 144 |
| Садум елі..... | 144 |
| Азап періштелерінің келуі..... | 146 |
| Садум халқының жермен-жермен болуы | 149 |
| Әйюб пайғамбар (а.с.) | 151 |
| Әйюб пайғамбардың дұғасы..... | 153 |
| Сынақтан өтуі | 154 |
| Жақып пен Жүсіп (а.с.) пайғамбар..... | 156 |
| Шұғайып пайғамбар (а.с.)..... | 185 |
| Мұса мен Харун пайғамбар (а.с.)..... | 192 |
| Исрайыл халқының Мысырдан көшуі..... | 215 |
| Исрайыл ұрпағының азаттығы | 221 |
| Сахарадағы мұғжизалар | 227 |
| Аспандағы Тұр тауы | 228 |
| Қасиетті мекен | 229 |
| Талуттың әскері | 233 |
| Дәуіт пайғамбар (а.с.)..... | 243 |
| Сүлеймен пайғамбар (а.с.) | 246 |
| Илияс пайғамбар (а.с.)..... | 254 |
| Әлиасәт пайғамбар (а.с.)..... | 257 |
| Зүлкіфл пайғамбар (а.с.)..... | 258 |
| Жүніс пайғамбар (а.с.)..... | 260 |
| Қит жұтып қойған Жүніс пайғамбар (а.с.)..... | 263 |
| Зәкәрия мен Яхия пайғамбар (а.с.)..... | 267 |
| Иса пайғамбар (а.с.)..... | 272 |
| Сүйінші хабар..... | 273 |
| Інжіл | 277 |
| Хауарилар | 278 |
| Иса пайғамбардың көкке көтерілуі | 279 |
| Хазірет Исаның ақырғы пайғамбар туралы хабар беруі..... | 282 |
| Фарақлит..... | 282 |
| Адамзаттың асылы – хазірет Мұхаммед (с.а.с.)..... | 285 |
| Пайғамбарлықтың келуі..... | 288 |
| Алғашқы мұсылмандар..... | 290 |
| Эфиопияға қоныс аудару | 296 |



| | |
|---|-----|
| Мұсылмандарды оқшаулау | 299 |
| Қайғылы жыл және Миграж оқиғасы | 300 |
| Бірінші Ақаба серті | 303 |
| Екінші Ақаба серті | 304 |
| Хижрат | 304 |
| Пайғамбарымыздың Мәдинаға хижрат етуі | 306 |
| Ансарлар мен мұһажирлардың бауырластығы | 308 |
| Бәдір соғысы | 309 |
| Ұхūd соғысы (625 ж.) | 310 |
| Ражий оқиғасы | 311 |
| Бири Мауна оқиғасы | 312 |
| Хандақ немесе Ахзаб соғысы | 313 |
| Хұдайбия келісімі | 316 |
| Ел билеушілеріне хат | 317 |
| Хайбар шайқасы | 319 |
| Умра | 320 |
| Мута шайқасы | 321 |
| Меккенің азат етілуі | 322 |
| Хүнәйн соғысы | 326 |
| Табук жорығы | 328 |
| Қоштасу хұтбасы | 329 |
| Оның түр-тұлғасы қандай еді? | 332 |
| Ұлы Досына сапар шегуі | 337 |
| Қорытынды | 341 |
| Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: | 346 |